

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 37.015.3

Қолжазба құқығында

МАСИМОВА ХУРШИДАМ ТАШБОЛАТОВНА

**Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу
жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту**

6D010300 - Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:
п.ғ.д., профессор.
Көшербаева А.Н.
п.ғ.д., профессор.
Баймолдаев Т.М.
Шетелдік кеңесші
доктор, профессор.
Adnan Kan (Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1 ПЕДАГОГТЕРДІҢ БАҒАЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ - ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	18
1.1 Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекеті мәселесінің психологиялық-педагогикалық ғылыми әдебиеттерде зерделенуі.....	18
1.2 Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетінің мәні, мазмұны, ерекшеліктері.....	36
1.3 Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың әдіснамалық тұғырлары.....	78
2 ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ.....	89
2.1 Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың психологиялық – педагогикалық шарттары.....	89
2.2 Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытуды ұйымдастыру мәселелері.....	102
2.3 Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделі.....	141
3 ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК – ЭКСПЕРИМЕНТ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	156
3.1 Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетінің даму деңгейінің диагностикасы.....	156
3.2 Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың бағдарламасы мен әдістемесі.....	173
3.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік – эксперименттік жұмыс нәтижелері.....	191
ҚОРЫТЫНДЫ.....	199
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	202
ҚОСЫМШАЛАР.....	222

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сәйкес сілтемелер пайдаланылған:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007ж., №319-III Қазақстан Республикасының Заңы (01.09.2022 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30119920&pos=3;-106#pos=3;-106

«Білімді ұлт - сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016жж арналған ұлттық іс – қимыл жоспары. Астана 2012ж 25 маусым.

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832>

Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам. Қазақстан Республикасы президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000100>

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі, №406 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029836>

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің 2020 жылғы 4 мамырдағы, №175 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020567>

«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педогогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 7 сәуірдегі, №150 бұйрығы.

https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36800281&show_di=1

Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013137/history>

«Педагог мәртебесі» туралы ҚР Заңы 2019ж 27 желтоқсан. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 25 мамырдағы, №336 қаулысы.

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000336>

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Баға – білім алушының оқыту үдерісінде жетістікке жету мақсатында жүзеге асырған әрекеттерінің нәтижесі, көрсеткіші.

Бағалау – білім беру сапасын жақсарту мақсатында білім алушылардың жетістік деңгейлеріне талдау жасау үдерісі.

Бағалаушылық пікір - білім алушыны жетістікке мотивациялауға түрткі болатын педагогтің саналы талданып, эмоционалды түрде жария етілген пікірі, бағасы.

Критериалды бағалау – оқыту мақсаттары мен күтілетін нәтижелерді сәйкестендіру арқылы білім алушылардың оқудағы жетістіктерге нақты критерийлер негізінде қол жеткізуіне ықпал ететін үдеріс.

Іс - әрекет - саналы қойылған мақсат арқылы басқарылатын адамның ішкі (психикалық) және сыртқы (физикалық) белсенділігі.

Педагогтің бағалау іс - әрекеті – оқыту үдерісінде білім алушының жетістікке жетуін қамтамасыз ететін, мақсат, міндет, амалдардың жиынтығы, тұлғаның өзін - өзі тану қабілеттерін, құндылықты – бағдарлары мен қасиеттерін, белсенділігін қалыптастыруға негізделген жүйелі іс - әрекет.

Бағалау өлшемшарттары – білім алушының оқу жетістігін бағалауға негіз болатын белгілер.

Қалыптастырушы бағалау – оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етіп, үздіксіз жүргізілетін бағалаудың түрі.

Жиынтық бағалау – оқу бағдарламасындағы бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан/триместр, оқу жылы) аяқталғанда өткізілетін бағалаудың түрі

Біліктілік - тиісті кәсіби қызмет түрі шеңберінде жұмыстарды орындау үшін қажетті кәсіби білім, іскерлік, дағды және жұмыс тәжірибесінің жиынтығы.

Педагогтердің біліктілігін арттыру - оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны.

Педагог қызметін курстан кейін қолдау - педагогтің кәсіптік құзыреттілігін оның курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі

Андрогог – ересектерге білім беру саласында оқыту, басқару, кеңес беру арқылы ересектердің жұмысын түзету, дамыту мен айналысатын маман.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы
МЖМББС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ҚР ҒжЖБМ - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім
Министрлігі
КБ – критериалды бағалау
ҚБ – қалыптастырушы бағалау
БЖБ – бөлім бойынша жиынтық бағалау
ТЖБ – тоқсан бойынша жиынтық бағалау
ЖОО – жоғары оқу орны
ОӘК – оқу – әдістемелік кешен
ПҚБАИ – педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты
БАҰО – біліктілікті арттыру ұлттық орталығы
АҚ – акционерлік қоғам
ЭЫДҰ – экономикалық ынтымақтастықты дамыту ұйымы
БТ- бақылау тобы
ЭТ – эксперименттік топ
ТООЖ – тыңдаушы мен оқытушының өзіндік жұмысы
ТӨЖ - тыңдаушының өзіндік жұмысы

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. ХХІ ғасыр Қазақстанның заманауи білім беру саласында ауқымды реформалардың жүргізілуі мен сипатталады. Еліміздің білім беру саласы әлемдік тенденциялар негізінде модернизацияланып, өзінің жаңа даму жолын айқындады. Қазақстан Республикасының заманауи білім беру жүйесінде орын алған құндылықты, мақсатты және функционалды өзгерістер білім берудің бұл бетбұрысын ғылыми – педагогикалық тұрғыдан қайта қарауды талап етеді.

Еліміздің білім беру жүйесін модернизациялаудың басты мақсаты заманауи қоғамды ұлттық кодты сақтау арқылы сапалы білім мен қамтамасыз ету болып табылады. Бұл орайда, білім беру саясаты білім беру жүйесін жаңартуда әлемдік тәжірибелерді басшылыққа алады.

Әлемдік деңгейде орын алған саяси, экономикалық, әлеуметтік өзгерістер қоғамның талаптары мен өмірлік құндылықтарын, көз қарастарын өзгертті. Мемлекет басшысы Қ.Ж Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында «ХХІ ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс» - деп атап көрсетті. Осы міндеттемелерді жүзеге асыру аясында Қазақстандық білім беру жүйесі бүгінгі таңда жаңа білім беру парадигмасына көшірілді.

Мемлекет, қоғам және білім алушылардың заманауи талаптары негізінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары қабылданды. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың мәні мен мазмұны өзгерді. Білім берудің заманауи жүйесі педагогтердің кәсіби – педагогикалық құзыреттіліктеріне жаңа талаптар жүктеді. Оқыту сапасын арттыру мақсатында білім берудің жаңа моделіне көшу, педагогтердің кәсіби белсенділігін арттыру мен бағалау іс-әрекетінің әдістемелік қамтамасыз етілуінің қажеттілігін айқындады. Сонымен бір қатарда, бұл бетбұрыстар педагогтерді дайындау және олардың біліктілігін арттырудың мазмұнын жаңарту қажеттілігін көрсетті.

Қазақстандық білім беруді дамытуға мемлекеттік деңгейдегі құқықтық – нормативтік құжаттардағы стратегиялық бағыттар негіз болды:

Мемлекет басшысы Қ.Ж Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі», [2] - атты Жолдауында, елімізде білім беру сапасын арттыру үшін білікті педагогтердің қажеттілігін атап көрсетті.

«100 нақты қадам» мемлекеттік бағдарламасының [3] 76-79 қадамдарына сәйкес ЭЫДҰ елдері стандарттары негізінде адами капитал сапасын өсіру, 12 жылдық білім беруді кезең – кезеңімен енгізу, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында оқыту стандарттарын жаңарту жұмыстары жүргізілді. Білім беру жүйесінде білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру үшін бәсекелестікке қабілетті кадрларды дайындау мақсаты қойылды.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жж арналған ұлттық іс – қимыл жоспарында [4] оқушылардың алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу процесінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгерту, оқу бағдарламаларында мәлімденген барлық білім беру нәтижелерін критериалды бағалау жүйесі негізінде бағалау міндеттелді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға негіз болатын құзыреттіліктерді, өзін – өзі басқару, бағалау, өзінің даму бағыттарын жоспарлау қабілеттерін дамыту маңызды бағыттардың біріне айналды. Осыған байланысты, оқыту үдерісіне білім алушылардың білім сапасын дамытудың тиімді құралы ретінде критериалды бағалау жүйесі енгізілді. Отандық білім беруде оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін қолдану бұл феноменнің құрылымы, жүзеге асу тетіктері, тұлға дамуына болған әсері, оқу жетістіктерін бағалау мақсатында критерийлер құрастыру негіздері мәселелерінің өзектенуі осы іс-әрекетті оқыту үдерісінде жүзеге асыратын педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың қажеттілігін айқындады. Критериалды бағалау жүйесінің енгізілуі педагогтердің бағалау іс-әрекетін дамыту мәселесінің өзектілігін арттырды.

Мемлекет басшысы Қ.Ж Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан – іс – қимыл кезеңі» атты, Жолдауында ғылым мен білімді дамытуда тың көзқарас пен жаңа тәсілдердің керектігін, сондай-ақ, халықаралық тәжірибеге арқа сүйеудің қажеттілігін атап көрсетсе [5], «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» - атты Жолдауында: «Педагогтерді оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек, себебі, ұстаз шәкіртінің бойына жаңа білім сіңіре алатындай нағыз ағартушы болуға тиіс, ол үшін үнемі өз біліктілігін арттырып туруы қажет», [6]-деген пікірді айтып өтті.

Білім беру жүйесінің модернизациялануына байланысты елімізде болашақ мұғалімдерді дайындауға, педагогтердің біліктілігін арттыруға болған талаптар өзгерді.

Бағалау жүйесінің өзгеруі мұғалімдердің педагогикалық іс-әрекеті мақсатының, ұстанымдарының өзгеруіне түрткі болды. Заманауи педагог кадрларды дайындау және олардың біліктілігін арттыру жүйесі тек мұғалімдердің білімі мен тәжірибесін шыңдау орталығы емес, педагогтерді өзгермелі қоғам талаптарына сай қайта даярлау мен үздіксіз кәсіби дамытудың, инновациялық іс-әрекетке бейімдеудің ресурстық орталығы ретінде модернизациялануы қажет екендігі айқындалды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт - сапалы білім беру» ұлттық жобасында Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, білім беру сапасын арттыру мақсат етілген [7]- педагогтердің мәртебесін көтеру олардың білім деңгейін көтеру, қайта даярлау, біліктілікті арттырудың әлемдік тәжірибелерге бағыттылығын қамтамасыз ету, - деп білеміз. Сондықтанда, бүгінгі қоғамда

педагогтің маңызды жетістіктерінің бірі ол өз білімін жаңа талаптарға тез бейімдей алуға икемділігінің болуы деп санаймыз.

Педагогтерге қойылатын заманауи талаптар әр дәуірдің өз ерекшеліктеріне байланысты оның жоғарғы оқу орнында алған білімі мен кәсіби құндылықтары және ұстанымдарынан ерекшеленеді. Педагогтің оқыту үдерісінде бұрын қолданған білімі мазмұнының сұраныстан шығуы, жеткіліксіздігі оның кәсіби іс – әрекетке болған мотивациясын әлсіретеді. Бұл жағдай біліктілікті арттыруда осы мәселенің қарастырылуын талап етеді.

Оқу және оқыту үдерісіндегі бағалау іс-әрекеті мәселесі педагогика теориясы мен тәжірибесінде өзекті мәселелердің бірі саналады.

Білім беру үдерісінде оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауда педагогтің бағалау іс - әрекетінің әлсіздігі, білім алушының оқуға деген ұмтылысының жойылуына алып келеді, ал бұл жағдай білімнің нәтижелі болуына кері әсерін тигізеді. Сондықтанда, болашақ мұғалімдерді дайындайтын ЖОО және біліктілікті арттыру жүйесі заман талабына сай, педагогикадағы күрделі мәселелердің бірі оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау үдерісін жүзеге асыру бойынша педагогтерге жан – жақты көмек көрсетуі қажет. Педагогтерге оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың тиімді жолдарын түсіндіру, бұл мәселенің нақты, жүйеленген, ғылыми дәлелденіп, тәжірибеге енгізілген дереккөздерге негізделген түрде жүзеге асырылуы маңызды.

Кеңестік білім беру жүйесінде қолданысқа еніп, 2016 жылға дейін қолданылып келген бағалау жүйесінің өзгертіліп, критериалды бағалауға ауыстырылуы, педагогтердің бұл бағыттағы түсінігіне әсерін тигізіп, бір қатар қиындықтар туындатты. Осыған байланысты, педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамыту мәселесі өзектенді.

Қазақстан ғылымының даму тарихында мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру, педагогтің бағалау іс - әрекетін дамыту мәселелері өзекті бағыттардың бірі ретінде педагогикалық және психологиялық тұрғыдан үздіксіз зерттеліп келеді.

Педагогтердің бағалау іс-әрекетін дамыту, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру мәселелерінің ғылыми тұрғыдан өңделіп, қарастырылуы педагогика тарихына бір шама ғылыми зерттеулерді қосты.

Отандық ғалымдардан оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау мәселесі: 12 жылдық білім беруге өту мәселесі аясында бағалау жүйесін өзгертудің маңызы (Кошербаева А.Н; Ахметова К.К) [8,9], критериалды бағалау білім алушылардың оқу жетістіктерінің көрсеткіші ретінде (Караев.Ж.А; Ж.У Кобдикова; Джадрина М.Ж) [10, 11, 12], құзыреттілік білім беруде оқу жетістіктерін бағалаудың сапа өлшемінің көрсеткіші ретінде (Примбетова Г.С) [13], өзін – өзі бағалауды қалыптастыруда критериалды бағалаудың маңызы (Еділбаева М.Ү)[14], оқығанның педагогикалық диагностикасын анықтауда бағаның маңызы (Маханова П.Ш) [15], білім алушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі (Абуова А.Е) [16], технологиялық тәсіл негізінде оқу сапасын басқару (Искакова Г.О) [17], Қазақстан Республикасының заманауи мектептері

жағдайында бірінші сыныптардың бағалау іс - әрекетін қалыптастыру (Радченко Н.Н) [18], оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау әдіснамасы (Можаева О. И) [19], бастауыш сынып мұғалімдері үшін критериалды бағалау нұсқаулығы (А.С Шилибекова) [20], негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдері үшін критериалды бағалау нұсқаулығы(Д.Б Зиеденева)[21], болашақ педагогтерді бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалауға кәсіби дайындау (Кенжетаева Р.О) [22] қатарлы ғылыми еңбектерде қарастырылған.

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау феномені шетелдік Е.Н Землянская [23], Ш.А Амонашвили [24], Н.Ф Талызина [25], М.А Пинская[26], И.С Фишман[27], П.П Блонский[28], Дж.Брунер [29] қатарлы ғалымдардың психологиялық - педагогикалық және педагогикалық зерттеулерінде көрініс тапқан.

Сонымен бір қатарда, критериалды бағалауды оқушының оқу – танымдық құзыреттілігін қалыптастыру құралы ретінде (А.А Красноборова)[30], оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың тұлғаға әсері (Е.А Селищева)[31], критериалды бағалаудың дидактикалық негіздері мен ішкі критериалды бағалау (Х.М Ерфанфар; Л.В Вилкова)[32,33], оқу жетістіктерін бағалаудың педагогикалық мүмкіндіктері (В.В Воронов) [34], оқу іс-әрекетіндегі жетістікті бағалаудың психологиялық – педагогикалық мәселелері (Курдюкова Н.А) [35], өзін – өзі бағалаудың генезисі (Захарова А.В) [36], өзін –өзі бағалау субъектінің динамикасы (Турусова О.В)[37], бағалау таным белсенділігін дамыту тетігі ретінде (Л.Е Смирнова) [38] қатарлы шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерінде қарастырылған.

Шетелдік ғалымдардан білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мәселесін Р.Black [39], L.Shepard [40], D.Wiliam [41, 42],B.Bloom [43], J. Bruner [44], D.Wood [45], Stone [46] өз еңбектерінде қарастырған.

Педагогтердің бағалау іс – әрекеті мәселесі шетелдік ғалымдардан біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтің бағалау іс - әрекетін қалыптастыру (Н.Ю Волковинская) [47], бағалау іс - әрекеті мәдениеті (Е.Г Матвиевская) [48], педагогтің бағалау іс - әрекетінің жеке ерекшеліктері (А.Г Доманов) [49], бастауыш сынып педагогтерінің бағалау іс - әрекетінің дамуын басқару (А.Г Пачина) [50], мектепке дейінгі ұйым басшыларының бағалау іс - әрекетін дамыту (Л.А Баландина) [51], мұғалімнің және ЖОО педагогтерінің бағалау құзыреттілігін дамыту (Э.Э Кожевникова, М.И Томилова) [52, 53], орта кәсіби білім беруде сапа индикаторы негізінде мұғалімнің бағалаушылық іс-әрекетін кемелдендіру (О.П Керер) [54], құзыреттілік тұғыр жағдайында ЖОО оқыту процесінде оқытушыларды бағалау іс – әрекетіне даярлау (В.А Дегальцева) [55], бастауыш сынып мұғалімдерін оқушы жетістіктерін бағалауға даярлау (Е.В Иващенко) [56], оқушыны тәрбиелеу үдерісінде педагогті бағалау іс-әрекетіне кәсіби даярлау (О.Ф Горбунова) [57], мұғалімнің бағалау іс-әрекетінің оқушы жетістігіне әсері (А.В Куликовский) [58], мұғалімнің жеке стилінің бағалау іс - әрекетіне әсері (Т.Л Сафонова) [59], оқу – тәрбие үдерісінде мұғалімнің бағалау

іс-әрекетін дамыту (Н.В Селезнев) [60] қатарлы ғалымдардың зерттеу жұмыстарының нысаны ретінде анықталған.

Педагогтердің біліктілігін дамыту мен кәсіби дайындық дәрежесін арттыру қатарлы педагогика саласындағы өзекті мәселелердің түрлі аспектілерін отандық ғалымдардан Ж.М Мамерханова, Г.К Айқынбаева 12 жылдық мектепке өту мәселесінің педагогикалық – психологиялық ерекшеліктерін [61, 62],

Б.А Альмухамбетов Қазақстанда педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінің қалыптасу тарихы мен даму тенденцияларын [63], А.А Жайтапова біліктілікті арттыру жағдайында мұғалімнің кәсіби дамуының ғылыми – теориялық негіздерін [64] қарастырған, А.Н Көшербаева [65] озық педагогикалық тәжірибені, психологиялық – педагогикалық ғылым жетістіктерін жаппай тәжірибеге енгізу мәселесін қарастырса, Ж.А Бургумбаева [66] Қазақстанда ересектерге білім берудің қалыптасуы мен дамуы және ересектер арасындағы педагогикалық қарым – қатынас мәселесін ғылыми негіздеген.

Біліктілікті арттыру жүйесіне тұлғаға бағдарланған технологияларды ендіру, модульдік білім беру технологиясы негізінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселелерін Р.Е. Дабылтаева, Ж.К. Далабаев [67,68] өз ғылыми зерттеуінің негізіне алса, К.Ж Бұзаубақова, М.М. Мұқаметқали, Қ.А. Сарбасова, Р.А. Асанова [69,70,71,72] мұғалімдердің инновациялық іс – әрекетке даярлығын жетілдіру мәселелерін зерттейді, А.М. Екібаева [73] білім берудің реформалануы жағдайында ЖОО педагогтерінің біліктіліктілігін арттыру мәселесін ғылыми негіздеген.

Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың ғылыми негіздерін Ш.Таубаева [74] қарастырса, біліктілікті арттыруда педагогтердің кәсіби мәдениетін қалыптастыруды Н.К Кибатаева [75], біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту жолдарын Б.А Тұрғынбаева, О.Б Пирожкова [76,77], заманауи педагогтердің іс – әрекеті мәселесін Н.Н Хан [78] зерттеу нысанының негізіне алады.

Біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтердің кәсіби құзыреттілігі, ақпараттық құзыреттілігін дамыту мәселелері С.З Байхонова, М.А Ғалымжанова, С.М Кенесбаев [79-81], біліктілікті арттыруда кешенді – интегративті тұғырды жүзеге асыру С.К Ахметбекова [82], мониторинг мұғалімнің кәсіби дамуының куралы ретінде Г.С Жуманованың [83] ғылыми еңбектерінде қарастырылады.

С.Д Муканова [84] инновациялық үдерістерді басқару мәселесін зерттеген болса, Т.М Баймолдаев [85] біліктілікті арттыру жүйесінде оқытушыларды басқарушылық әрекетке дайындау мәселесін өз ғылыми зерттеулеріне нысан ретінде таңдап алған.

Біздің ғылыми жұмысымыздың мәнін ашуда отандық ғалымдардан оқу жетістіктерін критериалды бағалау бойынша А.Н Көшербаева, М.Ж Джадрина, О.И. Можаева, А.С. Шилибекова, Д.Б.Зиеденовалардың ғылыми еңбектерін басшылыққа аламыз.

Шетелдік ғалымдардан оқу жетістіктерін критериалды бағалау мәселесін өз ғылыми зерттеулерінде негіздеген А.А Кросноборова, Е.А Селищева, А.Г Доманов, Н.А Курдюкованың, педагогтердің бағалау іс-әрекетін дамыту

бойынша Н.Ю Волковинская, Е.Г Матвиевскаяның еңбектерін диссертациялық жұмысымыздың мәселесін шешудегі негізгі ресурс ретінде қарастырамыз.

Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың философия, педагогика, психология салалары бойынша жиналған ғылыми еңбектерінде біздің зерттеу мәселемізді түсініп, мәнін ашуға мүмкіндік беретін ғылыми еңбектер саны аз емес.

Дегенмен, зерттеу барысында зерделенген ғылыми еңбектер мен кейінгі бір неше жыл арасында жазылған ғылыми жұмыстарды талдау барысында педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту мәселесінің әлі тың мәселе екендігі, арнайы зерттелмегендігі айқындалды.

Педагогика және психология саласында жүргізілген зерттеу жұмыстарының жан – жақтылығы, олардың теориялық және тәжірибелік маңызына қарамастан, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үдерісіндегі педагогтердің бағалау іс-әрекеті мәселесі толықтай зерттеліп болған жоқ. Осыған орай, орта білім беру жүйесіне критериялды бағалаудың енгізілуіне байланысты педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту мәселесін заманауи ғылыми бағыттардың бірі ретінде қарауға негіз бар.

Зерттеу мәселесіне байланысты әдебиеттерді, педагогикалық тәжірибелерді және педагогтер арасында жүргізілген сауалнамаларды талдау барысында біз педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытуға кедергі келтіретін негізгі факторларды анықтадық. Олар:

Теориялық деңгейде – педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекеті мәселесін зерттеуде нақты ережелердің жоқтығы, осыған байланысты «бағалау», «бағалау іс-әрекеті», «педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекеті» ұғымдарының мазмұндық толықтырылуы мен олардың құрылымдық ерекшеліктерін нақтылаудың қажеттілігі;

Эмпирикалық деңгейде педагогтердің бағалаудың жаңа жүйесін қолдануға болған мотивациясының әлсіздігі, бағалау іс-әрекетін жүзеге асыруда ұйымдастырушылық, коммуникативтік дағдыларының жеткіліксіздігі, білім алушылардың жетістіктерін бағалауда құзыреттіліктерді емес, білім деңгейін бағалауға басымдық беруі, бағалау құралдарын қолдануда динамиканың жоқтығы мен бағалау стратегияларын тиімді қолдану дағдыларының жеткіліксіздігі.

Аталған факторлар және педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту мәселесіне байланысты талданған әдебиеттер, ғылыми зерттеулер, отандық және шетелдік тәжірибелер мен танысу барысында біз бұл мәселеде:

- қоғам, білім беру ұйымдарының және білім алушылардың бағалау іс – әрекетін жүзеге асыру біліктері дамыған педагогтерге болған объективті қажеттілігі мен педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамыту мәселесінің ғылыми негізделмеуі;

- педагогтердің оқыту үдерісінде критериалды бағалауды қолданудың тиімді жолдарын игеруге болған ұмтылысының артуы мен педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың ұйымдастырушылық - әдістемелік негіздерінің жүйеленбеуі;

- педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың қажеттілігі мен осындай мүмкіндіктің жүзеге асуын қамтамасыз ететін тиімді шарттардың ғылыми негізделмеуі арасындағы **қарама – қайшылықтардың** бар екендігін айқындадық.

Аталған қарама – қайшылықтар оқу үдерісінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың өзгертілуі педагогтердің бағалау іс-әрекетін дамыту бойынша ұйымдастырушылық іс-әрекеттің жаңартылуының өзектілігін көрсетті. Сонымен бір қатарда, зерттеу мәселесінің өзектілігі мен жоғарыда аталған қарама – қайшылықтардың дұрыс шешімін іздестіру зерттеу жұмысымыздың тақырыбын **«Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту»** деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту жүйесін ғылыми-әдіснамалық негіздеу, әдістемесін дайындау және тиімділігін тәжірибелік – экспериментте дәлелдеу.

Зерттеудің нысаны: педагогтердің біліктілігін арттыру.

Зерттеудің пәні: педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту үдерісі.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер «педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекеті» ұғымының мәні, мазмұны, құрылымы анықталып, педагогтердің бағалау іс-әрекетін дамытудың теориялық – әдіснамалық негіздері айқындалса, құрылымдық – мазмұндық моделі мен әдістемесі құрастырылып, ғылыми – тәжірибелік негіздері нақтыланса, **онда** педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту тиімді жүзеге асады, **өйткені** мақсатты ұйымдастырылған біліктілікті арттыру үдерісі педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетінің нәтижелі дамуын қамтамасыз етіп, оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің міндеттері

1. «Бағалау іс-әрекеті», «педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекеті» ұғымдарының мәнін айқындау және нақтылау;

2. Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың әдіснамасын жасау, теориялық және практикалық алғышарттарын негіздеу;

3. Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың психологиялық – педагогикалық шарттарын анықтау;

4. Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделін құрастыру, әдістемесін дайындап, тиімділігін тәжірибелік – эксперимент арқылы тексеру.

Зерттеу жұмысының жетекші идеясы – педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың нәтижелі болуы, педагогтердің біліктілігін арттыру процесін әдістемелік қамтамасыз ету және оқытуды шығармашылық пен тиімді ұйымдастыруға байланысты.

Зерттеудің теориялық – әдіснамалық негіздері болып білім беру жүйесінің философиялық, психологиялық – педагогикалық негіздері;

- педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесінің әдіснамалық негіздері (Ш.Таубаева[21] , Б.А Альмухамбетов [87], Б.А Тұрғынбаева [23], А.А Жайтапова [11], Г.К Ахметова [86], Е.С Заир - Бек[88] , В.Г Быкова[89]);

- ересектерді оқытудың теориялық және практикалық тұжырымдары (Б.Г. Ананьев [90], С.Г. Вершловский [91], С.И Змеев[92], К.Фопель [93]);

- тұтас педагогикалық үдеріс теориясы (Н.Д Хмель [94], Н.Н Хан[25], Е.Н Землянская [50]);

- критериалды бағалау теориялары (P.Black [66], D.Wiliam [68], C.W. Harlen [95]);

- оқу жетістіктерін критериалды бағалау бойынша зерттеулер (М.А Пинская [53], И.С Фишман [54], А.А Кросноборова [57],Е.А Селищева [58], Х.М Ерфанфар [59]; Л.В Вилкова [60], В.В Воронов [61] , Н.А Курдюкова [62])

- педагогтің бағалау іс-әрекетінің теориялық негіздері (Н.Ю Волковинская [74], Е.Г Матвиевская [75], Доманов А.Г [76], А.Г Пачина [78], Л.А Баландина [79]) бойынша жазылған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері саналады.

Зерттеу әдістері: зерттеу жұмысымыздың мақсат, міндеттерін жүзеге асыру және ғылыми болжамды тексеру барысында төмендегі ғылыми – зерттеу әдістері қолданылды:

- Теориялық: педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың теориялық және практикалық аспектілерімен байланысты философиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік, нормативтік құжаттарды, біліктілікті арттыру бойынша оқу бағдарламаларын зерделеу, ғылыми әдебиеттерге аналитикалық шолу жасау.

- Эмпирикалық: бақылау, сұхбат алу, әңгімелесу, сауалнама жүргізу, педагогтердің бағалау іс-әрекетінің даму нәтижелеріне талдау жасау, педагогикалық эксперимент нәтижелерін өңдеудің статистикалық және графикалық әдістері.

Зерттеудің дереккөздері: Зерттеу мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту Министрлігінің ресми құжаттары, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытуға бағытталған Бағдарламалары, жалпыға міндетті білім беру стандарттары, білім беру бағдарламалары мен жоспарлары, философия,

психология, педагогика саласындағы ғылыми еңбектер, озық педагогикалық тәжірибелер, диссертанттың педагогикалық және зерттеушілік іс – тәжірибесі.

Зерттеудің негізгі кезеңдері

Зерттеу жұмысы 3 кезеңге сәйкес жүргізілді.

Бірінші кезең (2018-2019жж) - зерттеу мәселесі бойынша материалдар жинақталып, жүйеленді, зерттеудің ғылыми аппараты құрастырылды, педагогтердің бағалау іс-әрекетін дамыту және біліктілігін арттыру бойынша ғылыми зерттеулердің озық нәтижелері жинақталып, жүйеленді, теориялық зерделеудегі негізгі категориялардың құрылымы және мазмұндық сипаты түзілді, ғылыми мақалалар дайындалып, басылымнан шықты, тақырып аясында материалдар жинақталды.

Екінші кезең (2019-2020жж) - зерттеудің теориялық – әдістемелік негіздерін жасау өз жалғасын тапты, педагогтерге арналған біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы жасалды, оқыту модульдері бойынша оқу – әдістемелік кешен әзірленді, әдістемелік құралдар жарық көрді, ғылыми мақалалар баспадан шықты. Тәжірибелік эксперименттің бағдарламасы жасалып, диагностикалық, анықтау және қалыптастыру кезеңдері жүзеге асырылды.

Үшінші кезең (2020-2021жж) - диссертацияның мазмұны бойынша мәліметтер ғылыми мақалаларда жарияланып, семинарларда баяндалды, талқыланды. Тәжірибелік эксперимент барысында алынған қорытынды нәтижелерге талдау жасалынып, өңделді. Зерттеу нәтижелері жүйеленіп, қорытындыланды. Нәтижелер диссертация мазмұнына енгізіліп, тұжырымдар нақтыланып, ұсыныстар берілді. Қолданылған әдебиеттер жүйеленіп, диссертация талапқа сай рәсімделді.

Зерттеу базасы: Тәжірибелік – эксперименттік жұмыс «Өрлеу» БАҰО АҚ Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, «Инновациялық білім беру және ақпараттық технологиялар» кафедрасында жүргізілді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы

- зерттеу аясындағы негізгі ұғымдар нақтыланды, «педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекеті» ұғымына авторлық анықтама берілді;

- педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың әдіснамасы құрастырылды және психологиялық – педагогикалық шарттары анықталды;

- біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және курстан кейінгі қолдау Ережелері негізінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша мақсатты ұйымдастырылған біліктілікті арттыру курсының тиімділігі негізделді;

- педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделі, жүйелі әдістемесі, педагогтердің біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы құрастырылды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытуды әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында педагогтерге арналған «Жаңартылған білім беру жағдайында педагогтің бағалау іс - әрекетінің психологиялық – педагогикалық негіздері» атты біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы даярланып, біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылды. Оқу – әдістемелік кешен жасалды.

Зерттеу жұмысы аясында «Критериалды бағалау жағдайында педагогтің бағалау іс – әрекетінің ерекшеліктері» атты әдістемелік құрал жарық көрді.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың ғылыми – тәжірибелік негіздері нақтыланды, моделі құрастырылды, педагогикалық эксперимент жасалынып, нәтижелері қорытындыланды. Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың тиімді әдіс – тәсілдері жүйеленді.

Зерттеу барысында алынған нәтижелерді біліктілікті арттыруда, жоғарыдан кейінгі білім берудің мазмұнын жаңартуда, қосымша білім беру орталықтарында, болашақ педагогтерді дайындауда қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

- педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекеті – бұл оқушылардың сапалы білім алуын қамтамасыз ететін, жетістікке жету қабілетін және танымдық белсенділігін қалыптастыратын мақсатты, жүйелі, үздіксіз үдеріс.

- педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және курстан кейінгі қолдау Ережелері негізінде ресми бекітілген, мақсатты ұйымдастырылған біліктілікті арттыру үдерісі жағдайында тиімді болады.

- педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделі мазмұндық, іс-әрекеттік, нәтижелік блоктардан, мотивациялық – мақсаттық, мазмұндық, технологиялық, рефлексивтік компоненттерден тұрады және білім беру бағдарламаларын құрастырумен, әдістемелік құралдарды жасаумен, оқыту үдерісінде өзекті әдістемені, инновациялық технологияларды қолданумен қамтамасыз етіледі.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі

Теориялық және әдіснамалық тұжырымдарға негізделуімен, іргелі психологиялық және педагогикалық еңбектердегі қағидаларды басшылыққа алумен, зерттеу мақсатына сәйкес кешенді әдіс – тәсілдердің қолданылуымен, тәжірибелік - эксперименттік жұмыстардың зерттеу мақсатына сәйкестілігімен, нәтижелерін өңдеумен және алынған деректерді талдау қорытындысымен қамтамасыз етілді.

Диссертацияның зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі

Диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша барлығы 12 еңбек жарық көрді. Оның ішінде 3 мақала ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы сапаны

камтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда, 1 мақала Scopus базасына енген халықаралық журналда, 7 мақала халықырылық ғылыми конференциялар жинақтарында жарияланды, 1 әдістемелік құрал жазылды.

Зерттеудің негізгі тұжырымдары мен мазмұны халықаралық ғылыми – практикалық конференцияларда талқыланды:

«Білім және ғылымдағы инновациялар» тақырыбындағы II халықаралық ғылыми – әдістемелік конференция (Алматы, 2018), «Педагогикалық инновациялар заманауи білім беру жүйесін дамыту ресурсы» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция материалдары (Ақтөбе, 2019), халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция «Развивающая образовательная среда в школе, колледже и вузе – современные тренды и исследования» (Московская область, г.Дзержинск, 2019), «Мұғалім бейнесі – ұлт мәртебесі» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция (Шымкент, 2019), «Психолого-педагогические проблемы образования в условиях инновационного развития» IX халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция (Алматы, 2020), «Интеграция науки и образования: проблемы и перспективы» халықаралық ғылыми – тәжірибелік онлайн конференция (Атырау, 2020), Заманауи білім беруде педагогтің бағалау іс - әрекетінің психологиялық аспектілері «Адамзаттың ғаламдық мәселелерін шешуде ұлттық психологияның рөлі» халықаралық ғылыми – практикалық конференция. (Алматы, 2021).

Сондай – ақ, педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің ерекшеліктерін айқындауға негізделген 1 әдістемелік – құралда зерттеу нәтижелері көрініс тапты.

Диссертация құрылымы мен мазмұны:

Диссертация нормативтік сілтемелерден, анықтамалардан, кіріспеден, үш бөлімнен және қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Кіріспе бөлімінде тақырыптың көкейкестілігі негізделіп, зерттеудің ғылыми аппараты, зерттеу жұмысымыздың мақсаты, нысаны, болжамы мен міндеттері, әдіснамалық негізі, жетекші идеясы, зерттеу әдістері мен кезеңдері, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар, зерттеу нәтижесінің дәлелділігі, оның мақұлдануы, тәжірибеге енгізілуі баяндалады.

«Педагогтердің бағалау іс-әрекетін дамытудың теориялық - әдіснамалық негіздері» деп аталатын бірінші бөлімде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту мәселесінің ғылыми философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерде зерделенуі қарастырылады, педагогтердің бағалау іс – әрекетінің мәні, мазмұны, принциптері нақтыланады, бағалаудың психологиялық – педагогикалық негіздері айқындалады, «педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекеті» ұғымының мәні нақтыланады, педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың әдіснамалық тұғырлары сипатталады.

«Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздері» атты екінші бөлімінде педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың психологиялық - педагогикалық шарттары анықталады, педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытуды ұйымдастыру мәселелері қарастырылады, педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделіне сипаттама беріледі.

«Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың әдістемесі және тәжірибелік – эксперимент нәтижелері» атты үшінші бөлімде педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетінің даму деңгейінің бастапқы диагностикасы, қалыптастырушы экспериментті ұйымдастыруға негізделген бағдарлама және зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік – эксперименттік жұмыстардың қорытындылары келтірілген.

Қорытынды бөлімде теориялық және тәжірибелік жұмыстардың нәтижелеріне негізделген тұжырымдар мен ғылыми ұсыныстар берілді.

Қосымшада эмпирикалық зерттеу материалдары, жұмысқа енген зерттеу барысында пайдаланылған диагностикалық материалдар берілді.

1 ПЕДАГОГТЕРДІҢ БАҒАЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекеті мәселесінің психологиялық-педагогикалық ғылыми әдебиеттерде зерделенуі

Бұл бөлімнің негізгі мақсаты – педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамыту мәселесінің ғылыми әдебиеттерде зерделену жайына талдау жасап, бұл ұғымның мәнін ашу, нақтылау болып табылады.

Әлемдік білім беру жүйесінің қарқынды дамуы жағдайында еліміздегі білім алушылардың зияткерлік әлеуеті мен «білім» деңгейіне қойылатын талаптар да өзгерді. Білім беру жүйесінің құзыреттілікке бағдарлануына байланысты оқу үдерісіндегі маңызды аспектілердің бірі - бағалау жүйесін жаңартудың қажеттілігі туындады. Осыған байланысты, Қазақстанда 2016 жылдан бастап орта білім беруде критериалды бағалау жүйесі қолданысқа енді.

Білім берудің барлық сатыларында баға және бағалау іс-әрекеті мәселесі педагогикалық теория мен тәжірибедегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Отандық білім беру жүйесінде Кеңес дәуірінен бастап қолданылып келген бағалау заңдылықтарына сәйкес, оқушылардың білім сапасы «үздік» және «жақсы» оқитын оқушыларды жалпы оқушы саны мен сәйкестендіре отырып орта пайыздық көрсеткішті анықтау арқылы айқындалатын. Қалыптасқан «бес баллдық» жүйе нақты критерийлерсіз тек салыстыру негізінде жүргізіліп, оқудағы оқу жетістіктері «білгені» және «түсінгенін» анықтау арқылы сипатталып келген. Себебі, білімге негізделген парадигма есте сақтап, қайта айтып беруге бағытталған болып, оқушы білімінің нәтижесін қадағалауды назарда ұстаған.

Заманауи білім беру парадигмасына көшу жағдайында оқу үдерісінде білім алушының оқудағы жетістіктері жеке білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің деңгейі мен анықталады. Демек, критериалды бағалаудың басты міндеті бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету, білім алушылардың білім сапасының деңгейін нақтыланған өлшемдер негізінде анықтау, білім сапасын арттыру болып табылады.

Оқу үдерісінде пәндік білім, білік, дағдыларды қалыптастыру мақсатының білім алушылардың жалпы оқу құзыреттіліктерін қалыптастыруға ауысуы, бағалау жүйесін өзгертудің нақты бағыттарын айқындады. Себебі, оқу мақсаттары талаптарын дәстүрлі «баға» мен бағалау жүзеге асыра алмайды. Дәстүрлі «баға» мен бағалау оқушы жетістігін сыртқы бақылау арқылы анықтауға негізделген болып, білім алушының жеткен жетістіктерін өз алдына бағалауға мүмкіндік бермейді, тұлғаның жеке дамуына кедергі келтіреді. Оқу үдерісі қатысушыларының жетістіктерін бастапқы нәтиже мен салыстыру мүмкіндігінің жоқтығы білім алушының нақты білім деңгейін анықтауға және болашақта қай бағытта жұмыс жасау керектігіне талдау жасау мүмкіндігін жояды. Қалыптасқан білім беру жүйесі білім алушының жетістіктерін

орындалған жұмыстың көлеміне қарай бағалауға бағытталған. Демек, бағалаудың қолданыста болған жүйесі заманауи білім беру талаптарына толық жауап бере алмайды. Сондықтанда, білім беру мақсаттары қажеттіліктерін жүзеге асыру, оқу үдерісінің объективті, жүйелі түрде жүргізілуі критериалды бағалау жағдайында мүмкін болады.

Ендеше, оқу үдерісінде сол критериалды бағалауды жүзеге асыратын субъект яғни педагогтің іс-әрекеті және оқыту іс-әрекеті дегеніміз не? Бұл сұраққа жауап беру үшін алдымен «іс - әрекет» ұғымының мәнін ашу керек деп ойлаймыз.

Философияда «іс - әрекет» әлеуметтік табиғи болмысты тәжірибеге ауыстыру. Мұндай ауысудың түпкі болмысы ол – еңбек. Іс - әрекеттің ең көп таралған анықтамасы ол адам мен қоғамның бір тұтастықта болуы[96;37] Демек, іс - әрекет адамның болмысын ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Іс - әрекет- адамның әлемге болған қарым – қатынасының құралы болып, ол адамның қоршаған ортаны шығармашылық пен қайта түрлендіруін көрсететін үдеріс, сол үдерістің барысында адам өзін әрекетшіл субъект ретінде дамытады. Адам игерген табиғат құбылыстары болса, адам іс-әрекетінің нысаны болып табылады [97;118].

Психологиялық тұрғыдан «іс-әрекет» ұғымы саналы көрініс табатын адамның шынайы болмысындағы үдерістердің жиынтығы болып саналады.

Іс-әрекет – тұлғаның түрлі қажеттіліктері мен мотивацияланатын, бір муратқа (мотив) бағынатын және іс-әрекет нәтижесіне бағытталған қимылдардан тұратын айналадағы нәрселер және құбылыстар мен байланыстың мақсаттық үдерісі;

- Іс-әрекеттің жалпы формалары психологиялық қызмет арқылы жүзеге асады;

- Іс -әрекеттің күллі түрлерін игеру тұлғаның сол іс-әрекетті жүзеге асыруға болған дайындығын қалыптастыру арқылы мүмкін болады;

- Педагогикада оқу іс-әрекеті үдерісінде тұлға білім және біліктерді ғана емес, оқуға деген қабілетінде қолданады [98;20].

Іс-әрекет саналы адамның өмір сүруі үшін маңызды, себебі адам тұлға болып қалыптасуы үшін ол іс -әрекет етуі қажет. Іс-әрекет жасау арқылы адам өз қажеттіліктерін сезіне алады.

«Іс -әрекет» - саналы қойылған мақсат арқылы басқарылатын адамның ішкі (психикалық) және сыртқы (физикалық) белсенділігі. Адамдардың басым көпшілігі өздерінің ішкі аргументтелген ниеттерінің негізінде іс-әрекетті саналы түрде жүзеге асырады. Адамның ішкі немесе сыртқы белсенділігі оның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағдарланады.

Іс-әрекеттің элементтері:

- Белсенділік танытатын субъект (жеке тұлға, қоғамдағы белгілі топ);
- Белсенділік бағдарланған объект (нәрсе, адам, құбылыс).


Іс -әрекет әлеуметтік категория ретінде нысанның мақсат, жоспар, ниет ретінде көрініс табатын рухани мағынасы мен түйісетін материалды пәндік

өзгерісін сипаттайды және бұл оны белсенді етеді. Белсенділік болса, іс - әрекетті дамытуға мүмкіндік беретін құрал [99;38].

Білім мазмұны, оқыту әдістері, формалары, оқыту процесін ұйымдастыру «педагог – білім алушы» іс-әрекетінен және қарым – қатынас жүйесінен құралады [100;36].

Г.С Костыконың пайымдауынша іс-әрекет – білімді қиын және өзгермелі дүниеде өмір сүру үшін қолдануға қажетті түсіну, қабылдау, әрекет ету, өмір сүру қатарлы білікке айналдырудың әмбебап құралы [101;135].

Іс-әрекет ұғымының әдебиеттерде талдануы аясында біз оқыту үдерісіндегі іс-әрекеттің құрамдас бөліктерін төмендегідей көрсету орынды деп санаймыз:



Сурет 1 - Оқу үдерісіндегі іс-әрекеттің құрамдас бөліктері

Демек, біздің зерттеу жұмысымыз аясында педагогтің іс - әрекеті мотивация, мақсат, жоспар, белсенділік, нәтиже қатарлы құрамдас бөліктерден тұрады. Педагог іс-әрекетінің нәтижелі болуы оның саналы түрде басқарылатын белсенділігіне байланысты болады.

Оқыту іс-әрекеті – білім алушылардың пәндік оқу іс - әрекеттері мен олардың мазмұнын игеретін оқу жағдаяттарынан құралған оқытудың мақсаттық, кезеңдік үдерісі. Педагогтің іс-әрекеті болса, білім алушының оқу жағдаяттарынан құралған пәндік оқу іс-әрекеттерін игеруге бағытталған, мақсаттық, кезеңдік оқу үдерісіне педагогтің әсері [102; 33].

Демек, педагогтердің бағалау үдерісіндегі іс-әрекеті дәл осы құрамдас бөліктерден құралуы қажет. Білім беру стандарттары аясындағы педагогтің белсенді іс- әрекеті бағалаумен байланысты.

Осы орайда, педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін ғылыми негіздеудің өзектілігі білім берудегі заманауи стратегиялық міндеттермен, білім сапасына қойылатын халықаралық стандарттар негізіндегі талаптармен, білім сапасының деңгейін арттыру қажеттілігімен, білім алушылардың оқу жетістіктерінің бағасына және оны бағалауға бірыңғай талаптарды әзірлеудің қажеттілігімен айқындалады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мәселесі педагогикада өзекті мәселе саналады. Білім беру саласындағы заманауи реформалар аясында бұл

мәселе қоғам тарапынан көп талқыланатын қоғамның талаптары мен ұштасатын мәселеге айналды.

Білім беру стандарттарындағы талаптар білім алушылардың бойына әлеуметтік, адамгершілік құндылықтарды сіңіріп, олардың бағалау қорытындыларын салыстырып, құндылықтардың бағалау критерийлері мен және бағалау критерийлерінің белгілі бір құндылықтар мен байланысын анықтап, жеке көз қарастарын қалыптастыруға және өз позицияларын түсіндіру қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беруді қамтиді.

Құзыреттілікке, тұлғаға бағдарланған білім берудегі бағалау жүйесі педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамыту мәселесінің білім беруді дамытуда негізгі мәселе ретінде қалыптасуына түрткі болды. Осы орайда, заманауи білім беру парадигмасы аясында педагогтің бағалау іс - әрекетін дамыту мәселесін педагогтердің біліктілігін арттыру , болашақ педагогтерді дайындау барысында қайта қарау қажеттілігі туындайды. Себебі, баға және бағалау педагогтің кәсіби дайындығының құрамдас бөлігі болып, ұстаз біліктілігінің ең маңызды құралы саналады.

Білім беру жүйесіндегі жаңа үлгілер, жаңа идеялар негізінде педагогтердің кәсіби міндеттерін анықтау және нақтылау мақсатында 2017 жылы 8 маусымда «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының № 133 бұйрығымен «Педагог» кәсіби стандарты қабылданды. Кәсіби стандарттың тұжырымдамалық негізі қазіргі заманғы мұғалімнің үлгісін көрсетеді.

ҚР Педагогтің кәсіби стандартының жалпы ережелер бөлімінде: «кәсіби стандарт білім бағдарламалары мен педагогикалық мамандықтардың модульдерін әзірлеу, педагогтерді сертификаттау үшін бағалау материалдарын дайындау және біліктілік деңгейлерінің критерийлерін әзірлеу кезеңінде негіз болып табылады. Педагогикалық қызмет – бұл адамның бір-біріне ықпалы емес, олардың өзара әрекеттесуі. Сондықтан, педагог қызметінің объектісі педагогикалық үдеріс болып саналады, ал білім алушы ықпал жасау объектісінен қызмет субъектісіне ауысады», - делінген. Сонымен бір қатарда, кәсіби стандартта бес еңбек қызметі белгіленген: 1) оқыту; 2) тәрбиелеу; 3) әдістемелік; 4) зерттеушілік; 5) әлеуметтік-коммуникативті [103].

Кәсіби стандарттың мақсатына сүйенсек заманауи білім беруде педагогикалық білім беру және кәсіби біліктілікті арттыру ұйымдары заман талабына сай педагогтің іскерлік дағдыларын және кәсіби білімі мен құзыреттіліктерін дамытуы қажет. Аталған кәсіби стандартта орта білім беру педагогтерінің кәсіби іс – әрекетінің негізі болған бағалау іс – әрекетін жүзеге асыру дағдыларын дамытуға ерекше назар аударылады.

Білім берудегі аналитикалық амал нысанға баға беру, оның даму жолдарын болжау негізінде жүйе компоненттері арасындағы себеп – салдарлы байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді. Бағдарламалар, оқу жоспарлары, стандарттар қатарлы нормативтік құжаттарға сәйкес педагог білім алушылардың білім, білік, дағдыларды игеру деңгейін шартты белгілер – баллдар, бағалаушылық пікірлер арқылы анықтайды [104;70].

В.П Топоровскийдың пайымдауынша бағаның көмегімен оқу еңбегіне болған қарым – қатынас деңгейі, белгілі білім, қабілет, құзыреттілік, тәртіп және сананың қалыптасуы анықталады. Бақылау, мониторинг, диагностиканың қорытындысы болған баға арқылы педагогикалық еңбектің, мұғалім іс - әрекетінің нәтижесін білуге болады. Баға – педагогикалық талдаудың критерийлік сипаттамасы болып табылады [105; 52-53]

Демек, педагогтің кәсіби іс - әрекеті құрамындағы бағалау іс - әрекеті күрделі жүйе ретінде оқыту үдерісі нәтижелерін және оқу үдерісі субъекттерінің іс - әрекетін реттеу үшін қызмет етеді.

Педагогтің кәсіби іс - әрекеті ең алды мен білім алушылардың оқу үдерісін ұйымдастырумен тығыз байланысты. Біз өз зерттеу жұмысымызда оқу – оқыту үдерісінің соңғы нәтижесі оқыту процесі барысындағы педагогтің бағалау іс-әрекетінің тиімді ұйымдастырылуы мен байланысты екендігін анықтадық. Демек, тұтас педагогикалық процесс педагогтің бағалау іс-әрекетінің нақты стратегияларының кезеңдік жүзеге асырылуы барысында қалыптасады.

Осы орайда, «педагогикалық іс-әрекет» пен «кәсіби – педагогикалық іс - әрекет» ұғымдарының мәнін ажыратып алған орынды. Педагогикалық іс - әрекет тұлғаны қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік рөлді сомдауға дайындау болса, кәсіби педагогикалық іс - әрекет бұл кәсіби әрекеттің түрі ретінде тәрбиелеу, білім беру, дамыту мазмұнынан құралады және мақсатты түрде нақты белгіленген бағытта жүзеге асырылады. Кәсіби педагогикалық іс - әрекет білім беру ұйымдарында жүзеге асады.

Н.П Цырикова кәсіби педагогикалық іс-әрекетті ЖОО оқытушысының іс - әрекеті ретінде зерттеп, ЖОО оқытушысының кәсіби – педагогикалық іс-әрекеті студенттерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту бойынша ұйымдастырылған саналы, мақсатты іс-әрекет ретінде қарастырады және кәсіби педагогикалық іс - әрекеттің төрт компонентін анықтайды. Олар:

- Гностикалық (білім, біліктер – жаңа білімді игеруге негіз болатын танымдық іс - әрекет);
- Конструктивті – жобалаушық (өз іс - әрекетін соңғы нәтижеге бағдарлау);
- Коммуникативтік (білім алушымен тиімді қарым – қатынас орнату);
- Ұйымдастырушылық [106;10]

Ғалымның зерттеуінде аталған компоненттер кәсіби – педагогикалық іс - әрекеттің негізін құрайды деп қарастырылады.

А.М Кумушкулов болашақ педагог – психологтарды даярлау бағытындағы зерттеуінде кәсіби педагогикалық іс - әрекет - оқыту үдерісі қатысушыларын психологиялық - педагогикалық сүйемелдеу, білім беру ұйымында жағымды психологиялық климатты құруға бағытталған педагог – психолог тарапынан арнайы ұйымдастырылған үдеріс - деп, тұжырымдайды [107,9-10].

Педагогтің бағалау іс-әрекеті мәселесі «баға», «бағалау» ұғымдары мен білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау мен байланысты.

Педагогтің бағалау іс-әрекеті мәселесі XX ғасырдың 90 - жылдарынан бастап, педагогика саласында көп қолданылатын ұғымға айналды. Қазақстанда болса, жаңартылған білім беру бағдарламаларының қолданысқа енгізілуі мен бұл

мәселенің өзектілігі арта түсті. Педагогтің бағалау іс-әрекеті көптеген отандық және шетелдік ғалымдар зерттеулерінде көрініс тауып, педагогикалық және психологиялық тұрғыдан зерттелуде.

Критериалды бағалау тұлғаның дербес қабілеттерін дамытумен, тұлғаны әлеуметтендірумен тығыз байланысты. Бұл жағдай субъекттің нәтижеге жетудегі іс-әрекетін адам философиясы тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді.

Заманауи білім беру білім алушының болашаққа болжам құрастыру қабілетін қалыптастырып, оның өзін – өзі тануына негіз болатын бағыттарды анықтай алуына ықпал етеді. Бұл үдеріс білім алушының өз іс-әрекетін бағалап, белгілі нәтижеге жетудегі жолын анықтауға түрткі болады. Осы орайда, баға субъекттің осы сәтте белгілі бір объект тұралы алған білімімен, өткенде қалыптасқан білімі, сол білімі аясында алған тәжірибесі және оның қажеттілігін анықтаумен, болашақта өз іс-әрекетін болжамдап, күтілетін нәтижеге жетудегі іс-әрекетті жоспарлаумен байланысты [108;74]

Оқыту үдерісіндегі бағалау іс-әрекетінің тиімді жүзеге асуы педагогтің бағалау іс-әрекеті мен байланысты болып, мұғалімнің бағалауды алдын – ала жоспарланған алгоритм бойынша жүзеге асыруын қажет етеді.

Мағынасы тұрғыдан алып қарағанда «Баға» ұғымы бір неше семантикалық мәнге ие:

- Баға – тетік ретінде белгілі құрамдық бөлшектерге ие, әрекетті жүзеге асыру үшін қызмет етеді;

- Баға – үдеріс ретінде кезең – кезеңімен жүзеге асады, дамытушылық қызмет атқарады;

- Баға – нәтиже ретінде іс - әрекеттер тізбегі, аяқталған сандық немесе сапалық көрсеткіш.

- Баға – жүйе ретінде бір – бірімен байланысты түрде жүзеге асатын бөліктердің бір тұтастықты құрастыруға болған әсерін көрсетеді.

Баға – тұлғаның болашақтағы іс-әрекетіне бағдар беретін ақпараттық характерге ие құбылыс. Адам өмірінің түрлі бағыттары мен байланысты болып келетін баға түсінігі адам іс - әрекетін, тәртібін, құндылықтар құрамын, белгілі бір моральдық қағидалар мен нормаларды анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бір қатарда, әр бір субъекттің көз қарасы, әлеуметтік мәдениеттілігінің дәрежесі, зияткерлік және адамгершілік позицияларын айқындайды. Баға ұғымын педагогикалық және психологиялық мәнде қарастыратын болсақ, психологиялық тұрғыдан баға – тұлғаның көз қарасы мен әлеуметтік құбылыстарға болған қарым – қатынасы мен байланысты болса, педагогикалық тұрғыдан баға білім алушының іс-әрекеті мен тұлғалық қабілеттерін көрсетуге ықпал ететін курал ретінде белгілі бір педагогикалық нормалар мен бақылау нәтижелері аясында жүзеге асады.

Педагогикалық бағалау білім беру саласында басшылыққа алынатын нормативтік құжаттар мен білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім алушының оқу іс-әрекетін игеру деңгейі.

Баға бағаланушының белгілі қабілеттері мен мүмкіндіктерінің даму деңгейі мен іс-әрекетінің нәтижесі. Баға сандық белгі ретінде білім алушының абсолюттік немесе салыстырмалы түрдегі жетістігін көрсетеді.

Баға абсолюттік нәтиже ретінде білім алушының білімін айқындаса, салыстырмалы қасиетке ие құбылыс ретінде түрлі нәтижені салыстыруға мүмкіндік тудырады.

Білім алушының оқу жетістіктерін бағалау туралы ғылыми еңбектерде «баға», «бағалау», «критериалды бағалау» ұғымдары төмендегідей сипатталады:

Бағалау – білім сапасын жақсарту мақсатында оқушы туралы ақпаратты жинау, сипаттау, тіркеу, интерпритациялау, оқушының оқу және танымдық іс-әрекетін бақылау үдерісі.

Баға – кері байланыстың сапалы ақпараты, іс-әрекет немесе бағалау бойынша әрекет, бағалау үдерісінің нәтижесі [109;76].

Біз қарастырып отырған «бағалау», «критериалды бағалау» ұғымдары адамның және субъектінің іс-әрекеті, оның жеке дара қасиеттері мен байланысты түрде жүзеге асады. Сондықтанда, бұл үдеріс адам философиясының негізін қалаушы Сократ, Аристотель қатарлы ғұламалардың философиялық көз қарастарынан бастау алады деп айтуға негіз бар.

Сократ адам өзін – өзі тану арқылы өз іс - әрекетіне баға бере алады, сонымен бір қатарда, әр қашанда қандай жағдай болмасын, адамның өзіндік пікірі болуы қажет, адам эмоцияға берілу арқылы емес, саналы іс-әрекет еткен кездеғана нәтижеге жетеді деген пікірді білдірсе, [110;946] Аристотельдің ойынша іс - әрекет мақсатқа жетудің негізі, іс-әрекет арқылы әр түрлі құбылыстың мәнін ашуға болады [111;3546].

Біздің ойымызша, заманауи білім берудегі оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жағдайында, білім алушылардың өздерінің іс-әрекеті нәтижесін саралау арқылы өз қажеттіліктерін айқындауға мүмкіндік алуы олардың өз болмысын, өзін – өзі тануына ықпал етеді. Критериалды бағалаудың мәні іс-әрекет арқылы мақсатқа және нәтижеге жетуде. Сондықтанда, критериалды бағалау жағдайында білім алушыларды психологиялық – педагогикалық сүйемелдеуде педагог мамандар үшін жоғарыдағы пікірлер маңызды деп ойлаймыз.

Сонымен бір қатарда, қазақтың ұлы философы, ойшыл Абай Құнанбаев егерде адам, есті кісінің қатарынан орын алғысы келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айына бір рет өз – өзінен есеп алу керек деген пікірді алға сүреді [112;1126]. Демек, адам тұлға ретінде қалыптасуы үшін ол өз – өзін және өз іс-әрекетін бағалай алуы қажет. Критериалды бағалау жағдайында білім алушылардың өзінің, топтағы құрдастарының әрекетін бағалай алуы маңызды. Заманауи білім беруде білім алушының өз іс – әрекетіне баға беруі – рефлексия деп аталып, оқу үдерісінің маңызды бөлігі саналады. Білім алушы рефлексия жасау арқылы өзінің іс-әрекетін бағалайды. Демек, адамның өз іс – әрекетіне баға беруі философиялық тұрғыдан адамның болмысы мен байланысты.

Жоғарыда келтірілген философиялық көз қарастар сыни ойлаудың, тұлғаның іс-әрекетін бағалаудың, өзін – өзі бағалау арқылы нәтижеге жетудің критериалды бағалауды жүргізуде маңызды роль атқаратынын көрсетеді. Білім алушылардың білімін бақылау білім сапасын бағалаудың негізгі элементтерінің бірі есептеледі. Себебі, оқу үдерісінде педагог білім алушының білім деңгейін күнделікті бақылайды.

Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекеті білім беру жүйесіне енген критериалды бағалауды жүзеге асыру аясында анықталып, баға , бағалау, критериалды бағалау ұғымдарының әдіснамалық – тұғырлық негіздерін айқындаумен ұштасады.

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту Министрлігі, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мен Назарбаев зияткерлік мектептері жанындағы педагогикалық шеберлік орталығы тарапынан құрастырылған әдістемелік құралдарда қолданысқа енген критериалды бағалау жүйесі төмендегідей түсіндіріледі:

Бағалау жүйесі – білім беру үдерісіндегі өзін – өзі реттеудің табиғи механизмі, бұл оның зор маңызға ие екендігін көрсетеді [113;62б]

Б.Г. Ананьев бағаны - жетістік пен сүрініс арқылы қарым – қатынас пен іс-әрекетті, ұмтылыс пен талапты қалыптастыратын, аффективті – еріктікке әсер ететін маңызды ынталандарушы құрал, сонымен бір қатарда, ақыл – ойды бағдарлаушы амал ретінде қарастырады[114;131б] Ғалымның білім алушыны бағалауға болған көз қарасы бүгінгі талаптар мен ұйқас келеді.Себебі, критериалды бағалау білім алушыға жетістікке жетуде ақылды бағдарлауды талап етеді.Сондай –ақ, критериалды бағалау бірлесіп әрекеттесу арқылы мақсатқа жетуде серіктестікте жұмыс жасауды, өзі мен өзгеге талап қойып, мәселені бірлесе шешуді міндеттейді.

С.И. Ожегов өзінің «Түсіндірме сөздігінде» баға ұғымына - кімде біреуі әлде нәрсенің мағынасы, құндылық, дәреже туралы пікір,- деп анықтама береді [115].

И.П. Подласый болса, баға – нақты игерілген білім, білік және сол білімнің жалпы көлемі мен игеруге ұсынылған білім, біліктердің ара қатынасы,- деп пайымдайды [116].

В.С. Безрукованың пікірінше баға – білім алушыларды қоғамдық – интеллектуалды құндылықтар жүйесінде бағыттау, білім алушылардың ұйымдастырушылық, жүйелілік, табандылық, жігерлілік қабілеттерін тәрбиелейтін, оларды жұмысты талдау, бақылау, бағалауға үйрететін оқыту әдісі болып табылады[117].

С.И. Ожегов, И.П. Подласый, В.С. Безруковалардың пікірінше баға қоғамда тұлғаның интеллектуалды дамуындағы негізгі құндылық болып, қоғамдағы түрлі жағдаяттарды ұғынуға мүмкіндік береді.

Е.В. Лопаткина өзінің «Современные средства оценивания результатов обучения» - деп аталатын оқу құралында баға - нақты нәтижені жоспарланған нәтиже мен сәйкестендіру үдерісі деп қарайды [118;116.].

Ш.А Амонашвили болса, баға – адам арқылы жүзеге асатын іс-әрекет, үдеріс, белгі – сол үдеріс пен іс-әрекеттің нәтижесі, көрсеткіші;- деп санайды [119].

Ш.А Амонашвилинің пайымдауынша,білім алушылардың әмбебап оқу әрекеттерін бағалау және тексеру жалпыға білім беру бағдарламаларында қойылған талаптар негізінде оқытудың кез келген кезеңінде жүзеге асатын оқыту әрекетін салыстыру мен анықтау арқылы нәтижені айқындау.Бағалаудың толықтығы мен дәлдігі мақсатқа жетудегі іс - әрекеттің рационалдығын анықтайды.

И.Б. Умняшованың пікірінше, баға мұғалім тарапынан оқушының оқу іс - әрекетін бағалау үдерісінің соңғы кезеңі болып, ол оқушының нақты оқу тапсырмасын орындаудағы жетістік деңгейін көрсетеді [120;96]. Осыған байланысты, баға оқу үдерісінің қажетті компоненті ретінде түсіндіріліп, ол оқушы, ата - ана және педагогтің бағаның мәнін түсінуін қамтиді. Умняшованың баға туралы пікірі оқушылардың оқу жетістіктерін критериялды бағалауды жүзеге асыруда бағалау критерийлерінің ата - аналарға түсінікті болуын қамтамасыз ету қажеттілігі мен ата – ана мен кері байланыс орнатудың маңыздылығын айқындайды.

И.А Бережная педагогикалық бағалау субъект – объекттік қарым – қатынас жүйесінде байланыстырушы түйін, сонымен бір қатарда, ол тұлғаның даму мақсаттары мен ерекшеленетін «оқығандық» пен «білімділік» қатарлы екі категориялық қатар түсініктеріне сүйенеді,- деп түсіндіреді [121;86].

Б.А Урмашевтің пікірінше, бағалау - білім беру үдерісіндегі қажет басты құрама бөліктердің бірі ретінде алынған нәтижелерді және жоспарланған мақсаттарды салыстыру үдерісі есептеледі.Бұл үдерісте оқытушы оқушының ағымдағы және қорытынды үлгерімі туралы ақпаратты жинақтайды және талдайды.Бағалау жүйесі болса, оқыту мәселелерін болжаудың және жетістіктерін өлшеудің негізгі құралы,- деп санайды [122;76].

Демек,білім беру үдерісіндегі бағалау жүйесі оқу мақсаттары мен байланысты болып келеді.Заманауи білім парадигмасы білім алушының оқу жетістіктерін болжау арқылы, жетістікке жетудің критерийлерін құрастырып, сол критерийлер негізінде іс-әрекетті бағалау арқылы, мақсатқа жетудің амалдарын қарастырады.

Б.Блум бағалауды ойлау дағдысының ең жоғары сатысы, нақты критерийлер негізінде нақты мақсатқа жету, керекті материалдың мағынасын анықтау білігі-деп санайды [123;796].

Ресейлік ғалым В.П Беспальконың американдық психологтар Дж.Керолл мен Б.Блум жұмыстары негізінде оқытудың критериялды – бағдарланған технологиясы құрастырылған.Бұл технологияны толық игеру технологиясы депте атайды. Себебі,оның маңыздылығы оқу материалын барлық оқушылар игере алады, бұл үшін меңгеру критерийлері яки оқу стандарттары берілуі қажет. В.П Беспальконың пікірінше соңғы нәтижені бағалауда сол нәтижеге қалай жеткендікті анықтау маңызды [124;1176]. Біздің ойымызша,білім алушының оқу жетістіктерінің соңғы нәтижесі оның оқу үдерісінде саралау негізінде берілген

тапсырмаларды орындау барысында, жетістік критерийлері бойынша атқарған іс-әрекетінің жиынтығы ретінде көрсетіледі.

Л.С Выготский: «Әр бір іс-әрекет балаға айналасындағыларға болған оның әрекетінің әсері ретінде қайтып келеді, баланың оқу жетістіктері бағасының мәні осында»- деп пайымдайды [125].

Бағалау М.М Дубцованың тұжырымы бойынша,тану үдерісі болып,оқу жетістіктерін бағалау мақсат пен оқыту нәтижелерінің сәйкестігін анықтауда оқу сапасын басқарудың жүйекұраушылық компоненті ретінде қарастырылады [126;86].

Е.А Ралькова болса, оқу жетістігін бағалау – мұғалім мен оқушының оқу бағдарламаларын игеруде алынған нәтиже мен алдын – ала жоспарланған пәндік, метапәндік және тұлғалық компоненттерді сәйкестендіру бойынша қосбірлікті іс - әрекет үдерісі,- деп санайды [127]. Бұл жерде тұлғалық компонент өзін – өзі бағалаудың пәні ретінде қарастырылады.

Демек,бағалау білім алушылардың білімін толықтыру үшін оны бақылау үдерісі болса,баға – нәтиженің көрсеткіші.Осы орайда,бағалау білім алушының білімін бақылау құралы қызметін атқарса, критериалды бағалау жетістікке жетуде білім алушының күтілетін нәтижеге байланысты іс - әрекеттерінің нақты көрсеткіші.

Критериалды бағалау – құрастырылған критерийлер негізінде білім алушылардың оқудағы жеткен жетістіктерін күтілетін нәтижелермен сәйкестендіру [128; 66].

Критериалды бағалау оқушылардың оқу - танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға негіз болатын,нақты анықталған,ұжымдық құрастырылған, үдерістің барлық қатысушыларына алдын – ала белгілі болған критерийлер, білім берудің мақсаты мен мазмұнына сай келетін, оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдеріс [129;86].

Критериалды бағалау – оқушылардың оқу-танымдық құзыретін қалыптастыруға жағдай жасайтын, білім беру мақсаты мен мазмұнына сәйкес білім беру процесіне қатысушылардың (оқушылар, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс [130;96].

Критериалды бағалау – білім алушылардың жеткен жетістігін оқытудың күтілетін нәтижелері мен құрастырылған критерийлер негізінде байланыстыру үдерісі [131;66].

Критериалды бағалау – белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі [132;56].

Назарбаев зияткерлік мектептері мен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы тарапынан педагогтерге ұсынылған әдістемелік нұсқаулықтар мен оқу - әдістемелік құралдарда білім беру жүйесіне енгізілген критериалды бағалау оқушылардың оқу жетістіктерін күтілетін нәтижелер мен сәйкестендіре отырып, білім сапасын арттыруға ықпал ететін үдеріс ретінде қарастырылады.

Осы орайда, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда педагогтің бағалау іс - әрекетінің мақсаты тұлғаның жетістікке жетуін қамтамасыз ететін біліктер мен дағдыларды қалыптастыру үдерісін тиімді ұйымдастыру деп санаймыз.

Оқу жетістіктерін бағалауда критериалды бағалау жүйесін қолдану білім беру стандарттарында қойылған міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау жүйесі мектептік білім беруге білім сапасын жақсарту мақсатында енгізілгендіктен, бұл феномен ғылыми тұрғыдан жан – жақты зерттеліп, оның білім алушылардың психологиялық ахуалына болған әсері жаңа тәсілдер негізінде психологиялық, педагогикалық тұрғыдан терең зерделенуі қажет деп білеміз.

Критериалды бағалау тұлға дамуы мен белсенді таным іс-әрекеті (Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, Дж.Гилфорд); дамыта оқыту (В.В. Давыдов, Д.Б.Эльконин, Л.Г. Петерсон); адамгершілік және тұлғаға – бағдарланған білім беру (Ш.А.Амонашвили, Е.В.Бондаревская, В.В.Сериков, И.С. Якиманская) қатарлы психологиялық – педагогикалық теорияларға негізделеді.

Демек, критериалды бағалау негізгі құзыреттіліктерді қалыптастырудың объективті психологиялық – педагогикалық заңдылықтарына негізделеді. Бағалау критерийлері оқу міндеттері арқылы анықталып, білім алушының оқу үдерісіндегі түрлі іс-әрекеттерінің тізімін көрсетеді.

Отандық ғалымдардан Ж.Қараев [133], М.Жанпейісова[134], С.Мирсеитова [135], М.Ж Жадрина [136], Ж.Қобдикова[137], А.Жайтапова[138], Ф.Наметқұлова [139] білім сапасын бағалаудың көп деңгейлі түрлерімен қоса білім беру мазмұнын дифференсациялау арқылы кешенді сатылап бағалау жүйесін енгізу қажеттілігін қолдайды. М.Жадрина, Н.Оразақынова болса, білім сапасын бағалаудың соңғы нәтижеге бағдарлануын сапалы бағалауға жатады деп есептейді.

Білім сапасы әлеуметтік категория ретінде оқыту үдерісінің ахуалы мен нәтижелілігін сипаттайды және талап пен қажеттіліктер дәрижесіне сәйкес тұлғаның азаматтық кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытуға мүмкіндік береді [140;46].

Білім алушылардың білім сапасын жақсарту мақсатында білім беру стандарттарында «оқу жетістіктері» түсінігі қолданылады. Бұл ұғым жаңа білім парадигмасының енгізілуі мен байланысты болып, білім беруді құзыреттілік тәсіл негізінде жүзеге асыруда маңызды саналады.

М.Ж Джадрина оқу жетістігі түсінігі білім берудің мазмұны, мақсаты, құндылықтарымен байланысты, сондықтанда, білім алушылардың оқу жетістіктері білімнің нәтижесі ретінде пәндік салалар бойынша білім, білік, дағдылардың көрсеткіштерімен, немесе, білім алушылардың қабілеттері мен құзыреттіліктерінің көрсеткіші ретінде сипатталуы мүмкін деп қарайды [141; 636].

Алайда, құзыреттілікке негізделген білім беруде оқу жетістіктері пән бойынша алған білім, білік, дағдылардың көрсеткішіғана емес, сол алған білімді күнделікті өмірде қолдануды білу болып саналады.Критериалды бағалау

жағдайында оқу үдерісінде жетістікке жету білім алушының алған білімін саралап оқыту арқылы мүмкін болады.

Оқу жетістіктері – субъект іс-әрекетінің мәнмәтіне байланысты білім алушы тарапынан нақты игерілген пән салалары бойынша білім, білік, дағдылары мен құзыреттіліктердің мазмұндық және көлемдік сипаты [142; 736].

Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау мәселесі педагогика және психологияға тән мәселе болып, көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне негіз болған.

Оқу жетістіктерін бағалау мәселесі білім саласы дамуының әр бір кезеңінде түрлі көз қарастар арқылы талқыланып Караев.Ж.А, Ж.У Кобдикова, Кудайбергенова К.С, Джадрина М.Ж, М.Ү Еділбаева, П.Ш Маханова, А.Е Абуова, Г.С Примбетова, Л.Е Смирнова қатарлы отандық ғалымдардың, сондай – ақ, Б.Г Ананьев, В.П Беспалько, Л.С Выготский, Д.Б Эльконин, Ш.А Амонашвили, Н.М Скаткин, Н.Ф Талызина, И.Я Лернер, М.А Пинская, И.С Фишман қатарлы шетелдік ғалымдардың еңбектерінен көрініс тапты.

Караев Ж.А «Критериалды бағалау - оқу мақсаттарына сәйкес күтілетін нәтижеге жету үшін оқудың (дамудың) жеке траекториясын түзетуге мүмкіндік беретін, алдын – ала белгілі болған бағалау критерияларына сәйкестендірілген оқушылардың оқу жетістіктерінің бағасы», - деп анықтама береді [143;59]. Отандық ғалымның пікірінше критериалды бағалау білім алушының жеке және тұлғалық дамуына түзету енгізуге мүмкіндік беретін құрал,баға. Сонымен бір қатарда, оқу жоспарының мазмұнына сәйкес білім алушының құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік беретін, оқыту үдерісі қатысушыларына, ұжымға таныс жүйе.

Ж.А Абекова болса, критериалды бағалау – педагогикалық ұжымның талқылауынан өткен, оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген, оқушылардың оқу – танымдық әрекетінің қалыптасуына түрткі болатын,оқыту жүйесінің мақсаты мен мазмұнына сай келетін үдеріс, - деп санайды [144].

Е.Н. Землянская критериалды бағалаудың мәні білім алушылардың оқу-кәсіптік іс - әрекетінің нәтижесін бағалау ғана емес, сол іс - әрекетке бағдар беру. Бұл жерде түрлі бағдардағы жоспарланған жұмыстың сапалы және мөлшерлі сипаттамасы, критерийлер жүйесі және көрсеткіштер құралы ретінде қаралады, – деп атап көрсетеді [145].

А.А Красноборова критериалды бағалау оқытудың мақсат, міндеттеріне жету үшін оқу үдерісінің барлық қатысушыларының бір – бірімен байланысты келетін бақылаушы – бағалаушы іс - әрекетінің жүйесін қамтитын, оқушылардың оқу – танымдық құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал ететін, ұйымдастырылған және жүзеге асырылатын формалды – сипаттаушы метатехнология деп түсіндіреді [146;116]. А.А Красноборованың пікірінше критериалды бағалаудың технология ретіндегі мәні оқушылардың оқу – танымдық құзыреттілігін қалыптастыруда.

Х.М. Эрфанфар болса, критериалды бағалауды тұлғалық – танымдық тәжірибемен қалыптасқан оқу – танымдық іс-әрекетті пәнаралық дәрежеде тиімді жүзеге асыру,оқушы құзыреттілігі,- деп пайымдайды. Сондай – ақ, білім

нәтижесінің мазмұнын білім нәтижесі мен мақсаттарының байланысы ретінде қарастырады [147;146].

Е.А. Селищеваның пайымдауынша, оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі әр бір оқушының жетістігін ұжымдық құрастырылған, нақты анықталған критерийлермен салыстыру. Ғалымның пікірінше, критериалды бағалау - бағалау үдерісіне оқу үдерісінің барлық қатысушыларын жұмылдырып, баға қою тетіктерін анықтап, оқу барысында оқушыға өз жетістіктерін рефлексиялауға мүмкіндік береді [148;106].

Педагогикадағы «баға», «бағалау», «критериалды бағалау» түсініктерінің ғылыми тұжырымдары білім алушылардың оқу – танымдық іс - әрекетті өз алдына жүзеге асыру, сыни ойлау, өз мүмкіндіктерін бағалау, өзін – өзі бағалау, топтық жұмыс барысында бір – бірін бағалау қабілеттерін қалыптастыруға негізделгендігін, оқу үдерісінің құзыреттілік тәсіл негізінде жүзеге асырылуын ескерсек, ғалымдардың пікірі бүгінгі талаптарға толықтай жауап бере алады.

Отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріндегі баға, бағалау мәселесі педагогика және психологияның даму тарихының әр бір кезеңінде заман талаптарына сай жаңаша көз қарастармен толықтырылған. Заманауи білім беруде қазақстандық білім жүйесіне критериалды бағалаудың енгізілуі оқу үдерісіндегі педагогтің бағалау іс-әрекетінің заманауи білім беру парадигмасы негізінде қайта қалыптасуына түрткі болды.

Педагогика саласында өзінің тұлға дамуына бағдарланған, құндылықтар негізінде білім беру бойынша ғылыми зерттеулерімен әлемдік педагогика дамуына үлес қосқан ғалым - Ш.А. Амонашвили педагогтің бағалау іс - әрекетінің басты мақсаты оқушыға өз жетістіктерін қалай бағалауды үйрету,- деп санайды. Жаңашыл педагогтің пайымдауынша, бағалау білім алушыны жетістікке жетуге уәждейді [149;42].

Ш.А. Амонашвили білім алушының бағалаушылық белсенділігін қалыптастыратын негізгі іс-әрекеттер формаларын төмендегідей топтастырады:

Кесте 1 - Білім алушылардың бағалаушылық белсенділігін қалыптастыратын іс – әрекет формалары

Бірінші форма	Педагогтің бағалау іс – әрекеті. Ол білім алушының оқу – танымдық іс-әрекетін уәждеуге, оны түзетуге бағытталуы тиіс,бұл орайда білім алушылар бағалау белсенділігінің біршама амалдарын игеріп, белгілі эталондарды қабылдауды үйренеді.
Екінші форма	Білім алушылардың ұжымдық оқу – танымдық іс-әрекетінде қоғамдық түсінік, қоғамдық эталон және бағалау амалдары қалыптасады.
Үшінші форма	Білім алушының өз алдына жүзеге асыратын оқу – танымдық іс-әрекеті.Бұл процесс аясында игерілген эталондар негізінде ішкі баға, өзіндік баға қалыптасады.Бұл жағдай білім алушылардың бағалаушылық белсенділігінің қалыптасуының бір кезеңі болып саналады.

В.М Полонский педагогтің бағалау іс-әрекетін тұлғаның бойында бар білім, білік, дағдылар мен алдын ала жоспарланған білім , білік, дағдылар мен ұйқастыратын жүйелі іс-әрекет,- деп есептейді [150;3]. Демек, педагогтің бағалау

іс-әрекеті оқу бағдарламаларында көрсетілген оқыту мақсаттарын күтілетін нәтижелер мен сәйкестендіруге бағдарлануы қажет.

Н.В. Селезневтің пікірінше педагогтің бағалау іс-әрекеті тұлғаның бойындағы құндылықтарды анықтауға мүмкіндік беретін іс-әрекет [151;2-11]. Ғалым өз еңбегінде педагогтің бағалау іс-әрекеті тұлғаның құндылықтарын қалыптастырып, оны мәдениеттілікке үйретеді деп көрсетеді. Бұл оқу үдерісінде білім алушыларды топтық жұмысқа жұмылдыру және каллоборативті орта құру арқылы мүмкін болады.

Г.Ю. Ксензова болса, педагогтің бағалау іс-әрекетінің басты мақсаты білім алушының өзін – өзі адекватті бағалау дағдысын дамыту,- деп санап [152;5], педагог бағалауды білім алушының өз әрекетіне нақты баға беріп, нәтижеге жетуге ұмтылуы үшін жүргізуі қажет,- деп тұжырымдайды.

Ресейлік ғалым Е.Г. Матвиевская баға – бағалау бойынша пікір, аналитикалық іс-әрекет, бағалау үдерісінің нәтижесі, бағалау болса, жобаланған және нақты аралық нәтиже мен соңғы нәтиже, - деп пайымдайды [153;10]. Ғалымның пікірінше, іс-әрекет адамның өзін және әлемнің өзгерісін тануға бағытталған тұлғаның психологиялық белсенділігінің формасы.

Педагогтің бағалау іс-әрекетін Матвиевская бағалау іс-әрекеті субъекттерінің пәндік, метапәндік және тұлғалық нәтижелерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқушы мен бірлікте жүзеге асырылатын іс-әрекет,- деп қарайды.

А.Г. Пачина педагогтің бағалау іс - әрекетін бастауыш сынып мұғалімінің іс - әрекеті негізінде зерттеп, педагогтің бағалау іс - әрекеті – бұл құндылықты – бағдарлы бағалау жағдаяттарында, оқыту үдерісінде мұғалім тарапынан ұйымдастырылып, жүзеге асатын, нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының білімінің дамуы мен олардың білімге деген құндылықты қарым – қатынасының қалыптасуы орын алатын оқушыларды басқарудың уәждемелі, мақсатты, тұтас үдерісі,- деп тұжырымдайды [154;8].

Н.Ю. Волковинская педагогтің бағалау іс - әрекеті білім және қабілеттердің жиынтығы негізінде оқыту үдерісі субъекттерінің бағалаушылық пікірінің қалыптасуына ықпал етеді,- деп атап көрсетеді [155;9]. Ғалымның пікірінше, педагогтің бағалау іс-әрекеті білім және іс-әрекеттің байланысы негізінде жүзеге асып, оқыту үдерісіндегі педагогтің бағалау іс-әрекеті педагогтің білімі мен шеберлігіне байланысты.

Л.А. Баландинаның ғылыми зерттеу жұмысында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары басшысының бағалау іс-әрекеті қарастырылып, бағалау іс - әрекеті рефлексивтік бағалау, қолдау, бақылау, диагностика және мониторинг жасау шеберлігі,- деп көрсетілген [156;9].

Н.Ю. Волковинская мен Л.А. Баландинаның тұжырымдары бойынша педагогтің бағалау іс-әрекеті оның кәсіби шеберлігінің дамуы мен тығыз байланысты болып, акмеологиялық тұғыр негізінде ұштасады.

Е.Г. Матвиевскаяның тұжырымы бойынша бағалау жобаланған және нақты аралық, сондай-ақ, қорытынды нәтижелерді салыстыру, баға болса, бағалау бойынша пікір, аналитикалық іс-әрекет (бағалау үдерісінің нәтижесі) [157;9-10]. Педагогтің бағалау іс - әрекетін ғалым оқушы мен өз ара әрекеттестікте жүзеге асатын, бағалау іс-әрекеті субъекттерінің пәндік, метапәндік және оқушының жеке нәтижелері туралы бағалаушылық пікірінің қалыптасуын қамтамасыз

ететін іс - әрекет,- деп түсіндіреді.

Э.Э Кожевникова педагогтің бағалау құзыреттілігі педагогиканың гуманистік идеялары, құзыреттілік және денсаулықты сақтау тұғырлары негізінде ұйымдастырылып, жағымды мотивацияны қалыптастыруға бағытталуы қажет деп санайды[158;10]

О.П Керрер және С.А Бычик болса, бағалау іс - әрекетін кәсіби іс -әрекетке дайындықтың сапалы және сандық белгілерінің көрсеткіші, көп деңгейлі, жүйелі, көп компонентті үдеріс,- деп санап [159;12], [160;9] бағалау іс - әрекетін құзыреттілік тұғыр мәнінде түсіндіреді.

В.А Дегальцеваның тұжырымы бойынша педагогтің бағалау құзыреттілігі- құзыреттілікке бағдарланған білім беру жағдайында педагогтің бағалау іс - әрекетіне дайындығы деңгейінде көрініс табатын, педагогтің кәсіби – педагогикалық құзыреттілігінің интегративті құрамдас бөлігі. Ғалым педагогтің бағалау іс - әрекетін ЖОО педагогтерінің құзыреттілігі негізінде қарастырады. Біздің ойымызша, Дегальцеваның пікірі жалпы білім беру ұйымдары педагогтерінің бағалау іс - әрекетінің мәнін анықтауға мүмкіндік береді [161;10]

О.Ф Горбунова бағалау іс-әрекеті мәдени – тарихи даму барысында пайда болған,тарихи қалыптасқан объективті шындық, әлеуметтік және психологиялық – педагогикалық құбылыс,-деп тұжырымдайды [162;80]. Ресейлік ғалым бағаның көмегімен адам өз өмірінің түрлі тұстарын саналы түрде ретке келтіреді деп айта келе, бағалау іс - әрекетін тарихи мәнінде құндылықты тұғыр негізінде түсіндіреді.

Мұғалімнің бағалау іс - әрекеті А.В Куликовскийдің пікірінше гуманистік педагогиканың принциптерін жүзеге асыратын, бала жетістігіне әсер ететін, дамыта білім берудің ажырамас бөлігі, компоненті [163].

Т.Л. Сафонова педагогтің бағалау іс - әрекетін оның жеке тұлғалық стилі негізінде қарастырады.Гуманистік білім беру парадигмасы аясында баға жазалау тетігі ретінде емес, тұлғаны дамыту құралы ретінде қызмет атқаруы қажет, - деп атап көрсетеді [164; 98]

Н.В. Селезневтың пайымдауынша, педагогтің бағалау іс - әрекеті оқыту үдерісінде мұғалімнің маңызды іс - әрекеті, ол оқу нәтижелеріне әсер етеді және әр бір білім алушының рухани әлеуетін қалыптастыруға негіз болады[165;696].

М.И Томилова педагогтің бағалау құзыреттілігін білім берудің гуманистік құндылықтарына негізделген бағалау іс - әрекетін жүзеге асыруда білім, біліктер жүйесін қолдануға қабілеттілігін көрсететін, тұлғаның интегративті қасиеті,- деп санайды [166].

Л.Е. Смирнованың ғылыми зерттеуінде бағалау іс-әрекетінің мақсаты оқушылардың үлгерімін бақылау және олардың өзін – өзі саналы бағалауын қамтамасыз ету [167;9]. Ғалымның тұжырымдауы бойынша, педагогтің бағалау іс-әрекетінің соңғы акті оқу іс-әрекеті нәтижелерінің бағасы, баға – қарым – қатынас дәрежесі және құралына байланысты бағалаушылық пікір мен эмоционалдық қобалжудан көрініс табады.Сондай-ақ, оқушылардың оқу іс - әрекеті нәтижесін бағалау білім алушылардың тану белсенділігін дамытудың тетігі болып саналады.

Жоғарыда қарастырылған ғалымдардың баға және бағалау (Б.Г Ананьев, И.П. Подласый, В.С. Безрукова, Е.В Лопаткина, Ш.А Амонашвили, Е.Н Землянская, М.М Дубцова, Е.А Ралькова, И.Б Умняшов), критериалды бағалау (А.А Красноборова, Х.М Ерфанфар, Е.А Селищева, И.А Бережная, Ж.А Қараев), педагогтің бағалау іс - әрекеті (Ш.А Амонашвили, В.М Полонский, Н.В Селезнев, Г.Ю Ксензова, Е.Г Матвиевская, А.Г Пачина, Н.Ю Волковинская, Л.А Баландина, Э.Э Кожевникова, О.П Керер, С.А Бычик, В.А Дегальцева, О.Ф Горбунова, А.В Куликовский, Т.Л Сафонова, Н.В Селезнев, М.И Томилова, Л.Е Смирнова) тақырыбы аясында жүргізілген ғылыми зерттеулерін талдай отырып, біз келесідей тұжырым жасаймыз:

Баға – білім алушының оқу үдерісінде жетістікке жету мақсатында жүзеге асырған, жоспарлы жүзеге асырылған іс-әрекеттерінің нәтижесі, көрсеткіші.

Бағалау – білім беру сапасын жақсарту және білім алушыларды мотивациялау мақсатында білім алушылардың жетістік деңгейлеріне талдау жасау үдерісі.

Бағалаушылық пікір - білім алушыны жетістікке мотивациялауға түрткі болатын педагогтің саналы талданып, эмоционалды түрде жария етілген пікірі, объективті бағасы.

Критериалды бағалау – оқыту мақсаттары мен күтілетін нәтижелерді сәйкестендіру арқылы білім алушылардың оқудағы жетістіктерге нақты критерийлер негізінде қол жеткізуіне ықпал ететін, білім алушыға өзін – өзі реттеуге, дамытуға, оқытушыға объективті шешім шығаруға мүмкіндік беретін үдеріс.

Педагогтің бағалау іс-әрекеті – оқыту үдерісі субъекттерінің бағалаушылық пікірінің қалыптасуына, оқыту сапасы мен нәтижелеріне ықпал ететін үдеріс.

Біз В.А Дегальцева, Н.Ю Волковинская, Е.Г Матвиевская, А.В Куликовский қатарлы ғалымдардың ғылыми пікірлерін басшылыққа ала отырып, сондай-ақ, талданған ғылыми еңбектердегі тұжырымдарды ескере келе, білім беру парадигмасының өзгеруіне байланысты педагогтердің кәсіби дайындығына болған талаптар аясында:

Педагогтің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекеті - оқыту үдерісінде тұлғаның жетістікке жетуіне ықпал ететін, тұлғаның өзін - өзі тану қабілеттерін, құндылықтарын, белсенділігін қалыптастыруға негізделген, білім сапасын арттыруға бағдарланған, мақсатты, жүйелі, үздіксіз іс – әрекет үдерісі, – деп тұжырымдаймыз.

Педагогтің кәсіби іс - әрекетінің негізі болған «бағалау іс - әрекеті» ұғымының мәнін ашу барысында біз бағалау іс – әрекетінің үдеріс, әрекет, бағалау, баға, критериалды бағалау, критерий, жетістік, бағалаушылық пікір, белсенділік, мақсат, нәтиже қатарлы ұғымдармен тұтас байланыста екендігін анықтадық.

Оқыту үдерісінде педагогтің бағалау іс – әрекеті аясында қолданылатын бұл ұғымдардың мәні және олардың мазмұны диссертациялық жұмысымыздың келесі бөлімдерінде айқындалады.

Ғылыми психологиялық – педагогикалық әдебиеттерді, еңбектерді талдау барысында біз педагогтің бағалау іс – әрекеті ұғымына берілген анықтамаларды топтастырдық. Бұл анықтамалар төмендегі кестеде сипатталады:

«Педагогтің бағалау іс-әрекеті» ұғымына шетелдік ғалымдардың берген анықтамалары:

Кесте 2 - Зерттеушілердің педагогтің бағалау іс – әрекеті ұғымына берген анықтамаларының сипаттамасы

Автор	Анықтама	Дереккөз
1	2	3
В.А Дегальцева	-құзыреттілікке бағдарланған білім беру жағдайында педагогтың бағалау іс -әрекетіне дайындығы деңгейінде көрініс табатын, педагогтың кәсіби – педагогикалық құзыреттілігінің интегративті құрамдас бөлігі.	Подготовка преподавателей к контрольно – оценочной деятельности в условиях реализации компетентностного подхода в образовательном процессе вуза. Диссер. на соиск уч. степени к.п.н. Армавир, - 2017.-180; -81с
Н.Ю Волковинская	педагогтің бағалау іс-әрекеті-білім және қабілеттердің жиынтығы негізінде оқыту үдерісі субъектілерінің бағалаушылық пікірінің қалыптасуына ықпал ететін іс - әрекет.	Формирование умений оценочной деятельности учителя в системе повышения квалификации. Диссер. на соиск уч. степени к.п.н. Оренбург, 2018.-209с; 35с
Бычик С.А	Педагогтің бақылау-бағалау іс-әрекеті - студенттің кәсіби іс - әрекетке дайындығын, кәсіби , білім , білік, дағдыларының деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін жүйелі, көпдеңгейлі, көп компонентті үдеріс	Контрольно – оценочная деятельность педагога колледжа как средство повышения профессиональной компетентности. Диссер. на соиск уч. степени к.п.н. Челябинск, 2013.-181с; 59с
Субботко А.Н	Бағалау іс - әрекеті – тұтынушының бағалау іс - әрекеті нәтижелерінің нақты қажеттіліктерін көрсететін, эталон мен нақты объекттің сәйкестік деңгейін анықтауға түрткі болатын белсенділіктің ерекше түрі	Формирование у будущего учителя системы оценочной деятельности. Диссер. на соиск уч. степени к.п.н. Брянск, 2006.- 170с; 54с
Томилова М.И	Педагогтің бағалау іс -әрекеті бағалау әрекетін жүзеге асырудың тиісті деңгейіне жетудің қиын, басқаруға болатын динамикалық үдерісі.	Развитие оценочной компетентности преподавателя в ВУЗе. Диссер. на соиск уч. степени к.п.н Великий Новгород, 2013г. - 208с;
Матвиевская Е.Г	оқушы мен өз ара әрекеттестікте жүзеге асатын, бағалау іс - әрекеті субъектілерінің пәндік, метапәндік және оқушының	Формирование культуры оценочной деятельности педагога в системе повышения квалификации: теория, методология

2 – кестенің жалғасы

1	2	3
	жеке нәтижелері туралы бағалаушылық пікірінің қалыптасуын қамтамасыз ететін іс-әрекет.	,практика.Диссер.доктор. пед. Наук. Оренбург, 2009. -429с.- 15с.
Пачина А.Г	Бағалау іс-әрекеті -құндылықты – бағдарлы бағалау жағдаяттарында, оқыту үдерісінде мұғалім тарапынан ұйымдастырылып жүзеге асатын, нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының білімінің дамуы мен олардың білімге деген құндылықты қарым – қатынасының қалыптасуы орын алатын оқушыларды басқарудың уәждемелі, мақсатты,тұтас үдерісі.	Управление развитием оценочной деятельности учителя начальных классов в системе повышения квалификации.Омск, 2012.- 214с. 43с
Иващенко Е.В	Білім алушылардың бағалау біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған мақсатты ұйымдастырылған үдеріс.	Профессиональная подготовка будущего учителя начальных классов к оценке учебных достижений.Диссертация к.п.н.Белгород, 2009.- 236с. 10с
Болтачева Ж.В	Бағалау іс - әрекеті- бағалау үдерісіндегі педагогтың психологиялық белсенділігі.	Формирование готовности студентов к оценочной деятельности в процессе изучения гуманитарного цикла.Диссер. к.п.н саратов 2007.- 145с. 22с
Баландина Л.А	бағалау іс - әрекеті - рефлексивтік бағалау, қолдау, бақылау, диагностика және мониторинг жасау шеберлігі	Развитие оценочной деятельности руководителя дошкольного образовательного учреждения в процессе повышения квалификации.Дииссертация к.п.н Ростов на Дону, 2007.- 226с.
Горбунова О.Ф	Баланың айналасындағы құбылыстардың және бала өзінің сол шынайылықтың субъекті ретіндегі құндылықтарын анықтауға бағытталған құндылықты – бағдарланған әрекет.	Профессиональная подготовка педагога к оценочной деятельности в процессе воспитания школьника.Диссертация к.п.н Москва, 1999. - 211с. 3с
Керер О.П	Бағалау іс - әрекеті – педагогтің студенттердің кәсіби білім, білік және дағдыларды игерудегі жетістігін, олардың кәсіби іс - әрекетке дайындығын анықтайтын үдеріс	Совершенствование оценочной деятельности преподавателей среднего профессионального образования на основе индикаторов качества.Дис к.п.н Оренбург, 2009 - 223с. 45с

2 – кестенің жалғасы

1	2	3
Куликовский А.В	Педагогтің бағалау іс - әрекеті – оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып, әр бір оқушының тұлғалық потенциалын дамытуға бағытталған іс - әрекет.	Влияние оценочной деятельности учителя на успешность обучения учащихся на примере физкультуры 7-8 классах. Диссерт. к.п.н. Петрозаводск, 2002. -156с. 82с
Сафонова Т.Л	Педагогтің саналы іс - әрекеттері мен пікірлері және санамен жеткілікті дәрижеде бақыланбайтын экспрессивті құрылымы (көз қарас, мимика, интонация, белсенді әрекеті)	Влияние стиля индивидуальности учителя на особенности его оценочной деятельности. Диссертация к.психологических наук. Сочи, 2000г.-164с 7с
Селезнев .И.В	Педагогтің бағалау іс – әрекеті білім алушыны құндылықтарға бағыттайтын күрделі аналитикалық үдеріс	Развитие оценочной деятельности учителя и учащихся в учебно – воспитательном процессе. Диссертация доктора пед. Наук. Борисоглебск 1997.-280с.11с
Кожевникова Э.Э	Білім алушылардың мотивациясын қалыптастыруға және денсаулықты сақтауға бағытталған кезеңдік, мақсатты үдеріс.	Развитие оценочной компетентности учителя при повышении квалификации как фактор сохранения здоровья. Дисс.к.п.н. Новокузнецк, 2012. – 239с
Поликарпова В.В	Бағалау іс – әрекеті – кәсіби іс – әрекет барысында ішкі және сыртқы объективті және субъективті факторлардың әсері негізінде жүзеге асатын процес.	Развитие оценочной деятельности учителя в процессе его профессионального становления. Диссертация к.п.н. Санкт-Петербург, 2009. – 198с.

Оқыту үдерісінде критериалды бағалау жүйесін қолдану барысындағы педагогтің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетінің мәні, мазмұны және құрылымдық ерекшеліктері диссертациялық жұмысымыздың 1.2 бөлімінде қарастырылады.

1.2 Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетінің мәні, мазмұны, ерекшеліктері

Қазақстандық білім беру жүйесінде қалыптасқан «білім» беруден жаңартылған білім беруге көшу мүмкіндіктері тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары бір неше рет қарастырылды. Алайда, Жалпыға міндетті жаңартылған мазмұндағы білім беру стандарты кезең – кезеңімен 2016 жылдан бастап, орта білім беру ұйымдарында мақсатты түрде кезеңдік тәртіппен жүзеге асырылды.

Кесте 3 - 12 жылдық білім беруге көшу кезеңдері

Кезеңдер	Сыныптар
2016 жыл	1- сыныптар
2017 жыл	1,2,5,7 - сыныптар
2018 жыл	1,2,3,6,7,8,10 - сыныптар
2019 жыл	1-11 сыныптар
12 жылдық білім берудің сызбасы 0 + 11 сынып қағидасына негізделген	

Заманауи білім беру аясында оқу бағдарламалары жаңартылып, орта білім беру жүйесінде іске қосылды. Бұл оқу бағдарламалары өзіндік мазмұндық ерекшеліктерге ие болып, олардың мазмұндық ерекшеліктерін төмендегідей айқындауға болады:


Кесте 4 - Жаңартылған білім мазмұнының ерекшеліктері

Мазмұны	Ерекшеліктері
Пән мазмұны	Оқу мазмұнын жобалаудың спиральдік (шиіршық) қағидатқа негізделуі. Тақырыптардың сыныптар, тақырыптар, тоқсандар бойынша күрделенуі. Игерілетін дағдылардың сыныптар және тақырыптар бойынша күрделенуі.
Оқу мақсаттары	Оқу мақсаттарының Блум таксономиясы негізінде иерархиялануы.
Ойлау дағдылары	Білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау
Пәнаралық байланыс	Бір білім саласы немесе пәндер арасында «ортақ тақырыптар»дың болуы, пәнаралық және пәнішілік байланыстың жүзеге асуына ықпал етеді
Тілдік дағдылар	Пәнді оқыту барысында тілдік дағдыларды дамыту (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым). Бөлімдер мазмұны және тақырыптардың әлеуметтік дағдыларды дамытуға негізделуі.
Жоспарлар	Оқыту үдерісін технологияландыру, оқу жоспарларын қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді түрде жасақтау.
Тақырыптар	Тақырыптардың сұрақ түрінде проблемалық мәселені шешуге негізделуі
Жұмыс формалары	Жеке, жұптық, топтық
Бағалау	Критериалды бағалау жүйесінің қолданылуы.
Ескерту - Автор тарапынан әдістемелік құралдарға салыстырмалы талдау жасау арқылы құрастырылды	

Заманауи білім кеңістігінде тұлғаның интеллектуалды білімін дамыту мен оны тәжірибеде қолдануын ұштастыра білу маңызды. Сондықтанда, құзыреттілік амалға негізделген білім берудің басты мақсаты жаңа ғасыр адамын қалыптастыру мен бір қатарда, білім беру сапасын арттыру арқылы адами капиталды дамытып, мемлекет және қоғам талаптарын жүзеге асыру болып табылады.

Жаһандану жағдайында әлемдік талаптарға негізделген білім беру жүйесін қуру маңызды. Сапалы білім – мемлекет пен ұлттың болашағын айқындайды. Білім беру жүйесі бекітілген стратегиялық жоспарларды жүзеге асыру бағытындағы жаңа үлгідегі білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асады.

Заманауи білім беру аясында қазақстанның білім беру жүйесі «білімді тұлға» түсінігін жаңа формадағы «құзыретті тұлға» ұғымына ауыстырды [168;30]. Құзыретті тұлғаның компоненттерін біздің пайымдауымызша төмендегі өлшемдер құрайды:



Сурет 2 - Құзыретті тұлға компоненттері

«Құзырлылық», «құзыреттілік» ұғымдары жаһандану жағдайында біздің еліміздің білім беру жүйесіне басты амал ретінде енгізілді. Бүгінгі білім берудің басты мақсаты зияткерлік білімін өмірдегі түрлі жағдаяттарда қолдана алатын тұлғаны қалыптастыру болып саналады. Құзыреттілік амалға негізделген білім тұлғаның заман талаптарына сай дамуына ықпал етеді. Құзыретті тұлғаны дамыту кәсіби құзыреттілігі жоғары педагогтердің мақсатты іс – әрекетіне және біліктілік деңгейіне тікелей байланысты.

Құзыреттілік – ол оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті [169;6]

Кәсіби құзыреттілік – педагогикалық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мұғалімнің кәсіби және дербес тұлғалық қабілеттерінің жиынтығы [170;4336].

Құзыреттілік мәселесін өз зерттеулері мен ғылыми мақалаларында отандық ғалымдардан Ш.Т Таубаева, К.С Құдайбергенова, А.Тұрғынбаева, Ж.Ы Намазбаева, М.А Абсатова, К.О Оразбаева т.б қарастырған. Жаңа ғасыр адамы - шығармашыл ойлауға қабілетті және проблемалық мәселелерді шешуде жаңа идея мен жаңа көз қарастарды байланыстыра білетін, ескі ақпараттардың негізінде жаңаны құрастыруға бейім, белсенді әрекет ете алатын , ақыл, энергия, жігерін ұйқастыра білетін, өз алдына мақсат қойып, мақсатқа жету жолдарын жобалай білетін, әлеуметтік дағдылары қалыптасқан тұлға.

Европалық стандарттар негізінде, ұлттық болмысымызға сәйкестендірілген білім жүйесін құру мақсатында қазақстандық білім берудің жаңартылған стандарттары қабылданды. Бұл нормативтік құжат бүгінгі білімнің негізі саналады. Білім беру саласының негізі болған бұл құжат оқытудың мақсат, міндеттерін жүзеге асыруда қолданылатын жаңа ұғымдар, анықтамалар мен толықтырылды.

Жаңартылған мазмұндағы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында төмендегі жаңа ұғымдар қолданысқа енді:

Кесте 5 - Жалпы орта білім берудің МЖМББС жаңа ұғымдар

МЖМББС жаңа ұғымдар (Жалпы орта білім беру)	Анықтамалары
Оқытудан күтілетін нәтижелер	оқыту процесі аяқталғаннан кейін білім алушының білуін, түсінуін, көрсетуін өрнектейтін құзыреттіліктер жиынтығы;
Бағалау	білім алушылардың оқуда қол жеткізген шынайы нәтижелерін дайындалған өлшемшарттар негізінде оқытудан күтілетін нәтижелермен салыстыру процесі;
Бағалау өлшемшарттары	білім алушының оқу жетістігін бағалауға негіз болатын белгілер;
Жиынтық бағалау	анықталған оқу кезеңін (тоқсан, триместр, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі;
Білім берудегі құндылықтар	білім алушының тұлғасын қалыптастырудағы жетекші фактор болып табылатын жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген оқыту мақсаттарының жүйесін қалыптастырудағы бағдарлар
Ескерту - Дереккөз [171;5-66]	

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында білім беру деңгейіне байланысты келесі ұғымдар қолданысқа енді:


Кесте 6 - Бастауыш орта білім берудің МЖМББС жаңа ұғымдар

МЖМББС жаңа ұғымдар (Бастауыш орта білім беру)	Анықтамалары
1	2
Сыртқы жиынтық бағалау	негізгі орта және жалпы орта білім беру аяқталғаннан кейін меңгерген білім мен қалыптасқан дағдылар деңгейін айқындау;
Ішкі жиынтық бағалау	оқу тоқсанының соңында оқу бағдарламасының бөлімдерін оқып аяқтағаннан кейін білім алушылардың меңгерген білімі мен қалыптасқан дағдылары деңгейін айқындайтын бағалау;
Бағалау критерийлері	мұғалім мен оқушыға формативті бағалау кезінде оқытудың мақсатына қол жеткізгенін тануға мүмкіндік беретін тұжырым (табыс критерийі) және ішкі жиынтық бағалау

6 – кестенің жалғасы

1	2
	кезінде білім алушының жұмысты қаншалықты орындағанын бағалауға мүмкіндік беретін тұжырымдар (балдарды қою критерийлері);
Білім беру процесін мониторингтеу	білім беру ұйымдарында білім беру процесін жүзеге асырудың нәтижелері мен жағдайларындағы өзгерістердің динамикасын жүйелі бақылау, диагностикалау, талдау, бағалау және жай-күйін болжау;
Формативті бағалау	сабақта және/немесе үйдегі күнделікті жұмыс барысында білім алушылардың меңгерген білімдері мен қалыптасқан дағдыларының ағымдағы деңгейін айқындайтын және ол оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты жүзеге асыратын, білім алушыларға жаңа материалды меңгеру кезеңінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағанын және оқыту мақсаттарына қол жеткізгенін түсінуге мүмкіндік беретін бағалау.
Ескерту – Дереккөз [172;6]	

Аталған жаңа түсініктер білім беру сатысы мен білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестендірілген түрде құрастырылған болып білім берудің әр бір сатысындағы педагогтің іс-әрекетінің бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді. Білім беру стандарттарындағы жаңа ұғымдар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мен байланысты болып, тұлғаның жетістікке жетуін қамтамасыз ету үшін бағалауда критериалды тәсілді қолдануды мақсат етеді. Демек, заманауи білім берудің жаңа бағыттарының бірі - критериалды бағалау жүйесінің енгізілуі. Қазақстан Республикасының Білім беру стандарттары оқыту үдерісінде критериалды бағалауды қолдану арқылы оқу сапасын жақсартуды көздейді. Жалпыға міндетті білім беру стандарттарында білім алушыларды бағалауға байланысты қолданысқа енген ұғымдар:



Сурет 3 - Жаңартылған мазмұндағы МЖМББС сатыларындағы ортақ ұғымдар

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында негізгі пәндік білім, білік, дағдыларды қалыптастыру мақсаты білім алушылардың жалпы пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруға көшірілді. Бұл жағдай бағалау жүйесінің өзгертілуіне алып келді.

Қазақстандық білім беруде қолданылып келген бағалау жүйесі жаңа ғасыр талаптарына толық жауап бере алмайды. Заманауи білім беру білім алушыға тек білім беріп қана қоймай, оның жетістікке жетуін қамтамасыз етуі қажет. Білім беруде қолданылып келген қалыптасқан «бағалық» бағалау жүйесінің жаңа критериалды бағалау жүйесі мен салыстырмалы түрде анықталған кемшіліктері:

- «бағалық» бағалау жүйесі мектеп және мұғалім тарапынан білім алушы жетістігін сырттай бақылау функциясын атқарады;

- Білім алушының бағалаудағы дербестігін қалыптастыруға мүмкіндік бермейді;

- Білім алушылардың жеткен жетістігін бұрынғы нәтиже мен салыстыру арқылы мұғалімге нақты жетістікті анықтап, әр бір білім алушыны жеке – жеке бағалау қиын. Бұл жағдай оқытудағы даралануды қиындатады;

- Өзінің формалдығы және баға критерийлерінің жасырын болуы салдарынан баға білімнің нақты деңгейін анықтауға мүмкіндік бермейді. Білімді дамытудың кейінгі қадамын, нені жақсарту керек, қай бағытта жұмыс жасау қажеттігін анықтау қиын, бұл көп уақытта бала психологиясына зақым келтіреді. Толықтай мұғалімнің қолында болған «бағалаушылық» жүйе бір жағынан балаға, екінші жағынан оның ата – анасына психологиялық қысым көрсетудің куралы болады. Мұғалім мен оқушының кері байланысы оқушы нәтижелерін жақсартуға көмек беру мақсатына емес, әлеуметтік және басқарушылық мақсаттарға қызмет етеді;

- Мұғалімдер арасында оқушы жетістігінің сапасын емес, оның істеген жұмысының көлемі мен формасын бағалау тәжірибесі тараған;

- Білім алушыларды бір – бірімен салыстыру үлгерімі нашар оқушылардың рухын түсірсе, озық оқушылардың толыққанды дамуына кедергі келтіріп, олардың мотивациясы мен белсенділігін әлсіретеді [173;4].

Қазақстандық білім беру жүйесінде қолданылып келген бағалау нормалары заманауи білім беру талаптарын жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Алайда, бұл осы кезге дейін білім беру жүйесінде қолданыста болған бағалау жүйесі қажетсіз және пайдасыз болған дегенді білдірмейді. Бағалаудың ескі жүйесі қолданыста болған дәуірдің талаптарын жүзеге асыруға мүмкіндік берген, бүгін болса, қоғам көз қарасы, қажеттіліктері өзгерді сондықтанда, бағалау жүйесінде өзгерту қажеттілігі туындады.

Білім берудегі өзгерістер заманауи қоғамның талаптарына сай келетін оқыту стратегиялары, білім алушылардың жетістіктерін бағалау тәсілдерінің өзгеруін қамтиді. Білім беру стратегиялары, бағалау тәсілдері білім берудегі қарым – қатынас қатысушыларының тұлғалық әлеуетін дамытуға қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік беруі қажет. Білім сапасын жақсарту мақсатында қолданысқа енген критериалды бағалау жүйесі заманауи білім берудің келесі мүмкіндіктеріне қол жеткізуге ықпал етеді:

- оқу үдерісінің әр бір кезеңінде білім алушылардың дайындық деңгейін анықтауға;
- ағымдағы оқу жылы ғана емес, оқытудың барлық уақыттарында білімді игеру динамикасы бойынша объективті ақпарат алуға;
- білім алушылардың жұмыстың барлық түрлері бойынша (өз алдына жұмыс, ағымдағы, қорытынды бақылау, үй жұмысы, шығармашылық жұмыс т.б) алған бағаларының мәнін саралауға;
- ағымдағы және қорытынды баға арқылы білім алушының сіңірген еңбегінің мөлшерін анықтауға;
- білімді бағалаудың объективтілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [174;14].

Критериалды бағалау қалыптасқан бағалау жүйесінің кемшіліктерінің орнын толтырып, білім берудің тұлғалық – бағдарлы, құзыреттілік тәсілдеріне негізделеді. Заманауи білім беруде құзыреттілік тәсіл жаңа білім беру парадигмасы ретінде педагогтер мен білім алушылардың қарым – қатынасын өзгертуге бағытталған. Білім беру сапасының негізгі көрсеткішін метапәндік, пәндік және тұлғалық нәтижелерді, мемлекет, қоғам және тұлға талаптарын сипаттайтын жалпы білім беру талаптарын құрайтын білім беру стандарттарында көрсетілген білім беру бағдарламаларындағы нәтижелерді игеруге болған міндеттер құрайды.

Заманауи білім берудегі тенденциялар негізінде білім берудің принциптері өзгерді. Бұл принциптер білім беру мазмұнының жаңа бағытта дамуына ықпал етеді:

- *Интеграциялау* – өскелең ұрпақты тәрбиелеуде қоғамның барлық тәрбие беру институттарының бірлігін қамтамасыз ету;
- *Ізгілендіру* – әр бір тұлғаға қоғамның жоғары әлеуметтік құндылығы ретінде көңіл бөлу, жоғары зияткерлік, моральді және физикалық ерекшеліктерге ие азаматты қалыптастыруға нұсқау алу;
- *Дифференциация және дараландыру* – әр бір білім алушының жеке қабілеттерінің толық айқындалып, дамуына мүмкіндік беру;
- *демократизациялау* – педагогтер мен білім алушылардың белсенділігі, ынтасы және шығармашылығын дамытудың алғышарттарын құру ,білім беруді басқаруға күллі қоғамның жұмылдырылуы;[175;26]

Бұл принциптерді жүзеге асыру барлық білім беру жүйесінің мазмұны мен ұйымдастыру формаларының өзгеруіне түрткі болады.

Білім беруде тұлғаның құндылықтарын, интеллектуалды мүмкіндіктерін, талпыныс бағыттарын айқындайтын критериалды бағалау жүйесі оқу бағдарламаларындағы нәтижелерге жетудің критерийлерге негізделген, күтілетін нәтижелерге бағдарланған болып, білім сапасының дамуына ықпал етеді. Оқу сапасын жақсартуға бағдарланған критериалды бағалау жүйесі оқу бағдарламаларында келтірілген оқыту мақсаттарына күтілетін нәтижелер арқылы жетуді көздейді. Критериалды бағалау білім беру үдерісінде педагогтердің мүмкіндіктер аясын кеңейтуге бағытталған.

Бағалау білім алушылардың психологиялық ахуалына әсер ететін үдеріс.

Себебі, оқушыны мадақтау мен бағалау үдерісінде басқарушылық тонды пайдалану білім алушының көңіл – күйіне екі түрлі әсер етеді. Біріншісі, білім алушыға алға ұмтылуға мүмкіндік берсе, екіншісі, білім алушы бойына үрей орнатады. Критериалды бағалау білім алушыларға өз іс-әрекетінің нәтижелерін сараптап, алға ұмтылуға мүмкіндік береді [176;1576].

Бағалау – нысанның өлшемі мен эталонның байланысы, нәтиже шығару болып табылады. Бағалаудың мақсаты әр бір педагогтің бағалауды қандай мақсатта және кім үшін, қалай өткізуі керек?- деген түсініктері негізінде айқындалады. Бағалаудың басты мақсаттары:

Оқытудың қиындықтарын анықтау. Әр бір пән бойынша бағалау куралдарын (тесттер) пайдалану арқылы әр бір білім алушының қиындық траекториясын анықтап, оны түзету жолдарын айқындау;

Кері байланыс жүргізу. Білім алушылар, ата – аналар, мұғалімдер үшін жетістікке жеткендікті көрсету үшін жүргізіледі.

Уәж. Кері байланыстың өзі көп уақытта уәж болуы мүмкін. Ынталандыру ретінде тест немесе емтиханның жүргізілуі білім алушылардың ойларын жинақтап, алға ұмтылуына ықпал етеді.

Болжау және сұрыптау. Білім алушылардың білімі және дағдыларын бағалау арқылы педагогтер олардың болашақтағы мінез – құлқы мен дамуын болжайды.


Стандарттарды бақылау және орындау. Оқу жетістіктерін бағалау бойынша халықаралық және мемлекеттік тесттер бойынша нәтижелерін талдау, бақылау.

Оқыту бағдарламасының мазмұнын және оқыту стилін бақылау [177; 56].

Критериалды бағалау – оқытудың мақсат, міндеттеріне жету үшін оқу үдерісінің барлық қатысушыларының өз ара байланысты бақылау – бағалаушылық әрекеттері жүйесін қамтамасыз ететін процессуалды - әрекеттік метатехнология [178;196]


Критериалды бағалау түсінігін 1963 жылы Роберт Юджин Глейзер (Glaser, R., 1963) енгізген болып, алдын – ала анықталған нақты критерийлер көмегімен білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау түсінігін береді. Бағалаудың бұл түрі нормаға негізделген бағалаудан ерекшеленеді. Нормаға негізделген бағалауда білім алушылардың үлгерімі олардың класстастарының үлгерімі мен салыстырылып бағаланады. Критериалды бағалау болса, қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады. Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бөлігі ретінде оқу үдерісінде білім алушылардың білімді игеру деңгейі және дағдылардың қалыптасуын анықтап, оқу бағдарламаларындағы оқыту мақсаттарына жетудегі қиындықтарды айқындап, көмектесуге мүмкіндік береді. Бағалаудың бұл түрі мұғалім мен білім алушы арасындағы үздіксіз кері байланысты қамтамасыз етіп, оқу үдерісін балл және баға қоюсыз түзетуге ықпал етеді. Жиынтық бағалау мұғалім, ата – ана, оқушыға оқу бағдарламасындағы және тоқсандағы белгілі бір бөлім немесе ортақ тақырып аяқталғаннан кейін балл және баға қою арқылы білім алушының дамуы туралы ақпарат беру үшін жүргізіледі [179;156].

Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны бағалау стандарттары, бағалау құралдары, бағалау үдерісі және нәтижелерін қамтиді.



Сурет 4 - Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны

Критериалды бағалау жүйесін қолдану жолдарын сипаттайтын әдістемелік құралдарда критериалды бағалаудың құрылымы төмендегідей мәнге ие:



Сурет 5 - Критериалды бағалаудың құрылымы

Критериалды бағалау үдерісінде бағалауды жүзеге асыру барысында оқу мақсаттарына жетуді қамтамасыз ететін бағалаудың циклдық құрамдас бөліктерін төмендегідей көрсетуге болады:



Сурет 6 - Критериалды бағалау жүйесінің циклдық сызбасы

Педагогтердің бағалау іс - әрекеті критериалды бағалау жүйесін оқыту үдерісінде қолданудың мақсат, міндеттері, тәсілдері, функциялары, принциптері мен сәйкес жүзеге асады.

Критериалды бағалау жүйесінің мақсаты бағалау критерийлерінің негізінде білім алушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну.

Критериалды бағалау жүйесінің міндеттері:

1. Оқу үдерісінде бағалаудың қызметі мен мүмкіндіктері аясын кеңейту;
2. Жүйелі кері байланыс орнату арқылы білім алушылардың өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруына жағдай жасау;
3. Бірыңғай стандарттарды, сапалы бағалау құралдарын, механизмдерін қалыптастыруға көмектесу;
4. Қолжетімді, нақты, үздіксіз:
 - білім алушыларға олардың оқу сапасы туралы;
 - мұғалімдерге білім алушылардың ілгерілеуі туралы;
 - ата-аналарға оқу нәтижелерінің деңгейлері туралы;
 - басқару органдарына ұсынылған білім беру қызметінің сапасы туралы ақпараттар ұсыну.

Критериалды бағалаудың технология ретіндегі міндеттері:

- оқыту үдерісінде білім алушылардың білімді игеру үдерісін басқару, оқу үдерісінде нақты ақпаратты білім берудегі проблемалардың алдын алу; қиындықтар, қателіктерді анықтау олардың себебін айқындау; материалды игеру сапасын анықтау; сенімді кері байланыс пен қамтамасыз ету;
- есте сақтау қабілетінің беріктігін қамтамасыз ету, білім алушыларды өзін

– өзі басқаруға жаттықтыру;

- білім алушылар білімін тереңдету, жүйелеу;
- білім алушылардың оқуға болған мотивациясын көтеру, бағадағы эмоционалды негативті жою, оқудағы белсенділікті арттыру, қарым – қатынастағы ашықтыққа қол жеткізу;


- таным қабілеттерін, сыни ойлау, жады, зейінді дамыту, білім алушылардың оқу – танымдық әрекетіндегі ұтқырлықты дамыту.

Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны стандарттармен, үдерістермен, бағалау құралдарымен, нәтижелермен анықталады [180;4].

Біздің зерттеу жұмысымызда педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту мәселесі педагогикалық – психологиялық зерттеулер, ғылыми – теориялық тәжірибелер негізінде қарастырылады. Зерттеудің теориялық, эмпирикалық кезеңдерінде қолданысқа енген оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесінің мақсат, міндеттері, қызметін айқындау арқылы, педагогтің бағалау іс - әрекетінің мәнін ашу мүмкін болады деп санаймыз.

Заманауи білім беруде педагогтердің бағалау іс - әрекеті критериалды бағалау жүйесін оқыту үдерісінде қолдану арқылы қалыптасады. Педагогтердің бағалау іс - әрекеті критериалды бағалаудың мақсат, міндеттері негізінде жүзеге асады.

Критериалды бағалау жүйесі оқыту үдерісінде белгілі бір теориялар аясында жүзеге асады, атап айтсақ: әлеуметтік – конструктивистік оқу теориясы, толық меңгеру теориясы, скаффолдинг теориясы, жақын арадағы даму теориясы, сөйлеу әрекетінің теориясы, қалыптастырушы бағалау теориясы. Бұл теорияларды қамтыған критериалды бағалау жүйесінің концептуалдық құрылымы төмендегі суретте көрсетілген:



Сурет 7 - Критериалды бағалау жүйесінің тұжырымдамалық (концептуалдық) құрылымы

Оқыту процесінде педагог тарапынан әр бір тапсырмадан кейін қолданылатын бағалаудың түрі ол – қалыптастырушы бағалау.

Отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдары негізінде анықталған педагогтің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетінің қызметі, мазмұны, принциптері оқыту үдерісінде критериалды бағалау аясында жүргізілетін қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалауды жүзеге асыруда педагогтердің негізгі құралы болып саналады. Оқыту үдерісінде оқыту үшін (қалыптастырушы) және оқуды бағалауда (жиынтық) педагогтің бағалау іс - әрекетінің ерекшеліктері нақты айқындалады.

Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесінің бағалау бағыттарының бірі – қалыптастырушы бағалау болып саналады. Қалыптастырушы және жиынтық бағалауды оқу үдерісінде жүзеге асыру педагогтің бағалау іс - әрекетінің мәні мен мақсатының өзгеруіне түрткі болды. Жаңа форматтағы бағалауды оқытуда қолдану педагогтің кәсіби біліктері деңгейіне жоғары талаптар қояды. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау педагогтен жоғары кәсіби құзыреттілікті талап етеді. Педагогтің кәсіби құзыреттіліктері тобының бір бағыты ол – бағалау құзыреттілігі.

Бағалау құзыреттілігі – объектінің құндылығы мен маңыздылығын оның сапалы – санды ерекшеліктері арқылы анықтау үдерісі, тұлғаның психологиялық белсенділігінің бір түрі [181;11]. Біз педагогтің бағалау іс - әрекеті мен бағалау құзыреттілігі ұғымдарын синонимдер ретінде қарастырамыз. Себебі, бағалау құзыреттілігі мен бағалау іс - әрекеті бір – бірімен тығыз байланыста болып, үдерісте іс - әрекет арқылы құзыреттілік айқындалады деп санаймыз.

Үздіксіз бағалау және бағасыз бағалау үдерісі білім берудің ажырамас бөлігі саналады. Оқыту үдерісінде критериалды бағалау жүйесін қолдану, білім алушылардың жетістікке жетуде еркін әрекет етуіне мүмкіндік беріп, қалыптасқан бағалау жүйесінің авторитарлық мәнін жойды. Қалыптастырушы бағалауды қолдану үдерістің тиімділігін анықтауға ықпал етеді, бұл жағдай педагог пен білім алушылардың күшті және әлсіз тұстарын анықтауға мүмкіндік береді.

Педагогтердің бағалау іс-әрекетінің білім алушының мотивациясын арттыруға болған әсері педагогтің қалыптастырушы бағалауды жүргізу үдерісінде көрініс табады. Себебі қалыптастырушы бағалаудың қызметтерінің бірі ол – білім алушының мотивациясын дамыту болып табылады.

Қалыптастырушы бағалаудың негізгі қызметтері:

- Қалыптастыру - күнделікті тәжірибеде құндылықтар жүйесінің бекітілуін және қалыптасуын анықтау;

- ынталандыру – білім алушылардың күтілетін нәтижеге қол жеткізуі, тиімді ілгерілеуі үшін жағымды жағдай жасау;

- мотивациялау - білім алушылардың оқуға және нәтижеге жетуге болған құлшынысын жоғалпау [182; 228б].

Қалыптастырушы бағалаудың бұл қызметтері білім алушылардың оқуға деген ынтасын дамытуға қызмет етеді.

Қалыптастырушы (formative) бағалау – жасанды «қоспа» болмауы қажет, бұл оқу тәжірибесінің интегралды бөлігі. Қалыптастырушы бағалаудың мақсаттары үздіксіз кері байланыс орнату және білім алушылардың оқуға деген ынтасын арттыру [183;12].

Е.Н. Землянская қалыптастырушы бағалау заманауи оқыту құндылықтары мен міндеттеріне сәйкес келетін жаңа педагогикалық құрал. Ол әр бір білім алушының оқудағы дербестігін өзектендіріп, өз оқу іс-әрекетін жақсартудың жаңа стратегиялары мен амалдарын табуға көмектеседі және оқытуды адрестік қолдауға негізделген, - деп тұжырымдайды.

Е.Н Землянская құрылымдық талдау негізінде қалыптастырушы бағалаудың төмендегідей қызметтерін атап көрсетеді:

- 1) оқытушылық (білім алуға және сол білімін бағалауға үйретеді);
- 2) гуманитарлық (баланың даралығын қолдау және қорғау);
- 3) ақпараттық - диагностикалық (кері байланыс арқылы мұғалімге және білім алушыға игерілген оқу материалының сапасы тұралы ақпарат береді);
- 4) коррекциялық - педагогикалық (оқу үдерісін кез келген жағдаятта және уақытта түзетуге мүмкіндік береді);
- 5) ұйымдастырушылық – басқарушылық (сабақта метапәндәк нәтижелердің негізі болатын әмбебап оқу әрекетінің дамуына әсер ететін әдіс – тәсілдерді ұйымдастыру мен басқаруға мүмкіндік береді);
- 6) мотивациялық – ынталандырушылық (әрекетті ынталандыратын дараландыру механизмі есесіне мотивацияның дамуына, жетістік жағдаятына жағдай жасайды);
- 7) тәрбиелеушілік (білім алушыларды өз оқуына жауапкершілік пен қарауға тәрбиелейді) [184;50].

Ғалымның пікірінше қалыптастырушы бағалау (Formative Assessment) және оқыту үшін бағалау (Assessment for Learning) - синонимдер болып, оқыту үшін бағалау – білім алушылар мен оқытушыға олардың білімді игеруде қай кезеңде тұрғанын анықтауға және қай бағытта жұмыс жасау керектігін айқындауға мүмкіндік беретін іс жүзінде қолданылатын мағлұматтарды іздеу және интерпретациялау дегенді білдіреді.

Заманауи білім беру жағдайында бұл ұғымдардың біріншісі кең қолданысқа енген «бағасыз бағалау» болып табылады.

К.В Вилкова өз ғылыми мақаласында оқушылардың оқу жетістіктерінің сапасын қалыптастырушы бағалау – әр бір оқушыны жоғары оқу нәтижесін белсенді талдауға жұмылдыру (үздіксіз рефлексия), қиындықтарды және кемшіліктерді анықтап, толықтыру («бала - мұғалім» диадасындағы кері байланыс)- деп сипаттайды [185].

С.А. Одинцова мен О.Л Шовкович оқушының білімін мақсатты және үздіксіз бақылау үдерісі – қалыптастырушы бағалау. Бағалаудың бұл түрі «белгі» қойылмайтын бағалау болып, критерийлерге сәйкес бағалауға сүйенеді, -деп тұжырымдаса, [186;36] М.А Пинская педагогтерге өз қабілеттерін дамытуға, білім алушыларға өз оқу іс-әрекетін тиімді етуге мүмкіндік беретін,

білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін бағалаудың түрі,- деп есептейді [187;206].

Қалыптастырушы бағалау үдерісіндегі педагогтің бағалау іс - әрекеті мәселесін анықтау мақсатында талданған ғылыми психологиялық-педагогикалық әдебиеттерден біз «қалыптастырушы бағалау» ұғымының мазмұндық құрамын анықтауға тырыстық.

Педагогикада қалыптастырушы бағалау - «бағалау» (Б.Г. Ананьев, Ш.А. Амановши), «критериалды бағалау» (А.А. Кросноборова, М.А. Пинская), «бағалау іс - әрекеті» (Е.Г. Матвиевская, Н.Ю. Волковинская т.б) ұғымдарымен тығыз байланысты. Қалыптастырушы бағалау бойынша ғылыми психологиялық-педагогикалық зерттеулерді Г.Б.Голуб, И.С.Фишман, М.А.Пинская, В.В. Bloom, Т.Д. Crooks қатарлы ғалымдардың тұжырымдары толықтырады. Шетелдік ғалымдардан П.Блек (Paul Black), Д. Вильям (Dylan Wiliam), М. Херитаж (M.Heritage), И.Кларк (I. Clarke), Л.Шепард (L. Shepard) еңбектері арқылы педагогика ғылымы қалыптастырушы бағалауды орта білім беру, кәсіби және жоғары білім беру практикасына енгізу тұжырымдамаларын құрастырды. Қалыптастырушы бағалауды педагог тәжірибесіне енгізудің тетіктері аталған ғалымдар тарапынан айқындалды [188;1716].

Кейінгі жылдары қалыптастырушы бағалауды қолдануға бір аз өзгерістер енгізілген, бұл мәселені зерттеген ғалымдардың көпшілігі (Clarke, Shepard, Harlen, және ұжымдық жұмыстар Black, Harrison, Lee, Marshall, Wiliam) тек тестілеу мен білім алушыларға олардың бағасы туралы мағлұмат беру қалыптастырушы болып табылмайды ол үшін кері байланысты (feedback), қолдану қажет деп санайды.Бұл механизм бағалау нәтижелерін түзетуге мүмкіндік береді.

М. Heritage (2008) білім алушының жеке даму деңгейі оның оқуына байланысты анықталады,- деп қарайды және білім алушының жеке даму темпін ескеретін қалыптастырушы бағалаудың моделін ұсынады. М. Heritage тарапынан ұсынылған модель келесі кезеңдерді қамтиді:

- оқу мақсаттарын анықтап, критерийлерін таңдау;
- оқушылардың оқу жетістіктері туралы нақты ақпаратты анықтау;
- фактілерді интерпретациялау;
- оларды оқу мақсаттары мен сәйкестендіру;
- кері байланыс;
- Оқу жоспарына инструменталды модификацияны енгізу;
- жаңа оқуда қолдау көрсету (ағл. scaffold);
- оқу мақсатына жету [189;126].

1960-1970 жж аралығында американдық мамандар білім беруде қолданатын бағалаудың негізгі бағыттарын анықтау мақсатында зерттеулер жүргізген. Б.Блум өзі құрастырған шеберлікке оқыту моделінің көмегімен таным нәтижелерін кемелдендіру мақсатында бағалау нәтижелерін қолданудың маңыздылығын айтып өтеді (Guskey, 2003).Блум моделіне сәйкес мұғалімдер білім алушылардың таным үдерісін үздіксіз бағалауға мүмкіндік алады. Бағалаудың бұл жолы арқылы алынған ақпарат таным деңгейлерінің төмендігін

көрсетсе, педагог өткен тақырыпқа қайта оралып, оны басқа стратегиялардың көмегімен қайта түсіндіре алады.

Қалыптастырушы бағалау ұғымы шет ел әдебиеттерінде Майкл Скривен (Скривен 1967) тарапынан «Бағалау әдіснамасы» ғылыми жұмысында ұсынылған болып, ол бағалауды қалыптастырушы және жиынтық деп екіге бөледі. Бұл екі түсініктің анықтамалары бір – біріне ұқсамайды, алайда, оларды біріктіретін екеуінің оқу үдерісінде білім алушылардың жетістікке жетуіне бағдарлануы. Қалыптастырушы бағалау педагог пен білім алушының жүзеге асыратын барлық әрекеттеріне қатысты болып, білім алушының оқуын басқаруға мүмкіндік беретін кері байланысты қамтамасыз етеді. Қалыптастырушы бағалау әлемді танып білу үдерісінде білім алушылардың дамуын өлшеу үшін аналитикалық құралдар мен тәсілдерді қолдануды көздейді.

Оқытудың тиімділігін анықтауға мүмкіндік беретін формативті немесе оқыту үшін бағалау (ОҮБ) дербес тұжырымдама ретінде 1999 жылғы зерттеу нәтижелері туралы мұғалімдерді және әдістеме жасаушыларды ақпараттандыру мақсатымен 1989 жылдан бастап жұмыс жүргізген Ұлыбритания академиктерінен құралған Бағалау Реформасының Тобы (Assessment Reform Group) тарапынан құрастырылған кітапшаның жарық көруі мен белгілі болды.

Оқыту үшін бағалау – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі [190;56,58].

Оқыту үшін бағалаудың негізгі мақсаты білім алушыларды оқуға ынталандыру, олардың жеке білім траекториясын құрып, дамыту, өзін – өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру, білім алушылардың жеке іс – әрекетін жобалап, жоспарлау дағдыларын қалыптастыру болып саналады. Оқыту үдерісі үздіксіз жүзеге асатын үдеріс, қалыптастырушы бағалауда үздіксіз жүзеге асады.

Е.К. Михайлова қалыптастырушы бағалауды оқытудың кешенді амалы жағдайында уақытылы көрнекі кері байланыс пен қамтамасыз етуге бағытталған жеке оқу жетістіктері сапасын қалыптастыру үдерісі,- деп санайды. Ғалым қалыптастырушы бағалауды технология ретінде қарастырып, педагог және білім алушының іс-әрекеттерін реттеу арқылы кепілдендірілген оқу жетістіктері сапасын мақсатты, жоспарлы, критериалды бағдарлы қамтамасыз ететін, жоспарланған нәтижеге жетудің шарттары мен құралдарының сипаты,- деп қарастырады [191;14].


Михайлованың зерттеу жұмысында қалыптастырушы бағалаудың:

- мақсатты (оқу нәтижесін қалыптастыру);
- Мазмұндық (эргономикалық тұғыр негізінде түп деректерге сүйеніп құрастырылған, оқу материалдарынан құралған пәннің ақпараттандыру ортасы);
- Процессуалды (кері байланыс парағы, білім картасы парақтарын өз ішіне алатын пәндік – ақпараттық орта мен жұмыс жасауда алгоритмикалық тұғырды қолдану);
- Критериалды (критериалды тұғыр негізінде пәндік – ақпараттық ортаны игеруде кері байланысты ұйымдастыру);

- бағалаушы – нәтижелік (критериалды – деңгейлі тұғыр негізінде қорытынды және рейтингтік бағалауды ұйымдастыру, критериалды – бағдарланған тұғыр аясында ағымдағы және аралық бағалауды жүзеге асыру);
- құрылымдық компоненттері көрсетілген.

Михайлова бағалау жүйесіндегі амалдарды бағалау және бақылау әдістерін өзгерту мен байланысты болған білім сапасын жақсартудағы бағыт деп санайды. Қалыптастырушы бағалауды жеке оқу жетістіктерінің сапасын қалыптастыру үдерісі, кері байланыс ретінде қарастырады.

Ғылыми педагогикалық – психологиялық әдебиеттерді талдай отырып қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыруда педагогтің негізгі құралы ол тиімді кері байланыс және рефлексия екендігін анықтадық. Кері байланыстың және рефлексияның тиімділігін қамтамасыз ететін ол орынды қолданылған белсенді әдіс – тәсілдер екендігі айқындалды. Оқыту үдерісінде педагогке қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыруға көмек беретін қалыптастырушы бағалаудың құрылымдық сызбасын біз төмендегідей құрастырдық:



Сурет 8 - Қалыптастырушы бағалаудың құрылымы

Қалыптастырушы яғни оқыту үшін бағалауды жүзеге асыруда педагогтің бағалау іс - әрекеті мақсатты түрде, оқу материалдарынан ақпараттық ортаны тиімді құру арқылы жүзеге асады.

Қалыптастырушы бағалау оқыту мен білім беруді білім алушылардың талаптарына бейімдеу мақсатында жүргізілетін бағалау болып, оқу үдерісінде оқыту мен бағалауды бір – бірі мен байланысты болып келетін элементтер арқылы интеграциялауға мүмкіндік беретін педагогтің тәжірибесі.

Оқу үдерісінде қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыруда педагогтің іс - әрекеті:

- қалыптастырушы бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру;
- қалыптастырушы бағалау әдістерін таңдау;
- кері байланысты ұсыну;
- қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау – қатарлы кезеңдерден турады [192;12].

«Assessment»- бағалау ұғымы «бірге отыру» деген мағынаны білдіреді, қалыптастырушы бағалау болса, білім алушының жанында болып, оны жетістікке жетелеу болып табылады. Қалыптастырушы бағалау білім беру жүйесінде жаңадан пайда болған феномен емес, бағалаудың бұл түрінің қызметін қалыптасқан білім беруде қолданылған ағымдағы бағалау атқарған. Ағымдағы бағалаудың аясы оқушының білген – білмегенін анықтау, баға топтау үшін қызмет ету мен шектелген. Заманауи білім беруде тұлғаға бағдарланған білім беру жағдайында қалыптастырушы бағалаудың қызметтер аясы кеңейген. Сонымен бір қатарда, бағалаудың бұл түрін қолдануда педагогтің іс - әрекеті де өз мақсатын өзгертті. Қалыптастырушы бағалау білім алушылардың оқу сапасын жақсартуға бағытталған болып, олардың жеке жетістіктерін салыстырусыз бағалау болып табылады. Қалыптастырушы бағалауда мақсат білім алушыны бағалаушылық пікір және кері байланыстың көмегімен жетістікке ынталандыру. Ағымдағы бағалауда болса, оқушыға тек анық алған бағасы ғана жария етіліп, кері байланыс берілмейтін.

П.Блэк и Д.Уильям қалыптастырушы бағалаудың компоненттерін төмендегідей топтастырады:

- Мұғалімнің білім алушыларды тиімді кері байланыс пен қамтамасыз етуі;
- Білім алушылардың өздерінің білім алу үдерісіне белсенді араласуы;
- бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқу үдерісіне түзетулер енгізу;
- Бағалаудың білім алушылардың мотивациясы мен өзін - өзі құрметтеуіне, білім алуына терең әсер ететіндігін мойындау;
- Білім алушылардың өз білімдерін өз алдына дербес бағалау біліктері [193.]

Қалыптастырушы бағалау білім алушылардың оқуға деген ынтасын, қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Білім алушының оқуға деген қызығушылығы педагог тарапынан ұйымдастырылатын тиімді жеке, жұптық, топтық жұмыстарға және тиімді таңдалған әдістер мен уақытылы қолданылған кері байланысқа, жағымды бағалаушылық пікірге байланысты.

Қалыптастырушы бағалау мұғалім тарапынан білім алушының білімді игеру, өмір сүру дағдыларының қалыптасу деңгейі туралы ақпарат алу үшін, білім беру үдерісіне түзету енгізу, жыл бойы білім алушылардың оқу жетістіктерін ынталандыру үшін жүргізіледі.

Қалыптастырушы бағалау – бұл білім алушылар және педагогтер тарапынан өздерінің оқу үдерісіндегі деңгейін, керекті деңгейге жету үшін қай бағытта жұмыс жасау керектігін анықтау үшін ақпараттарды жинау және интерпретациялау.

Қалыптастырушы бағалауда педагог тарапынан қолданылатын бағалау іс - әрекеттерін төмендегідей топтастыруға болады:

- бағалау мақсаты мен критерийлерін анықтау және білім алушыларға жеткізу;

- сыныптың ішінде білім алушылардың оқу іс-әрекеті бойынша ақпараттарды анықтап, дәлелдер жинау;

- білім алушылардың жетістікке жету жолындағы дамуына ықпал ететін кері байланысты орнату;

- білім алушыларды оқу үдерісіне бір - бірі үшін білім алу дереккөзі ретінде жұмылдыру;

- оқыту және оқу кезінде каллобаративті ортаны құру;

- білім алушыларға өздерінің білімдерін құрушы болуына мүмкіндік беру;

Оқыту және оқу үшін бағалауда педагогтің іс - әрекеті тек білім алушыларды жетістікке қарай ертіп апаруға негізделуі қажет. Оқыту үшін бағалау білім алушылардың білімді игеру үдерісіндегі қалыптастырушы құралғана емес, білуге, тануға деген саты, оқыту әдістері және оқыту мен кіріктірілген түрде үздіксіз жүзеге асатын үдеріс. Қалыптастырушы бағалау білім алушыға бағытталған болып, ол оқуды жақсартуды мақсат етеді. Бағалаудың бұл түрі педагогтің ұйымдастырушылық қабілетіне байланысты және оның жүзеге асуы педагогтің жоғары кәсібилігін талап етеді. Нені және қалай? бағалауды тек педагог шешеді. Қалыптастырушы бағалау педагогтен жоғары белсенділікті талап етеді, мұғалім тарапынан білім алушының жетістікке болған жолында берілген көмекті сезінген білім алушылардың оқуға деген ынтасы дамиді. Қалыптастырушы бағалаудың мақсаты оқу сапасын жақсарту, ол білім алушылар мен педагогтердің қажеттіліктерін қамтамасыз етуі қажет. Қалыптастырушы бағалауда педагог пен білім алушылар арасында тиімді коммуникативтік ортаны құруға негіз болатын үздіксіз кері байланыс жүзеге асады. Кері байланыс – педагог және білім алушылар арасында білім деңгейі туралы ақпаратты тасымалдаушы қызметін атқарады. Оқыту үшін бағалауды жүзеге асыруда педагогтің бағалау іс - әрекеті бір – бірімен тығыз байланысты кезеңдерді өз ішіне алады және циклдық түрде жүзеге асады.



Сурет 9 - Қалыптастырушы бағалауды жүзеге асырудың
циклдық құрылымы

Қалыптастырушы бағалау педагог тарапынан оқу мақсатын және сабақтың мақсатын анықтап, бағалау критерийлерін сабақ мақсаты негізінде анықтаудан басталады. Оқыту мақсаттарына сүйеніп құрастырылған критерий жетістікке жетудің кепілі саналады. Сабақтың мақсаты мен бағалау критерийлері білім алушылар және педагог пен бірлікте құрастырылады. Сабақ мақсатына байланысты қолданылатын әдіс – тәсілдер анықталып, критерийлер негізінде білім алушылардың жетістік деңгейлері анықталады. Алынған мәліметтер білім алушыларды қайта оқыту немесе білімін әрі қарай жетілдірудің дәлелі саналады.

Білім алушылардың жетістік деңгейлері анықталып, талдау жасалынады. Талдау барысында білім алушылардың нақты жеткен жетістіктері айқындалып, оқу мақсаты бойынша жіберілген кемшіліктер анықталады. Анықталған оқытудағы кемшіліктер кері байланыстың көмегімен жетілдіріледі.

Кері байланыс – білім алушылардың жоғары жетістікке жетуін қамтамасыз етеді.

- Кері байланыс менің оқудағы жетістік деңгейім қандай? (оқыту мақсаттары қандай?);


- Өз оқуымды жақсарту үшін мен не істедім? (мақсатқа жету үшін қандай әрекет жасалынды?);

- Болашақта қай мәселені қарастыруым қажет (оқуда жақсы нәтижеге жету үшін қандай әрекет жасауым қажет?) деген сұрақтар төңірегінде жүзеге асады.

Кері байланыс нәтижесінде педагогтер білім алушылар қажеттіліктерін ескеріп, өз іс - әрекетін жоспарлайды. Білім алушылар болса, өзін – өзі бағалау

үдерісінде өз оқуына түзетулер енгізеді. Кері байланыстан кейін білім алушыға өз оқуына түзету енгізу үшін скаффолдинг стратегиясы қолданылады.

«Скаффолдинг» ұғымы ағылшын тілінен аударғанда «scaffolding» - «құрылыс сатылары» мағынасын білдіреді. Бұл стратегия білім алушыға оның жеке мүмкіншіліктерінен жоғары тұрған мәселені шешіп, тапсырманы орындап, мақсатқа жетуге мүмкіндік береді. Скаффолдинг теориясы педагогикаға психолог Джером Брунер тарапынан 1950- жылы енгізілген болып, балаға мақсатқа жету үшін көмекке келетін уақытша тіректердің көмегімен жетістікке қол жеткізу. Педагог тақырып аясында білім алушыға тапсырманы орындау үшін нұсқау береді. Бұл нұсқау баланың қиын тапсырмаларды оқудағы әр бір кедергіні жою арқылы орындап, мақсатқа жетуіне қажет. Скаффолдинг ынталандыру мен тиімділікке негізделеді. Білім алушыға нұсқау беру арқылы педагог оның бойындағы дағдыларды дамытады, бала өз бойындағы дағдыны анықтағаннан кейін оның келесі дағдыны игеруге болған ынтасы артады.



Сурет 10 - Скаффолдинг кезеңіндегі педагогтің іс – әрекеті

Скаффолдингтің заманауи теориясы – оқу үдерісі қатысушылары арасында өз ара сенімділікке негізделген серіктестік. Қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыруда педагогтің маңызды іс - әрекеттерінің бірі ол оқыту үдерісінде білім алушылардың мақсатқа жетуі үшін керекті көмек көрсету.

Скаффолдингтің негізгі ерекшеліктері:

- *Ортақ мақсат және ортақ «интерсубъективтілік»* екі субъектте екеуіне ортақ түсініктің қалыптасуы. Интерсубъективтілік педагог пен білім алушының оқу нәтижелері үшін жауапкершіліктің ортақ болуы.

- *Ағымдағы диагностика, бейімді көмек.* Педагог білім алушының дамуын қажетті көмек көрсету үшін үздіксіз бағалайды. Бұл білім алушының тапсырманы жоғары деңгейде орындап шығуына мүмкіндік береді.

- *Диалог және қарым – қатынас.* Педагог пен білім алушылар арасындағы қарым – қатынас диагностикалық түрде жүзеге асады. Диалог арқылы алға қойылған міндеттерге жету.

- *Қолдауды азайтып, жауапкершілікті тапсыру.* Педагогтің білім алушыға берілетін көмекті бірте - бірте қысқартуы. Бұл білім алушыға өз білімі үшін жауапкершілікті толық тапсыруға мүмкіндік береді [194;18].

Кемшілікті түзету қалыптастырушы бағалаудың соңғы кезеңі. Білім алушылар өздерінің жетістік деңгейлерін анықтап, болашақта неге қол жеткізуі қажеттігін анықтайды. Педагог білім алушының бір кемшілігі толықтырылып, түзетілгеннен кейін, оқытуға жаңа мақсат қояды және сол мақсатқа байланысты жаңа кемшіліктер айқындалады, оқыту үшін бағалаудың циклі жаңартылады. Қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру үшін сыныптағы мәдениет маңызды роль атқарады. Сыныпта психологиялық – педагогикалық жағымды ахуал орнату үшін педагогтер білім алушылардың жас ерекшеліктері және жеке ерекшеліктері негізінде сыныптың мәдениетін бекітулері керек.

Қалыптастырушы бағалауды қолдануда бұл іс-әрекеттерді тиімді және кезеңдік жүзеге асыру үшін педагог өз бағалау іс - әрекетін жоспарлы және білім алушылар қажеттіліктеріне сүйеніп жүзеге асыруы қажет. Қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыруда педагог және білім алушылардың іс - әрекеттерін төмендегідей топтастыруға болады:

Кесте 7 - Қалыптастырушы бағалау үдерісіндегі педагог және білім алушы іс - әрекеті

Педагог	Білім алушы
1	2
Оқу мақсаттарына талдау жасайды, танымдық деңгейді анықтайды.	Тақырып бойынша білімге қол жеткізу жолын жобалайды
Қалыптастырушы бағалау тапсырмаларына критерийлер құрастырады	Тапсырмаларды орындауда критерийлерге сүйенеді. Критерий құрастыруға қатысады
Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмаларды құрастырады	Тапсырмаларды орындайды
Бағалаушылық пікір білдіреді	Бағалаушылық пікір негізінде кемшіліктерін, жетістіктерін анықтайды.
Кеңес береді, көмек береді, бағыттайды.	Берілген көмек негізінде өзінің даму бағыттарын анықтайды
Кері байланысты ұйымдастырады	Мұғалім, сыныптағы білім алушылар мен кері байланыс орнатады.
Білім алушының жетістікке жету жолындағы жіберген кемшіліктерін анықтап, толықтырады.	Өзін-өзі бағалайды, диалог орнатады, мақсатын айқындайды.
Топтық, жұптық бағалауды ұйымдастырады	Жұпта, топта өз серіктестерін бағалайды, қарым-қатынас орнатады.
Рефлексия жүргізеді	Іс-әрекет, көңіл-күй рефлексиясына қатысады, өз іс-әрекетіне талдау жасайды.

Білім алушыларда білім , білік, дағдылардың қалыптасу деңгейін бағалау, өлшеу, анықтау оқыту тәжірибесінің негізі. Оқыту мақсаттары білім алушының нені білуі, істей алуы қажеттігін анықтаса, оқыту міндеттері мақсатқа жету үшін қандай іс-әрекет жасау керектігіне жауап береді. Мақсатты әрекет тіліне ауыстыру бихевиористік оқыту аясында XX ғасырдың ортасынан бастап қалыптасқан. Оқытудың бұл түріне сәйкес оқыту мақсаттары бақыланған іс-әрекеттердің тобы арқылы ұсынылады. Бұл жағдай, оқытуды қалыптасатын әрекеттер негізінде құрастырып, мақсатқа жету тәртібін бақылап, нақты бағалауға мүмкіндік береді. Білім алушылардың санасында жүз беретін ішкі үдерістер оларды сипаттап беруге , анықтауға мүмкіндік бермейді. Бұл мақсатты анықтауға кедергі келтіреді, мақсатты әрекеттер арқылы анықтау болса, педагогтің жұмысын жеңілдетіп, оқыту үдерісінің негізгі бағыттарын анықтап, оқытуды қойылған міндеттерді шешуге бағытталған тұтас технологиялық үдеріске айналдырады. Оқыту игерілген ақпаратты есте сақтау, қайта айту мақсаттарынан мәселені шешу, жаңаны құрастыруды қамтиді. Бұл мақсаттар оқыту үдерісінде қалыптастыру керек болған кәсіби әрекеттер тізімін көрсететін етістіктер көмегімен сипатталып, стратегиялық, тактикалық және оперативтік мақсаттардан тұрады. Тақырып, бөлім, пән бойынша оқыту мақсаттары бұл әрекеттік амал негізінде өз ерекшеліктеріне ие әрекеттерді сипаттау мен ұштасады. Іс - әрекеттік тұғыр негізінде бұл ерекшеліктер іс -әрекеттерді игеру деңгейі ретінде анықталады. Оқыту мақсаттарын мұндай жағдайда педагогке жүзеге асырылатын іс - әрекеттер үлгісі түрінде құрастырған орынды. Бұл іс - әрекеттерді оқу барысында өлшеу, анықтау, бағалау педагогке қолайлы болады.

Осыған байланысты, оқыту мақсаттары білім алушылардың жүзеге асыратын әрекеттерін сипаттаса, оқу үдерісінде мақсатқа жету педагогтің іс - әрекеттеріне, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетіне байланысты болып келеді. Мақсаттың іс - әрекеттер тізімі ретінде құрастырылуы педагогтің бағалау іс - әрекетін жүйелеп, жетістік деңгейі бойынша нақты, анық ақпарат алуға ықпал етеді.

Оқыту мақсаты – әрекеттер арқылы жетуге мүмкін болатын күтілетін нәтиже, міндеттер әрекеттің тұжырымдары болып, олар тапсырмаларды орындау арқылы жүзеге асады.

Демек, оқытудың мақсаты күтілетін нәтиже арқылы анықталады. Оқыту үдерісінде педагогтің бағалау іс - әрекеті білім алушылардың жетістікке жетуін қамтамасыз ету үшін қызмет етеді. Жетістікке жету оқу үдерісінде қолданылатын тапсырмалар мен жаттығулардың сапасына байланысты.

М.А. Пинская бағалауды педагогті оқытуды кемелдендіру үшін қажетті ақпарат пен қамтамасыз ететін, білім алушыларды оқу үдерісіне белсенді қатыстыруға ынтасын оятатын тетік деп санайды. Сонымен бірге бағалауды- кері байланыс, ал сол кері байланыс оқыту сапасын көтеру мақсатында жұмыс жасауы үшін, білім алушының пән мазмұнын игеруде сабақтың соңында қай деңгейге жеткенін емес, сабақ барысында оны қай деңгейге дейін игергенін анықтау маңызды, - деп тұжырымдайды [195; 23].

Сабақ барысында қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыруда білім алушыны тиісті жетістік деңгейіне жеткізу үшін педагогтің бағалау іс-әрекеті жоспарланып, реттелуі қажет деп санаймыз. Оқыту үшін бағалауды жүзеге асыруда педагогтің жоспарланған, нәтижеге бағытталған іс - әрекеті білім алушының жетістікке жетуін қамтамасыз етеді.

Қалыптастырушы бағалау педагогтің іс-әрекеті мен ресурстардың бірігуіне негізделген алгоритм. Бұл алгоритмнің нәтижелі жүзеге асуы педагог тарапынан құрастырылған тиімді сабақ жоспары мен таңдалған ресурстарға, ұйымдастыру формасына байланысты. Педагогтің қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру іс - әрекетінің алгоритмін кезеңдік жүзеге асатын келесі іс - әрекеттер құрайды деп санаймыз:

1. Оқыту мақсаттарын анықтау; (оқу бағдарламаларында көрсетілген мақсаттар)

2. Оқытудың жоспарланған нәтижелерін анықтау; (оқу мақсаттары негізінде тақырып бойынша сабақ мақсатын және күтілетін нәтижені айқындау)

3. Критерийлерді құрастыру; (сабақ мақсатына байланысты критерийлер құрастыру, талқылау, нұсқау беру)

4. Жетістік ресурстарын дайындау; (тақырып аясындағы сараланған тапсырмалар)

5. Дескрипторларды құрастыру; (тапсырманы орындау қадамдарын айқындау)

6. Білім алушының жетістікке жетудегі жеке іс-әрекетін ұйымдастыру; (серіктестік және қарым – қатынас)

7. Кері байланысты жүзеге асыру;

8. Білім алушылардың жетістік деңгейлерін талдау, анықтау, нақтылау; (тапсырмалар бойынша ақпарат)

9. Талдау нәтижелерін сұрыптап, түзетулер енгізу; (мақсат бойынша жетістікті, кемшілікті анықтап, жаңа мақсат қою)

10. Бағалаушылық пікір білдіру. (балл және баға)

11. Кемшілікті түзетуге немесе жетістікті дамытуға қайта жоспар құру.

Оқу мақсаттарының тиімді жүзеге асуы педагогтің ұйымдастырылған кезеңдік іс-әрекеттеріне байланысты. Қалыптастырушы бағалау жиынтық бағалаудың сапасын анықтау үшін қызмет етеді. Қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру ашықтық, қолжетімділік, әділеттілік принциптеріне негізделеді.

Қалыптастырушы бағалаудың кезеңдерін оның принциптері негізінде төмендегідей тұжырымдауға болады:

Кесте 8 - Қалыптастырушы бағалау кезеңдері мен принциптері

Қалыптастырушы бағалау	Кезеңдер	Принциптер
	Мақсатты айқындау	Қолжетімділік, нақтылық, дәлдік, жүйелілік, ікемділік.
	Жоспарлау	Қолжетімділік,

8- кестенің жалғасы

1	2	3
Қалыптастырушы бағалау	Сараланған тапсырмаларды дайындау, ұсыну.	Қолжетімділік, зиян келтірмеу, денсаулықты сақтау, дамытушылық.
	Оқыту үшін бағалауды жүзеге асыру.	Жүйелілік, әділдік, ынталандыру, ашықтық, дамытушылық.
	Кері байланыс	Нақты ақпаратқа негізделу, түсініктілік, үйлесімділік, уақытылық, ізгілік.
	Баға (Бағалаушылық пікір)	Әділдік, ашықтық, нақтылық, нұқсан келтірмеу.

Қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыруда әр бір кезең аталған принциптер негізінде жүзеге асуы қажет. Оқыту үдерісінде қалыптастырушы бағалаудың принциптерін ұстану білім алушыларды ынталандыру, құндылықтар негізінде тәрбиелеу, әлеуметтендіруге мүмкіндік береді. Қалыптастырушы бағалау оның әр бір кезеңінде белгілі бір іс-әрекеттің жүзеге асуы арқылы мүмкін болады, іс-әрекет жоқ жерде – қалыптастырушы бағалау болмайды. Қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру үшін педагог тарапынан қурастырылған оқыту мақсаты қолжетімділік принципіне негізделуі қажет. Педагогтің әр бір іс-әрекеті жүйелі және мақсатқа бағытталған болуы шарт. Мақсаттың жүзеге асуы іс-әрекеттің нәтижелі екендігін айқындайды. Оқу үдерісінде қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру:

- оқу сапасын арттыру;
- білім алушылардың ынтасын арттыру;
- жігерлендіру мақсатында жүзеге асырылады.

Оқу сапасын арттыру жүйелі, белсенді іс - әрекеттің негізінде мүмкін болады. Оқу үдерісіндегі педагог пен білім алушының бірлесе әрекет етуі, ақпараттардың нәтижесін бірлесе шешуі барысында даму үдерісі жүзеге асады.

В.В. Давыдовтың дамыта оқыту теориясына сүйенетін болсақ [196], әр бір оқу әрекеті – мақсатқа жетудің қадамы, оқу әрекеттерін мотивациялау құралы болып табылады. Бұл оқу әрекеттерін әмбебап әрекетке айналдыруға мүмкіндік береді. Оқыту үдерісінде қалыптасқан түсініктер білім алушының әрекетін «әрекеттегі білім» ретінде қарастырып, алған білімін және дағдыларын тәжірибеде қолдануға ықпал етеді.

Қалыптастырушы бағалау үдерісінде педагог оқу бағдарламасының барлық мақсаттарын қамтуы қажет. Ол үшін педагог қалыптастырушы бағалауды жоспарлау кезеңінде:

- Оқу бағдарламаларын, оқу жоспарларын толық оқып шығып, оқу мақсаттарына талдау жүргізуі;

- оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары негізінде бағалау критерийлерін құрастыруы;

- тапсырмаларды құрастыруда дифференциацияланған амалды қамтамасыз ету үшін бағалау критерийлерін ойлау дағдылары деңгейлері бойынша бөлуі;

- бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмаларды құрастыруы;

- әр бір тапсырмаға тапсырмалардың негізгі кезеңдерін айқындайтын дескрипторларды құрастыруы қажет.

Педагогтің қалыптастырушы бағалауды жүзеге асырудағы әр бір бағалау іс - әрекеті білім алушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, жүзеге асуы керек. Оқыту үшін бағалауға таңдап алынған немесе құрастырылған тапсырмалар оқыту мәнмәтіні негізінде топтастырылады. Дескрипторлар білім алушының тапсырманы орындаудың қай кезеңінде қиындыққа тап болғанын және қиналатынын көрсетеді. Бұл жағдай білім алушылар және ата – аналар мен тиімді кері байланыс орнатуға ықпал етеді.

Қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру және жоспарлау дағдыларын дамыту үшін педагогке төмендегі іс - әрекеттерді жүзеге асыру маңызды:


- тапсырмаларды орындауда қолданылатын қалыптастырушы бағалау әдістерінің санын көбейтіп, сапасын арттыру;

- кері байланыстың тиімді формаларын қолдану;

- қалыптастырушы бағалауды қолдану үдерісін сипаттайтын сабақ жоспарын құру;

- тәжірибені жақсарту және рефлексия жүргізу үшін сабаққа талдау жүргізу (білім алушылардың жұмысының сапасы, бағалау құралдарының сапасы, әріптестер және білім алушылар тарапынан кері байланыс, ата – аналар мен сұхбат т.б) [197;15].

Қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру мақсатында құрастырылған тапсырмалар американдық психолог Б.Блумның ойлау дағдылары таксономиясы негізінде құрастырылуы қажет. Білім алушыларға тапсырмалар білу, түсіну, қолдану, талдау, топтастыру, бағалау деңгейлерінде ұсынылады. Блум таксономиясы бойынша әр бір деңгей тапсырмаларды саралап ұсынуға мүмкіндік береді. Педагог үшін критериалды бағалау жүйесін жүзеге асыруда білім алушының жеке дағдыларын нақты бағалау маңызды. Бағаның әділдігін қамтамасыз ету үшін педагогтің бағалау іс-әрекеті төмендегі ережелерге негізделуі қажет деп ойлаймыз:



Сурет 11 - Педагогтің бағалау іс – әрекетінің ережелері

Күтілетін нәтижеге жетуде педагогтің оқушының оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекеті анық, нақты мақсат негізінде жүзеге асады. Мақсаттың айқындығы күтілетін нәтижеге жетуде кедергілерді дер кезінде айқындауға мүмкіндік береді. Құрастырылған жоспар міндетті түрде білім алушылардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеруі қажет. Критерийлердің нақты қойылуы тапсырмалардың саралануына ықпал етеді. Дискрипторларды құрастыруда қиындық туғызбайды. Қалыптастырушы бағалауды жүргізуде педагогтің негізгі ресурсы дұрыс тандалған бағалау әдістері. Бағалау әдістерінің сабақ кезеңдеріне лайық, орынды қолданылуы білім алушылардың мотивациясын дамытып, білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Педагогтің сапаға қол жеткізуіндегі негізгі құралы тиімді кері байланыс. Білім алушылар, ата – аналар мен үздіксіз кері байланыс орнату педагогке мақсатқа тез және кедергісіз жетуге мүмкіндік береді.

Оқыту үшін бағалау яки қалыптастырушы бағалау теориясына сәйкес (Уильям, 2007) оқыту үдерісі қатысушыларына байланысты қалыптастырушы бағалауды ұйымдастырудың үш позициясы анықталған: педагог бағалауы, өзін – өзі бағалау, бірін – бірі бағалау.

Оқыту үдерісінде қалыптастырушы бағалаудың барлық кезеңдері педагогтің бағалау іс - әрекетіне және бағалау мәні, принциптерін дұрыс түсініп, тәжірибеде тиімді қолдана алуына байланысты.

Өзін – өзі бағалау білім алушыны өз алдына жұмыс жасауға, өзін – өзі басқаруға дағдыландырады. Білім алушы өзін – өзі бағалау арқылы өз іс - әрекетіне талдау жасап, өзінің мықты және әлсіз тұстарын анықтайды. Алайда, өзін – өзі бағалау білім алушы тарапынан объективті жүзеге асуы үшін педагог дер кезінде бағыттаушы сұрақтарды қоя білуі қажет.

Мысалы:

- Қалай ойлайсың, сен бүгін сабақта нені жүзеге асыра алдың, қай тапсырманы орындауда қиналдың?
- Сен сабақтағы өз нәтижеңді қалай бағалайсың?
- Нәтижеге жету үшін қандай әрекеттерді жүзеге асырдың?
- Сенің өзіңе қойған бағаң әділ деп ойлайсыңба?
- Күтілетін нәтижеге жету үшін болашақта саған қандай әрекеттерді жүзеге асыру керек деп ойлайсың?
- Бүгінгі сабақта сен бұрын білмеген нені үйрендің?

Бұл сұрақтар білім алушының өзін – өзі бағалауының әділдігін анықтауға мүмкіндік береді. Педагог өзін – өзі бағалауды жүзеге асыруда білім алушыға дискрипторларды қолдану, өзін – өзі бағалау нәтижелерін талқылау арқылы өзін – өзі бағалауға көмектеседі.

Оқу үдерісінде бірін – бірі бағалауды жүзеге асыру қалыптастырушы бағалаудың тиімді жүзеге асуына ықпал етеді. Бірін – бірі бағалаудың мақсаты білім алушылардың өз нәтижелерін жақсартуына көмектесу. Бірін – бірі бағалау кері байланысты ұсынып тұрған білім алушыға ғана емес, оны қабылдаушыға да болашақта өз нәтижелерін жақсарту бағыттарын көрсетеді. Бірін – бірі бағалауда бағалау критерийлерін нақтылау маңызды, бұл бағалау білім алушылардың

салыстыру, коммуникация, дәлелдеу, сыни ойлау дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді. Білім алушылардың бірін – бірі бағалауында педагогтің іс-әрекеті сыныптағы мәдениетті сақтау, олардың бірін – бірі бағалаудың мақсатын түсінуін қамтамасыз етуге бағытталады. Педагогке бірін – бірі бағалау үдерісін құрастыру және оны сүйемелдеу мен бірге оның салдарында ескерген орынды. Бірін – бірі бағалауды жүзеге асыруда маңызды фактор білім алушылардың қарым – қатынасын дамыту болып табылады.

Қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыруда жеке, жұптық, топтық бағалауды жүзеге асыру педагогтен кәсіби құзыреттілікті талап етеді. Қалыптастырушы бағалаудың бұл түрлерін қолдану педагог пен білім алушыларға төмендегі мүмкіндіктерге қол жеткізуге ықпал етеді деп ойлаймыз:

Кесте 9 - Қалыптастырушы бағалау түрлері және олардың мүмкіндіктері

Қалыптастырушы бағалауда жұмыс түрлері	Педагог	Білім алушы
1	2	3
Жеке (Өзін – өзі бағалау)	Жеке жұмысты жүйелі бақылау; Жеке жұмыс нәтижесін білім алушылар мен талқылау; Білім алушылардың қажеттіліктері, мүмкіндіктерін анықтап, жоспар қуру.	Өз оқу әрекетінің нәтижесін түсіну; Қолға келтірілген нәтиже үшін жауапкершілікті сезіну; Өз білімінің «құрастырушысы» болу.
Жұптық (Бірін- бірі бағалау)	Жұптың ішкі жұмысын, жұптың бір- бірімен жасаған жұмысын бағалайды; Білім алушылар арасында	Тиімді қарым – қатынас жасауға үйренеді; Өзі және серіктесінің жұмысы үшін
	серіктестік орнатады; Білім алушылардың рухани- адамгершілік құндылықтарын дамытады.	жауапкершілікті сезінеді.
Топтық (Топтардың бір – бірін бағалауы)	Барлық білім алушылардың жұмысын бақылап, талдайды; Көмекті қажет ететін білім алушылардың нәтижесін бағыттаушы сұрақтар мен тапсырмалар арқылы жақсартады.	Критериялар негізінде тез нәтижеге жету; Әлеуметтік ортаға бейімделу; Қоғамда өмір сүруге дағдыланады.

Педагогтердің бағалау іс-әрекеті мәселесіне арналған ғылыми мақалалар, мұғалімдер, тренерлерге арналған нұсқаулықтарда берілген тәжірибелік ақпараттарды талдау негізінде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыруда педагогтің бағалау іс - әрекетінің негіздерін Блум таксономиясы яғни танымдық деңгейлер негізінде төмендегідей саралап, топтастыру қажет деп санаймыз:

Кесте 10 - Блумның танымдық деңгейлері негізінде педагогтің бағалау іс – әрекетінің негіздері

Педагогтің бағалау іс - әрекеті Блумның танымдық деңгейлері негізінде	
1	2
Бағалауды жүзеге асыруда педагог біледі	1.Білім беру стандарттарының мақсат, міндеттерін,оқытудан күтілетін нәтижелерді; 2.Білім беру саласында мемлекеттік деңгейде қабылданған заңнамалар мазмұнын; 3. Оқыту бағдарламаларын; 4.ҚМЖ,ОМЖ құрастыруды; 5.Оқу жетістіктерін критериалды бағалауды жүзеге асыру бойынша нұсқаулықтар мазмұнын.
Бағалауды жүзеге асыруда педагог түсінеді	1.Критериалды бағалаудың мәні, мазмұны, құрылымы,принциптерін; 2.Қалыптастырушы және жиынтық бағалауды не үшін жүргізу қажеттілігін; 3.Күтілетін нәтиженің мақсатқа тәуелділігін.
Бағалауды жүзеге асыруда педагог қолданады	1.Оқу мақсаты негізінде сабақ мақсатын құрастыру; 2.Сабақ мақсаты негізінде критерийді анықтау; 3.Критерий негізінде тапсырма құрастыру; 4.Тапсырмалар негізінде дескриптор құрастыру; 5.Қалыптастырушы бағалау әдістерін; 6.Деңгейлік тапсырмаларды.
Бағалауды жүзеге асыруда педагог талдайды	1.Білім алушылардың жетістік деңгейлерін; 2.Жетістік туралы ақпарат негізінде кемшіліктер мен жетістіктерді; 3.Білім алушылардың психологиялық мүмкіндіктерін; 4.Жеке,жұптық, топтық жұмыс кезінде әр бір білім алушының іс - әрекетін.
Бағалауды жүзеге асыруда педагог топтастырады	1.Кері байланыс арқылы білім алушылардың жетістік деңгейлері туралы ақпарат жинайды. 2.Қолданылған әдістердің тиімділігін анықтайды. 3.Әр бір білім алушының жеке жетістіктерін анықтайды. 4.Алынған ақпарат негізінде жаңа жоспар құрастырады
Бағалауды жүзеге асыруда педагог бағалайды	1.Білім алушылардың жетістікке жетуін қамтамасыз ету үшін қандай амал, әрекеттерді қолдану қажеттігін анықтайды. 2.Білім алушыларға , ата – аналарға нақты аргументтер арқылы білім алушы жетістігі туралы ақпарат береді. 3.Өз жұмысына рефлексия жасайды 4.Оқу бағдарламаларында көрсетілген мақсаттардың орындалғандығын нақты дәлелдер арқылы анықтайды,болашаққа болжам құрады.

Оқыту үдерісінің интегративтілік түске ие болуына байланысты педагогтің бағалау іс -әрекеті үдеріс субъекттерін , тұтас оқыту процессін байланыстырушы болып табылады.Педагогтің бағлау іс-әрекетінің мотивациялық және қалыптастырушы қызметі білім алушының тұлғалық ерекшеліктеріне және оның эмоционалды - құндылықты, әлеуметтік- тұлғалық дамуына әсер етеді[198;256]

Біз педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекеті аясындағы ақпараттарды саралап, талдау нәтижесінде қалыптастырушы бағалаудың білім алушының психологиялық ахуалын жақсарту және денсаулығын сақтау құралы ретінде төмендегі мүмкіндіктерді беретінін айқындадық:

- Еркін көз қарас қалыптасады;
- Рухани – адамгершілік құндылықтары дамиді;
- Диалогтік мәдениеті қалыптасады;
- Өзін – өзі дамыту дағдысы қалыптасады;
- Толеранттық қарым – қатынасы қалыптасады;
- Сыни ойлау дағдылары қалыптасады.

Қалыптастырушы бағалау педагогтің бағалау іс - әрекетін қалай өзгертеді:

- Бағалауда білім алушы пікірі мен санасуды үйренеді;
- Тыңдау мәдениеті қалыптасады;
- Білім алушының психологиялық ахуалын жақсарту, қадағалау қабілеті дамиді;

- Денсаулықты сақтауға көңіл бөледі;
- Бағалауда субъективтілік ұстанымына бағынуды үйренеді;
- Тьюторлық, фасилитаторлық қабілеттері дамиді.

Қорыта айтқанда, қалыптастырушы бағалау – білім алушылардың әлеуметтік дағдыларын, тұлғалық ерекшеліктерін, құндылықты бағдарларын, оқуға деген ынтасын дамытуға мүмкіндік беретін, педагог пен білім алушының денсаулығын сақтауға ықпал ететін критериялды бағалаудың негізгі түрі.

Қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыруда педагогтің ұйымдастырушылық, жобалаушылық және коммуникативтік дағдыларының жоғары деңгейде болуы маңызды деп санаймыз.

Ұйымдастырушылық қабілет тұлға құрылымының бір элементі болып, жағдаяттың ерекшеліктеріне байланысты білімді шығармашылық пен қолданып, әлеуеттің байқалуына және белсенді түрде ашылуына, социомәдени тәжірибенің дамуына әсер етеді. Педагогтің бойында ұйымдастырушылық қабілеттің болуы оқыту үдерісінің тиімді жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Педагогтің ұйымдастырушылық қабілеті оның ұйымдастырушылық іс - әрекетті оқыту үдерісінде жүзеге асыра білуі, қарым – қатынас жасай алуы, жеке тұлғаға немесе ұжымға әсер ете білуі, өзін – өзі дамыту, өз алдына білім алуы, өзін – өзі тәрбиелей алуында көрініс табады.

Педагогтің ұйымдастырушылық біліктерін төмендегі іс-әрекеттер құрайды деп санаймыз:

- Оқу – тәрбие үдерісін жүзеге асыру білігі;
- Оқу – тәрбие үдерісін жобалай алу;
- Білім алушылардың мотивациясын қалыптастыру;
- Білім алушылардың өзін – өзі басқаруын ұйымдастыру;

Оқу үдерісінде бағалау іс - әрекетін ұйымдастыру үшін педагогқа қажетті ұйымдастырушылық біліктерді:

- Оқыту үдерісін жобалай алу;

- Қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыруды ұйымдастыру;
- Білім алушылардың өзін – өзі, жұпта және топтық бағалауын ұйымдастыру қабілеті;
- Инновациялық әдіс – тәсілдерді бағалау барысында тиімді жүзеге асыра білу құрайды.

Біздің ғылыми жұмысымыздың міндеттерін жүзеге асыру мақсатында талданған ғылыми әдебиеттердегі ақпараттарға сүйене отырып және оларды талдап, синтездеу арқасында біз педагогтің бағалау іс - әрекетінің мақсатын айқындадық.

Критериалды бағалау жүйесін қолдану жағдайында педагогтің *бағалау іс - әрекетінің мақсаты:*

- оқу бағдарламаларындағы оқыту мақсаттарын анықтау;
- оқу мақсаттарын оқытудан күтілетін нәтижелер мен сәйкестендіру;
- сабақтың мақсатын айқындау;
- бағалау критерийлерін құрастыру;
- күтілетін нәтижелер негізінде сараланған тапсырмаларды дайындау;
- дескрипторлар құрастыру;
- тиімді кері байланыс жүргізу арқылы білім алушылардың оқу
- жетістіктері деңгейлерін анықтау;
- білім алушының жетістікке жетуін қамтамасыз ету болып саналады.

Бағалау критерийі – білім алушының оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын белгі.

Дескриптор – тапсырмаларды орындау кезіндегі әрекетті көрсететін сипаттама.

Кері байланыс – белгілі бір оқиға немесе әрекетке жауап беру, үн қату, пікір білдіру.

Критериалды бағалау келесі принциптер негізінде жүзеге асырылады:

- *Оқыту мен бағалаудың өз ара байланысы.* Бағалау оқытудың ажырамас бөлігі ретінде оқу бағдарламалары мақаттары және күтілетін нәтижелер мен байланысты.

Демек, нені оқытамыз? қалай оқыту керек? білім алушылардың қажеттіліктері қандай? нәтижеге жетуде білім алушыға қалай көмектесеміз деген сұрақтарға жауап іздеуді тәжірибеде бағалау арқылы жүзеге асыру қажет.

- *Шынайылық, нақтылық, валидтілік яки сенімділік.*

Валидтілік – (ағылшын тілінде - validity) — әдістер мен зерттеу нәтижелерінің қойылған міндеттерге сәйкестігін анықтау өлшемі.

Бағалау нақты және сенімді ақпарат береді. Педагог тарапынан қолданылып отырған критерийлер мен құралдар оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелерге жетудегі жетістіктерді бағалайды деген сенімділік. Объективтілік, нақтылық, сенімділік кешенді түрде бағалау сапасын анықтайды. Бағалаудағы сенімділік педагог нені өлшейді? бағалауды қаншалықты дұрыс жүргізіп жатыр? - деген сұрақтардың мазмұнын құрайды.

- Бұл принципті жүзеге асыру төмендегі қадамдарды жүзеге асыруды талап етеді:

- Нақты нені бағалау керектігін түсіну және анықтау;
- Бағалау критерийлерін құрастыру және түсіндіру;
- тапсырмаларды құрастыру және оларды орындаудың жолдарын жоспарлау.

- *Ашықтық және қолжетімділік.*

Бағалау оқу үдерісіне барлық білім алушылардың жұмылдырылуын қамтамасыз етіп, барлық қатысушылардың жауапкершілігін нығайту мақсатында түсінікті және ашық ақпарат ұсынады. Бұл принцип бағалау үдерісіндегі бағалау мақсаты мен процедураларының түсінікті болуын, нұсқаулардың нақты және анық болуын, нәтиженің тиімді және қолжетімді болуын қамтамасыз етеді. Бағалау үдерісінде бағаның мақсатқа сәйкес, дұрыс екендігіне болған сенімсіздік болмауы қажет. Бұл өз кезегінде оқу үдерісі қатысушыларының арасында қарым – қатынас пен сенімділіктің пайда болуына ықпал етіп, олардың қызығушылығын арттырып, оқыту нәтижелеріне оң әсер етеді.

- *Үздіксіздік.*

Бағалау білім алушылардың оқудағы жетістіктері деңгейін дер кезінде және жүйелі күзетуге мүмкіндік беретін үздіксіз үдеріс. Бағалау үдерісінің үздіксіздігі қалыптастырушы бағалау арқылы, жиынтық бағалаудың кестесін құру арқылы және баллдарды қою механизмін қолдану арқылы жүзеге асады. Бағалау үдерісіндегі бұл әрекеттер процедуралар арасындағы байланыс шарттарын анықтап, бағалаудың бірінғай жүйесін қуруға мүмкіндік береді.

- *Дамытуға бағыттылық.*

Бағалау білім беру саласының, мектептің, мұғалімдердің және білім алушылардың даму бағыттарын анықтап, оған бастамашылық етеді. Білім алушының білім және дағдылары бойынша ақпарат жинап, оны талдауға негізделген бағалау, білім беру үдерісін дамытудың болашақтағы бағыттарын анықтап, дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

А.Әлімов өзінің «Интербелсенді әдістемені ЖОО - да қолдану» атты еңбегінде профессор Дайана Хесс ұсынған бағалаудың 6 қағидасын атап көрсетеді:

- *Маңыздылық* – Бағалау үшін пәннің ең маңызды, бағалауға тұрарлық күтілетін нәтижелерін таңдап алу қажет, өйткені бағалауға уақыт, күш және басқада ресурстар шығындалады. Бағалау үшін нәтиже маңызды болуы қажет.

- *Дәлдік (Адекваттық)* – Білім алушылардың қажетті білім, білік, дағдылар, құндылықтарды қандай деңгейде меңгергендігін көрсетуге мүмкіндік беретін бағалаудың дәл құралын таңдап алу қажет.

- *Объективтік (Дәлелділік)* - көп уақытта бақылау жұмысының нәтижелерін бағалау субъективтік процесс. Объективтікке бағалаудың нақты талаптарын және критерийлерін таңдау арқылы жетуге болады.

- *Оқудың ажырамас бөлігі* – Бағалау оқытудың ажырамас бір бөлігіне айналуы қажет. Педагог тек өзі үйреткен нәрсені ғана бағалауы керек.

- *Жариялылық* – Бағалаудың түрлері мен тәсілдері білім алушыларға алдын – ала жариялануы керек. Баға жария түрінде қойылып, білім алушылар өздерінің

қандай білімдері және олардың қалайша бағаланатындығын білуі керек. Бағалау критерийлері мен тәсілдерін белгілеуге білім алушылардың өздерінде қатыстыру керек.

- *Қарапайымдылық* – бағалау үдерісі мен оның формалары қолданыста қарапайым және ыңғайлы болуы керек. Бағалау талаптарын оқыту процесіне біртіндеп, оқушылардың бағалау құралдарын игеру деңгейіне байланысты енгізуге болады.

Заманауи білім беруде педагогтің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетіне болған пікірлердің бір келкі еместігіне қарамай, барлық ғылыми зерттеу жұмыстарында баға және бағалаушылық іс - әрекет үдерісінің негізгі компоненттері ретінде келесілерді анықтауға болады:

1. Оқыту мақсаттарын айқындау.

2. Мақсатқа жетуді анықтайтын бақылау тапсырмаларын таңдау.

3. Тексеру нәтижелерінің көрінісі ретінде белгі немесе басқа құралдарды пайдалану.

Бұл компоненттер бір – бірі мен байланысты және кейінгісі алдыңқысы мен байланысты түрде жүзеге асады.

Педагогтің бағалау іс - әрекеті – мұғалімнің кәсіби біліктілігіндегі ең маңызды іс - әрекет. Бағалау іс - әрекетінсіз білім беру үдерісін жүргізу, нәтижеге түзету енгізу, білім алушылардың оқудағы жетістік деңгейлерін анықтау мүмкін емес. Бағалау іс - әрекеті тұлғаның көз қарастары, қоғамның талаптары негізінде толықтырылып, өзіндік тарихи даму кезеңдерін қалыптастырады.

Е.Г Матвиевская бағалау іс - әрекетенің тарихи даму кезеңдерін:

- Қоғамда кемел адам туралы түсініктің қалыптасуы (бұл бағалау пәнінде көрініс табады);

- бағалау іс-әрекетін ұйымдастыру кезеңдері (бағалау формалары мен әдістерінде көрініс табады);

- негізгі ғылыми – тәжірибелік шығармашылық бағыт – критерийлері негізінде келесі төрт кезеңге бөледі:

1- *Синкретико эмпирикалық кезең* (көне замандардан III ғ дейін) – бұл кезең педагогтің бағалау іс - әрекетінің қалыптасу кезеңі. Бағалаудың бірінші нысаны ретінде адамның зияткерлік қабілеттері алынды.

2- *Дидактикалық- діни кезең* (III- XVII ғ). III ғасырда христиан дінінің пайда болуы педагогтің бағалау іс-әрекетін қайта қарауға түрткі болды. Ортағасырлық Европада қолөнершілерді оқытатын зайырлы мектептердің пайда болуы бағалау іс-әрекетінде бағалау мен бақылау элементтерінің негізге алынуына алып келді. Бұл мектептерде кіші оқушыларға үлкендер және шеберлер көмектесті, бұл тьюторлықтың және бірін – бірі бақылау, өз алдына жұмыс жасауға үйретудың бастамасы болды.

3- *Бағалау теориясының пайда болуы* (XVII – XX ғ бірінші кезеңі) бұл кезең оқу үдерісінің, тәрбиелеудің, бағалаудың ғылыми негіздерінің құрылуы, жаңа дидактикалық түсініктердің енгізілуі, гуманистік идеяның дамуы және педагогтің бағалау іс - әрекетінің кемелденуі мен ерекшеленеді.

Я.А Коменскийдің «Великая дидактика» еңбегінде алғашқы рет оқушыларды интеллект, жұмыс жасау темпі және ынтасы негізінде типтерге бөлу бағалау іс - әрекетінің пәнін анықтады. Я.А Коменский баланы бағалауда, бақылауда, ынталандыруда әр бірінің тұлғалық ерекшеліктері ескерілуі керектігін айтып өтті. XVIII – XIX ғғ Батыс Еуропа мен Россияда диагностикалық идеялар спектрі байытылды. Біртіндеп, бағалау іс - әрекетінің пәні ретінде базалық білім, жеке пікірін тұжырымдау, авторлар позицияларын салыстыру, жеке қабілеттер (Д.Локк), тұлғаның мүмкіндіктері мен ерекшеліктері, мотивациясы (Ж-Ж Руссо), талдау, топтастыру біліктері (И.Гербарт), жеке даму деңгейі (А.Дистерверг) қарастырылды.

4- XX ғасырдың 90 жылдардың аяғы XXІғ басы бағалау теориясы мен өміс теориясының қалыптасуы бағалау іс-әрекетін кемелдендіру педагогикалық зерттеулердің көкейкесті мәселесіне айналды. Ғалымдар тарапынан білім беру жүйесін гуманистік принциптер негізінде реформалаудың философиялық, психологиялық – педагогикалық тұжырымдары (Ш.А Амонашвили, М.В Богуславский, М.В Кларин, Н.В Селезнев, А.В Хуторская, Б.Д Эльконин, И.С Якиманская) ұсынылды [199;50-566].

Матвиевская тарапынан анықталған бағалау кезеңдері негізінде біз Қазақстандық білім берудің даму тарихында бағалау іс-әрекетінің қалыптасу кезеңдерін төмендегідей құрастыру орынды деп санаймыз:

Кесте 11 - Қазақстандық бағалау іс – әрекетінің тарихи қалыптасу кезеңдері

Бағалау іс – әрекеті кезеңдері	Сипаттамасы
1	2
Бастауыш діни білім кезеңі (VIII-XII ғғ).	Бұл ғасырларда мұсылманша бастауыш білім беру орындары мен медреселер, діни білім беретін орындар жұмыс жасаған. Бұл медреселерде молдалар ұстаздық етіп, білімнің негізі тек құрандағы араб тіліндегі мәтіндерді жатқа білу, араб әріптері мен сөздерді жаттау ретінде жүргізілген. Шәкірттерді бағалау олардың есте сақтау қабілеттерін анықтау, дауыстық ерекшеліктерін айқындау мен шектелген. Бағалаудың басты мақсаты мұсылмандық жолында қызмет ететін, шариғат заңдарын білетін, құранды жатқа айта алатын шәкірт дайындау болған.
Зайырлы білім кезеңі (XII – XVIII ғасырдың соңғы жылдары)	Бұл ғасырлар діни білімнің зайырлы білім мен бірге жүргізілуі мен ерекшеленеді. Діни білім болғаны мен медреселер дін жолын уағыздайтын пәндер мен бірге заңтану, тарих, құқық, философия, математика, риторика, астрономия, медицина қатарлы зайырлы пәндерінде оқытуға көшті. Бұл медреселерде тәлім алушылардың адамға өмір сүруге қажетті сол дәуірдің негізгі қажеттіліктері саналатын өзін – өзі қорғау, көсемдік, логикалық ойлау, танымдық қабілеттері бағаланды. Абу Наср Әл Фараби философиялық ойлары, Абай Құнанбаевтың ілім- білім алуға болған үндеулері бұл дәуірдің діни бағытқа қосымша зайырлы білімге болған қызығушылықтың оянуы және зайырлы пәндерді оқу үдерісіне енгізу мен ерекшеленеді.

11 – кестенің жалғасы

Орыс – қазақ мектептері аясында бағалау теориясының қалыптасуы (XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасыр).	Бұл ғасырлар арасында ұлттық ерекшеліктерді сақтауға деген бетбұрыс қалыптасты. Бұл ғасырларда білім алушылардың тілді меңгеруі, пәндік білімдері, отан идеяларын жүзеге асыруға болған көз қарасы бағаланды. Діни оқу орындарының басты қызметінің бірі жастардың бойына әдептілік өнегесі мен адамгершілік қасиеттерді дарыту болды. Медреселерде орыс тілі негіздері үйретілді. Бұл дәуірде Ы.Алтынсаринның қазақи білім беруді дамытуға қосқан үлесі орасан. Ы.Алтынсарин тарапынан құрылған мектептерде ғылыми білімге болған басымдылық жоғары болды. А.Байтұрсынов тарапынан бірінші қазақ әліпбиінің құрастырылуы ұлттық білімнің іргесі қаланып, білім алушылардың білімін дамытуға болған бетбұрыс орын алды.
Кеңестік бағалау теориясының даму кезеңі (XIX - XX ғасырлар).	Бұл дәуір Қазақстандағы мектептердің қалыптасып, сапалы білім беруге көшуімен ерекшеленеді. Үздіксіз білім беруді жүзеге асыру мақсатында мектептік білім, арнайы орта білім, жоғары білім жүйелері қалыптасты. Білім сапасы Кеңес дәуірінің қалыптасқан бағалау жүйесі негізінде анықталды. Білім алушылардың білімінің тереңдігі, ойлау дағдылары бағаланды. Білім беруде гуманистік идеялар негіздері, тұлғаны дамытуға бағдарланған тұжырымдар пайда болды. Кеңестік білім жүйесінен бөлініп, ұлттық ерекшеліктерге негізделген мектептік білім беру жүйесін құруға болған ұмтылыс оянды.
Тәуелсіз ой кезеңі (XXI ғасыр).	Тәуелсіздіктің бастапқы жылдары Қазақстандық білім беру жүйесінің дамуы патриоттық тәрбие идеологиясы негізінде жүзеге асты. Жаңа ғасыр тұлғасын қалыптастыру мақсатында қазақстандық білім беру жүйесінде Кеңес дәуірінен қалған қалыптасқан 5 баллдық бағалау жүйесі өзгертілді. Құзыреттілікке бағдарланған жаңаланған білім мазмұны аясында критериалды бағалау жүйесі қолданысқа енді. Білім алушылардың өзін – өзі бағалау, өзін – өзі дамыту, жетістікке ұмтылу, сыни ойлау дағдыларын дамыту, өз ойын еркін жеткізе білу, аргументтер арқылы көз қарасын дәлелдей білу қабілеттері бағаланатын болды. Рухани жаңғыру бағдарламалық мақаласы аясында білім беру жаһандық тәжірибелерге негізделіп, ұлттық болмыстың ерекшеліктерін кіріктіру арқылы даму бағытына көшті.

Әдебиеттерді талдау барысында бағалау түсінігінің мазмұнының бір келкі емес екендігін байқадық, бағалау ақпаратты жинақтау, талдау жасау, оны белгілі бір эталон мен салыстыруды өз ішіне алады. Бағалау түсінігі іс-әрекет, үдеріс ретінде, әрекет ретінде, әлеуметтік біліктер жиынтығы ретінде анықталады.

Бағалау – құндылықтар негізіндегі шешім, пікір, білім алушылардың бағдарлама бойынша білімдерінің деңгейін және сапасын анықтау мақсатында іс - әрекеттің жүзеге асуы және нәтижесін эталон мен сәйкестендіру үдерісі [200;28].

Н.Ю Волковинская педагогтің бағалау іс - әрекетін зияткерлік әрекет деп түсіндіріп, бағалау іс-әрекетінің құрылымында жоспарлау, бағалау, баға қатарлы

үш компонентті анықтап көрсетеді. Бағалау өлшем нысанын эталон мен бағалау негізі мен сәйкестендіру, нәтиже шығару деп ұйғарады [201;206].

Педагогтердің ішінде бағалау іс-әрекетінде жеке және әлеуметтік эталондарға сүйенетін педагогтер болады.Әлеуметтік нормативтік бағыт әлеуметтік нормалар, бағалау критерийлері ретінде қабылданған эталондар.

Бағалау салыстыру арқылы (педагог бір оқушының әрекетін және оның нәтижесін негізге алып, басқалардың нәтижесін салыстырады), және нормативтік (баланың жеке нәтижесі жалпы стандарт негізінде эталонға сәйкес) түрде жүзеге асады.Бұл жерде білім алушының тек бар білімі мен біліктері бағаланады.Білім алушының талпынысы, жеке ерекшеліктері назардан тыс қалады, сондай- ақ, оның ішкі көңіл күйі, оқудағы әрекетінің рационалдығы есепке алынбайды.

Жеке нормативтік бағытты ұстанатын педагогтер әр бір білім алушы үшін өзіндік эталондарды қолданады.Білім алушының оқу барысындағы нәтижесі оның бұрынғы нәтижелерімен салыстырылып оның зияткерлік дамуының динамикасы анықталады.Бұл жағдайда педагог қолданатын негізгі критерий: жеке және тұлғалық.Педагог білім алушының алға ұмтылуындағы әр бір қадамын ынталандырып, мадақтап, оған кедергі болып тұрған немесе оның жетістігіне түрткі болған себептерге талдау жасайды.Білім алушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттері ескеріледі [202;440-4416].

В.А. Дегальцева педагогтің жеке бағалау жүйесінің төмендегі қызметтерін атап көрсетеді:

Гносеологиялық қызмет – білім беру үдерісін жобалау нысаны ретінде қабылдауға; бағалау іс - әрекетін жүзеге асыру мақсатында белгілі бір технологияны үйренуге; заманауи педагогика, психологияның, оқыту әдістемесінің негізгі идеяларын жете түсінуге; педагогтің өзін – өзі тұлға және маман ретінде тануына, өзінің жеке - психологиялық ерекшеліктерін кәсіби – педагогикалық іс - әрекеттегі өз әлуетін сезінуге бағытталған.

Гуманистік қызмет – құзыреттілікке бағдарланған білім берудің гуманистік принциптерін бағалау іс-әрекеті аясында жүзеге асыру,тұлғалық – дамытушылық білім беру ортасын құруда жеке бағалау жүйесінің тиімділігін сезіну.

Жобалаушылық қызмет – педагог тарапынан пән аясында білім алушының жетістігін анықтауда білім беру міндеттерін жүзеге асыруға қолайлы педагогикалық, әдістемелік тәсілдердің бағалау іс-әрекетінің мазмұны, формасы, әдістерінің талдануы.

Нормативтік қызмет – білім беру стандарттарын мақсатты жүзеге асыруда белгілі талаптар жеке бағалау жүйесін қуру тәртіптері,нақты бағалау технологияларын қуру және жүзеге асыру бағалау және бақылаудың жалпы қабылданған нормаларын сақтау.

Рефлексивтік қызмет – білім алушының оқу іс-әрекетінен алынған нәтижелерді талдау арқылы өзінің педагогикалық іс - әрекетінің тиімділігін түсіну; өз қабілеттерін бағалап,қателіктерін мойындап, оны түзету жолдарын іздеу,рефлексивтік қабілеттерін дамытуға жағдай жасау [203;426].

Бағалау жүйесі оқу үдерісінің негізін құрайтын оқудағы проблемалар, кері байланысты жүзеге асыруды диагностикалайтын негізгі құрал болып саналады. Бағалау жүйесі білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалаудың маңызды құралы ретінде оқыту үдерісін кемелдендіру мақсатында объективті және тиімді болуы қажет. Заманауи білім беруде білім алушылардың оқудағы нәтижелерін критериалды бағдарланған амал негізінде бағалау көкейкесті саналады. Критериалды амалды қолдану білім алушылардың жетістіктерін бағалауда объективтілік және нақтылықтың болуына ықпал етеді. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау оқу үдерісінің барлық қатысушыларына оқу нәтижелері мен өлшемді критерийлерді анық көруге мүмкіндік беретін кері байланысты жүзеге асыруға көмектеседі. Бағалау жүйесінің тиімділігі ол білім алушы, педагог, ата – ана арасында білім беру үдерісіндегі жетістіктер туралы ақпарат алуда бақылаушы – диагностикалық байланыс орнатады. Бағалау жүйесі білім беру үдерісінің сапасын анықтауда, оқытудағы кедергілерді анықтауда, жетістіктерді өлшеуде негізгі құрал болып, ол білім мазмұны мен күтілетін нәтижелерді бағалау формаларын жақсарту бойынша жаңа стратегияларды дәл кезінде анықтап, қолдануға мүмкіндік береді. Критериалды бағалау жүйесінің бір неше қызметін бөліп көрсетуге болады.

- *Нормативтік қызмет* – бекітілген мемлекеттік стандарт бойынша білім алушылардың жетістіктерін белгілейді, педагог жұмысының сапасын, мектептегі сыныптардың дайындық деңгейін, білім алушылардың үлгерімін қадағалайды;

- *Ақпаратты – диагностикалық қызмет* – оқу үдерісінің барлық қатысушылары арасында мазмұнды байланысты, білім алушылардың мазмұнды және эмоционалды рефлексиясын қамтамасыз етеді.

Бағалау жүйесі әр бір нақты білім алушының жетістіктерін көруге мүмкіндік береді. Бычик С.А өз зерттеуінде педагогтің бағалау іс-әрекетінің диагностикалық, білім берушілік, дамытушылық, тәрбиелеушілік, әдістемелік қызметтерін атап көрсетеді.


Диагностикалық қызмет- оқу әрекетін бағалау және нәтижесін анықтауға емес, білім және тәрбие беру үдерісін жақсарту жолдарын айқындауға көмектеседі.

Білім берушілік қызмет - бұрын алған білім мен жаңа білімнің бір - бірін толықтыруына ықпал етіп, оқу әрекетін дұрыс жолға қоюға көмектеседі.

Дамытушылық қызмет - бар білімді жүйелеп, салыстырып, қорытынды шығарып жады, ой, зейіннің қалыптасуына ықпал етеді.

Тәрбиелеушілік қызмет - білім алушының өз ісіне жауапкершілік пен карауына, үздіксіз белсенді оқу әрекетін жүзеге асыруын қамтамасыз етеді. Бағалау іс - әрекетінің әдістемелік қызметі білім алушының күшті және әлсіз тұстарын анықтауға мүмкіндік береді [204; 6 55].

М.И Томилованың ғылыми жұмысында Амонашвилидің еңбегі негізінде педагогикалық баға қызметтерінің төмендегі түрлері көрсетілген:



Сурет 12 - Педагогикалық баға қызметтері

Ескерту - Дереккөз [205;406]

Біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты негізінде біз В.А Дегальцеваның педагогтің бағалау іс - әрекетінің қызметтерін жүйелеу бойынша ойы мен және Томилованың атап көрсеткен педагогикалық баға қызметтері мен келісеміз.

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалауда әр бір тұлғаның жеке мүмкіндіктері мен қабілеттері ескерілуі қажет. Педагогтің бағалау іс - әрекетінде нормативтік және тұлғалық амалдар бірін – бірі толықтырып келгенде ғана педагогтің жетістігі мен оның қателіктері айқындалады. Тұлғаның жетістіктері оқу үдерісінде оның жүзеге асырған іс-әрекеттері негізінде бағаланады. Білім алушы педагогтің оны ынталандыруы барысында өз мүмкіндіктерінің деңгейін анықтап, жетістікке жету жолдарын анықтайды. Педагогтің бағалау іс-әрекеті білім беру үдерісі субъекттерінің бағалаушылық пікірін қалыптастыруға мүмкіндік беретін іс-әрекет. Білім алушы үшін педагогикалық баға ақпараттандыру құралы ғана емес, ынталандырушы құрал болып саналады.

Педагогтердің бағалау іс-әрекетінің негізі оқыту мақсаттарын, жетістікке жету құралдарын анықтау, педагогикалық стратегияларды айқындау. Педагогтің мақсатқа жету үшін қолданған ресурстары білім алушының жетістікке жетуге болған ынтасын оятады.

Педагогтің бағалау іс - әрекеті төмендегі төрт міндетті жүзеге асыруды көздейді:

- Оқыту мақсаттарын құрастыру;
- Оқыту мақсатына жету жолдарын құрастыру;
- Педагогикалық қарым – қатынасты түзету;
- Ақпарат беру және ынталандыру.

Анықталған пікірлер білім беру үдерісінде педагогтің бағалау іс - әрекеті нақты және нормативтік нәтижелерді сәйкестендіру арқылы білім алушының жетістігін бағалауғана емес,өзінің жеке педагогикалық іс - әрекеттерін бағалау мен ұштасады.Білім беру үдерісінде педагогтің бағалау іс - әрекетінің жүзеге асуы оның кәсіби біліктеріне байланысты.Педагогтің кәсіби біліктілігі – білім беру және тәрбиелеуде тиімді кәсіби шешім қабылдауға мүмкіндік беретін педагогтің кәсіби іс-әрекеті мен оның психологиялық дайындығы.

Педагогтің кәсіби дәрежесі педагогикалық іс – әрекеттің түрлерін (оқыту, дамыту, тәрбиелеу, диагностика жүргізу, түзету, өз білімін жетілдіру) жоғары нәтижелілік пен орындау; педагогикалық үдерістің басқа қатысушыларымен серіктестік орнатуға,адамгершілікке бағытталған қарым – қатынас жасау (білім алушылармен, әріптестермен, мектеп әкімшілігімен); адамгершілікке бағытталған қарым – қатынас және педагогикалық әрекеттің жоғары нәтижелілігі үшін маңызды болған қабілеттерін көрсететін педагогтің тұлғалық жетілуін өз ішіне алады [206;220 б].

Г.Ю Ксензова педагогтің бағалау іс - әрекеті :

- *жоспарлы және жүйелі* оқу – тәрбие үдерісінің жоспарланған қадамдарына сәйкес жүзеге асуы қажет;

- *Объективті* және білім алушылардың оқу әрекетінің жетістіктері мен кемшіліктерін нақты бағалау, білім алушылардың білім және біліктерді игеру дәрежесін дұрыс анықтап, субъективтік бағалаушылық пікірді жою;

- *Жан – жақты* білім алушылардың ақпаратты игеру дәрежесін нақты,тек пәндік білімін ғана емес, арнайы білік , дағдыларды игеруін қадағалау;

- *Жеке* – білім және біліктерді игеру жеке үдеріс болғандықтан әр бір білім алушы білім және біліктерді өздерінің психофизиологиялық қабілеттеріне сәйкес игереді;

- *үнемді*- педагог және білім алушының бақылау жұмыстарын талдап, бағалау аз уақыттың ішінде жүзеге асуы қажет – деп санайды[207;466]

Оқыту үдерісінде педагогтің бағалау іс - әрекеті мақсатты түрде және жүйелі жүзеге асырылғанда білім алушылардың жетістікке жетуі нәтижелі болады және оқытудың сапасы жақсарады.

Педагогтің бағалау іс – әрекетінің белгілі бір принциптер негізінде жүзеге асуы орынды.Бағалау іс – әрекетінің нақты принциптер негізінде жүзеге асуы оқыту үдерісін тиімді етеді және бағалауды тиімді ұйымдастыруға негіз болады.

Г.А Цукерман бағасыз бағалаудың принциптерін төмендегідей талдайды:

- оқушының өзін – өзі бағалауы мұғалімнің бағасынан бұрын жүзеге асуы қажет.

- Оқушылардың өзін – өзі бағалауы біртіндеп саралануы қажет.

- Балалар тарапынан бағалау үшін көрсетілген оқушы жетістіктері ғана бағалануы керек, бағалау «қосымшалау, алып тастамау» тәртібіне сүйенеді.

- Бағалау және өзін – өзі бағалау мазмұны өзін – өзі бақылау біліктерінен ажыратылмауы қажет.

- Оқушылар бақылау тапсырмаларының қиындығын, ұйтапсырмаларының көлемі мен қиындықтарын өз алдына таңдау құқығына ие болуы керек.

- Ең алдымен оқушының өздеріне байланысты оқу жетістіктерінің динамикасы бағалануы қажет.

- Оқушылардың сыныпта және үйде қалыптасатын білмеушілікке, күмәндануға құқығы болуы керек.

- Оқушыларды қорытынды аттестациялау үшін бағаның жинақтау жүйесі қолданылуы керек,- деген пікірді алға сүреді.

Педагогтің оқу сапасын арттырудағы ең басты мақсаты оқыту үдерісінде критериалды бағалауды тиімді жүзеге асыру болып табылады. Білім алушылардың оқу процессіндегі іс – әрекетіне қойылатын негізгі талап, оқу, ойлау, шығармашылық ойлау, сыни ойлау дағдыларының қалыптасуына ықпал ететін оқу тапсырмаларын белсенді орындау болып табылады [208;36].

Е.В. Иващенко оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың принциптерін төмендегідей анықтап көрсетеді:

- *Ізгілік.* Оқушы мен педагогтің бағалау және өзін – өзі бағалау критерийлерін таңдаудағы еркіндік құқығын қабылдау. Баланың психикасына зақым келтіретін бағалау формаларынан бас тарту.

- *Критериалдық.* Бақылау және бағалау мазмұны оқушы мен мұғалімнің бірлікте құрастырған критерийлері негізінде құрастырылуы қажет. Критерийлер объективті, анық және бір мәнді болуы керек.

- *Өзін – өзі бағалауға басымдық беру.* Оқушының өзін – өзі бағалауы, бір – бірін бағалауы мұғалімнің бағасынан бұрын жүзеге асуы керек. Өзін – өзі адекватты бағалауға тәрбиелеп үйреткенге дейін мұғалім мен оқушы екеуінің бағалары салыстырылуы қажет.

- *Бағаны бақылау үдерісінің табиғилығы.* Бақылау және бағалау табиғи түрде жүргізіліп, стресс және шиеленістерді азайтуы қажет.

- *Қолжетімділік.* Бағалау формалары оқушылар мен ата – аналарға түсінікті болуы қажет [209;166]

О.П Керрер төмендегі бағалау принциптерін негізгі деп санайды:

Объективтік – баға оқу материалын игерудің (білу, тану, елестету, есте сақтау, түсіну, мәселені шешу) нақты деңгейін көрсетуі қажет;

Жекелік – әр бір оқушының білім деңгейін жеке – жеке бағалау;

Дәлелділік – баға – ынталандырушы және сенімді болуы қажет.

Ашық – жауаптардың бәрі интерпретациялануы қажет [210;1836].

Бағаның дәлдігі және нақтылығы мақсатқа жетуге деген іс-әрекеттің рационалдығын анықтайды. Әмбебап оқу әрекеттері білім алушылардың оқу-танымын кемелдендіру, оларды жан – жақты еңбек және шығармашылық жұмысқа белсенді жұмылдыру, білімін тереңдету, нақтылау мақсатында бағалануы қажет. Баға бағалау нәтижесі ретінде шартты балдар (белгілер), вербальді белгілер (сынақтан өтті, өтпеді), бағалаушылық пікір («жарайсын», «бір аз дайындалуың қажет», «тапсырманы керемет орындадың»), символдық (жұлдыздар, гүлдер, смайликтер) ретінде болуы мүмкін.

Волковинская бағалау іс - әрекетінің белгілерін келесідей көрсетеді:

- Бағалау іс - әрекетін құрылымдық байланыста жоспарлау (бағалау әрекетінің пәнін анықтау, бағалау негізін анықтау т.б.), бағалау (нақты нәтижені

жоспарланған нәтиже мен сәйкестендіру, анықтау), және баға символдық (бағалаушылық пікір формасында бағалау нәтижесін түртіп алу);

- бағалауға білім мен таным негіз болады, анық емес нәрсе бағаланбайды;
- бағалау іс - әрекетінің нысаны – субъекттердің (оқушы, педагог, ата – ана) білім, білік, қабілеттерінде көрініс табатын іс - әрекеті ;

- бағалау іс - әрекетінің пәні нормативтік нәтиже мен сәйкес келетін субъекттің іс - әрекеттерінің нәтижесі;


- Бағалау іс - әрекеті қажеттіліктер, бағалаушы субъекттің мотивтерімен, оның тәжірибесімен т.б жағдаяттық факторлар мен ескеріледі;

- Бағалау іс - әрекеті алгоритм емес, және бағалау іс - әрекеті субъекттерінің жеке ерекшеліктеріне, үдеріске тәуелді.

Зерттеу жұмысымыздың теориялық кезеңінде талданған педагогикалық – психологиялық, философиялық ғылыми еңбектер біздің педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің мақсатын төмендегідей тұжырымдауымызға негіз болды:

Педагогтердің бағалау іс - әрекетінің мақсаты – күтілетін нәтижеге жету үшін оқыту үдерісінде үздіксіз кері байланыс жүргізіп, қиындықтар мен кедергілерді, жетістіктерді анықтау, білім алушылардың психологиялық ахуалының тұрақтылығын қамтамасыз ету, жетістікке жетуіне ықпал ету, білім сапасын арттыру.

Біз педагогтердің бағалау іс – әрекетінің теориялық негіздерін талдай отырып, педагогтердің бағалау іс-әрекетінің құрылымын төмендегідей құрастырдық: (Сурет 13)



Сурет 13 - Педагогтердің бағалау іс – әрекетінің құрылымы

Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетінің қызметі, принциптерін анықтауда, аксиологиялық, акмеологиялық, жүйелілік – іс- әрекеттік, синергетикалық тұғырларға сүйене отырып, біз педагогтің бағалау іс - әрекеті ынталандырушы, дамытушы, диагностикалық, кері байланыс

қызметі, құндылықты бағдарлы, ұйымдастыру, бақылау, түзетуші, прогностикалық қызметтерді атқаратындығын анықтадық.

Ынталандырушы қызмет - үздіксіз кері байланысты қолдану арқылы білім алушылардың жетістікке болған ұмтылысын қалыптастырып, бағалаушылық пікірлер (жарайсың, керемет, жақсы т.б) көмегімен білім алушының психологиялық көңіл – күйіне әсер етіп, жетістікке болған ынтасын оятады.

Дамытушылық қызмет – білім алушылардың оқу үдерісінде өзін – өзі бағалау, серіктесін бағалау, топты бағалау қабілеттерін дамытады. Сараланған тапсырмаларды қолдану арқылы, критерийлерді құрастыру арқылы жетістікке жетуіне көмектеседі.

Диагностикалық қызмет – оқу үдерісінде үздіксіз кері байланыс орнатып, білім алушылардың нақты жетістік деңгейін, құзыреттіліктерін анықтайды.

«Кері байланыс» қызметі – оқу үдерісінде кері байланыс жасау арқылы оқу үдерісі қатысушылары мен байланыс орнатады.

Құндылықты – бағдарлы қызмет – білім алушының топта жұмыс жасау арқылы өз ойын нақты жеткізу, өзгенің пікірін тыңдау, диалог орнату, достық қарым – қатынасты құруды үйрету арқылы рухани - адамгершілік қабілеттерін қалыптастырады.

Ұйымдастырушылық қызмет – оқу үдерісінде қалыптастырушы бағалауды жүзеге асырып, білім алушылардың өзін – өзі бағалау, жұпта бағалау, топтық бағалау әрекетін ұйымдастырады.

Бақылау қызметі – білім алушылардың жетістікке жетуіне ықпал ететін тиімді жолдарды анықтап, бағыт – бағдар береді.

Түзетушілік қызмет – оқу үдерісінде білім алушының оқудағы белсенді әрекетін бағалау арқылы, білім алушының жетістіктерін, қиындықтары, қателіктерін анықтап оларды жаңартылған білім беру стандарты мақсат, міндеттеріне сәйкес түзетеді.

Прогностикалық қызмет – білім алушылардың оқудағы жетістіктерін анықтау арқылы педагог өз еңбегінің нәтижесін анықтап, оны жақсартудың жолдарын анықтайды.

Білім беру стандарттары аясында құрастырылған тұлғаға бағдарланған білім беру бағдарламаларында оқыту мақсаттары оқушы позициясы негізінде құрастырылған. Осыған байланысты, оқушыға бағытталған сабақтың мақсаты мұғалімге білім алушының жетістікке қалай жеткенін анықтауға мүмкіндік берсе, білім алушыға сабақ барысында оның нені үйренуі керектігін айқындап береді.

Педагогтің бағалау іс - әрекеті оқу үдерісін тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін принциптерге негізделеді. Біз өз зерттеу жұмысымызда педагогтің бағалау іс - әрекетін дамытуда төмендегі принциптерді педагогтің бағалау іс - әрекетіндегі негізгі принциптер ретінде анықтадық:

Мақсатқа бағыттылық принципі – оқу үдерісінде педагогтің білім алушылар мен болған қарым – қатынасы білім беру бағдарламаларында анықталған оқу мақсаттары негізінде жүзеге асады. Бағалау үдерісінде педагог оқу бағдарламаларында көрсетілген мақсаттарды жүзеге асыруы қажет.

Объективтілік және әділеттілік принципі – сабақ мақсатына байланысты бағалау критерийлерін нақты құрастыру. Нақты жетістікті ғана бағалау. Бақылау және бағалау мұғалім мен білім алушының бірлікте құрастырған критерийлері негізінде жүргізілуі қажет.

Ізгілендіру принципі – әр бір жеке тұлғаның құндылығы мен бірегейлігін мойындау, оның жас ерекшеліктері, мүмкіндіктеріне сыйластық пен қарау.

Ашықтық – Бағалау критерийлерін білім алушыларға тапсырманы орындамас бұрын жария ету. Бағалау критерийлерін білім алушылар мен бірге құрастыру.

Құндылыққа бағдарлану - бағалау іс - әрекетінде білім беру стандарттарында көрсетілген (қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім алу) базалық құндылықтарды білім алушылар бойында қалыптастыру.

Интегративтілік – бағалау іс - әрекетін оқыту үдерісінің бір бөлігі ретінде қабылдап жүзеге асыру.

Денсаулықты сақтау – бағалауға тек білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай тапсырмаларды құрастыру. Білім алушыларға тапсырмаларды саралау негізінде олардың мүмкіндіктеріне сәйкес бөліп беру. Бағалаушылық пікір бергенде білім алушылардың психологиялық ахуалына назар аударып, жағымды қарым – қатынас алаңын құру.

Тұлғаға бағдарлану принципі – Оқыту үдерісінде білім алушылардың жетістік деңгейлерін бағалауда әр бір тұлғаның жеке мүмкіндіктерін ескеру. Тапсырмаларды саралау тәсілі негізінде құрастыру.

Психологиялық – педагогикалық бағыттағы ғылыми жұмыстар, білім беру мәселелері бойынша нормативтік құжаттарды зерттей отырып, біз педагогтің бағалау іс - әрекетінің мазмұны, құрылымы, принциптері, қызметтерін нақтылап, педагогтің бағалау іс - әрекетінің мәнін айқындадық.

Педагогтердің бағалау іс - әрекетінің мәні білім алушыларға әлемдік тәжірибелер негізінде білім беру, өмір сүруге қажетті дағдыларын дамыту, әлеуметтік ортада қоғамның дамуына үлес қосатын құзыретті тұлғаны жетілдіру, білім берудің сапасын арттыру деп тұжырымдаймыз.

Диссертациялық жұмысымыздың бұл бөлімінде негізделген материалдар біздің педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамыту мақсатында ұйымдастырылатын «Жаңартылған білім беру жағдайында педагогтердің бағалау іс – әрекетінің психологиялық - педагогикалық негіздері» атты қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсымыздың мазмұндық бөлігін құрайды.

1.3 Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың әдіснамалық тұғырлары

Қоғам өмірінде жүз беретін кез келген өзгеріс білім беру жүйесіне өз әсерін тигізеді. Біз алдыңғы тарауларда айтып өткендей, оқыту үдерісіне оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау технологиясының енгізілуі білім беру саласы соның ішінде педагогтерді даярлау, қайта даярлау бағыттарының

өзгеруіне түрткі болды. Бұл өзгерістер педагогикадағы әдіснамалық негіздерді қайта қарауды талап етті. Білім беру жүйесіне байланысты барлық негізгі бағыттарды анықтау оның әдіснамалық тұғырларын нақтылау арқылы жүзеге асады.

Біздің зерттеу мақсатымызға сәйкес, педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытудың әдіснамалық тұғырларын анықтау өзекті саналады. Себебі, ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастырудің маңызды міндеттерінің бірі ол – зерттеу негізін құрайтын әдіснамалық тұғырларды анықтап алу.

Философиялық энциклопедиялық сөздікте әдіснама (грек тілінен аударғанда *methodos* – зерттеу жолы, таным, ілім, білім; *logos* – сөз, түсінік) қағидалар жүйесі және тәжірибелік теориялық іс-әрекетті ұйымдастыру және құру тәсілдері, ғылыми таным әдістері туралы оқу; қандай да бір ғылымда қолданатын әдістердің жиынтығы дегенді білдіреді делінген [211]. Әдіснаманың негізіне белгілі бір білімдер (ұғымдар, заңдылықтар) жүйесі жатады.

Әдіснаманың шынайылығы оның негізінде жатқан теорияның ақиқаттығына байланысты. Ғылыми әдіснама дұрыс құрылған теорияға негізделсе, зерттеу барысында қателіктер болмауы тиіс. Жалпы алғанда, әдіснама танудың елеулі қызметін атқарады, оның ішінде белгілі білім саласының дамуының, әсіресе, әлеуметтік ғылымдардың әртүрлі саласына қатысты қызметін атқарады. Оның бұл қызметтерін жүйе ұйымдастырушылық, түсіндірме-бағалаушылық, жобалаушылық ретінде анықтауға болады.

А.И Новиков және В.И Загвязинскийдің пікірінше педагогика әдіснамасы – педагогика теориясының әдістері мен тұғырларын және оның жалпы принциптерінғана емес, сондай-ақ, мазмұнның жаңартылуы, дамыту тәжірибелерін айқындауды сипаттайды. Яғни, білім беру жүйесінің өзгеруі, жаңартылуы, дамыту бойынша іс-әрекеттер, қалыпсыз жағдаяттарда педагог іс - әрекетінің бағыттаушысы - білім беру әдіснамасы болды [212;3]7 Білім беру және педагогика әдіснамасы мазмұндық аспектіде білім беру жүйесінің даму бағыттарын болжайды, оқыту үдерісін ұйымдастыру, жобалауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Педагогикада «тұғыр» түсінігі оқыту және тәрбиелеудің стратегиясын анықтайтын принциптер жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Осы орайда, әр бір принцип оқыту үдерісінде кездесетін нақты қарама – қайшылықтарды шешу жолдарын реттеу, басқару болып табылады. Тұғыр – белгілі бір бағыттағы мәселені шешудің негізі болған идея, принцип, әдістердің бірлігін түсіндіру мақсатында қолданылады.

Осы орайда, тұғыр жаңа идеяны ашуға мүмкіндік беретін әлеуметтік-экономикалық, философиялық, психологиялық - педагогикалық алғышарттары, мақсаттары, принциптері, мақсатқа жету кезеңдері. Яғни мәселені шешудің әдіснамасы.

Н.Д Хмельдің «тұғыр» ұғымына берген анықтамасына сүйенсек, әдіснамалық тұғыр – теорияның негізгі ережелеріне негізделген және зерттеу пәніне қатысты іздеу бағыттарын анықтайды [213].

Е.В Ушаковтің пікірінше тұғыр - нақты әдіснамалық ұйғарымдардың теориялық негіздемесі болып табылады. Ғалым әдіс пен тұғырды салыстырып, олардың үш ерекшелігін атап көрсетеді:

1. *Тұғыр – рәсімделу деңгейі төмен* әдіснамалық білім, ғылыми мәселені нақты әдістің көмегі мен шешуге мүмкін болмағанда қолданылады, ғылым мәселені шешу амалынғана іздейді.

2. *Тұғыр – директивтілігі төмен* әдіснамалық білім, ол мәселені шешудің басқа амалдарын және альтернативті амалдарын болжайды. Яғни мәселені шешу үшін альтернативті тұғырларды қолданады.

3. *Тұғыр – кең мағынадағы* әдіснамалық білім болып, өз құрамына тұғырдың ядросы саналатын әдістер жиынтығын топтастырады. Әдістерден бөлек теориялық тезистер, түсініктер, принциптерді қамтиді [214;13]7


Бұл орайда, әдіснамалық тұғырдың екі ерекшелігін атап көрсетуге болады: концептуалды теориялық бөлім және технологиялық бөлім оны жүзеге асыру моделінің құралы ретінде.

Э.Г Юдин әдіснамалық тұғырды зерттеудің жалпы стратегиясын басқаратын түсінік немесе принцип, нысанды анықтау құралы, зерттеудің әдіснамалық бағдары ретінде сипаттайды [215;60]7

Әдіснамалық тұғырлардың мәнін ашуда отандық ғалымдардан Ш.Таубаеваның [216;124] ғылыми көз қарастарын атап өту орынды. Ғалым заманауи білім беру парадигмасы аясында ғылыми зерттеулерде көп қолданысқа ие болған жүйелілік, парадигмалық, синергетикалық, инновациялық, құзыреттілік және квалиметриялық тұғырларды атап көрсетеді. Ғалымның тұжырымы бойынша тұғыр дегеніміз – қойылған зерттеу міндеттемелерін шешудің негізгі жолы, ол осы шешімдердің бағыты мен стратегиясын ашады.

Біздің зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық негіздерін «баға», «бағалау», «критериалды бағалау», «бағалау іс - әрекеті» ұғымдарының мәнін ашатын жалпы диалектикалық заңдылықтар, философиялық, педагогикалық және психологиялық зерттеулер құрайды. Сондықтан, біз зерттеу жұмысымыздың мақсатына сәйкес педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытуды әдіснамалық тұғыр тұрғысынан зерттеп, талдап, өз зерттеуімізге негіз болған тұғырларға тоқталуды жөн көрдік.

Жоғарыда аталған ғалымдардың ғылыми көз қарастарына сүйене отырып, біз педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытудың әдіснамалық тұғырларын жүйелілік – іс - әрекеттік, аксиологиялық, акмеологиялық, синергетикалық деп жіктедік. Оны келесі сызбадан көруге болады:



Сурет 14 - Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытудың әдіснамалық тұғырлары

Зерттеуіміздің негізгі мәселесін шешу мақсатында таңдап алынған тұғырлар бір – бірімен байланысты болып келеді және педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытуға ықпал етеді.

Енді зерттеу жұмысымыздың негізі болған тұғырлардың сипаттамалары және олардың біздің зерттеуіміздегі мәселелерді шешудегі рөліне тоқталайық.

Жүйелілік – іс - әрекеттік тұғыр – оқыту үдерісін ұйымдастыруға және оның әрекеттік интерпритациясына жүйелілік тұғырды кіріктіреді, оқыту үдерісін бір – бірімен байланысты әрекеттер мен оны жүзеге асыратын субъекттердің жиынтығы ретінде қарастыру. Яғни, жүйелілік – іс-әрекеттік тұғыр оқыту үдерісі субъекттері мен олар жүзеге асыратын іс - әрекеттерді кіріктіреді.

«Жүйе» - грек тілінен аударғанда «бөліктерден құралған,тұтас», «байланыстыру» деген мағынаны береді. Жүйе бір – бірі мен байланысты болған, белгілі бір бірлік, тұтастықты құрайтын элементтерден тұрады.

Жүйелілік тұғыр іс-әрекеттік тұғырмен (Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, Д.Б. Эльконин, Джакупов С.М.және т.б.) тығыз байланыста қарастырылады.Жүйелілік-іс-әрекеттік тұғыр сана мен дүниетанымның қалыптасуына әсер ететін әдіснамалық маңызға ие бола отырып (А.Г. Асмолов, Е.И. Исаев, В.И. Свободчиков, Г.И. Щедровский және т.б.) кез келген педагогикалық жүйелерге, әлеуметтік құбылыстарға қатысты қолданылады,олардың құрылымына жан-жақты талдау жасауға мүмкіндік береді, іс - әрекетті жобалауға және жүзеге асыруға бағыттайды [217;40].

Жүйелілік – іс -әрекеттік тұғырларды біріктіру Э.В.Ильенков, М.С.Каган, П.В.Копнин, В.А.Лекторский, Э.Г.Юдин т.б марксисттік мектеп философтары және А.Г.Асмолов, М.Я.Басов, Г.С.Костюк, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, В.В.Рубцов қатарлы психологтар тарапынан қарастырылған.

Біздің зерттеу жұмысымыз аясында жүйелілік – іс - әрекеттік тұғыр бізге педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетінің мәнін , мақсат, міндеттерін, құрылымдық ерекшеліктерін анықтап, жүйелеуге мүмкіндік берді. Педагогтердің бағалау іс - әрекетін кәсіби біліктіліктің негізгі көрсеткіші ретінде қарастыруда біліктілік жүйесінде қалыптасқан бағалау жүйесі мен критериялды бағалау жүйесіндегі оқыту үдерісі субъекттерінің іс - әрекетін салыстырмалы түрде түсіндіруге көмектесті.

Жүйелілік – іс - әрекеттік тұғырды басшылыққа ала отырып, біз зерттеу мәселемізді шешуде жүйелілік және іс - әрекеттік тұғырлардың келесі ұстанымдарын басшылыққа алдық:

Тұтастық принципі – жүйенің барлық элементтері бір тұтастықты құрайды. Олар жалпы принциптер, мақсат, міндеттерге бағынады.

Құрылымдылық принципі – жүйенің түрлі элементтерінің басқа элементтер мен ұқсас белгілеріне байланысты бірігуі.

Жүйелілік принципі – әрекет мақсат, міндеттер, құрал, түзетулер , нәтиже ретінде сипатталады.

Субъектілік принципі - іс-әрекет тұлғаның іс - әрекеті ретінде қарастырылады.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамыту мәселесін шешуде жүйелілік – іс-әрекеттік тұғырды пайдалану бізге педагогтердің бағалау іс - әрекетінің ерекшеліктері, оның құрылымы, үдеріс субъекттерінің іс - әрекет бағыттарының өзгеруін олардың өз ара байланыстылығын анықтауға мүмкіндік берді.

Жүйелілік – іс-әрекеттік тұғыр негізінде педагогтің кәсіби шығармашылық мүмкіндіктері мен сол мүмкіндіктерді белсенді іс -әрекеттің көмегімен айқындап, оның дамуына ықпал ететін тетіктерді анықтадық.

Жүйелілік – іс - әрекеттік тұғыр педагогті бағалау үдерісіндегі қарым – қатынас жүйесінің бағыттаушысы, ұйымдастырушысы ретінде қарастыруға ықпал етті.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытуды зерттеуде тиімді болып табылатын келесі тұғыр *аксиологиялық (құндылық)* тұғыр.

Әр түрлі дәуірде сол дәуір ерекшеліктеріне байланысты педагогикада қолданылатын амалдар мен құндылықтар өзгереді. Сондай тұғырлардың бірі ол – құндылықты яғни аксиологиялық тұғыр. Аксиологиялық тұғыр педагогика саласына еніп отырған инновациялар негізінде ауыспалы жаңа түс алып отырады. Біздің зерттеу жұмысымыздың нәтижелі болуына ықпал ететін тұғырлардың бірі ретінде біз аксиологиялық тұғырды таңдадық. Педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамытуда біздің зерттеу жұмысымыздың мәнін ашуда бізге аксиологиялық тұғыр көмектесті.

Заманауи қоғам дамуындағы өзгерістер өмірлік мәні бар құндылықтарды белсенді іздестірудің қажеттілігін айқындады. Педагогикалық құбылыстардың мәнін тануда педагогикалық аксиологияның әдіснамалық тұғыр ретіндегі маңызы артты.

Аксиология – құндылықтар туралы ілім ретінде адам іс-әрекеттерінің бағыттарын анықтайды.

Аксиологиялық тұғырдың мәні педагогикалық іс-әрекеттің тұлғаны ізгілікті дамытуға бағдарлануынан көрініс табады. Аксиологиялық тұғыр педагогика мен психология мәнмәтінінде негізгі тұғырлардың бірі саналады, себебі, білім беру үдерісі қатысушыларының әр бірін іс-әрекеттің субъекті ретінде қарастырады және субъект – субъекттік қарым – қатынасты және жағымды психологиялық ортаны құруға ықпал етеді. Аксиологиялық тұғыр ізгілік педагогикасына тән болып, адам қоғамның ең маңызды құндылығы саналады. Бұл орайда, аксиология білім беру философиясы мен заманауи педагогика әдіснамасының негізі ретінде қарастырылады.

В.А. Сластениннің пайымдауынша педагогикалық құндылықтар білім беру саласына байланысты қалыптасқан қоғам көзқарасы мен педагогтің іс - әрекетін байланыстыру үшін қызмет ететін және танымдық – әрекеттік жүйе ретінде қарастырылатын, педагогикалық іс-әрекетті реттейтін нормалар[218] Бұл нормалар тарихи қалыптасып, педагогикалық ғылымда қоғамдық сана формасының айрықша көрінісі түрінде сипатталады. Педагогикалық құндылықтарды игеру педагогтің тұлғалық - кәсіби дамуының көрсеткіші ретінде тек педагогикалық іс - әрекетті жүзеге асыру үдерісінде мүмкін болады.

И.Ф. Исаев педагогтердің кәсіби құндылықтарын төмендегідей жіктейді:

1. *Құндылықтар – мақсаттар* – педагогтің кәсіби – педагогикалық әрекеттері мақсаттарының мәнін, мағынасын айқындайтын құндылықтар.

2. *Құндылықтар – құралдар* – кәсіби – педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру құралдарының мағынасын ашатын құндылықтар.

3. *Құндылықтар – қарым – қатынас* – тұтас педагогикалық іс - әрекет қызметінің негізгі тетігі ретінде қарым – қатынастың мәнін, мағынасын ашатын құндылықтар.

4. *Құндылықтар – білім* – педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру үдерісінде психологиялық – педагогикалық білімнің мәнін ашатын құндылықтар.

5. *Құндылықтар – сана* – педагогтің кәсіби іс - әрекет субъекті ретіндегі бір – бірі мен байланысты жеке, тұлғалық, коммуникативтік, кәсіби қабілеттері, өз әрекетін жобалау және оның нәтижесін болжау қабілеті, шығармашылыққа болған бейімділік қатарлы арнайы қабілеттерден т.б көрініс табатын педагогтің тұлғалық ерекшеліктерінің мәні мен мағынасын ашатын құндылықтар [219;77-78].

Біз өз зерттеу жұмысымызда аксиологиялық тұғырға сүйене отырып, педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытуда оқытылатын пән бағыты негізінде бағалау іс-әрекетін жүзеге асырудың жолдары, педагогикалық инновацияларды қолдану, педагогтің заманауи білім талаптары негізінде үздіксіз өзін – өзі дамытуы, кәсіби

дамуы, кәсіби білім, бағалау іс - әрекетін жүзеге асыру құралдары мәселелерінің мәнін аштық. Педагогтің білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда ұйымдастырушылық, коммуникативтік дағдыларының маңыздылығын айқындадық. Педагогтің бағалау іс - әрекетін оқыту үдерісінде тұлғаның дамуына ықпал ететін іс-әрекет ретінде анықтадық. Зерттеу жұмысымыз аясында осы мәселелердің мәнін айқындауда акмеологиялық тұғырды басшылыққа алдық.

Ғылыми зерттеу жұмысымыздың мәнін ашуда қолданылған келесі тұғыр - *акмеологиялық тұғыр*.

«Акме» көне грек тілінен аударғанда «биік, шың, табыс, logos – ілім» ретінде анықталады. Гректер «акме» сөзімен адам өміріндегі есейген жастық кезеңді белгілейді, жастық шақтың осы кезеңінде адам өз қабілеттерінің жоғарғы шыңына жетеді, осы кезең адам күштерінің нығайып, қанат жайған кезі болып саналады.

Е.П. Бочарова акмеология – әрекетті кемелдендірудің жолдарын іздеп табу үрдісінде түрлі білім жүйесіндегі оқытушылар тарапынан қалыптастырылған ғылым деп қарап, оның психология, педагогика, әлеуметтану және басқа гуманитарлық ғылымдар тоғысында пайда болып, адамның кәсіп шыңына жетуін зерттейтін ғылым екендігін атап көрсетеді.

Ересек адамдардың дамуы туралы ғылым ретінде пайда болған акмеология ғылымы пән мен әдістерді танудың дифференциациясы негізінде ғылым жүйесіне айналды. (Б.Г. Ананьев, Н.В. Кузьмина, А.М. Зимичев, В.Н. Максимова т.б.).

Білім берудегі акмеологиялық тұғыр білім беру саласында адамның өзін – өзі дамытуы бір деңгейден екінші деңгейге жетуі шығармашылықта акмеге жетуіне бағытталған. Акмеологиялық тұғыр білім берудегі ізгілендіру идеяларын нақтылайды және заманауи тәрбие идеологиясының негізін құрастыруға мүмкіндік береді.

Акмеология білім беру жүйесі жағдайында ересек адамның тұтас дамуын жоғары жетістіктерге бағдарлайтын теориялық – әдіснамалық тұғыр ретінде қолданылады.

Акмеологиялық тұғыр негізінде қарастырылатын мәселелер:

1. Білім беру жүйесінде ересек адамның өмірде индивид, тұлға, субъект ретіндегі дамуын тұтас зерттеу.

2. Жетістікке мотивациялау, білім беру үрдісі субъектілерінде жетістікке, жоғары нәтижеге, шығармашылыққа болған қажеттілікті өзектендіруге педагогикалық жағдай жасау.

3. Әр бір жеке тұлғаның шығармашылық және интеллектуалды әлуетін ұйымдастыру.

4. Синергетикалық білім жүйелерінде педагог пен білім алушының өзін – өзі дамыту, өзін - өзі кемелдендіру қатарлы интегративті позициялары негізінде білім беру сапасын қарастыру. Соның ішінде: шығармашылық ерекшелік адам дамуының жоғары деңгейі ретінде; денсаулық адамның өмірлік күшінің интегралды критерийі ретінде; шығармашылық адамның жоғары белсенділік

деңгейі ретінде; кәсібилік адамның кәсіби іс - әрекетіндегі күшін тәжірибеде жүзеге асырудың жоғары деңгейі ретінде; руханилық[220;23-24]

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытуда акмеологиялық тұғырдың маңызы зор. Педагогтің кәсіби ерекшеліктерін анықтайтын негізгі әдіснамалық тұғыр ол – акмеологиялық тұғыр.Себебі, кәсібилік акмеологияның негізгі категориясы болып табылады.

Акмеологиялық тұғыр педагогтің кәсіби жетістікке жетуін қамтамасыз ететін шарттар, әдістердің ұсынылуы арқылы сипатталады.Педагогтің акмеологиялық позициясы ол педагогтің өзін өзі дамыту және кемелдендіруінің нәтижесі ,кәсібилігінің сапасы. Акмеологиялық позиция педагогикалық үдеріс және оның нәтижелерін,білім сапасын дамытады.

Білім беруді модернизациялаудың басты бағыттарының бірі педагогтердің кәсіби біліктерін дамыту болып табылады.Оқыту үдерісінде педагогке қажетті кәсіби біліктер ретінде төмендегілерді атап көрсетуге болады:



Сурет 15 - Педагогтердің кәсіби біліктері

Ендеше, осы аталған біліктерді заманауи педагогтің бойында дамыту үшін акмеологиялық тұғырдың маңызы зор.Сызбадан белгілі болғандай біздің зерттеу жұмысымыздың нысаны болған педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекеті кәсіби біліктің негізгі бағыттарының бірі.

Біздің зерттеу жұмысымыз аясында педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамыту барысында біз акмеологиялық тұғырды пайдалана отырып, педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамытуға негіз болатын педагогикалық шарттарды анықтадық. Сонымен бір қатарда, педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамытуға

ықпал ететін біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасын құрастырып, оқыту формаларын, әдістерін нақтылады.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамыту бойынша ғылыми зерттеу жұмысымыздың барысында біз *синергетикалық тұғырға* сүйендік.

«Синергетика» ұғымы Герман Хакен тарапынан енгізілген болып, жаңа ғылым ретінде танылған, педагогикада синергетикалық тұғыр 1993 жылы

Н.М Таланчук тарапынан алғаш қолданылған. Оқыту үдерісінің синергетикалық мәнге ие болуы андрагогика ғылымында маңызды саналады. Себебі, білім беру саласында өз білімін жетілдіру, өзін – өзі ұйымдастыру, өзін – өзі басқару әрекеттері ересектерге білім беруде кеңінен қолданылады. Синергетикалық тұғыр оқыту үдерісіндегі ішкі және сыртқы факторлар мен реттеліп бұл факторлар субъектке әсер етеді және басқалар мен қарым – қатынас жасау үдерісінде өзін – өзі дамыту және өзін – өзі кемелдендіруге ынталандырады.

Ғылымда синергетика ұғымы кең мағынаға ие болып, көптеген гуманитарлы – философиялық сөздіктерде өзін – өзі ұйымдастырудың заманауи теориясы, әлемге болған жаңа көз қарас ретінде қарастырылады. Көне грек тілінен аударғанда «synergos» бірге әрекет ету деген мағынаны білдіреді және ынтымақтастық, серіктестік ұғымдары мен мағыналас келеді.

В.И Андреев [221] синергетиканы педагогикадағы метапринцип ретінде қарастырса, В.Г Рыдник [222] өз зерттеулерінде білім берудегі синергетикалық тұғырды, П.И Третьяков [223], Л.А Баев [224], Т.М Давыденко [225], И.Б Сенновский [226], Ю.В Шаронин [227] – білім беру жүйесін басқарудағы синергетикалық тұғырды сипаттайды. Білім беру кеңістігінің синергетикалық тұғыр негізінде қарастырылуы М.В Богуславский [228], Л.Я Зорина [229], Л.И Новикова [230], С.С Шевелева [231] қатарлы ғалымдар еңбектерінде қарастырылады.

Ғалымдар тарапынан білім беруде синергетиканы қолданудың үш бағыты айқындалған:

- Синергетика білім үшін – білім берудің түрлі кезеңдерінде синергетика негіздерін оқыту;

- Білім берудегі синергетика - әр түрлі пәндерге синергетикалық идеяларды енгізу;

- Білім синергетикасы яғни оқыту үдерісінің өзінде, тұлға және білімді жетілдіру процесінде қолданылатын синергетика.

Бұл бағыттар Л.Ш Абдулова [232], В.Г Буданов [233], А.И Бочкарев [234], М.А Федорова [235] қатарлы ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде көрініс тапқан.

Синергетикалық тұғыр көптеген зерттеулерде синергетика идеяларын түрлі оқыту пәндеріне енгізу арқылы қарастырылады. Сондай-ақ, оқыту үдерісінің өзін синергетикалық деп қарастыру қалыптасқан.

Білім беру жүйесіне синергетикалық тұғырды енгізудің мәні оның оқыту үдерісі субъекттерінің серіктестікте жұмыс жасауын талап етуінде. Біліктілікті

арттыру жүйесінде оқыту үдерісі субъекттерінің бірлесе әрекет етіп, өз іс - әрекеттерін реттеп, рефлексия жасау арқылы өзін – өзі дамытуына ерекше назар аударылады. Синергетикалық амал оқыту үдерісі қатысушыларының (педагог, білім алушы), сонымен бір қатарда оқыту үдерісінің нәтижелеріне қызығушылық білдіретін тараптардың (мектеп әкімшілігі, ата- аналар, білім беруді басқарушы органдар) бір – бірімен тығыз байланыста әрекет етуін талап етеді.

Синергетикалық тұғыр – бұл бір реттік қолданыста болатын педагогикалық әдіс емес, ол сабақтың шеңберінен шығып, тұтас оқу – оқыту үдерісін және белгілі бір ұйымның білім беру жүйесін өз ішіне алады. Бұл тұғыр оқыту үдерісін жеңілдетіп, оқытушы мен білім алушының ұтқырлығын қалыптастырып, таңдау жасауға мүмкіндік береді. Білім алушы түрлі дағдарыстық жағдайларда топта және жеке жұмыс жасауды үйренеді [236;203].

Педагогикалық синергетика күрделі жүйелердің өзін – өзі ұйымдастыруының заңдылықтары мен принциптері көрініс тапқан педагогикалық білім және көз қарастардың аймағы ретінде анықталған. Білім беруде педагогикалық әрекеттің синергетикалық заңдылықтары анықталып, синергетикалық тұғыр негізінде өзін – өзі дамыту, өзін – өзі тәрбиелеу, өзін – өзі басқару арқылы оқу – оқыту үдерісінде субъекттердің бір – бірі мен қарым – қатынасқа түсіп, өзін – өзі жетілдірілуіне назар аударылады.

Біліктілікті арттыруда педагог іс-әрекетінде синергетикалық тұғырдың жүзеге асырылуы оқыту мазмұнының, оқыту әдістері мен формаларының жаңартылуына, ашықтық, өзін – өзі ұйымдастыру, өзін – өзі дамыту, басқару және өзін – өзі басқару, креативтілік және креативті ой қатарлы факторлардың әсер етуі мен байланысты.

Біздің зерттеу жұмысымыз аясында синергетикалық тұғыр педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытуды заманауи білім талаптары негізінде жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамыту үдерісін синергетикалық тұғыр мәнмәтінінде ұйымдастыру, мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру деңгейін анықтап, талдау жасау, озық тәжірибелер мен таныстыру, практикалық білімдерін шынға ықпалын тигізді.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту мақсатында қолданылған тәжірибелік сабақтар және тренингтер, семинарларда синергетика принциптері жүзеге асырылды.

Біздің зерттеу жұмысымыз аясында синергетикалық тұғыр педагогтердің кәсіби біліктілігінің бір бағыты болған бағалау іс - әрекетін ұйымдастыруда көрініс тапты.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту үдерісінде синергетикалық тұғыр бізге педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытуға, рефлексивтік дағдыларды дамытуға, бағалау әдістерін меңгертуге мүмкіндік берді. Сонымен бір қатарда, бағалау іс - әрекетін дамытуға ықпал ететін тиімді жұмыс түрлері жеке, жұптық,

топтық жұмыстарды ұйымдастырдық. Синергетикалық тұғыр негізінде педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамыту барысында біз педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамытуда тренинг, әдістемелік семинар, дөңгелек үстел, рөлдік ойындар, шағын топтардағы жұмыс, шағын сабақты жоспарлау қатарлы оқыту әдістері мен формаларының тиімді екендігін анықтадық.

Зерттеу жұмысымызда жүйелілік – іс - әрекеттік, аксиологиялық, акмеологиялық, синергетикалық амалдарға сүйенуіміз ғылыми жұмысымыздың ғылыми – теориялық мәселесін шешуге, сол проблема аясында оны шешудің жолдарын табуға, педагогтің бағалау іс-әрекетін теориялық тұрғыда қарастырып, оның нәтижелерін эксперимент арқылы дәлелдеуге мүмкіндік берді.

Білім алушының жетістікке жетуін қамтамасыз ететін ол – педагогтің бағалау іс - әрекетінің дұрыс ұйымдастырылуы. Педагогтің бағалау іс-әрекетінің мәні білім алушыны жетістікке апаратын тиімді жолдарды анықтап, оқыту үдерісінде тиімді қолдану арқылы өмір сүруге қажетті дағдылары қалыптасқан тұлғаны жетілдіру деп санаймыз.

Диссертациялық жұмысымыздың келесі тарауында жоғарыда аталған әдіснамалық тұғырларды негізге ала отырып, педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың ұйымдастырушылық - әдістемелік негіздерін қарастыратын боламыз.

2 ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ- ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

2.1 Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың психологиялық – педагогикалық шарттары

Заманауи білім берудегі күрделі мәселелердің бірі ол – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мәселесі. Білім берудегі реформалар аясында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың мақсат, міндеті, бағдарының өзгеруі, оқу үдерісінде педагогтердің бағалау іс - әрекетінің қызметін, мүмкіндіктерін, ұстанымдарын өзгертті. Педагогтердің кәсіби іс - әрекеті олардың өзінің кәсіби міндеттерін кезеңдік шешуді қамтиді. Сондай міндеттердің бірі ол – оқыту үдерісінде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін ұйымдастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» заңында – «педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам» - делінген[237] Демек, педагог білім алушыға білім және тәрбие беріп қана қоймай, оқыту үдерісін ұйымдастырушы қызметін атқарушы. Оқыту үдерісі кезеңдерінің тиімді жүзеге асуы педагогтің кәсіби біліктілігіне және кәсіби - шығармашылық шеберлігіне байланысты. Алайда, педагогтің кәсіби шеберлігі оның рефлексияға қабілеттілігі, белсенділігі, өзін - өзі дамытуға бейімі, коммуникативтік, ұйымдастырушылық, ақпараттық біліктерінің жиынтығы екендігі мәлім. Педагогтердің жаңа қоғам талаптарына сай кәсіби дамуы олардың үздіксіз білім алуы арқасында мүмкін болады.

Біздің ғылыми зерттеуіміздің негізгі мәселесі ол педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекеті және сол іс - әрекетті жүзеге асыруда педагогтерге қажетті біліктерді анықтап, дамыту.

Біз өз зерттеу жұмысымыз аясында педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытуға ықпал ететін психологиялық – педагогикалық шарттарды анықтауға тырыстық.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту белгілі бір шарттардың жүзеге асуы мен байланысты болатындығы анық. Осы орайда, біздің ғылыми зерттеуіміз аясында сол шарттар жиынтығын анықтап, олардың тиімділігін тәжірибеде сынақтан өткізу міндеті тұр.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс -әрекетін дамытуды тиімді ететін шарттарға тоқталмас бұрын, «шарт» ұғымына ғылыми еңбектерде берілген түсініктер негізінде оның мәнін ашып алу орынды.

Философиялық сөздікте «шарт» ұғымы нәрсенің қоршаған әлемге болған әсері және бір нәрсенің екінші бір нәрсеге тәуелділігі ретінде сипатталады.

«Шарт»:

- Өзіне тәуелді ететін жағдай;

- Іс – әрекеттің қандайда бір саласында орнатылған ереже;

- Бір жағдай жүзеге асатын ахуал [238;588б].

Демек, белгілі бір шарттар жағдайдың пайда болуы, жүзеге асуы, дамуына әсер етеді.

Н.М Борытко шарт түсінігін философиялық категория ретінде қарастырып, шарт нәрсенің өзі оныңсыз өмір сүре алмайтын айналадағы құбылыс,объективті дүниенің көпқырлылығы, - деп санайды [239].

«Шарт» түсінігінің этимологиясы бұл ұғымды белгілі бір нәрсе тәуелді болған жағдай немесе бір нәрсе жүзеге асырылатын жағдаят ретінде анықтауға мүмкіндік береді.

Психологияда «шарт» ұғымы психологиялық даму мәнмәтінінде түсіндіріледі және даму үдерісіне оның динамикасы мен соңғы нәтижесіне әсер ететін немесе оның дамуын бәсеңдететін, адамның психологиялық дамуын анықтап ,ашуға мүмкіндік беретін ішкі және сыртқы себептердің жиынтығы ретінде қарастырылады [240, 270-271б].

Педагогикада болса,шарт В.М Полонскийдің анықтамасы бойынша адамның физикалық, рухани, психикалық дамуына оның іс – әрекетіне, тәрбиесі мен оқуына, тұлғалық қалыптасуына ықпал ететін табиғи, әлеуметтік ішкі және сыртқы әсерлер [241,36 б].

Ал В.И. Андреевтің көзқарасы бойынша, шарттар – бұл «мақсатты түрде таңдалатын, құрастырылатын және қолданылатын мазмұн элементтерінің, әдістерінің (тәсілдерінің), сонымен қатар мақсатқа қол жеткізу үшін қажетті оқытудың ұйымдастырушылық түрлерінің нәтижесі» [242].

Шарт ұғымы жалпығылыми ұғым болып, адамның қалыптасуы мен дамуына әсер ететін себеп, жағдай, нысандардың жиынтығы болып саналады. Бұл жиынтық адамның тәрбиесі, білімі, тәртібіне әсер етеді.

Психологиялық – педагогикалық шарттар оқу үдерісі субъекттеріне тікелей әсер етіп, олардың белгілі бір бағытта қалыптасып, дамуына ықпал етеді. Біздің зерттеу жұмысымыз жағдайында шарт –педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытуға ықпал ететін жағдайларды сипаттап, оларды жүзеге асыру тетіктерін нақтылайды.

Ғылыми еңбектердегі «шарт» ұғымына байланысты мәліметтерді жинақтап, саралай отырып, біз «шарт» – оқыту үдерісі қатысушыларының белгілі бір біліктері мен дағдыларының қалыптасуы мен дамуына әсер ететін жағдайлар деп санаймыз.Зерттеу жұмысымыздың мақсатына сәйкес педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытуға ықпал ететін шарттарды педагогтердің бағалау іс – әрекетіне қойылатын заманауи талаптар аясында талдай отырып, төмендегідей тізбектеуді дұрыс деп шештік:

- Біліктілікті арттыру жағдайында білім беру бағдарламалары мазмұнының

педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамытуға бағыттылығы;

- Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетінің дамуын тиімді ететін инновациялық технологиялар, тренингтер, озық тәжірибелер, әдістемелік семинарларды қолдану.

(Оқытуды педагогтің білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудағы қиындықтар аймағы мен сәйкестендіре ұйымдастыру;)

- Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс -әрекетін тиімді ететін эталондар мен ресурстарды құрастыру және қолдану.

- Педагогтердің бағалау іс – әрекетін үздіксіз психологиялық, педагогикалық, әдістемелік сүйемелдеу.

Енді осы шарттардың сипаттамаларына тоқталып өтейік. Педагогтердің кәсіби дағдыларын дамытып, оларды заман талабына сай даярлау, қайта даярлау педагогикалық ЖООлар, колледждер және біліктілікті арттыру ұйымдарының негізгі міндеттерінің бірі. Педагогтердің бұрын алған кәсіби білімдері мен дағдыларын жаңа білімдер мен толықтыру, тереңдету мақсатында ғылым мен техниканың, экономиканың дамуына сәйкес олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру қажет.

Біз ғылыми жұмысымызда зерттеп отырған педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін жаңа білім парадигмасы аясында дамыту мәселесі ғылыми тұрғыдан жеткілікті дәрежеде қарастырылмаған. Оның себебі, педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекеті мәселесінің білім беру саласында жаңа бағыт екендігі, оқу жетістіктерін бағалауда әлі де қайта қарастырылуға тиіс мәселелердің орын алуы болып табылады. Ендеше, бұл мәселені тиімді ету үшін алғашқы кезеңде педагогтерді даярлау және қайта даярлау, олардың біліктілігін арттыруда оқыту мазмұнын жаңа талаптар негізінде жаңарту арқылы білім беру мазмұнын қайта жобалау қажеттілігі туындайды.

Білім беру мазмұны – жеке адамның біліктілігін жан-жақты дамыту үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі (кешені). Білім беру мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленетін білім беретін оқу бағдарламаларымен айқындалады. Біздің жағдайымызда, білім беру педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары негізінде, ҚР «Білім туралы» заңына сәйкес жаңарту, толықтыру маңызды.

Білім мазмұны педагог қызметкерлердің біліктілігін дамытуда қолданылатын білік және дағдылар жүйесі, құзыреттіліктер, бағалау іс – әрекеті, креативті іс – әрекет, коммуникативтілік болып табылады. Білім мазмұны жеке тұлғаны заман талабына сай жан – жақты дамытуға бағытталады.

Педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамыту бойынша білім мазмұны төмендегі бағыттарды өз ішіне алуы тиіс деп санаймыз:

- білім беру саласында қолданылатын негізгі ұғымдар, терминдер және ғылыми білімдер;

- білім мазмұнын айқындауға мүмкіндік беретін нормативтік - құқықтық құжаттар;
- көтерілген мәселеге байланысты ғылыми дәлелдер, фактілер;
- мәселенің маңыздылығын айқындайтын озық тәжірибелер;
- бағалау нормалары туралы білімдер;
- тиімділігі дәлелденген әдіс – тәсілдер мен жұмыс формалары туралы білімдер;
- білім берудегі жаңа әдістемелер.

Біздің жағдайымызда аталған бағыттардың ішінде білім алушыны жетістікке мотивациялау, оқыту үдерісінде бағалауды жүзеге асыру бойынша әдіс – тәсілдер маңызды болып табылады. Демек, бұл мәселелер арнайы қарастырылатын біліктілікті арттыру курсының оқу бағдарламасында болуы тиіс. Бұл біліктілікті арттыру жағдайында педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытудың алғышарттарының бірі. Сол себептен, педагогтерге бағалау мәселелерін, бағалауды ұйымдастыру бойынша тәжірибелік жұмыстарды ғылыми зерттеулер мен тәжірибені ұштастыра отырып түсіндіруге мүмкіндік беретін біліктілікті арттыру курсының мазмұнын құрастыруды мақсат еттік.

Педагогтерді даярлау және олардың біліктілігін арттыруда оқыту бағдарламалары мазмұнының педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамытуға бағыттылығын жүзеге асыру мақсатында құрастырылған «Жаңартылған білім беру жағдайында педагогтің бағалау іс - әрекетінің психологиялық – педагогикалық негіздері» атты қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсы біздің зерттеу жұмысымыздың когнитивтік блогын құрайды. Ал технологиялық блогқа педагогтің бағалау іс-әрекетін дамытуға мүмкіндік беретін тәжірибеге бағытталған арнайы семинар – тренингтер, технологиялар мен әдістерді қолдану, психологиялық - педагогикалық, әдістемелік сүйемелдеу жатады.

Төменде «Жаңартылған білім беру жағдайында педагогтің бағалау іс - әрекетінің психологиялық – педагогикалық негіздері» атты білім беру бағдарламасының оқу – тақырыптық жоспары келтіріледі. Бұл білім беру бағдарламасы инвариантты және вариативті блоктан құралған болып, модульдік қағидаға негізделген. Бағдарлама Заманауи білім берудің психологиялық – педагогикалық және нормативтік аспектілері, білім беру сапасын арттыру ахуалында бағалау үдерісін ұйымдастыру, педагогтердің ІТ құзыреттілігін дамыту, вариативтік модульдерден құралған және барлық санаттағы жалпы орта білім беру ұйымдарының гуманитарлық бағыттағы пәндер педагогтерінің біліктілігін арттыруға арналған.

Барлық санаттағы гуманитарлық бағыттағы пәндер педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курсының мақсаты педагогтердің бағалау іс - әрекетінің ерекшеліктерін, принциптерін, бағалаудың психологиялық – педагогикалық негіздерін айқындау, кәсіби құзыреттіліктерін дамыту болып табылады.

Білім беру бағдарламасының мазмұны аясында педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамытудың міндеттері:

- жаңартылған білім беру жағдайында педагогтің бағалау іс – әрекеті туралы теориялық және тәжірибелік білімдерін өзектендіру;

- оқу және оқыту үдерісінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау біліктерін дамыту;

- педагогтің бағалау іс - әрекетінің психологиялық - педагогикалық негіздерін айқындау;

- бағалаудың инновациялық әдістерін ендіру бойынша дағдыларын жетілдіру.

Біліктілікті арттыру курсының соңында тыңдаушылар (педагогтер):

1.Оқу және оқыту үдерісінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мәселесіне арналған нормативтік құжаттарды қолданады;

2.Оқыту үдерісінде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін тиімді жүзеге асырады;

3.Бағалау құралдары мен ресурстарын, бағалау стратегияларын оқыту үдерісінде тиімді қолданады;

4.Оқу және оқыту үдерісінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау дағдылары дамиды.

Бұл білім беру бағдарламасы бойынша күндізгі оқу курсы 80 академиялық сағатты құрайды:

Кесте 12 - «Жаңартылған білім беру жағдайында педагогтердің бағалау іс – әрекетінің психологиялық – педагогикалық негіздері» тақырыбындағы курстың оқу – тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыптары	Дерістер	Таңдаудерісі	Тәжірибелік сабақ	Тренинг	Семинар	Дөңгелекүстел	Өзіндік жұмыс	Жоба қорғау	Тестілеу	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
	Модуль атаулары	32	6	8	12	16	2	2	2		80
I	Заманауи білім берудің психологиялық – педагогикалық және нормативтік аспектілері	8			4						12
1.1	ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламалары	2									2
1.2	Жаңартылған мазмұндағы (бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында оқу жетістіктерін бағалауға қойылатын талаптар	2									2
1.3	Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың психологиялық – педагогикалық негіздері	2			2						4

12 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1.4	Оқу жетістіктерін бағалау үдерісінде білім алушыларға психологиялық қолдау көрсетудің маңызы	2			2						4
II	Білім беру сапасын арттыру ахуалында бағалау үдерісін ұйымдастыру	24		4	6	16	2	2	2		56
2.1	Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың маңызы				2						2
2.2	Жалпы орта білім беру жүйесінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың концептуалды негіздері	2									2
2.3	Критериалды бағалау: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау	2				2					4
2.4	Жаңартылған мазмұндағы білім беруде педагогтің бағалау іс - әрекетінің мәні, мазмұны, қызметі, ұстанымдары	4				2					6
2.5	Метапәндік нәтижелерді бағалау жолдары					2					2
2.6	Оқу жетістіктерін бағалауда педагогтің рефлексивтік іс - әрекеті және оның ерекшеліктері	2			2						4
2.7	Құзыреттілікке бағдарланған тапсырмалар және оларды бағалау.	2				4					6
2.8	Сабақты жобалау және бағалауды жобалау(тәжірибелік алаң)				2	2					4
2.9	Жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар және олардың ерекшеліктері	2		2							4
2.10	Бағалаушылық пікірдің білім алушы мотивациясына әсері	2				2					4
2.11	Бағалау іс - әрекеті: таным, үдеріс, дамыту, тәрбие	2									2
2.12	Бағалау үдерісінде педагогтің ұйымдастырушылық және коммуникативтік іс - әрекеті	2		2							4
2.13	Қашықтықтан оқыту жағдайында педагогтің бағалау іс – әрекетінің ерекшеліктері	2									2
2.14	Қалыптастырушы бағалау - сыни талдау дағдыларының тиімді құралы ретінде					2					2

12 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
2.15	Әлеуметтік қарым – қатынас (педагог, білім алушы, ата – ана, қоғам) аясында педагогтің бағалау іс – әрекетінің рөлі	2									2
2.16	Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау (Қорытынды)							2	2		4
2.17	Рефлексия және біліктілікті арттыру курсы қорытындылау						2				2
III	Педагогтердің IT құзыреттілігін дамыту			4							4
3.1	Цифрлық ресурстар және виртуалды лабораториялар мен құрылғыларды қолдану әдістерін үйрену (BilimLand (БілімЛэнд) және т.б.)			2							2
3.2	Білім беру ұйымдарында сандық білім беруді ұйымдастыру: электронды үкімет порталымен жұмыс (EGov) «Күнделік» автоматтандырылған ақпараттық жүйемен жұмыс			2							2
	Вариативтік модуль		6								6
4.1	Б.Блумның танымдық деңгейлері негізінде тапсырмалар құрастыру және оларды бағалау		2								2
4.2	Критериалды бағалау: Дескриптор		2								2
4.3	Бағалау – тұлғаның жеке қасиеттерін қалыптастыру құралы ретінде		2								2
	Барлығы:	32	6	8	12	16	2	2	2		80

«Жаңартылған мазмұндағы білім беру жағдайында педагогтің бағалау іс - әрекетінің психологиялық – педагогикалық негіздері» атты біліктілікті арттыру курсының маңызы зор. Бұл біліктілікті арттыру курсы педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытуға негіз болады деп санаймыз.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытудың біз ұсынып отырған келесі шарты: - Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетінің дамуын тиімді ететін инновациялық технологиялар, тренингтер, озық тәжірибелер, әдістемелік семинарларды қолдану.

(Оқытуды педагогтің жетістікті бағалаудағы қиындықтар аймағы мен сәйкестендіре ұйымдастыру)

Заманауи біліктілікті арттыру жүйесі әлемдік білім беру ресурстарын өз тәжірибелеріне кіріктіріп, педагогтердің күнделікті тәжірибелеріне керекті

инновациялық технологияларды ұсынуы шарт.«Инновациялық технология» ұғымы бүгінгі таңда білім берудің барлық салаларында қолданысқа ие болған заманауи ұғым.

Қазақстанда ең алғашқы болып «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов.Ғалымның пікірінше «Инновация, инновациялық үрдіс— білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» Н.Нұрахметов «Инновация» білімнің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке — дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке — дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

Инновациялық педагогикалық технологиялар – оқу үдерісін тиімді ететін кешенді іс – шаралар болып табылады.Оқыту технологиялары оқыту үдерісін басқаруға мүмкіндік береді және білім алушы іс - әрекетін ұйымдастыру және сол іс - әрекетті бақылауды қамтиді.

Л.Н Шульгинаның пікірінше педагогикалық технологиялар - өзгермелі жағдайда оқу – тәрбие үдерісін болжанған нәтижеге жетуде инструменталды қамтамасыз ететін реттелген әрекеттер жиынтығы[243;7] Демек,инновациялық педагогикалық технологиялар оқыту үдерісін тиімді ету мақсатында қолданылады.

Біздің зерттеу жұмысымыз жағдайында біз әдістемелік инновацияларды қолдануға тоқталамыз.Себебі, біліктілікті арттыру жағдайында педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамыту біліктілікті арттыру үдерісінде инновациялық технологияларды тиімді қолдану арқылы мүмкін болады деп санаймыз. Әдістемелік инновациялар оқыту үдерісіне жаңа педагогикалық технологияларды кіріктіру, енгізу мен сипатталады.

Біздің ойымызша, әдістемелік инновациялар бұл оқу - оқыту үдерісінде инновациялық әдістерді қолдану мен сипатталады.Ендеше, біздің зерттеу жұмысымыз аясында қолданылатын әдістемелік инновацияларға сипаттама берейік.



Сурет 16 - Әдістемелік инновациялар

Педагогтің бағалау іс – әрекетін дамыту процесін ұйымдастыруда қолданылатын технологиялардың бірі ол – кейс технологиясы немесе Casy stady.

Кейс технологиясы білім беруде нақты мәселе немесе жағдаяттарды сыни талдауға, білім алушының білім , біліктерін дамытуға ғана емес, сондай – ақ, зияткерлік және коммуникативтік әлеуетін дамытуға негізделген.

Кейс әдісінің технологиялық ерекшеліктері:

- зерттеушілік және аналитикалық технологияның бір түрі ретінде зерттеу процесі мен аналитикалық рәсімдерді өз ішіне алады;
- кейс әдісі ұжымдық оқыту технологиясы ретінде топта, шағын топтарда ақпаратпен өз ара бөлісуге негізделген;
- кейс әдісі синергетикалық технология ретінде топтарды белгілі жағдаяттарға шөгіру арқылы білімді дамытуға негізделген;
- Casy stady жобалау технологиясының бір түрі ретінде қолданылады, сонымен бір қатарда дамыта оқытуды өз ішіне алады;
- Тыңдаушыларды белсенді іс – әрекетке жұмылдыру арқылы жетістік жағдаятын тудырады.

Біздің зерттеу жұмысымызда Casy stady технологиясы педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытуға негізделген оқыту жағдаяттарының шешімін табуда қолданылады.

Рөлдік, іскерлік ойындар - нақты өмірлік жағдаятты модельдеуді мақсат ететін адами қарым – қатынастың ерекше түрі. Рөлдік ойындар кәсіби тілдік біліктер мен мамандықтың тілдік стилін игеруге мүмкіндік береді[244;58]

Рөлдік, іскерлік ойындар педагогтердің бағалау іс – әрекетінде туындауы мүмкін жағдаяттарды шешу арқылы іс – әрекеттік құзыреттілікті дамытуға ықпал етеді.

Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар – ақпараттық және коммуникациялық процестерді бірлесе жүзеге асыруға негізделген технологиялар. Ақпараттық технологиялар – ақпаратты табу, іздеу, интерпретациялау, жинақтау әдістері мен процестер жиынтығы болса, коммуникациялық технологиялар – ақпаратты жеткізу, жүзеге асыру әдістері мен процестері.

Зерттеу жұмысымыз аясында біз қолданған технологиялардың бірі ол – *модульдік оқыту технологиясы* – модульдік оқыту теориясының негізін қалаған америкалық ғалым Дж.Рассел. Ғалымның пайымдауынша модуль дидактикалық контенттің концептуалды бірліктерін және білім алушының іс - әрекеттерінің жиынтығын қамтиді және жаңа білімді игеруге мүмкіндік береді.

Біздің зерттеу жұмысымыз барысында модульдік оқыту технологиясы педагогтердің бағалау іс - әрекетінің даму деңгейлерін анықтап, әр бір модуль бойынша алған білімін түзетуге, толықтыруға мүмкіндік береді. Толық модульдік курс бойынша тест жұмыстарының құрастырылуы педагогтердің білім мазмұнын игеру деңгейін айқындауға көмектеседі.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың екінші шартына сәйкес біз қолданған технологиялардың бірі *сыни тұрғыдан ойлау немесе оқу мен жазу арқылы сыни ойлауға үйрету технологиясы*. (Чарльз Темпл, Джинни Стил, Куртис Мередит). Сыни тұрғыдан ойлаудың кейінгі анықтамаларын алатын

болсақ, бұл технология метакогнитивтік қабілеттерді дамытуға мүмкіндік береді. Демек, ой туралы ойлау,өзіңнің және басқа бірінің ойын, іс – әрекетін құрылымындағы қателіктерді анықтау мақсатында ой елегіңнен өткізу.Бұл ойдың түпкі мәні айырмашылықты түсіну,критериялар бойынша салыстыру,интерпретациялау.Біздің зерттеу жұмысымыздың тәжірибелік кезеңінде сыни ойлау технологиясының әдістерін қолдану педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытуға ықпал етеді және педагогтердің өз тәжірибелеріндегі оқылықтарды шешуге мүмкіндік береді.

Сонымен бір қатарда, біз өз зерттеуімізде педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуға ықпал ететін тренингтер мен семинарлар ұйымдастырамыз. Ұйымдастырылған семинарлар мен тренингтер мазмұнын диссертациялық жұмысымыздың 3.3 тарауында тізбектейміз.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың біз ұсынып отырған екінші шарты яғни инновациялық технологиялар мен тренингтер, әдістемелік семинарлар, вебинарларды қолдану бізге біз құрастырған біліктілікті арттыру курсының мазмұнын тиімді ету мен бір қатарда инновациялық әдістемелік ортаны ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Инновациялық әдістемелік орта – жеке тұлғаның жан – жақты дамуына мүмкіндік тудыратын, жаңашылдық білімді дамытатын, өзгеріс енгізетін, соны педагогикалық идеяларды өмірге әкелетін кеңістік ретінде сипатталады. Мұндай орта өзінен – өзі стихиялық түрде пайда болмайды.Ол кіріктірілген, жасампаздық педагогикалық әрекет нәтижесінде сол дәрежеге жетеді[245;24]

Демек, біз өз зерттеу жұмысымыз аясында педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамыту мақсатында инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану арқылы инновациялық әдістемелік орта құрастырумыз және сол ортада олардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал етеміз.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетінің дамуын тиімді ететін инновациялық технологиялар, тренингтер, озық тәжірибелер, әдістемелік семинарларды қолдану.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың үшінші шарты **педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс -әрекетін тиімді ететін эталондар мен ресурстарды құрастыру және қолдану.**

Педагогтердің бағалау іс-әрекетін дамытудың бұл шарты қашықтықтан оқыту жағдайында тиімді саналады.

Қашықтықтан оқыту технологиялары заманауи сандық және коммуни кациялық технологияларды қолдануға негізделген білім алушы мен оқытушының қашықтықтан қарым қатынас жасауы негізінде жоспарланған оқу нәтижесіне жету мақсатында оқу процесін ұйымдастыру амалы.

Қашықтықтан оқыту технологиялары – қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану негізінде білім алу және оны өмір бойына қолдану

мақсатында шығармашылық іс – әрекет тәжірибесін игеру және қабілеттерді дамыту, «шыңдалған» адами тәжірибені игеруге білім алушылар әрекетін ұйымдастырудың мақсатқа бағытталған процесі [246;173].

Н.Е. Попованың пікірінше қашықтықтан оқыту технологиясы – бақыланатын белгілі сабақтардың тобын өз алдына игеруге мүмкіндік беретін білім алу үдерісінде білім алушылар мен болған қарым – қатынаста қолданылатын құралдар, оқытудың түрлері және әдістер жиынтығы[247;18] Ғалым қашықтықтан оқыту технологиясының төмендегідей ерекшеліктерін атап көрсетеді:

- икемділік – білім алушы керекті білімді өзіне ыңғайлы кезде және уақытта алады;
- модульділік – модульдік принципте оқытуға негізделген;
- параллельділік – оқыту білім алушының кәсіби іс – әрекеті мен бір мезетте жүргізіледі;
- Асинхрондылық – қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану арқылы жүзеге асырылатын оқу процесі білім алушыға ыңғайлы уақыт және сабақ кестесі арқылы жүргізіледі;
- Үнемділік – дәстүрлі оқытуға қарағанда 50 % арзан;
- Оқытушының жаңа ролі – танымдық үдерісін арттыру, түзету, кеңес беру арқылы қарым – қатынас орнату;
- Оқу сапасын арнайы бақылау – емтихандардың қашықтықтан алынуы;
- Оқытудың арнайы технологиялары мен құралдарын қолдану;
- Оқу ақпараттарын заманауи құралдар арқылы жеткізу.

Заманауи оқыту үдерісінде педагогтерге қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы білім беру мәселесі зор маңызға ие болып тұр. Бұл орайда, тыңдаушыларға білім беру бағдарламасын қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану арқылы игеру уақытты үнемдеу және жұмыстан қол үзбей отырып кәсіби құзыреттіліктерін дамыту тиімді болып табылады. ХХІ ғасырдың 20 жылы қазақстандық білім беру саласының жаппай қашықтықтан оқытуға көшірілуі барысында қашықтықтан оқыту технологияларының маңыздылығы арта түсті.


Біздің зерттеу жұмысымыз аясында қашықтықтан оқыту технологиясының тиімді әдістерінен оқытудың дараландыру әдістері (телефон, ватсап, электронды почта), оқу материалын педагог тарапынан жеткізу әдісі (дәстүрлі сабаққа қосымша материалдардың электронды нұсқалары беріледі), оқу үдерісінің барлық қатысушыларының белсенді қарым – қатынасы әдісі (бұл әдіс оқытудың зерттеу және проблемалық құралдары арқылы жүзеге асады, педагог проблемалық жағдаятты ұсынады және оның шешілуі үшін тиімді орта құрады, талқылау сұрақтары мен тақырыптарды таңдайды), жобалау әдісі (өз алдына жоспарлау арқылы жаңа өнім немесе құбылысты құрастыру) қолданылды.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №374 бұйрығына сәйкес қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша оқыту процесін ұйымдастыру қағидаларында төмендегі ұғымдар қолданылады:

- тьютор – білім алушыға нақты пәнді және (немесе) модульді игеруге көмектесетін академиялық консультант рөлін атқарушы оқытушы;
- цифрлық контент – цифрлық оқу материалдарын ақпараттық (мәтіндер, графикалар, мультимедиа және өзге де маңызды толықтырулар) толықтыру,
- мультимедиа – пайдаланушыға әртекті деректермен (графика, мәтін, дауыс, бейне) жұмыс істеуге мүмкіндік беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені.

Біз зерттеу жұмысымыздың 2.2 бөлімінде біліктілікті арттыру үдерісіндегі оқытушының оқыту үдерісінде атқаратын рөлдері, соның ішінде тьюторлық туралы тоқталып өтеміз. Қашықтықтан оқыту технологияларының мультимедиа, цифрлық контент қатарлы ресурстары оқытудың күндізгі режимінде қолданылады.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуда қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану біздің ойымызша төмендегі ішкі байланыс түрінде жүзеге асады:



Сурет 17 - Қашықтықтан оқыту жағдайында оқыту технологиясын қолданудың ішкі байланысы

Қашықтықтан оқыту жағдайында біздің ойымызша педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін тиімді етудің амалы ол педагогтерге эталондар мен жұмыс жасауды үйрету және бағалауға арналған эталондар мен бағалау ресурстарын қолдану болып табылады. Біз зерттеу жұмысымыз аясында педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту мақсатында педагогтерге бағалау ресурстары мен эталондарды және вебинарларды ұсынамыз. Қашықтықтан оқыту жағдайында педагогтердің талаптары, қажеттіліктеріне сәйкес қолдау көрсету барысында жасалатын жұмыстардың ерекшеліктері зерттеу жұмысымыздың 2.3 тарауында беріледі.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың біз ұсынып отырған келесі шарты - педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін үздіксіз психологиялық, педагогикалық, әдістемелік сүйемелдеу.

«Сүйемелдеу» ұғымының педагогикалық мәніне біз зерттеу жұмысымыздың 2.2 бөлімінде толық сипаттама беріп өтеміз. Ендеше, біздің зерттеу жұмысымыздың ғылыми мәселесін тиімді етуде әдістемелік

сүйемелдеудің мәні зор. Көптеген ғылыми – зерттеу жұмыстарында білім алушыларды сүйемелдеу мәселесі қаралады. Оқу және оқыту үдерісінде білім алушыларды қолдау олардың белгілі бір мәселе бойынша білім және тәжірибелерінің, құзыреттіліктерінің дамуына ықпал етеді. Педагогтер біліктілікті арттыру курстарында және курстан кейінгі сүйемелдеуді талап ететін оқыту үдерісінің маңызды субъекттерінің бірі. Сондықтанда, біз зерттеу жұмысымыз мәселесінің тиімділігін қамтамасыз ететін шарттардың бірі ретінде педагогтерді психологиялық, педагогикалық, әдістемелік сүйемелдеуді алдық. Педагогті сүйемелдеу барысында оның кәсіби деңгейі мен өмірлік позициялары арасындағы қайшылықтар орын алуы мүмкін. Психологиялық, педагогикалық, әдістемелік сүйемелдеу барысында болса, біздің ойымызша педагог өз мамандығы аясында пайда болатын дағдарыстық құбылыстар мен негативтердің шешімін таба алады. Сүйемелдеу нәтижесінде педагог жаңа тәжірибе мен өз қоржынын толықтырып, кәсібиліктің жаңа деңгейіне көтерілуге мүмкіндік алады.

Осыған орай біз, өз зерттеу жұмысымыз аясында педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту мақсатында кәсіби әдістемелік сүйемелдеу картасын құрастырдық.

Кесте 13 - Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуды әдістемелік сүйемелдеу картасы

Сүйемелдеу кезеңдері	Сүйемелдеу әдістері мен формалары	Сүйемелдеу процесінің бағыты	Сүйемелдеу нәтижесі
Бастапқы диагностикалық кезең	Педагогтің бағалау іс – әрекетінің даму деңгейін анықтауға негізделген тест және сұхбат.	Педагогтің бағалау іс – әрекетін бақылау.	Анықталған қиындық аймақтарын жинақтау, талдау, келесі кезеңге жоспар құру.
Ынтымақтастыққа бағытталған кезең	Педагогтің бағалау іс – әрекетінде анықталған қиындықтардың шешімін табу мақсатында тренер – психолог диадасы жұмысын жоспарлау.	Психологиялық тренинг тренер – оқыту үдерісі субъекттері – психолог бірлескен жұмысын ұйымдастыру.	Кәсіби әдістемелік сүйемелдеудің негізінде мәселенің шешімін табу, қолдау көрсету.
Жүзеге асыру кезеңі	Бағалау іс – әрекетін дамыту мақсатында өзін – өзі ұйымдастыру, өзін – өзі дамыту, мәселені шешуде дербес жұмыс жасауға мотивациялау.	Педагог тарапынан бағалау іс – әрекетін жүзеге асыру процесін бірлесе жоспарлап, құрастыру.	Бағалау іс – әрекеті дамыған педагог. Сүйемелдеудің үздіксіздігін қамтамасыз ету.

Біліктілікті арттыру жағдайында педагогтердің бағалау іс-әрекетін әдістемелік сүйемелдеудің келесі принциптер негізінде жүзеге асуын қамтамасыз ету қажет деп санаймыз:

- *Дәстүрлілік және инновациялық* – бағалау іс - әрекетін жүзеге асыруда инновациялар мен дәстүрлі, ұлттық ерекшеліктердің кіріктірілуін өз ішіне алады;

- *Әдістемелік және вариативтілік* – бағалау іс – әрекетін жүзеге асыруда түрлі амалдардың жағдаятқа байланысты таңдап алынуы;

- *Интегративтілік және дифференциация* – бағалау іс – әрекетін дамытуға бағытталған түрлі құралдарды педагогтердің дайындық деңгейлерін ескере отырып таңдау;

- *Жауапкершілік* – субъекттің өз шешімі үшін жауапты болуы (сүйемелдеуші тек кеңес береді);

- *Үздіксіздік және жүйелілік* – сүйемелдеудің үздіксіз жүзеге асуы.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту процесі психология және педагогика талаптарына толық негізделген түрде жүзеге асса, педагогтердің жаңа талаптар негізінде жүзеге асырылатын бағалау іс – әрекетінде сенімсіздік, қиындықтар азаяды. Жоғарыда сипатталған теориялық негіздемелер зерттеу жұмысымыздың эксперименттік бөлімінде сыннан өткізіледі. Диссертациямыздың 2.4 тарауында осы айтылған мәселелер бойынша жасалған жұмыстарымыз сипатталады.

2.2 Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытуды ұйымдастыру мәселелері

Жаңа дәуірдің ерекшеліктерінің бірі бұл – білім беру саласының модернизациялануы. Білім беру саласының жаңартылуы ең алдымен адамзаттың жады мен ойлау санасының жаңалануы мен тығыз байланысты. Себебі, ХХІ ғасырда білім беруді технологияландыру аясында адам өз қабілеттерінің құрастырушысы болып табылады. Жаңа ғасырда өзекті мәселеге айналған теорияны тәжірибеге ауыстыру моделін жүзеге асыру білім беру саласының барлық бағыттарында қолданысқа енді.

Үздіксіз білім беру үдерісінде аталған модель тек педагогикалық қауымдыстық пен қоғамға түсінікті болғанда ғана тиімді жүзеге асады деп санаймыз. Жаңа реформалардың дамуы жаңа ой, жаңа құндылықты білім бағдарларының қалыптасуы, сонымен бір қатарда, педагог қызметкерлердің білім беру мазмұнының өзгеруіне болған жаңа кәсіби позицияларына тікелей байланысты. Сондықтан, білім беру жүйесі үшін заманауи өмір талаптарына жауап бере алатын, адамды дайындау қабілеті бар кәсіби – мобильді педагог қызметкерлерді дайындау мәселесі өзектеніп түсті.

Білім берудегі өзгерістерге байланысты ЖОО-дарында болашақ педагог мамандарды даярлау, соның ішінде біліктілікті арттыру ұйымдары өздерінің білім беру бағдарламалары мазмұнын заманауи педагогтердің қажеттіліктері аясында қайта толықтыруы, жаңартуы қажет деп санаймыз. Себебі, болашақ педагог мамандарды даярлауда оқыту бағдарламалары орта білім беру жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылуы қажет.

Бұл орайда, заманауи болашақ педагог – психологтарды даярлау бойынша оқу орындары жұмыс берушілердің талаптарын қанағаттандыру мақсатында

жаңа білім беру бағдарламаларын құрастырып, жүзеге асырды. Атап айтқанда, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 7M01102 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы аясында А.Н.Көшербаева, Л.О. Сәрсенбаева, А.М. Алимкул тарапынан құрастырылған педагогикалық өлшемдер оқу бағдарламасы бекітіліп, қолданысқа енді.

Бұл оқу бағдарламасының оқу жоспары 3600 сағатты құрайды және төмендегідей құрылымға ие:

Кесте 14 - 7M01102- Педагогика және психология: педагогикалық өлшемдер білім беру бағдарламасының оқу – жоспарындағы тақырыптар

Модуль коды	Оқу жұмыстарының түрі және пәндер атауы
1	2
Базалық пәндер циклы	
ЖОО компоненті	
	Ғылым тарихы және философиясы
	Кәсіби шет тілі
	Жоғары мектеп педагогикасы
	Басқару педагогикасы
	Педагогикалық практика
Таңдау бойынша компонент	
	М-1. 1. Ғылыми – теориялық модуль
	Ғылыми зерттеулер әдістері және әдіснамасы
	Педагогикалық өлшемдер теориясы
	Мемлекеттік білім беру саясаты
	М-1. 2. Әдіснамалық модуль
	Психологиялық – педагогикалық ғылым және білім беруде мәдени – тарихи және іс – әрекеттік амалдар
	Білім беруде өлшемдердің теориялық – әдіснамалық өлшемдері
	Қазақстан Республикасында білім берудің нормативтік – құқықтық базасы
Профильдік пәндер циклі	
ЖОО компоненті	
	М-2 Педагогикалық өлшемдер негіздері
	Педагогикалық квалиметрия және тестология
	Академиялық жазылым
	Сыныптағы заманауи бағалау жүйесі
	Жоғары мектеп психологиясы
Таңдау компоненті	
	М-3.1 Білім сапасын expertтік бағалау модулі
	Білім беру жағдайын бағалау: ECERS халықаралық шкаласы
	Білім беру жағдайын бағалау: SACERS халықаралық шкаласы
	Білім беру сапасын халықаралық салыстырмалы талдау
	Жоғары мөлшерлемеде емтихандарды ұйымдастырудың халықаралық тәжірибесі
	М-3.2 Білім беру жүйесінде өлшем құралдары мен ресурстарын жобалау модулі
	Білім сапасын басқару жүйесіндегі мониторинг
	Білім беруде өлшем құралдарын жобалау

1	2
	SAM Білім алушылардың оқу жетістіктері динамикасы және мазмұнды игеру сапасын бағалаудың тесттік құралы
	Психологиялық – педагогикалық зерттеулерде ақпараттық - статистикалық әдістер

Оқу бағдарламасындағы тақырыптар толықтай жаңа болып, халықаралық зерттеулер мазмұны мен кіріктірілген түрде құрастырылған. Бұл амал, болашақ педагог – психологтерді жұмыс барысында бағалау іс – әрекетін жүзеге асыруға дайындаудың тиімді жолы саналады. Болашақ педагог – психологтар ЖОО -да білім сапасын бағалаудың халықаралық деңгейде мақұлданған өлшемдері мен танысады. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың ресурстары мен құралдарын жобалауды үйренеді. Бұл өз кезегінде болашақ педагог – психологтардың бағалау іс-әрекетіне болған дайындығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Педагогикалық өлшемдер білім беру бағдарламасы Абай атындағы ҚазҰПУ және Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде жүзеге асырылады.

Бұл орайда, білім сапасын бағалаудың халықаралық зерттеулеріне тоқталу орынды деп санаймыз. Себебі, біздің ғылыми зерттеуіміз білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау барысындағы педагогтердің бағалау іс-ірекетін дамытуды көздейді. Ал педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытуды халықаралық зерттеулерді негізге ала отырып жүзеге асыру бұл мәселенің терең талдануына ықпал етеді.

ECERS (Early Childhood Environment Rating Scales) шкаласы – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында оқыту сапасын кешенді бағалау шкаласы. Бұл шкала тағы негізгі 7 шкалаға бөлінеді және олар төмендегілерді құрайды:

- Пәндік – кеңістік орта;
- Балаларға қарау және күтім жасау;
- Ойлау және сөйлеу;
- Белсенділік түрлері;
- Қарым – қатынас;
- Бағдарлама құрылымы;
- Ата – ана және персонал.

SACERS (School-Age Care Environment Rating Scale) – мектептегі білім беру ортасын бағалау құралы. Бұл бағалау құралы төмендегі 7 шкаланы құрайды:

- Ішкі кеңістік және жабдыкталуы;
- Денсаулық және қауыпсіздік;
- Белсенді іс – әрекет және уақыт өткізу;
- Қарым – қатынас;
- Оқыту процессі;
- Педагогтердің кәсіби дамуы;
- Арнайы қажеттіліктер.

SAM моделі Л.С. Выготский психологиялық теориясы негізінде құрастырылған болып, оқу – пәндік құзыреттіліктерді диагностикалаудың тесттік құралы. Білім алушылардың пәндерді меңгеру нәтижесінде қалыптасатын іс – әрекеттік қабілеттері.

SAM мектептерде оқыту процессін жетілдіру және сүйемелдеуді ұйымдастыру үшін қолданылады.

TALIS (Teaching and Learning International Survey)- оқу және оқыту мәселелері бойынша халықаралық зерттеу. Экономикалық Ынтымақтастық және даму ұйымы тарапынан ұйымдастырылатын мектептің білім беру кеңістігі, педагогтердің оқыту бойынша кәсіби дамуын зерттеуге негізделген халықаралық зерттеу.

TALIS – мектеп директорлары және педагогтер арасында деректер жинау әдісі ретінде сауалнама ұйымдастыру арқылы ұйымдастырылады. Зерттеудің мақсаты – халықаралық деңгейде қолданылатын педагогтерге бағдарланған, білім алушылардың жетістіктеріне әсер ететін аспектілерді анықтау.

PISA (Program for International Student Assessment) – оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы. Бұл бағдарламаның мақсаты білім беру жүйелері әр түрлі елдердің 15 жастағы жасөспірімдерінің мектепте математика және жаратылыстану ғылымдарынан алған білім, білік және дағдыларын өмірде кездесетін әртүрлі жағдайларды шешуде қолдана алуларын, сонымен қатар түрлі мәтіндерді оқып және түсінулерін салыстырмалы бағалау болып табылады. PISA зерттеуі үш бағыт бойынша үш жылда бір өткізіледі. PISA бағдарламасы халықаралық экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) (OECD – Organization for Economic Cooperation and Development) және ұлттық орталықтардың қатысуымен алдыңғы қатарлы халықаралық зерттеуші ұйымдардан құрылған Консорциуммен жүзеге асырылады.

TIMSS (Third International Mathematics and Science Study) – математика және жаратылыстану білімінің сапасын бағалау бойынша халықаралық зерттеу. Жобаға қатысушы елдердің білім мазмұнын ескере отырып, бұл зерттеудің аясында 4-ші және 8-ші сынып оқушыларының математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша дайындықтарының сапасы бағаланады.

TIMSS зерттеулері оқу жетістері туралы жан-жақты мағлұмат алумен қатар, ел, мектеп және білім берудің жағдайлары туралы қосымша ақпарат алуға да мүмкіндік береді.

PIRLS зерттеуі – бастауыш сынып оқушыларының мәтінді оқу және түсіну сапасын зерттеуге арналған. Халықаралық жоба бесжылдық мерзіммен өткізіледі. Зерттеу нысаны бастауыш сынып бітірушілерінің оқу жетістіктерін анықтайды. Әрбір оқушыға екі мәтін және сол мәтіндерге арналған тапсырмалары бар дәптер ұсынылады. Бірінші – көркем әдеби мәтін- қызықты оқиғалар, баяндаулар немесе ертегілер, екінші- ақпараттық (көбіне жануарлар жайлы әңгімелер). Әрбір мәтінге шамамен 12- 15 тапсырма беріледі. Оқушыларға барлық тапсырмаларды орындауға 80 минут беріледі (екі рет 40 минут үзілісімен). Орындалған жұмыстың сандық және сапалық бағалау

жүйелері қатар жүреді. PIRLS зерттеуін бағалау 1000 баллдық шкаламен жүзеге асады. Орташа көрсеткіш 500 баллға сәйкес, стандарттық төменгі балл 100. Халықаралық PIRLS зерттеу құралдарына тест тапсырмалары бар дәптерлермен бірге оқушыға, ата- анаға, мұғалімге, мектеп әкімшілігіне арналған сауалнама кіреді. Сауалнаманы толтыру үшін әр адамға 30 минутқа жуық уақыт қажет.

Жоғарыда аталған халықаралық зерттеулер білім беру сапасын жақсартудың маңызды бағыттары саналады. Сондықтанда, педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін нақты осы халықаралық зерттеулеріндегі қойылған талаптарға сәйкес дамыту маңызды деп санаймыз. Себебі, педагогтің бағалау іс – әрекеті білім беру сапасына өз әсерін тигізеді. Әсіресе, бұл мәселе педагогтердің біліктілігін арттыруда назардан тыс қалмауы маңызды.

Біліктілікті арттыруда тыңдаушылардың кәсіби қабілеттерін дамытуға ерекше назар аударылуы қажет. Заманауи біліктілікті арттыру ұйымдарының басты мақсаты оқыту үдерісіндегі педагогикалық іс - әрекетті сапалы өзгертуге бағытталуы тиіс.

Осы орайда, заманауи тенденциялар аясында біліктілікті арттыру жүйесінің мәні неде осы мәселені анықтап алған орынды деп санаймыз.

ҚР білім беруді дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларында еліміздің адами капиталын жетілдірудің негізі ретінде білім берудің барлық деңгейлерін модернизациялау стратегиясы анықталды.

Құзыреттілік амалына негізделген заманауи біліктілікті арттыру жүйесінің стратегиясы ол – кәсіби құзыреттілікті дамыту. Заманауи педагогтерге қойылатын талап болса – креативтілік, үздіксіз өзін – өзі дамыту, жетілдіру. Мұндай жағдайда, педагогтерді кәсіби дамытудың негізгі ресурсы болып біліктілікті арттыру жүйесі қарастырылады. Себебі, педагогикалық кадрлардың заманауи талаптар негізінде өз білім, біліктерін жетілдіруі тек біліктілікті арттыру арқылы мүмкін болады деп санаймыз.

С.З. Байхонованың пайымдауыншы біліктілікті арттыру жүйесі – қарқынды даму үстінде тұрған оқытуды ұйымдастыру, оның мазмұны және технологияларға ерекше талаптар қоятын үздіксіз педагогикалық білім берудің қосалқы жүйесі [248;18]. Байхонованың пікірінше біліктілікті арттыруда педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытудың негізгі ұйымдастырушылық шарты оқу үдерісін диагностикалық негізде құру. Бұл жағдайда, модульдік бағдарлама педагогтерді өз оқуының белсенді қатысушысы, жалпы білім беретін мектептердегі процесстерді зерттеуші, құзыретті маман ретінде дамытуға мүмкіндік береді.

Оқыту процесі – бір – бірімен тығыз байланыста жүретін күрделі құрауыштардан тұратын процесс. Оқыту процесінің маңызды құрауыштарының бірі ол – педагогтің кәсібилігі немесе құзыреттілігі.

Білім беру саласындағы кез келген реформа, қандайда бір жаңа инновациялық технологиялар болсын, оларды педагогтердің игеру мүмкіндіктеріне ұласады. Педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерінің дамуы

олардың біліктілікті арттыру ұйымдарында алатын немесе толықтыратын білімдері мен тәжірибелеріне тікелей байланысты.

Демек, заманауи білім беруде педагогтердің өз тәжірибесін үздіксіз жетілдіруіне мүмкіндік беретін институт ол – біліктілікті арттыру. Ендеше, заманауи мұғалімге теория мен тәжірибені тиімді жеткізуге ықпал ететін біліктілікті арттыру үдерісін ұйымдастыруға қойылатын талаптар қандай? Біліктілікті арттыру жүйесінде қандай мәселелерге ерекше назар аударылуы тиіс?

Бұл сұрақтардың жауабын табу үшін отандық және шетелдік ғалымдардың бұл мәселе бойынша ғылыми көз қарастарын талдау орынды деп санаймыз.

Біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру жұмыстарының жаңа моделі біліктілікті арттыру курстарының үздіксіздігі, міндеттілігі, жаңа педагогикалық технологияларға, инновацияларға, ақпараттық және қашықтықтан оқыту технологияларына бағыттылығы, заманауи ғылымның жаңа жетістіктерімен таныстыру, заманның өзгермелілігіне сәйкес іздеушілік, зерттеушілік және шығармашылық іс – әрекетті ұйымдастыруға көмек беру мәселелерінен құралуы тиіс [249;37].

А.Кандаурова үздіксіз кәсіби білім және өзгермелі әлемде педагогтің дамуын қамтамасыз ететін біліктілікті арттыруды жүйе, процесс, субъекттің белсенді іс – әрекеті ретінде түсіндіреді [250;16]. Ғалымның пікірінше, біліктілікті арттыру жүйе ретінде әлеуметтік қарым – қатынас және педагогикалық интеграцияға педагогтердің білім берудегі қажеттіліктерін, біліктілікті арттырудың бағыттары және мазмұнын анықтау арқылы әсер ету. Процесс ретінде әдіс, құралдар, жұмыс формалары және технологиялардың, вариативтілігі, модульдігі, дараландырушылығы, прогностикалықтығы, интегративтілігімен ерекшеленеді, педагогтердің қажеттіліктерін қамтамасыз етіп, әлеуметтік қарым – қатынастың өзгеруі негізінде ұйымдастырылады. Біліктілікті арттыру субъектінің белсенді іс – әрекеті ретінде өзін, кәсіби іс – әрекетін, өзгермелі әлемде кәсіби дамуы мен өзін – өзі дамытуға болған қажеттілікті талап ететін маманның қажет етілетін және нақты біліктілік деңгейінің жағдайы арасындағы субъектінің рефлексиясы қарама – қайшылықтарын біліктілікті арттыру формалары мен мазмұнын таңдау еркіндігі арқылы жүзеге асыру.

Б.А.Альмухамбетов біліктілікті арттыру жүйесінің білім берушілік, ғылыми – ақпараттық, консалтингтік, эксперттік, іздеу-зерттеушілік, апробациялық, кеңейту, енгізу қатарлы негізгі қызметтерді атқаратындығын атап көрсетеді [251;40-41]. Ғалымның пікірінше біліктілікті арттыру жүйесі Қазақстандық білім берудің ұлттық моделін қалыптастыруға және өз іс – әрекетіне білім беру және ғылыми бағыттарды кіріктіруі қажет.

Т.М Баймолдаев болса, біліктілікті арттыру жүйесінде тәрбие – тыңдаушылардың руханийлығын дамыту, білім беру – ой және шығармашылық арқылы тыңдаушылардың жеке ішкі нормаларын сезінуін арнайы ұйымдастыру процесі, дамыту – өз іс – әрекетінің нәтижесін сезіну, жаңаша ойлау қабілетін дамытуды арнайы ұйымдастыру процесі, - деп тұжырымдайды [252;5]. Ғалым

біліктілікті арттырудың негізгі принципі үздіксіздік екендігін атап көрсетеді және біліктілікті арттырудың тыңдаушының дамуына мүмкіндік беретін әлеуметтік – білім берушілік ортаны қалыптастыруы қажеттілігін алға сүреді. Бұл орайда, білім беру құндылық ретінде – әлемге болған көз қарасын қалыптастыру, жүйе – қоғамды мәдениетке баулу бойынша әлеуметтік тапсырысты қамтамасыз ету, үдеріс немесе іс – әрекет ретінде ішкі образдың өзгертілуі, нәтиже – іс – әрекетке болған қабілеті, ішкі нормалары, қажеттіліктердің позитивті өзгертілуі, қызмет – нәтиже және үдеріс барысында сапаны қамтамасыз ету болып табылады.

А.А Жайтапова біліктілікті арттыру жүйесінде шығармашылық әлеуеттің дамуы, педагогтердің кәсіби өсуі және білім беру процесінің тұрақтылығы синергетикалық тәсілге байланысты болып келеді. Ересектерді оқыту барысында ұйымдық және әдістемелік үлгілерде жүзеге асырылатын бұл процесс қол жеткізген жетістіктерде біліктілікті арттыру үлгілерінің оңтайлы үйлесімінде және танымдық уәждеменің қалыптастырылуында әрі субъектілік белсенділіктің дамуында көрініс табады, [253;9]- деп атап көрсетеді.

Заманауи біліктілікті арттыру жүйесінің негізгі критерийлерінің бірі сапалы нәтижеге жету үшін білім берудегі жаңа әдіс – тәсілдер, әдіснамалар, жаңа бағдарламаларды – педагогикалық инновацияларды инновациялық іс – әрекеттердің көмегімен игеру болып саналады [254;102].

Отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми көз қарастарын талдай отырып, біз *біліктілікті арттыру жүйесі* – білім беру позицияларын заманауи талаптар негізінде реттейтін, оқыту мазмұнын педагогтер қоғамының қажеттіліктері мен қиындықтары аясында құрастыратын, бәсекеге қабілетті, инновациялық, интегративті білім беру ортасы, деп тұжырымдаймыз.

Қазақстандық білім беру жүйесінде педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ жанындағы педагогикалық шеберлік орталығы, «Өрлеу» БАҰО АҚ, жекеменшік біліктілікті арттыру орталықтары, ЖООлар жанындағы біліктілікті арттыру департаменттері, қалалық және облыстық білім беру басқармалары, аудандық білім беруді дамыту орталықтары тарапынан ұйымдастырылады.

Осы орайда, оқыту үдерісінде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда критериалды бағалауды қолдану міндетінің қойылғандығын ескерсек, біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту бүгінгі біліктілікті арттырудың негізгі проблемасы екендігі айқындалады.

Қазақстандық білім беру жүйесінің жаһандануы жағдайында педагогтердің үздіксіз білім алуын қамтамасыз ету өзекті проблемалардың бірі. Себебі, жоғары оқу орнында алған білімді заман талаптары негізінде жаңарту арқылы педагогтер өз тәжірибелерін қоғам қажеттіліктеріне сай толықтыра алады.

Зерттеу жұмысымыздың пәнінде көрсетілген мәселені тиімді ету үшін біз қазақстандық біліктілікті арттыру жүйесінде орын алған жаңалықтар мен жаңа бағыттардың барысын және білім беру бағдарламаларының мазмұнын талдауға тырыстық.

Жоғарыда аталған ұйымдардың арасында «Өрлеу» БАҰО АҚ біліктілікті арттыру орталығының даму стратегиясына байланысты жұмыс процесінде жүзеге асып отырған заманауи бетбұрыстарға тоқталдық. Сонымен бір қатарда,білім беру бағдарламаларында педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытуға бағытталған жұмыстарға талдау жасадық.

Кейінгі 7-8 жыл аралығында қазақстандық біліктілікті арттыру ұйымдарында шетелдік технологияларды білім беру үрдісіне енгізу Финляндия, Сингапур және Ұлыбритания секілді елдер тәжірибелері негізінде педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жұмыстары қарқынды жолға қойылды. Солардың ішінде Кембридж факультеті мен серіктестікте Педагогикалық шеберлік орталығы тарапынан жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдеріне арналған үш деңгейлік тренингтік бағдарламалар ұйымдастырылды. Бұл бағдарлама бойынша педагогтердің біліктіліктерін арттыру 2013 - 2016 жылдар аралығында жүзеге асты.Біліктілікті арттыру жүйесінде деңгейлік оқытуды біліктілікті арттыру институттары жанынан құрылған деңгейлік оқыту орталықтары жүргізді.Мысалы,ІІІ базалық деңгейге арналған білім беру бағдарламасын алатын болсақ, бұл бағдарламада 160 академиялық сағат берілген болып ол жеті модульді құрайды.

Бұл модульдер:

- Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер;
- Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;
- Талантты және дарынды балаларды оқыту;
- Оқытудағы басқару және көшбасшылық;
- Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау;
- Оқыту мен оқуда АКТ ды пайдалану;
- Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.

Аталған модульдер бойынша берілген бағдарламада 1 айлық оқудың ішінде тек екі күн яғни күніне 8 сағаттан есептегенде 16 сағат оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау модуліне берілген.

Енді,2016 жылы басталған жаңартылған білім беру бағдарламалары бойынша өткізілген біліктілікті арттыру курстарына тоқталатын болсақ: бұл бағдарлама бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстары пән бағыттарына байланысты қазақ, орыс тілдерінің мұғалімдері үшін ұйымдастырылатын курстар 4 апта, бастауыш сынып мұғалімдері үшін 3 апта, тарих, математика, биология, география, биология пәні мұғалімдері үшін 2 аптаны құрайды.Демек, бағдарламалар 160, 120,80 және 40 сағаттық болып бөлінеді. Енді аталған бағдарлама аясында ұйымдастырылған курстар бағдарламасында оқу жетістіктерін критериалды бағалауға арналған тақырыптар екі күнге жоспарланған яғни критериалды бағалауға шолу, ерекшеліктерін түсіндіруге 8 сағат (1 күн),критерий, дескрипторларды құруға 8 сағат (1 күн) жалпы саны 16 сағат.

Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту жүйесінде педагогика кадрларының біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан республикасы білім және ғылым

министірінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы №32 бұйрығы бойынша 84 білім беру бағдарламасы құрастырылған болып оның ішінде:

1.Қазақ тілі (орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілі), орыс тілі (қазақ және орыс тілінде оқытатын мектептерде орыс тілі), ағылшын тілі пәндері бойынша біліктілікті арттыру бағдарламасының оқу жоспарында 160 сағат берілген болып,3 апта жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы педагогикалық тәсілдер.Алға ілгерілеуді бағалау және келесі қадам туралы ойлану тақырыбында ұйымдастырылып, алға ілгерілеу және үлгерім тақырыбы критериалды бағалауға арналған болып оған жалпы 8 сағат берілген:

Кесте 14 - Оқу жоспары

3-апта. Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы педагогикалық тәсілдер.Алға ілгерілеуді бағалау және келесі қадам туралы ойлану			
Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
	Алға ілгерілеу және үлгерім	1 Табыс критерийлерін белгілеу Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		2Табыс критерийлерін белгілеу	2
		3 Бағалау жөніндегі нұсқаулық және табыс критерийі Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		4 Бағалау жөніндегі нұсқаулық және табыс критерийін көрсету Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2

Жаңартылған білім беру жағдайында қазақ және орыс тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курсының оқу бағдарламасында критериалды бағалау мәселесіне 120 сағаттан 8 сағат берілген одан бөлек математика пәнінде критериалды бағалау мәселесіне 4 сағат берілген жалпы 12 сағат:

Кесте 15 - Оқу жоспары

1 апта Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе			
Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
	Критериалды бағалауға арналған негізгі тәсілдер	Бағалау қағидаттары	2
		Критериалды бағалау моделі	2
		Қалыптастырушы бағалау	2
		Ішкі жиынтық бағалау Нәтижелерді жариялау Критериалды бағалауға дайындық және критериалды бағалау материалдарына шолу	2

2016 ж 15 қаңтар №36 бұйрық бойынша құрастырылған педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарында оқу жетістіктерін бағалау

мәселесіне байланысты берілген тақырыптардың салыстырмалы сағат санын төмендегі кестеден көруге болады:

Кесте 16 - Оқу жетістігін бағалауға арналған тақырыптардың салыстырмалы кестесі

№	Білім беру бағдарламасының тақырыбы	Бағдарлама бойынша сағат саны	Бағалау мәселесіне арналған тақырыптарға берілген сағат саны
1	2	3	4
1	Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «бейнелеу өнері», «музыка» пәндері бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсы	36	4
2	«Жоба жұмысы» пәні бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсы	40	4
3	«Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы» пәні бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсы	80	6
4	«Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» және «Информатика» пәні бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсы	80	24
5	Дене шынықтыру пәні бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсы	40	4
6	Орыс тілді және қазақ тілді мектептердегі «орыс тілі» және «орыс әдебиеті» пәні бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсы	160	16
7	Математика пәні бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсы	160\80	16\16
8	Физика пәні бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсы	160\80	16\8
9	Информатика пәні бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсы	80	8
10	Химия және жаратылыстану пәні бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсы	80	16
11	Биология және жаратылыстану пәні бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсы	80	16
12	География және жаратылыстану пәні бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсы	80	16
13	Қазақстан тарихы және құқық негіздері, дүние жүзі тарихы және құқық негіздері пәні бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсы	80	16

16 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
14	Қазіргі әлемдегі қазақстан пәні бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсы	80	16
15	Графика және жобалау пәні бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсы	80	16
16	Көркем еңбек пәні бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсы	40	8
Критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша біліктілікті арттыру курстарының бағдарламалары			
1	Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған біліктілікті арттыру курсы	80	80
«Бағалауға арналған тапсырмаларды бағалау және сараптау» бойынша біліктілікті арттыру курстары			
2	Қазақ тілінде және орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған «Бағалауға арналған тапсырмаларды бағалау және сараптау»	80	80
3	Қазақ тілінде және орыс тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен орыс әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған «Бағалауға арналған тапсырмаларды бағалау және сараптау»	40	40
4	Ағылшын тілі, математика, биология, тарих, география, химия пәндері мұғалімдеріне арналған «Бағалауға арналған тапсырмаларды бағалау және сараптау»	40	40

Жоғарыда келтірілген кестедегі мәліметтер жаңартылған білім беру бағдарламасының енгізілуінің бастапқы сатысында құрастырылған бағдарламалар.

Енді, Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің мектепке дейінгі, орта, қосымша білім беру, сондай - ақ арнаулы білім беру ұйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы 2016 жылғы 28 қаңтардағы №92 бұйрығы бойынша құрастырылған білім беру бағдарламаларында оқу жетістіктерін критериалды бағалау мәселесінің қамтылуын салыстырмалы талдау барысында біз келесі мәліметтерді айқындадық:

- №92 бұйрық негізінде 143 біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламалары құрастырылған;

- Осы бұйрықтың 54 қосымшасында тарих пәні мұғалімдеріне арналған «Б.Блум таксономиясы аясында оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау» тақырыбындағы білім беру бағдарламасы берілген;

- Бағдарламаның мазмұндық модулі аясында оқу жетістіктерін бағалауға арналған «Тарих сабақтарында оқытуды оқытудың нәтижелерін критериалды бағалау. Блум таксономиясы оқытуда нәтижеге жетудің бағалаудың әдісі

ретінде» тақырыбына 8 сағат берілген: оның 2 сағаты лекция, 4 сағаты тәжірибелік сабақ, 2 сабағы тренинг;

- «Суммативті және формативті бағалау: оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау» тақырыбына 2 сағат тәжірибелік сабақ, 2 сағат тренинг жалпы 4 сағат берілген;

- Мазмұндық модуль бойынша берілген қалған тақырыптар тәрбие және инновациялық оқыту технологияларына арналған.

Бұл қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстары болып, олардың мазмұнында критериалды бағалау мәселесіне арналған тақырыптар мүлдем жоқ немесе 2-4 сағатты құрайды.

Бағалау мәселесі бойынша ұйымдастырылатын біліктілікті арттыру курстарының мазмұнына келетін болсақ, бұл курстарда тек критериалды бағалаудың мазмұнына, құрылымына шолу, бағалауға арналған тапсырмаларды құрастыру, бағалау үдерісінің жүргізілуі қатарлы мәселелер қамтылған. Алайда, сол бағалауды жүргізу барысында оның білім алушының психологиясына әсері, бағалауды жүзеге асыруда педагогтің өзін психологиялық – педагогикалық сүйемелдеу, нормативтік – құқықтық қамтамасыз ету, бағалау іс – әрекетін жүзеге асыруда педагогтердің бағалау іс – әрекетінің принциптері, қызметі қатарлы мәселелер қамтылмаған. Сонымен бір қатарда, бұл бағдарламаларда қалыптастырушы және сабақ барысындағы жиынтық бағалауда ұлттық болмысымызға негізделген бағалау формаларын құрастыру мәселелері де назардан тыс қалған. Біз өз зерттеу жұмысымыздың қалыптастырушы кезеңінде дәл осы мәселелердің қамтылуына көңіл бөлетін боламыз.

Сондай – ақ, ел аумағында 2021 жылы жаңартылған білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарының тоқтатылғанын, педагог қызметкерлердің жаңартылған білім беру бағдарламалары аясында құрастырылған біліктілікті арттыру курстарынан 100% өтпегендігін, жалпы орта білім беру ұйымдарына «педагог мәртебесі»нің әлеуметтік тұрғыдан артуы аясында мектепке жұмысқа тұруға ұмтылған мұғалімдер санының арта түскендігін ескерсек, сонымен бір қатарда заңға сәйкес педагог қызметкерлердің біліктілікті арттыру курстарынан алған сертификаттарының жарамдылық мерзімінің 3 жыл екендігін ескерсек, біздің зерттеу жұмысымыздың пәнінде көрсетілген педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту мәселесінің маңызының зор екендігін айқындауға болады.

Біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі мәселесі педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытуды тиімді жүзеге асыру біліктілікті арттыру жүйесінде оқу – оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыруға байланысты.

Бұл орайда, білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамыту мәселесі қайта қарастыруды талап ететін өзекті мәселе. Педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамытуды жүзеге асыру педагог қызметкерлердің заман талабына сай қажеттіліктерін анықтап, талдау арқылы, олардың психологиялық, әлеуметтік

талаптарын ескере отырып ұйымдастырылуы, яғни педагогтерді оқыту бағдарламаларының мазмұны жаңартылуы қажет деп ойлаймыз.


Біліктілікті арттыру үдерісінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту олардың бағалау біліктерін дамыту үдерісін тиімді ұйымдастыруға тікелей байланысты деп санаймыз.

Білім берудің жаңа парадигмасы ясында ересек адамдарға білім беру (біздің зерттеуіміз жағдайында педагог қызметкерлерге) олардың білімін үздіксіз дамыту үдерісінің мазмұнын жаңарту мәселесі психологиялық – педагогикалық бағыттағы ғылыми зерттеулерде өзекті мәселе саналады.

Біздің зерттеу жұмысымыздың нысаны болған педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту үдерісінің ұйымдастырылуы, үдеріс кезеңдері, үдерістің жүзеге асуына ықпал ететін субъекттердің қызметі қатарлы мәселелердің мәнін ашу педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамытуда маңызды деп санаймыз. Себебі, біздің зерттеу жұмысымыздың нәтижелілігі ересектерге білім берудің принциптерімен оның ерекшеліктерімен тығыз байланыста жүзеге асады.

Өмір бойы білім алу немесе үздіксіз білім – тұлғаның жеке немесе кәсіби қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында оның мақсатты ұмтылысына негізделген ерікті білім. Үздіксіз білім тұлғаның, біздің жағдайымызда педагог қызметкердің шығармашылық даму қажеттілігі мен тұлғаның рухани қажеттілігін қамтамасыз ететін – дамытушылық, базалық білімдегі кемшіліктердің орнын толтыруға негізделген – толықтыру, өзгермелі әлеуметтік жағдаяттар жағдайында жедел дайындау және қайта даярлауды көздейтін – бейімдеу, беймәлім мәдени аспектіге кіріктіруге мүмкіндік беретін – кіріктіру, қайта әлеуметтендіру, инновацияға шөгіру, ақпараттандыру қызметтерін атқарады.

Осы орайда, педагог мамандығының ерекшеліктеріне байланысты оның кәсіби дамуының қадамдық траекториясын төмендегідей көрсетуге болады:




Сурет 18 - Педагогтердің кәсіби даму траекториясы

Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту үдерісі ересектерге білім берудің негізгі қағидалары аясында жүзеге асырылуы тиіс деп санаймыз.

Заманауи білім беру саласында ересектердің білімін үздіксіз арттыру қоғам дамуының жаһандық мәселелері мен бір қатарда қарастырылуда. Бұл жағдай тұлға іс - әрекетінің нәтижесі болған жаңа инновациялардың қарқынды көбеюі мен адамдардың сол жаңалықтарды игерудегі құзыреттіліктерді меңгеру қарқынының төмен деңгейде екендігі мен түсіндіріледі. Сондықтанда, ересек адамдарға олардың құзыреттілік деңгейін дамыту мақсатында үздіксіз білім беру жаһандану жағдайында адам өмірінің барлық салаларында орын алған қазіргі заманның сын – тегеуріндерін жеңуге мүмкіндік береді.

XXI ғасырдың маңызды бағыты болған ересектерге білім беру мәселесінің ең күрделі және бүгінгі заман талаптары бойынша үнемі жаңартуды талап ететін педагогтердің кәсіби білімін үздіксіз арттыру үдерісі болып табылады.

Жоғарыда келтірілген ғылыми көзқарастар негізінде педагогтердің біліктілігін арттыру үдерісін мұғалімдердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуға бағыттау үшін педагогтерді оқытудың мазмұндық – құрылымын төмендегі байланыстар негізінде айқындадық:



Сурет 19 - Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың мазмұндық- құрылымы

Енді осы құрастырылған сызбаның мазмұнына тоқталайық:

Қазақстандық білім беру жүйесінде педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру төмендегі нормативтік құжаттарда көрсетілген талаптар негізінде жүзеге асады:

- ҚР «Білім туралы» Заңы;
- ҚР Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары;
- ҚР педагог кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін дамыту Концепциясы;
- Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай - ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары;
- ҚР «Педагог мәртебесі» туралы заңы.

Аталған нормативтік құжаттар педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жұмыстарының құқықтық қамтамасыз етілуіне негіз болады.

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай - ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларында *біліктілік* – тиісті кәсіби қызмет түрі шеңберінде жұмыстарды орындау үшін қажетті кәсіби білім, іскерлік, дағды және жұмыс тәжірибесінің жиынтығы.

Педагогтердің біліктілігін арттыру – оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай- ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны- делінген[255]

Демек, педагогтердің біліктілігін арттыру жалпы елдегі білім беру сапасын жақсарту мақсатында педагог қызметкерлердің кәсіптік алған білімін заман талабына сай толықтыру және тереңдету болып табылады.

Педагогтердің біліктілігін арттыруға ықпал ететін маңызды құжаттардың бірі ол – біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламалары.

Білім беру бағдарламалары - педагог қызметкерлердің білімі және тәжірибелерін арттыру мақсатында нақты тақырып аясында құрастырылған, оқыту процесін ұйымдастыру негіздері айқындалған, оқыту формалары және әдістері тізбектелген құжат.

Біздің ойымызша, заманауи біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамытуға негізделген білім беру бағдарламаларының модульдік амал негізінде құрастырылғаны орынды.

«Модуль» ұғымы латын тілінен аударғанда «modulus» - «өлшем» мағынасын береді. Педагогикада модуль - тұтастықтың жоғары деңгейі жүйесінде оқу мазмұны мен оны игеру технологиялары біріктірілген мақсатты, функционалды түйін.

Модульдік оқытуға негізделген білім беру бағдарламалары оқу мазмұнының оқыту технологиялары, әдіс – тәсілдері, оқыту формалары мен толықтырылыпқана қоймай, тақырып бойынша барлық аспектілерді қамтуға мүмкіндік береді.

Біздің зерттеу жұмысымыз аясында құрастырылған барлық санаттағы гуманитарлық бағыттағы пәндер педагогтерінің қысқа мерзімді біліктілікті

арттыру курсының модульдік оқытуға негізделген білім беру бағдарламасының мазмұны диссертациямыздың 3.3 бөлімінде беріледі.


Модульдік негізде құрастырылған бағдарламалардың ерекшеліктері:

- Жүйелілік;
- Вариативтілік;
- Мақсатқа бағыттылық.

Білім беру бағдарламаларының модульдік амалға негізделуі біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытуда оқыту процесін тиімді ұйымдастыруда маңызды.

Біліктілікті арттыруда *оқыту процесі* – оқытушы мен тыңдаушының серіктестікте жұмыс жасауына негізделген мақсатты, мазмұнды, нәтижеге бағытталған арнайы ұйымдастырылған іс – әрекеттер тізбегі.

Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуға бағытталған оқыту процесі біздің ойымызша төмендегідей бір – бірімен байланыста жүзеге асатын іс – әрекеттер тізбегінен құралуы қажет:



Сурет 20 - Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуға бағытталған оқыту процесіндегі іс – әрекеттер байланысы

Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуға арналған біліктілікті арттыру үдерісі нақты мақсатқа негізделіп, нәтижеге бағдарланған іс – әрекет арқылы жүзеге асады. Біліктілікті арттыру процесі теория мен тәжірибені ұштастыру арқылы инновациялық технологиялардың көмегімен кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуына түрткі болады. Педагогтердің біліктілігін арттыру процесінің мазмұны ғылыми негізделген тәжірибелерге сүйенуі қажет. Бұл жағдай, яғни біліктілікті арттыру процесінің ғылымилық принципіне негізделуі, алынған ақпараттардың негізінде жаңа білім және тәжірибенің пайда болуына ықпал етеді. Процесс қатысушылары оқытушы мен тыңдаушының серіктестікте атқарылатын іс – әрекеті нәтижесінде педагогтердің бағалау іс – әрекеті дамиді.

Педагог қызметкерлердің кәсіби білімін толықтыру және дамыту мақсатында ұйымдастырылатын біліктілікті арттыру үдерісінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін субъект – ол оқытушы болып табылады. Біздің

жағдайымызда біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтерге тәжірибе арттыруға көмектесетін ол – арнайы дайындалған тренерлер.

Біздің ойымызша тренер – ересектерге білім беру саласында оқыту, басқару, кеңес беру арқылы педагогтердің жұмысын түзету, дамыту мен айналысатын маман. Ересектер мен жұмыс жасайтын кез келген маманды «андрагог» деп атауға болады.

Ал, андрогогтың жаңа кәсіби әрекетін құрастырудың мақсаттарының бірі өз тәртіп репертуарын үнемі жаңартуға қабілетті, мәселені шешудің альтернативтік мүмкіндіктерін табуға, кәсіби әрекетінің түрлі стилі және стратегияларын құрастыруға бейім маманның нәтижелі дамуын сүйемелдеу[256;730]

Осы орайда, андрогог - мамандандырылған андрагогикалық білім, білік, дағдылар кешенін меңгерген, ересек тұлғаларға олардың білімдік қажеттіліктері, жас ерекшеліктерін ескере отырып, ересек адамдардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мақсатында оқу және даму үрдісін ұйымдастыратын маман екендігін ескерсек, андрогог ересек адамға өз білімін жетілдіру және үздіксіз білім алу үдерісінде «жетектеуші» қызметін атқарады. Заманауи талаптар аясында андрогог тек белгілі білімді беруші ғана емес, әрекет, жады, ой, қарым – қатынас мәдениетін жеткізуші.

Осы орайда, заманауи біліктілікті арттыру үдерісінде педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытуда маңызды роль атқаратын ол – оқытушы яғни тренер.

Біз өз зерттеуіміз барысында заманауи білім беру аясында үздіксіз білім беру жүйесіндегі педагогтердің біліктілігін арттыруда оқытушының оқыту үдерісінде төмендегі рөлдерде көрініс табатындығын анықтадық:

1) *Тьютор* (лат. tutor — қорғаушы, қолдаушы, тәлімгер) – жұмысты ұйымдастыру дағдыларын меңгерген, педагогика және психология саласы бойынша жоғары білімі бар маман[257;54] Жалпы алғанда, үдерісті басқарушы, тұлғаның жеке өзіндік дамуын сүйемелдеуші.

2) *Нұсқаушы - тренер* – біліктілікті арттыру жүйесінде жаңартылған немесе деңгейлік білім беру бағдарламасы бойынша сертификатталған маман. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша барлық нұсқауларды түсіндіре алады[258;5]

3) *Фасилитатор* (лат. facile — қарапайым, жеңілдету) – тиімді тұлғалық қарым – қатынасты қамтамасыз ететін, білім алушылардың дербес әрекетіне әсер етуші педагог. Коммуникация процессін барлық қатысушылар үшін жеңілдетуші маман.

К.Роджерстің пікірінше фасилитатор топтық коммуникацияның тиімділігін қамтамасыз ететін қарым – қатынас субъекті болып саналады.

4) *Модератор* – топтың оқу үрдісін басқарушы, кәсіби әрекеттің қиындық аймақтарын талдау арқылы, топтық жұмыс қатысушыларының білімі және тәжірибесіне сүйеніп нәтижеге жету жолдарын айқындауға көмектеседі.

Педагогика және психология саласындағы ғылыми еңбектерде көп уақытта «фасилитатор» және «модератор» терминдерін шатастырады. Бұл терминдердің айырмашылығы олардың мазмұндық ерекшеліктерінде:

-Модератор топтық жұмыс барысында бекітілген нормалар мен тәртіптің сақталуын қадағалайды,фасилитатор болса,топ мүшелерінің жетістікке жетуі үшін мәселені шешу жолдарын айқындауға көмектеседі.

-Модератор мәселенің шешілу жолын қадағаламайды,фасилитатор болса, топтық жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында жұмыс жасайды.

Заманауи білім беру саласында жоғарыда көрсетілген оқу – оқыту үдерісін ұйымдастырушының рөлдері педагогтердің біліктілігін арттыруда кеңінен қолданыс тапты.Бұл жағдай оқыту үдерісі мазмұны мен ұйымдастыру тетіктерінің жаңа құзыреттілік бағытында жүзеге асуы мен байланысты деп санаймыз.Осы орайда, біліктілікті арттыру жағдайында педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамытуда оқу – оқыту үдерісінің тиімді жүзеге асуын қамтамасыз ететін субъект ол – оқытушы.

Біліктілікті арттырудың оқу – оқыту үдерісінде оқытуды ұйымдастырушы позицияларын төмендегідей топтастыруға болады:



Сурет 21 - Біліктілікті арттырудың оқу – оқыту үдерісінде оқытуды ұйымдастырушы позициялары

Демек, біліктілікті арттыру үдерісінде педагог өз білімін жетілдіруші маман яғни педагог оқу - оқыту үдерісінде өз білімін ұйымдастырушы, топтағы қарым – қатынасты, коммуникацияны құрастырушы, кәсіби даму жолын таңдаушы, өз кәсіби дамуының тиімді ресурстарын анықтаушы, инновацияны тиімді қолданушы, тәжірибесі мен бөлісуші болып табылады.

Жоғарыдағы тұжырымға сүйене келе біліктілікті арттыру жүйесінде оқу – оқыту үдерісінде тренер мен тыңдаушы рөлін төмендегідей анықтап, көрсетуге болады.

Тыңдаушы	Тренер
Өзінің даму траекториясын құрастырушы	Нұсқау, бағыт – бағдар беруші
Өзінің академиялық және практикалық кемшіліктерін, артықшылықтарын айқындаушы	Түзетуші, дамытушы, бақылаушы
Қарым – қатынас және коммуникация орнатушы	Қарым – қатынас және коммуникацияны ұйымдастырушы
Инновацияны қолданушы, тәжірибесі мен бөлісушы.	Инновацияны қолдануға дайындаушы, тәжірибесін жетілдіруші

17 -кесте Біліктілікті арттыруда тренер және тыңдаушы бағыттары

Ересектерді оқытудың өзіндік теориясы және оқыту технологияларының және ересектерді оқытуға арналған ғылыми – әдістемелік ресурстардың болуы қажет. Ересектерді оқытуда қолданылатын ресурстар білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып таңдалуы керек. Ересек білім алушы өзінің субъективті – объективті физиологиялық және әлеуметтік – психологиялық ерекшеліктеріне орай өз оқу үдерісін ұйымдастырудың басты қатысушысы бола алады [259;440]

С.И. Змеев ересек білім алушылардың оқу үдерісіндегі келесі ерекшеліктерін атап көрсетеді:

1. Ересек адам өзін дербес, өзін – өзі басқара алатын тұлға ретінде сезінеді;
2. Ересек адам өзінің және әріптестерінің білім алуында маңызды дереккөз бола алатын үлкен өмірлік (тұрмыстық, кәсіби, әлеуметтік) тәжірибелер қорын жинақтайды;
3. Ересек адамның оқуға болған дайындығы (мотивация) оның оқу әрекеті арқылы өмірдегі маңызды мәселелерді шешіп, нақты мақсатқа жетуіне болған құлшынысын анықтайды;
4. Ол тұлғалық ерекшеліктері мен құндылықты бағдарларын алған білім, білік, дағдыларын кідіртпей жүзеге асыруға тырысады;
5. Ересек адамның оқу әрекеті әлеуметтік, кәсіби, тұрмыстық, кеңістік, уақыттық факторлар (шарттар) мен байланысты [260;96].

Ересек адамдарды оқыту үдерісі олардың физиологиялық, психологиялық ерекшеліктеріне негізделі отырып ұйымдастырылады. Ересек адамдарды оқыту үдерісіндегі негізгі тұлға ол білім алушы. Бұл орайда, оқытушының қызметі білім алушының жеке тәжірибесіне сүйене отырып оның білімін анықтау, жүйелеу, түзету, толықтыру болып табылады.

Ересектерге білім беру мәселесін зерттеген ғалымдар - Б.Г. Ананьев, Б.М. Бим-Бад, А.П. Владиславлев, С.Г. Вершловский, В.Г. Воронцова, М.Т. Громкова, А.В. Доринский, С.И. Змеев, Ю.Н. Кулюткин, Л.Н. Лесохина, Э.М. Никитин, В.Г. Онушкин, А.П. Ситник, Г.С. Сухобская т.б өз еңбектерінде ересектерді оқытудың теориясы мен практикасының келесі тұжырымдарын анықтаған:

1.*Құндылықты өмір.*Ересектерді оқыту үрдісінде олардың өзін – өзі позитивті дамытуы үшін білім беру субъекттері іс-әрекетінің негізі болған құндылықтардың маңызын түсінуге мүмкіндік беретін жағдаяттарды құрастыру оларды түсіну және қабылдау үрдісінде эмоционалды түрде бастан кешіру - «өмір сүру» жағдаятын құру қажет.Адам өзі бастан кешірмеген нәрсе әрекеттік деңгейде қабылданбайды.Ересектерді оқыту үрдісі олардың өмірлік тәжірибелері мен байланысты жүзеге асуы қажет.

2.*Оқытудың белсенді әдістерін қолдану.*Ересек білім алушы өз құндылықтары және кәсіби стереотиптерін оларды әрекеттік деңгейде және тәжірибеде ауыстыру және олардан бас тарту керектігін сезінбегенше ұстанады.Бұл мәселені шешу үшін белсенді оқыту формаларын - топтық жұмыстарды қолдану қажет. Шағын топтарда жұмыс жасау түрлі өмірлік және кәсіби тәжірибесі бар, түрлі психологиялық ерекшеліктері мен мұқтаждықтары бар ересек адамдардың бірлескен нәтижелі жұмысын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

3.*Оқыту үрдісінің «аяқталуы» оның нәтижелерінің рәсімделуі.*Бұл оқу үрдісіне болған жоғары мотивацияны дамыту және оны сақтаудың бір жолы.Оқу – оқыту үрдісінің нәтижесіне технологиялар, кәсіби әрекет бағдарламаларын, әдістеме және авторлық бағдарламалар, бағдарлама және жобалар,таныстырылымдарды жатқызуға болады.Сонымен бір қатарда ғалымдар, педагогтердің ғылыми көз қарастарын өз тәжірибесімен салыстырып, талдау жасауға мүмкіндік беретін рефераттар дайындату тәжірибесіде маңызды.

4.*«Шөгерілу».* Бұл оқу әрекеті белгілі бір уақыт аралығында негізгі болып келген кезде қолданылады.Шөгіру оқыту үрдісінде қалыптасқан ортадан арылту,зейінді мақсатқа жетуге аудару қатарлы әрекеттердің жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

5.*Білім беру нәтижелері мен оның кезеңдерін рефлексивтік сүйемелдеу.*Бұл жағдайда ересек адам өз әрекетін жоспарлайтын, ұйымдастыратын, талдайтын басқару объекті «Мен - орындаушы», және басқару субъекті «Мен - бақылаушы» ретінде әрекет етеді.

Ғылыми зерттеу тәжірибелерінде анықталғандай ересек білім алушылар өз кәсіби іс – әрекетін талдау барысында қиындықтарға тап болады.Өз әрекетіне рефлексия жасаудың орнына жағдаяттар талданады және бұл жоғары эмоционалдық шиеленіске әкеледі.Олар өз әрекетінің сәтсіздікке ұшырауын «сыртқы себептер»-басшылардың жамандығы, елдегі ахуал т.б әсерінен деп біледі. Оқыту үдерісінде рефлексивтік сүйемелдеу әдістерін үйрену арқылы оқыту үрдісі субъекттері өз сәтсіздіктерінің «ішкі» себептерін іздей бастайды.

6.*Келісілген коммуникативтік мәдениет.*Ересек адамдар оқуға өздерінің өткен кәсіби және өмірлік тәжірибесі,түрлі коммуникативтік субмәдениетке ие болып келеді. Бұл жағдайда, тек қалыптасқан коммуникативтік мәдениеттің болуы диалог арқылы бірлескен ұжымдық әрекетке қосылуға мүмкіндік береді. Ересектер арасында тиімді қарым – қатынасты орнатуды үйрететін маңызды курал ол – нақты жағдаяттарға негізделген тренингтер болып саналады.

7.*Оқыту үдерісін ұйымдастыруда модульдік оқытуды қолдану.*Оқытудың модульдік принципі білім алушылардың талаптарына сүйене отырып, олардың

қажеттіліктерінің өзгеруіне байланысты оқытуды қайта өзгертуге мүмкіндік береді.

Аталған тұжырымдар педагогтерді оқыту үдерісін ұйымдастырудың жаңа моделін құрастыруға мүмкіндік береді. Біліктілікті арттыру жағдайында педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамыту үдерісін ұйымдастыру барысында оқытушы (андрагог) ересектерді оқытудың психологиялық, педагогикалық, андрогогикалық принциптерін негізге алуы қажет.

Клаус Фопель өзінің «*Психологические принципы обучения взрослых*» [261] атты кітабында ересектерді оқытудың «үш фазалық оқыту моделін» ұсынады. Бұл модель оқыту жағдаятының идеалды жоспарын көрсететін үш қадамды өз ішіне алады:

1.«*Зейінді босаңдату*» ахуалын тудыру.Бұл қадамда білім алушы өзін еркін сезініп,оқыту жағдаятын өзіне берілген шақыру деп санауы қажет.Берілген тапсырмалар білім алушыға оның қабілеттері мен өз мүмкіндіктерін анықтауға ықпал етуі керек.Босаңдатылған зейін – білім алушының физикалық тұрғыдан босаңсыған, психологиялық тұрғыдан ашық саналы мақсатқа жетуге өз энергиясын жұмсау болып табылады. Ересек білім алушының мотивациясын ояту үшін ол берілген тапсырманы маңызды деп табуы қажет.Бұл жағдай тек оқыту үрдісінің ересек адамның қызығушылығы, жеке мақсаттары, өмірлік тәжірибесімен байланысты түрде құрастырылғандағана мүмкін болады.

2.*Кешенді тәжірибеге шөгірілу*.Бұл оқытуда күнделікті өмірмен байланысты тапсырмалар, қызықты жобаларды қолдану болып табылады.Берілетін ақпаратты тандау оны талдау, тәжірибеде қолдану, тұжырымдарды түсіну шығармашылық қабілеттерді жұмысқа қосу.Бұл кіріктірілген жағдай білім алушылардың дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

3.*Белсенді бағалау*.Белсенді бағалау – жайғана еске түсіру шекарасынан шығатын түсінуге бастар жол.Белсенді бағалау бұл артқа қарау емес,оқу- оқыту үрдісін түсіну, жеке дамуы мен өмірлік мақсаттарын анықтау.Бұл бағалау өткенді талқылау, қателіктерді анықтау, түзету, болашаққа жоспар құруға мүмкіндік беретін кері байланыс және рефлексия.

Фопель ұсынған бұл қадамдар білім біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамыту үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді және білім беруші мен білім алушы арасындағы қарым – қатынастың анық шекараларын белгілейді. Педагогтерді оқыту барысында олардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып оқыту үдерісін жобалауға көмектеседі.

Ересектерге білім беру жүйесінің философиялық – әдіснамалық негізі ересектерге заманауи білім беруді ересек адамның өмір ағымымен толыққанды мәні аясындағы адами және әлеуметтік – мәдени болмыс ретінде қабылдау болуы керек [262;40].

С.Г Вершовскийдің пікірінше ересектерге білім беретін оқытушы андрогогикалық құзыреттілікке ие болуы қажет.Құзыреттіліктің бұл түрі төмендегі құрылымдық компоненттерден тұрады:

- оқытушы ересек адамды оқыту оған өзін – өзі шығармашылық дамытуға мүмкіндік беру қажеттігін түсінуі;
- ересек адамның кәсіби және білім беру әрекетінің субъекті ретіндегі ерекшеліктерін білуі;
- ересектерді оқыту ерекшеліктері негізінде білім беру технологияларын игеруі;
- оқыту үдерісінде серіктестікке негізделген өз ара әрекеттесу қабілетінің болуы;
- мамандардың оқыту жағдаятына бейімделуіне көмектесуді және олардың тұлғалық жетілуін жоспарлауды білуі[263;277]

Ересек адамдарды оқытудың психологиясы бойынша көптеген тәжірибелер жүргізген Дэвид Колбтың (David A.Kolb) пікірінше оқыту моделі жеке тәжірибеге сүйенетін циклдық міндетті төрт кезеңдік үрдісті өз ішіне алуы қажет. Олар:

- 1.Нақты жеке тәжірибе.
- 2.Тәжірибені талдау.Рефлексия жасау
- 3.Алған білімді теориялық негіздеу.
- 4.Жаңа тұжырымдарды тәжірибеде апробациялау.



22- сурет Д.Колбтың оқыту моделі


Егерде Д.Колбтың Ж.Пиаже, Дж.Дьюи тәжірибелеріне негізделген бұл моделін қарастыратын болсақ, біздің ғылыми жұмысымыз аясында педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамыту олардың кәсіби білігінің құрамдас бөлігі болған бағалау іс - әрекетінің нақты тәжірибелері негізінде мүмкін болады. Демек, педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекеті маманды нақты жағдаятқа қатыстыру арқылы, жаңа ақпараттар негізінде өз іс – әрекетіне рефлексия жасауына, салыстырмалы түрде инновацияның тиімділігін дәлелдей білуіне, белсенді тәжірибеде қолданып көру арқылы жаңа тәжірибені игеруіне мүмкіндік беру арқылы қалыптасады. Біліктілікті арттыруда педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін тәжірибе арқылы оқыту негізінде дамыту маңызды.

Жоғарыда келтірілген ғалымдардың ғылыми тұжырымдарын талдай отырып, біз педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу

жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамыту үдерісін ұйымдастырудың төмендегі ерекшеліктерге негізделуі қажеттілігін анықтадық:

- вариативтілік және кәсіби біліктілікті арттыру бағдарламаларының алдын – ала оза оқытуға негізделуі;
- білім беру бағдарламаларының озық тәжірибеге негізделуі;
- білім беру бағдарламалары мазмұнының педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктеріне сай инновациялық технологиялар мен сәйкестігі;
- білім беру бағдарламаларының кәсіби іс - әрекетті қажеттіліктер негізінде жедел ауыстыруға бағдарлауға икемділігі;
- ақпараттық технологияларды енгізу арқылы тұтас ақпараттық ортаны қалыптастыру;
- кәсіби тәжірибе мен сәйкес жағдаяттық білім беру және педагогтердің құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған тренингтер ұйымдастыру;
- кәсіби тәжірибе негізінде шығармашылық әлуетті дамыту;
- білім беру бағдарламаларының метапәндік білімге негізделуі.

С.И Змеев, К.Фоппель, С.Г Вершловскийдің ересек білім алушыларды оқыту үдерісін ұйымдастыру бойынша негіздеген ғылыми тұжырымдары негізінде біз педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту үдерісінің ұйымдастырылуы барысындағы серіктестік қарым - қатынас ерекшеліктерінің моделін төмендегідей құрастырдық:



23- сурет Оқыту үдерісіндегі серіктестік қарым – қатынас

Біліктілікті арттыру жағдайында педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін құндылықты өмірмен байланыстыру арқылы дамыту қажет. Педагогтер нақты тәжірибелік жағдаяттарға шөгірілу барысындағы жаңа білімге ие болады. Бағалау іс – әрекетін дамыту барысында коммуникативтік мәдениет маңызды бұл жағдай тыңдаушының бойында сенімділікті қалыптастырады. Сенімділік педагогтердің бойында іс – әрекетті жүзеге асыруға болған мотивацияны оятады. Педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамыту үдерісінде тыңдаушы және тренердің рефлексия жүргізе білуі маңызды. Бұл жағдай, педагогтердің өз тәжірибелерін түзетулер енгізу арқылы толықтыруға мүмкіндік береді.

Осы орайда, педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту барысында белсенді әдістерді қолданудың маңызы зор деп санаймыз. Заманауи біліктілікті арттыруда тыңдаушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға негізделген белсенді әдістерді қолдану орынды. Бұл тыңдаушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Ал бағалау іс – әрекетін жүзеге асыру педагогтерден жоғары шығармашылықты талап етеді.

Біліктілікті арттыру жағдайында педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамыту үдерісін ұйымдастыруда маңызды саналатын ол кәсіби құзыреттілікті дамытуға ықпал ететін оқытудың формаларын таңдау болып саналады. Біліктілікті арттыруда тақырыптың ашылуын қамтамасыз етіп, оқыту үдерісі субъекттерінің жұмысын тиімді ететін ол дұрыс таңдалған оқыту формалары. Оқыту формалары білім алушылардың тәжірибелерін шыңдауға ықпал етіп, өмірлік жағдаяттар негізінде мәселені түсіндіруге мүмкіндік береді. Педагог ғалымдардың ғылыми зерттеулерін талдай отырып біз оқыту формаларын дәстүрлі және инновациялық деп екі топқа бөліп қарастырудың қалыптасқандығын байқадық:

Дәстүрлі оқыту формалары: лекция, семинар, тәжірибелік сабақ, дөңгелек үстел, кеңес беру.

Инновациялық оқыту формалары: шағын топтарда оқыту, онлайн оқыту, қашықтықтан оқыту, іскерлік ойындар, коучинг, вебинар, воркшоп, рефлексивтік бақылау және белсенді тәжірибе, тренинг.

Оқытудың инновациялық формалары заманауи білім беруде педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамытуды тиімді етуге мүмкіндік береді. Аталған оқыту формаларын қолдану арқылы педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамыту жолдарын біз зерттеу жұмысымыздың үшінші бөлімінде қарастыратын боламыз.

Біліктілікті арттыру жағдайында педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытуда оқытудан кейінгі сүйемелдеу жұмыстарының үздіксіз жүзеге асырылуы маңызды деп санаймыз. Себебі, білім беру бағдарламасы бойынша біліктілігін арттырған педагогтерге міндетті түрде курстан кейінгі сүйемелдеудің жоспарлы түрде жүргізілуі қажет.

Педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамытуда мұғалімдерге жекелеген ғылыми – әдістемелік, ақпараттық – әдістемелік көмек маңызды. Бұл орайда, педагогтерді біліктілікті арттыру курстарынан кейінгі қолдауға бағытталған бір – бірімен байланысты іс – шаралар өткізілуі тиіс. Педагогтерге олардың кәсіби қиындықтарын шешу үшін қолдау көрсету олардың өзін – өзі дамытуына ықпал етеді.

Е.И Казакова және А.П Тряпицына «сүйемелдеу» ұғымын қолдану субъекттің өз алдына шешім қабылдауына толық еркіндік беру қажеттілігін ескеру,- деп тұжырымдаса [264;9], В.Ю Кричевский, Л.Г Тарита әдістемелік сүйемелдеу адамға өмірде пайда болған проблемаларды тиімді және өз алдына шешу техникаларын үйретудің педагогикалық әдісі деп санайды. Бұл орайда, сүйемелдеуші сүйемелденушінің мәселесін шешпейді, оны сол мәселені шешу үшін дұрыс шешім шығарып, тиімді жолдарды анықтауға үйретеді. Аталған

мәселе педагогтердің біліктілігін арттыруда ересек адамдарды оқыту мәселесінің өзектенуіне алып келеді.

Көптеген психологиялық және педагогикалық ғылыми әдебиеттерде «сүйемелдеу» термині «қолдау», «коучинг», «көмек», «тәлімгерлік» ұғымдары мен бір мағынада қолданылады. Зерттеуші ғалымдардың пікірінше педагог іс - әрекетін сүйемелдеу төмендегідей артықшылықтарға ие:

- дараландыру және икемділік;
- білім беру жүйесінің және маманның даму динамикасын ескеру;
- педагогтің даму жағдайын, кәсіби өсу динамикасын, оқытудың басқа субъекттерімен болған қарым – қатынасын үздіксіз анықтауға мүмкіндік беретін көп аспектілік;
- педагог пен болған жұмыс жүйесін қиындықтардың алдын алуға бағыттау – оза оқыту [265;17]

С.А Ускова «сүйемелдеу» педагогикалық процестің түрлі категориядағы қатысушылары мен жұмыс барысында маман тарапынан жүзеге асырылатын көмек (қолдау, ынтымақтастық, мүмкіндік жарату), ізгілікке бағдарланған педагогикалық процесс, - деп тұжырымдайды [266;87].

Ғалымның пікірінше, педагогикалық сүйемелдеу заманауи педагогикада ізгілікке бағдарланған педагогикалық процесс, өзін – өзі дамытуға, өз іс – әрекетін дамытуға көмек көрсету.

Л.А Новоселова пікірінше, психологиялық – педагогикалық сүйемелдеу «көмек», «қолдау» мағынасын береді. Сүйемелдеуді жүзеге асыру механизмдері рефлексия, фасилитация және субъект – субъекттік қарым – қатынас болып, оның негізгі шарты ынтымақтастық, бірлесіп жоспарлау, дайындық, мақсатқа бағытталған талдау, эмоционалды түске ие шығармашылық іс – әрекет – деп санайды [267;13].

Педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамыту мақсатында педагогтерді психологиялық – педагогикалық , әдістемелік сүйемелдеу маңызды. Педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамыту және олардың білімдерін тереңдету мақсатында педагогтер үшін психологиялық, педагогикалық, әдістемелік сүйемелдеу жұмыстарын жүргізу біліктілікті арттыру жүйесінің маңызды бағыттары болып саналады.

Заманауи білім беру оқыту үдерісінің жаңалануы педагогтер қауымының кәсіби іс – әрекетін психологиялық сүйемелдеудің маңыздылығын арттырды.

Педагогтерді психологиялық сүйемелдеудің мақсаты – кәсіби педагогикалық іс – әрекетте жетістікке жетуге психологиялық қолдау арқылы ықпал ету.

Психологиялық сүйемелдеуді жүзеге асыру үшін педагогтер мен төмендегі жұмыстарды ұйымдастыру қажет:

- педагогтердің психологиялық ерекшеліктерін анықтау;
- педагогтің жұмыс орнындағы ортаны зерттеу;
- іс – әрекетті тиімді жүзеге асыруға бағытталған нұсқау беру.

Білім беру саласын реформалау және білім берудің психологиялық-

педагогикалық негіздерінің өзгеруі мәнәсінінде педагогтердің кәсіби тұлғалық дамуын психологиялық сүйемелдеудің тиімді моделінің жоқ екендігі айқындалды. Бұл педагогтерді кәсіби қолдаудың бұрынғы амалдарының ескіргендігі мен байланысты. Білім беру саласында оқытудың құзыреттілік амалының, білім беру тәжірибесінде пәнаралық интеграция, метапәндік бағдарлар және басқада трендтердің жүзеге асуы заманауи педагогті кәсіби даярлаудағана емес, сондай-ақ, білім берудегі күрделі қарым – қатынастар жүйесіндегі педагогтің субъекттік дамуын сүйемелдеудің әдістемелік бағдарларын қайта қарауды қажет етеді [268;159].

Бұл жағдай, біліктілікті арттыру жағдайында педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту барысында педагог қызметкерлерге курстан кейінгіана емес, біліктілікті арттыру курсы барысында психологиялық қолдаудың қажеттілігін айқындайды.

А.В Батаршев педагогтерді психологиялық – педагогикалық және акмеологиялық сүйемелдеу циклдық сипатқа ие болып, диагностикалық, аналитикалық, іздеушілік – вариативтік, практикалық – әрекеттік кезеңдерді жүзеге асырудан турады,- деп атап көрсетеді [269;16].

Демек, педагогті психологиялық – педагогикалық сүйемелдеу өзгермелі қоғамда педагогке уақытылы кәсіби көмек көрсету. Біліктілікті арттыру жүйесінде болса, педагогтерге психологиялық – педагогикалық көмек көрсету оқыту процесі субъектіне жүктеледі.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту барысында педагогтерді психологиялық – педагогикалық, әдістемелік сүйемелдеу қажеттілігі туындайды.

А.В Батаршев, Л.А Новоселова, А.П Тряпицына, С.А Ускова қатарлы ғалымдардың педагогтерді психологиялық – педагогикалық және әдістемелік сүйемелдеу бағытындағы ғылыми тұжырымдарын талдау арқылы біз өз зерттеу жұмысымыз аясында педагогтерді:

- *психологиялық сүйемелдеу* – педагогтің кәсіби іс – әрекетін дамыту мақсатында инновацияларды игеруге болған мотивациясын, кәсіби іс – әрекетті жүзеге асыруға болған ұмтылысын арттыруға қолдау көрсету;

- *педагогикалық сүйемелдеу* – оқыту процессінде субъект – субъекттік ізгілікті қарым – қатынас арқылы тұлғаны дамыту әдістерін игеруге ықпал ету;

- *әдістемелік сүйемелдеу* – біліктілікті арттыру процесінде тыңдаушының кәсіби іс – әрекетіндегі қиындықтарын анықтап, проблемалық жағдаяттарды шешуге көмек беру, қолдау,- деп түсінеміз.

Біліктілікті арттыру үдерісінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту заманауи педагогикадағы өзекті мәселелердің бірі болып, ересектерді оқыту принциптері мен амалдарына сүйенеді. Сонымен бір қатарда, біліктілікті арттыру жағдайында педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамыту психологиялық – педагогикалық сүйемелдеу және әдістемелік сүйемелдеуді талап етеді. Бұл жағдай, біліктілікті арттыруда педагогтердің бағалау іс – әрекетін психологиялық – педагогикалық, әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асырудың кезеңдік бағыттарының моделін құрастыруды

талап етеді. Біз педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін сүйемелдеудің төмендегідей құрылымдық мазмұнын құрастырдық. Бұл модель біздің зерттеу жұмысымыздың тәжірибелік кезеңін жүзеге асыруда ресурс қызметін атқарады.




24- сурет Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін сүйемелдеу

Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту олар мен кешенді жұмыс түрлерін кезеңдік жүзеге асыру барысында мүмкін болады деп санаймыз. Педагогтің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту біліктілікті арттыру жүйесіндегі әдістемелік мәселе болып, оқыту үдерісі субъекттерінің ынтымақтастықта, серіктестікте атқарылатын жоспарлы жұмыстары нәтижесінде мүмкін болады.

Осы орайда, біздің зерттеу жұмысымыздың теориялық бөлімінде эмпирикалық талдау барысында жүйеленген қорытынды тұжырымдарымыз бен зерттеуіміздің тәжірибелік кезеңінің интегративтілігі біздің зерттеу

жұмысымыздың барысында атқарылатын әдістемелік жұмыстардың нәтижелілігін қамтамасыз етеді деп санаймыз.

Диссертациялық жұмысымыздың бұл бөлімінде келтірілген ғылыми көз қарастар және олардың негізінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың кешенді бағдарларын төмендегі сызба негізінде құрастырдық:



25- суреттің жалғасы



Нәтиже: педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін жүзеге асыру бағытында өзін – өзі дамытуы, үздіксіз дамуы, кәсіби дамуы.

25- сурет Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың кешенді мазмұны.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту үдерісі қашықтықтан оқыту жағдайында өзіндік өзгешеліктерге ие болады. Себебі, офлайн және онлайн форматтағы жұмыс бағыттарының ерекшеліктері педагогтердің бағалау іс-әрекетінің дамуына әсерін тигізеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңының (2022.09.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) 37-2 «Қашықтықтан оқыту» бабында Қашықтықтан оқыту білім беру саласындағы уәкілетті орган тарапынан анықталған тәртіпке байланысты орта, қосымша, техникалық және кәсіби, ЖОО және жоғарыдан кейінгі білім беретін ұйымдарда жүзеге асырылады делінген.

Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқыту форматына көшу 2019 жылдың екінші тоқсанында елдегі эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауына байланысты басталды. Бұл орайда, білім алушылар, педагогтер және ата – аналар білім алудың жаңа мүмкіндіктері мен танысты. Бұл кезеңде педагогтер үшін білім берудің жаңа форматына көшу көптеген мүмкіндіктер мен қиындықтар тудырды.

Елдегі білім беру ұйымдарын қашықтықтан оқыту форматына көшіру барысында көптеген проблемалар анықталды. Біз осы қиындықтар мен кедергілерді төмендегідей топтастырдық:

Педагогикалық проблемалар:

- Педагогтердің ақпараттық – коммуникациялық технологиялар мен жұмыс жасау дағдыларының жоқтығы;
- Педагогтердің қашықтықтан оқыту методикасын білмейтіндігі;
- Қашықтықтан оқытуға негізделген пәндік ресурстық базаның жоқтығы;
- Қашықтықтан оқыту жағдайында бағалау практикасының жоқтығы;
- Педагог тарапынан білім алушы мен байланыстың үзілуінің (интернеттің болмауына байланысты), бағаның нақты, шынайы болмауының білім сапасына кері әсер етуі;
- Педагогтердің цифрлық ресурстарды оқыту үдерісіне кіріктіруді білмеуі.

Психологиялық проблемалар:

- Бастауыш сынып білім алушылары үшін мұғалімнің көмегісіз білім алу мүмкін емес, қашықтықтың оқыту жағдайында олар ата – аналарын мұғалім орнында қабылдай алмады;
- Білім алушыларды толық оқыту процесіне шөгіру үшін қажетті болған өзін

– өзі басқару, ұйымдастырудың әлсіздігі немесе бұл дағдылардың қалыптаспағандығы;

- Жасы үлкен педагогтерге ақпараттық технологияларды игерудің қиындығы;

- Бағалау процессінің дұрыс ұйымдастырылмауына байланысты білім алушылардағы оқуға деген мотивацияның төмендеуі.

Әлеуметтік проблемалар:

- Білім беру ұйымдарының материалдық базасы бұл жағдайға дайын болмады;

- Ата – аналардың қашықтықтан оқыту процессіне болған қарсылығы;

- Шалғай аудандарда интернет желісінің мүлдем жоқтығы немесе жетпейтіндігі;

- Үйде білім алушылар үшін зейінді шоғырландыруға кедергі келтіретін факторлардың көп болуы;

- Білім алушылардың үйде отырып білім алу үшін мүмкіндіктерінің жоқтығы (ноутбук, жеке смартфондардың, WI-FI);

Қашықтықтан оқыту барысында педагогтер оқытудың синхронды, Асинхронды, онлайн форматтарын, «Сфера», «Bilim lend», «kundelik.kz», «zoom» платформаларын, «Wats.app» желісін, электронды почталарды қолданды.

Әрине, қашықтықтан оқыту технологиясының тиімді тұстарыда жоқ емес. Мысалы:

- Қашықтықтың оқыту уақытты үнемдеу үшін тиімді;

- Бір уақытта көптеген білім алушыларды ақпарат пен қамтамасыз ету мүмкіндігінің болуы;

- Оқытуға кететін қаржының үнемделуі;

- Ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар үшін үйде отырып білім алу мүмкіндігінің артуы;

- Оқыту үдерісінің икемділігі.

Қашықтықтан оқыту жағдайында педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту мәселесі біліктілікті арттыру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі болды. Себебі, қашықтықтан оқыту жағдайында бағалауды жүзеге асыру механизмдерінің әлсіздігі, педагогтердің бағалау ресурстарын талапқа сай құрастыра алмауы, қашықтықтан оқыту жағдайында бағалау ресурстарын құрастыруға арналған нұсқаулықтардың жеткіліксіздігі, тапсырмаларды бағалау шкаласын құрастыру алгоритмдерінің қалыптаспағандығы қашықтықтан оқыту жағдайында педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытудың маңыздылығын арттырды.

ЮНЕСКОНЫҢ 2020 жылға берген ақпаратына сүйенсек COVID-19 пандемиясы кезінде әлемдегі 191 елдегі 990 324 537 білім алушы қашықтықтан білім алды. Бұл жағдай әрине білім сапасына өз әсерін тигізді.

Қашықтықтан оқыту жағдайында педагог тарапынан білім алушының жетістіктерін бағалауда келесі артықшылықтарды атап көрсетуге болады:

- Уақыт және қаржыны үнемдеу;

- Білім алушы жауаптарын сақтаудың мүмкіндігі;

- Кері байланыстың дер кезінде берілуі;
- Тапсырманы орындауда қателіктердің азаюы;
- Нәтижені тез анықтауға болатындығы.

Алайда, қашықтықтан оқыту барысында бағалауды жүзеге асыруда аталған

артықшылықтар мен төмендегідей кемшіліктердің бар екендігі анықталды:

- Интернетке шығудың қауіпсіз еместігі;
- Білім алушылар тарапынан жасалатын алаяқтық;
- Білім алушының нақты білім деңгейін анықтаудың қиындығы;
- Педагогтер және білім алушыларда қашықтықтан оқуға деген бейімділіктің әлсіздігі;
- Педагог және білім алушы арасындағы қарым – қатынастың тұрақсыздығы [270;1306].

Біз өз зерттеу жұмысымыз аясында қашықтықтан оқыту жағдайында педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту мәселесін зерделеу мақсатында педагогтердің бағалау іс – әрекетін олардың пәндік салалары мен байланысты түрде қарастыруды дұрыс деп санаймыз. Сондықтанда, қашықтықтан оқыту жағдайында педагогтердің бағалау іс – әрекетіндегі ерекшеліктерді гуманитарлық пәндер және жаратылыстану бағыты бойынша пәндерден сабақ беретін педагогтердің бағалау іс – әрекеті тұрғысынан қарастырамыз.

Білім алушылардың күнделікте сабақтағы жетістіктері негізгі үш аспектіні қамтиді. Олар: тұлғалық, пәндік және метапәндік нәтижелер.

Тұлғалық нәтижелерді бағалау білім алушылардың оқыту процесінде қалыптасқан құндылықты бағдарлы жетістіктерін оның өзіне, оқыту процессінің өзгеде қатысушыларына, оқыту процесінің өзіне және оның нәтижелеріне болған қарым – қатынасы саналады.

Метапәндік нәтижелерді бағалау өзінің танымдық іс – әрекетін басқару және талдауға бағытталған регулятивтік, коммуникативтік және танымдық әмбебап оқу әрекеттерінің қалыптасуын бағалауды қамтиді.

Пәндік нәтижелерді бағалау әр бір пән бойынша игерілген білім алушылардың жоспарланған нәтижелер бойынша жетістіктерін көрсетеді. Білім беру стандарттары аясында бағалаудың негізгі нысаны оқытылатын оқу материалына негізделген оқу – танымдық, оқу – тәжірибелік тапсырмаларды оқу пәні мазмұнына сәйкес әрекеттерді және метапәндік әрекеттерді (танымдық, регулятивтік, коммуникативтік) қолдана отырып шешу.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау оқыту процесінің маңызды элементтерінің бірі. Бағалау және бақылау кезінде білім алушы және педагог арасында оқу материалын меңгеру және білім, білік, дағдыларды игеру деңгейін айқындау үшін кері байланыс жүзеге асырылады. Оқу жетістіктерін бағалау және бақылау білім алушылардың оқу – танымдық іс – әрекетін басқаруға мүмкіндік береді және білімді бекіту, қайталау аясында педагогикалық процессті басқару; білім алушылардың алған білімінің көлемі және сапасын бағалау аясында педагогикалық процессті басқару; білім алушылардың өзін – өзі бағалау,

бақылау дағдыларының қалыптасуы және дамуы аясында оқыту процессін басқару қатарлы қосымша мақсаттарды қамтиды[271; 216]

Ендеше, жаратылыстану және гуманитарлық пәндер бойынша оқытатын педагогтердің оқыту үдерісіндегі бағалау іс – әрекетінің ерекшеліктеріне тоқталайық.

Гуманитарлық бағыттағы пәндер	Жаратылыстану бағытындағы пәндер
Бағалау ерекшеліктері	
Пән мазмұнын игеру деңгейі	Пән мазмұнын игеру деңгейі
Тілдік мақсаттар: пәнде терең меңгеруге ықпал ететін терминдерді білуі және қолдана алуы.	Тілдік мақсаттар: пәнді терең меңгеруге ықпал ететін терминдерді білуі және қолдана алуы.
Ақпарат пен жұмыс жасау дағдылары (мәтіндегі ақпаратты түсіну, интерпретация жасау, мәселені шешуде қолдану)	Ақпарат пен жұмыс жасау дағдылары (мәтінді сандық түрдегі есепке түрлендіру, мәселені шешуде қолдану)
Тілді нақты жағдаятта тәжірибеде қолдану дағдысы	Формулаларды, өлшемдерді нақты жағдаятта өмір мен байланыстыра отырып қолдану дағдысы
Карта мен жұмыс жасау дағдысы	Ландшафттық ж.б карталар мен жұмыс жасау дағдысы
Зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру	Тәжірибелік жұмыстарды жүзеге асыру
Шығармашылық тапсырмаларды орындау	Тәжірибелік жұмыстарды орындау

18- кесте. Жаратылыстану және гуманитарлық пәндер бойынша оқытатын педагогтердің оқыту үдерісіндегі бағалау іс – әрекетінің ерекшеліктері

Кестеден көріп тұрғанымыздай гуманитарлық және жаратылыстану бағытындағы пәндерде білім алушының оқудағы жетістіктерін бағалауда пәннің ерекшеліктеріне байланысты берілетін тапсырмалардың мазмұны және құрылымында ерекшеліктер байқалады.

Мысалы: гуманитарлық бағыттағы пәндерде білім алушылардың тілдік дағдыларды игеруіне, мәтіндегі ақпарат пен жұмыс жасау дағдыларына, ақпаратты құрастыру, өңдеу, интерпретация жасау, шығармашылық тапсырмаларды орындау дағдыларын бағалауға ерекше назар аударылса, жаратылыстану бағытындағы пәндерде графикалық мәтіндер, есептер, формулалар мен жұмыс жасау дағдылары, есептерді шешудің түрлі амалдарын, жолдарын анықтау, тәжірибелік жұмыстарды жүргізу дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалауға назар аударылады.

Қашықтықтан оқыту жағдайында гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқыту процессінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін жүзеге асыруда кездескен кедергілер мен кемшіліктер:

- Педагогтердің білім алушылардың белсенділігін бағалауға тырысуы

(мысалы білім алушының zoom платформасына уақытында қосылып, белсенділік танытуы) педагог бұл жағдайда білім алушының нақты білім деңгейін білмейді, оның белсенділігіне бағалайды, яғни бағалау формальды болады, объективтілік жойылады;

- Педагогтердің білім алушылардың неше сабаққа қатысқандығын ескере отырып бағалауы; (бұл жағдайда күнде онлайн сабаққа кіріп отырған білім алушы пәнді терең меңгере алмауыда мүмкін);

- Педагогтердің білім алушылардың білім , білік, дағдыларын тек тест тапсырмалары арқылы бағалауға тырысуы (білім алушы тестке басқалардың көмегімен немесе интернеттің көмегімен жауап беруі мүмкін, әсіресе уақыт шектеуі болмаған жағдайда) бұл жағдайда білім алушының пәндік білімі емес, ақпараттық технологияларды қолдану дағдылары маңызды болып қалады және бұл бағалаудың объективті болуына кері әсерін тигізеді;

- Педагогтердің білім алушыларды реферат, өзіндік жұмыстарды орындау деңгейіне, белсенділігіне қарап бағалауы; (қашықтықтан оқыту жағдайында білім алушылардың реферат, өзіндік жұмыстарды өздері орындағандығына кепілдік жоқ) бұл жағдайда білім алушының пәндік білімі емес, тематикалық ақпарат пен жұмыс жасауға болған икемділігі бағаланады, ал бұл бағаның объективтілігіне әсерін тигізеді;

- Педагогтердің бағалауға арналған тапсырмаларды интернет желісінен еш бір түзетулерсіз алып қолдануы (бұл білім алушының бағасының объективтілігіне әсер етеді);

- Бағалауға арналған ресурстардың тек төменгі деңгей негізінде құрастырылуы; (бұл білім деңгейі жоғары білім алушылардың мотивациясының жойылуына әсер етеді)

Біздің ойымызша, қашықтықтан оқыту жағдайында педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамыту үдерісін ұйымдастыру үшін педагогтердің өздері қолданып жүрген, оларға қолжетімді желілер мен сервистерді, бағдарламаларды қолдану орынды. Себебі, педагогтердің өз тәжірибелеріне сүйене отырып, жаңаны үйрету олардың психологиялық тұрғыдан жаңаны үйренуге болған ұмтылысын арттыруға көмектеседі.

Қашықтықтан оқыту барысында қолданылатын оқыту формалары қатарына вебинарлар, видео - сабақтар, кейстерді жатқызуға болады.

Қашықтықтан оқыту жағдайында педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамыту үдерісінде педагогтерге әдістемелік көмек ретінде қашықтықтан оқытуда білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда тиімді саналатын тапсырмаларды әзірлеп, оларды бағалау критерийлерін ұсыну олардың бағалау іс – әрекетін дамытуға ықпалын тигізеді.

Біздің ойымызша, қашықтықтан оқыту жағдайында педагогтердің бағалау іс – әрекетін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тапсырмаларды құрастыруда төмендегі критерийлерге сүйену орынды:

- Тапсырманың тақырып мазмұнына сәйкестігі;
- Тапсырманың сыни ойлауға, ойлаудың белгілі бір деңгейіне негізделуі;
- Тапсырманың білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігі;

- Тапсырманың логикалық ойлауға негізделуі;
- Тапсырманың білім алушы үшін түсінікті жасақталуы;

Бұл критерийлер негізінде құрастырылған тапсырмалар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығынғана оятып қоймай, олардың үйренуге деген мотивациясын оятады.

Енді нақты гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша бағалауға арналған тапсырмаларды құрастыруда неге ерекше мән беру керек?

Білім алушылардың оқу жетістіктерінің критерийлерін құрастырған кезде репродуктивті деңгейдегі тапсырмалардың (терминологияны білу, нақты фактілерді, жұмыс құралдары және амалдарын) оқыту процесінің ажырамас бөлігі екендігін ескеру қажет. Сондықтан, критерийлер жүйесін құрастыру кезінде іс – әрекеттердің продуктивті және репродуктивті ерекшеліктерін ескеру қажет.

Ендеше, оқыту үдерісінде сол продуктивті және репродуктивті іс – әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тапсырмаларды қалай құрастыруға болады?

Бұл орайда, педагогқа критериалды бағалаудың теориялық негіздерінің бірі ретінде анықталған Б.Блумның оқу мақсаттарының таксономиясын қолданған орынды.

Біз гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша тапсырмалар құрастыруда олардың күрделілігіне ерекше мән беру қажет деп санаймыз және бағалауға арналған тапсырмаларды төмендегідей топтастырамыз:

№	Тапсырманың түрі	Тапсырманың деңгейі	Қалыптасатын дағдылар	Бағаланады
1	Білу, түсінуге арналған тапсырмалар (пән бойынша терминдер)	Төменгі деңгейдегі тапсырмалар	Мәселені шешуде пәннің академиялық тілін қолдану, интерпретация жасау.	Тақырыпқа байланысты терминдерді білу, түсіну деңгейі.
2	Тақырып бойынша алынған ақпаратты қолдануға бағытталған тапсырмалар (кестелер, картамен жұмыс, сызбалар)	Орта деңгейдегі тапсырмалар	Мәселені шешу, логикалық ойлау дағдылары.	Тақырып бойынша берілген тапсырманы орындау
3	Шығармашылық тапсырмалар (эссе жазу, баяндама, мақала, жоба жасау т.б)	Жоғары деңгейдегі тапсырмалар	Сыни ойлау, бағалау, талдау, зерттеу дағдылары	Жаңа идеяны ұсына алу, жағдаяттарға өзіндік баға беру қабілеті, коммуникативтік дағдылары
4	Жағдаяттық тапсырмалар (кейстер, ойын құрастыру)		Логикалық ойлау, креативті ойлау, коммуникативтік дағдылары	

19- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
5	Тесттік тапсырмалар	Тесттік тапсырмалардың құрастырылу ерекшелігі және мазмұнына байланысты төменгі немесе жоғары деңгейдегі тапсырмалар деп бөлу қажет	Логикалық ойлау, сыни ойлау, мәселені шешу, дағдылары.	Дұрыс анықталған жауап, жоғары деңгейдегі тесттерде мазмұнға байланысты сәйкестендіру дағдылары, мәселені шешу.

19- кесте. Гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша бағалауға арналған тапсырмалар ерекшеліктері

Қашықтықтан оқыту жағдайында білім алушылардың оқу жетістіктерін тиімді бағалау үшін тапсырмаларға критерийлер және дескрипторларды олардың күрделілігін ескере отырып құрастыру қажет. Қашықтықтан оқыту жағдайында білім алушыларға оқулықтың бетін, ол жерден нені оқу керектігін көрсетіп тапсырма беру оқыту қызметіне жатпайды. Білім алушының өз алдына жұмыс жасауы үшін оны ойлауға мәжбүрлейтін тапсырмаларды құрастыру керек.

Біз қашықтықтан оқыту жағдайында гуманитарлық пәндерді оқыту барысында педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің тиімділігін арттыруда тапсырмаларды балл қою арқылы бағалау орынды деп санаймыз.

Шығармашылық тапсырмаларды бағалау талаптарын ескере отырып, біз гуманитарлық бағыттағы пәндерде көп қолданылатын тапсырманың түрі эссені бағалау критерийлерін құрастыру барысында пәннің мазмұндық ерекшелеріне назар аудару қажет деп санаймыз.

Шығармашылық тапсырмалар: тарихи эссені бағалау критерийлері.

№	Бағалау критерийлері	Баллдар	Баллды бағаға айналдыру шкаласы
K1	Тарихи оқиғаны құбылыстар, үдерістерді сипаттау	4	11-12 = «5» 7-10= «4» 4-6 = «3» 2-3= «2» 0-1= «1»
	Тарихи оқиға (құбылыс, үдерістер) жан – жақты, нақты сипатталған	2	
	Тарихи оқиғалардың (құбылыс, үдерістер) кезеңдері дұрыс сипатталған	2	
	Тарихи оқиғалардың кезеңдері қате көрсетілген	0	
K2	Тарихи оқиғаның себеп – салдарлық байланыстарын сипаттау	3	
	Тарихи оқиғалар (құбылыс, үдерістер) арасындағы себеп – салдарлық байланыстар желісі дұрыс көрсетілген	3	

20- кестенің жалғасы

1	2	3	4
	Тарихи оқиғалар (құбылыс, үдерістер) арасындағы себеп – салдарлық байланыстар көрсетілмеген немесе қате көрсетілген	0	
К3	Тарихи оқиғаларға (құбылыс, үдерістер), тұлғаларға баға беру, өз көз қарасын білдіру	3	
	Тарихи оқиғалар (құбылыс, үдерістер), тұлғалардың Ел тарихындағы маңызына тарихи фактілерге сүйене отырып, дәлелді түрде баға береді	3	
	Тарихи оқиғалардың (құбылыс, үдерістер), тұлғалардың Ел тарихындағы маңыздылығын бағалауда тарихи фактілер келтірілмеген немесе баға берілмеген	0	
К4	Тарихи терминдерді, түсініктерді қолдану	1	
	Тарихи оқиғаларды (құбылыс, үдерістер) сипаттау және оларға баға беруде тарихи терминдерді, түсініктерді қолданады	1	
	Тарихи оқиғаларды (құбылыс, үдерістер) сипаттау және оларға баға беруде тарихи терминдерді, түсініктерді дұрыс қолданбаған немесе мүлдем қолданбаған	0	
К5	Тарихи эссені жазуда каллиграфияны сақтау	1	
	Тарихи оқиғаларды (құбылыс, үдерістер) сипаттауда каллиграфия талаптары сақталған	1	
	Тарихи оқиғаларды (құбылыс, үдерістер) сипаттауда каллиграфия талаптары сақталмаған	0	
Максималды балл - 12			

20- кесте .Тарихи эссені бағалау шкаласы

Берілген критерийлердегі ерекшелік білім алушылардың каллиграфиясының бір критерий негізінде берілуі. Бұл қашықтықтан оқыту жағдайында өте маңызды мәселелердің бірі. Себебі, білім алушылар көп жағдайда дұрыс, төте жазуға мән бермейді. Каллиграфия білім алушылардың миінде нейрондық байланыстардың жүзеге асуына ықпал етеді. Жазу барысында адам миінің түрлі бөліктері интегративті қызмет атқарады. Каллиграфия адамның когнитивті қабілеті, тілдік жады, нәтижені болжау, кіші моторика, ортаны тану оны физикалық тұрғыдан жүзеге асыру мүмкіндіктерін іске қосатын маңызды іс – әрекет.

Қашықтықтан оқыту жағдайында негізгі және орта мектепте әдемі жазу мәселесі өте өзекті. Себебі, дұрыс және әдемі жазу тек тілдік пәндердегі талап етіліп, жаратылыстану және гуманитарлық бағыттағы тарих пәнінде көп талап етілмейді және бұл мәселе педагогтердің назарынан тыс қалады. Заманауи мектептік білім беру жүйесінде бұл мәселе өзекті саналады. Сондықтан біз тарихи эссені бағалау критерийлерін құрастыру барысында осы критерийді бағалаудың бір бағыты ретінде қостық.

Тарихи эссені жазуда қолданылатын сөздердің нақты саны көрсетілмеуі қажет, себебі, бұл білім алушының ойын жеткізуге кедергі келтіруі мүмкін. Эссені жазу уақытын педагог тақырыптың күрделілігіне байланысты өзі анықтауы қажет.

Ал енді гуманитарлық бағыттағы пәндердің ішінде тілдік пәндер бойынша эссені бағалау критерийлерін төмендегідей құрастырған дұрыс деп санаймыз:

№	Бағалау критерийлері	Баллдар	Баллды бағаға айналдыру шкаласы
K1	Эссе мазмұнының тақырыпқа сәйкестігі	2	9-10 = «5» 7-8= «4» 4-6 = «3» 2-3= «2» 0-1= «1»
	Эссенің мазмұны тақырыпқа толық сәйкес келеді	2	
	Эссенің мазмұны тақырыпқа сәйкес келмейді	0	
	Тақырыптың мазмұнын ашуда жүйелілік жоқ	0	
K2	Теориялық материалды білу және түсінуі	1	
	Тақырып бойынша түсініктер, терминдер қолданылған	1	
	Тақырып бойынша түсініктер, терминдер қолданылмаған	0	
K3	Тақырыпты талдау және бағалау	2	
	Тақырыпты ашуда салыстырмалы талдау жасалған	1	
	Тақырыпқа байланысты өз бағалаушылық пікірін білдіреді	1	
	Тақырыпты ашуда салыстырмалы талдау жасалмаған	0	
	Тақырыпқа байланысты өз бағалаушылық пікірі жоқ	0	
K4	Тақырыпты ашуда аргументтерді келтіру	2	
	Тақырыпқа байланысты өмірмен байланыстыра аргументтер келтіреді	1	
	Тақырыпқа байланысты әдеби шығармалардан басқада дереккөздерден аргументтер келтіреді	1	
	Тақырыпқа байланысты өмірмен байланыстыра аргументтер келтірілмеген	0	
	Тақырыпқа байланысты әдеби шығармалардан басқада дереккөздерден аргументтер келтірілмеген	0	
K5	Орфографиялық талаптарға сәйкестігі	2	
	Тақырыпты ашу барысында орфографиялық қателіктер жіберілмеген	2	
	Тақырыпты ашу барысында орфографиялық қателіктер көп	0	
K6	Эссені жазуда каллиграфия талаптарының сақталуы	1	
	Эссені жазуда әріптердің жазылуы каллиграфиялық талаптарға сай	1	
	Эссені жазуда әріптердің жазылуы талапқа сай емес	0	
Максималды балл – 10балл			

21- кесте. Гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша эссені бағалау шкаласы (тілдік пәндер)

Қашықтықтан оқыту жағдайында педагогтер үшін қиындық тудырған мәселелердің бірі ол тақырыптар бойынша дайын тапсырмалардың болмағандығы болды. Бұл жағдай педагогтердің бағалау іс – әрекетіне кері әсерін тигізді.

Бұл орайда, педагогтер үшін қалыптастырушы және жиынтық бағалауға арналған тапсырмаларды құрастыру қажеттілігі туындады. Педагогтердің бағалауға арналған тапсырмаларды талапқа сай құрастыруына көмектесу үшін міндетті түрде эталондарды дайындау қажеттілігі туындады. Біз бұл мәселенің шешімін табу мақсатында тақырыптар бойынша эталондар дайындадық.

Мысалы: 6 сынып.

Тақырып: Қасым ханның ішкі және сыртқы саясаты.

Тапсырма №1: Қасым ханның ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтаңдар.

Қасым хан	Ішкі саясаты	Сыртқы саясаты

Дескрипторлар:

1. Қасым ханның ішкі саясатындағы негізгі үш бағытты анықтайды – 1 балл.
2. Қасым ханның сыртқы саясатындағы негізгі төрт бағытты анықтайды – 2 балл.

Тапсырма №2: Қасым ханның құқық жинағындағы бес бөлімді анықтап, олардың сипаттамасын жазыңдар.

№	Бөлімдер атауы	Сипаттамасы
1		
2		
3		
4		
5		

Дескрипторлар:

1. Қасым ханның құқық жинағындағы бес бөлімді анықтайды – 1 балл ,
2. Қасым ханның құқық жинағындағы бес бөлімнің сипаттамасын жазады – 5 балл.

Тапсырма №3: «Қасым хан – қазақ мемлекетінің көрнекті басшысы» - тақырыбына эссе жазыңдар.

(Эссе критерийлері жоғарыда келтірілген кестеге сәйкес педагог тарапынан құрастырылады)

Қашықтықтан оқыту жағдайында гуманитарлық бағыттағы пәндер педагогтерінің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың тағы бір амалы ол тесттік тапсырмаларды құрастыру және олардың бағалау шкалаларын ұсыну деп санаймыз.

Гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқыту барысында оқу жетістіктерін бағалау үшін тесттік тапсырмаларды дифференциацияланған түрде құрастыру тиімді. Себебі, бұл амал оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз етеді. Біз бұл орайда, Блум таксономиясы аясында тест

тапсырмаларының деңгейлерін төмендегідей деңгейлерге бөліп қарастыруды ұсынамыз:

№	Блум таксономиясы негізінде ойлау деңгейлері	Тесттік тапсырмалардың деңгейлері
1	Білу	1- Деңгей. Мазмұн мен байланыс деңгейі.
2	Түсіну	
3	Қолдану	2- Деңгей. Үлгіге бағдарлану деңгейі.
4	Талдау	3- Деңгей. Модельдеу деңгейі.
5	Жинақтау	
6	Бағалау	4- деңгей. Шығармашылық деңгей.

22- кесте Тесттік тапсырмалар деңгейлері.

1-Деңгей. Мазмұн мен байланыс деңгейіндегі тест тапсырмаларында білім алушының есте сақтау қабілетін дамытуға негізделген тапсырмалар беріледі. Бұл тапсырмалар білім алушының тақырыпты терең түсінуіне ықпал ететін ақпараттарды (терминдер, анықтамалар, ерекшеліктер) қамтуы қажет.

2-Деңгей. Үлгіге бағдарлану деңгейіндегі тапсырмаларда білім алушының тақырып бойынша алған ақпараттарды ескере отырып, үлгі бойынша жұмыс жасауына қолайлы тапсырмалар беріледі. Бұл тапсырмалар білім алушының конструктивтік ойлауына ықпал ететін ақпараттарды қамтуы қажет. Мысалы: тапсырманы орындау барысында ереже, жадынамалар, нұсқауларға сүйену.

3-Деңгей. Модельдеу деңгейі. Бұл деңгейдегі тапсырмалар білім алушының жүйелеу, қорытынды шығару, жалпылау, жаңаны құрастыру дағдыларының қалыптасуына ықпал ететін тапсырмалар.

4- деңгей. Шығармашылық деңгейдегі тапсырмаларда білім алушыларға олардың шығармашылық пен ойлауына ықпал ететін тапсырмалар ұсынылады.

Біз тесттік тапсырмаларды құрастыруда білім алушыларға қантталған мәтіндерді ұсынып, сол мәтін негізінде сұрақтар құрастыруды тиімді деп санаймыз.

Біз ұсынған негізгі төрт деңгей бойынша құрастырылған тапсырмалар эталон ретінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуға негіз болады және ол тапсырмаларды біз қалыптастырушы эксперимент барысында кеңінен қолданамыз.

Қашықтықтан оқыту жағдайында педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту вебинарлар, видео – конференциялар, желілік қауымдастық арқылы байланыс жасау арқылы жүргізілсе, педагогтердің қиындық тудырған мәселелерін дер кезінде анықтап, уақытылы түзетулер енгізуге мүмкіндік болады.

Жиенбаева Н.Б тұлғаның психологиялық құрылымында тұлғаға бағыттылық, характер, басқару жүйесі қатарлы компоненттерді маңызды деп атап көрсетеді. Бұл орайда, басқару жүйесі тұлғаның өзін – өзі дамыту, бақылау,

бағалау, басқаруды қамтиді. Қашықтықтан оқыту жағдайында педагог және білім алушылардың бойында осы психологиялық ерекшеліктердің болуы маңызды [272;5]

Білім және ғылым Министрінің "Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығында қашықтан оқытуды ұсыну үшін бастауыш, негізгі, жалпы орта және қосымша білімнің оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына төмендегідей талаптар қойылған:

- 1) оқу қызметін ұйымдастыру үшін Интернет желісіне қосылуды қамтамасыз ететін телекоммуникациялық арналардың болуы;
- 2) ақпараттық ресурстарға, цифрлық ресурстарға жедел қол жеткізу құралдарының болуы;
- 3) білім алушылар үшін оқу-әдістемелік, ұйымдық-әкімшілік ақпаратты, бейнесабақтарды қамтитын ақпараттық жүйенің болуы;
- 4) білім беру ұйымдарының педагогтерінде ақпараттық технологиялар бойынша курстарынан өткендігі туралы сертификаттардың болуы;
- 5) оқу процесін цифрлық білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету[273]

Біз осы талаптарды жүзеге асыру мақсатында қашықтықтан оқыту жағдайында бағалау іс – әрекетін тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін әдістерді зерттеуіміздің тәжірибелік кезеңінде қолданамыз.

Диссертациялық жұмысымыздың бұл тарауында тізбектелген теориялық – ақпараттық мәліметтер зерттеуіміздің эксперименттік бөлімін жүргізуде негізге алынады.

2.3 Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделі

Біліктілікті арттыру жағдайында қарастырылатын маңызды мәселенің бірі педагогтердің білім алушылардың оқу жетістіктерін «бағалау» мәселесі екендігі айқындалды. Бағалау мәселесінің өзектенуі сол бағалауды оқыту үдерісінде жүзеге асыратын педагогтердің бағалау іс - әрекетінің құрылымын, мәнін, мазмұнын айқындаудың қажеттілігін анықтады. Ғылыми жұмысымыздың теориялық – эмпирикалық бөлімінде педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында бағалау іс-әрекетін дамытуға байланысты философиялық, психологиялық, педагогикалық бағыттардағы ғылыми жұмыстарды, ғылыми мақалалар, құқықтық - әдістемелік құралдар, тренерлер мен мұғалімдерге арналған нұсқаулықтарды талдап, ғылыми жұмысымыздың құрылымдық – мазмұндық моделін құрастыруға негіз болатын мәліметтер топтастырылды.

Н.Д Хмель модельдеу – педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың бір тұтас маңызды бөлігі, зерттеуші педагог үшін моделдеу зерттеленетін құбылыстың идеалдық моделін қайта жасаудың тәсілі, ал тәжірибеші педагог үшін әрекеттің мақсатына сәйкес белгілі бір құбылыс немесе үдерісті тұтас ойша алдын – ала қайта құру тәсілі деп тұжырымдайды[274;57]

Модельдеу ғылыми зерттеу әдістерінің бірі болып, педагогикада кеңінен қолданылады. Модельдеу әдісі педагогикалық зерттеудегі эмпирикалық және теориялық тұжырымдарды біріктіруге мүмкіндік беретін интегративті әдіс. Біздің зерттеу жұмысымыз жағдайында модельдеудің мақсаты белгілі бір педагогикалық нысан бойынша қорытынды жасау арқылы жаңа білімді алу.

Зерттеу мәселесіне байланысты құралатын құрылымдық – мазмұндық модель мақсаты – педагогтердің білктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамыту. Зерттеу моделін құрастыру барысында модельдеу үдерісінің негізгі принциптерін басшылыққа алдық.

Модельдеу үдерісінің принциптері ретінде төмендегілерді көрсетуге болады:

- Адекваттылық принципі – модельдің қорытынды мақсат, міндеттерге сәйкестігі;
- Дамытушылық принципі – құрастырылған жүйенің жаңа парадигмалар негізінде үздіксіз дамуын қамтамасыз етеді;
- Даралық – үдерістің әр бір қатысушысының қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Модельдеудің бұл принциптері негізінде заманауи модельдерге қойылатын негізгі талап ол икемділік және өзгермелі қоғам талаптарына үйлестіру мүмкіндігінің болуы.

Ғылыми зерттеу жұмысымыздың мазмұны мен нысанының арасындағы байланысты жүйелеу арқылы құрастырылатын модель педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуға негіз болады деп санаймыз.

Ғылыми зерттеу жұмысымыздың теориялық бөлімінің нәтижесі ретінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамыту бойынша құрылымдық – мазмұндық модельді құрастыру барысында зерттеу мәселемізге байланысты бір қатар ғылыми еңбектердегі модельдердің өзгешеліктерін қарастырып, талдау жасадық.

А.Г Пачина бастауыш сынып мұғалімдерінің бағалау іс - әрекетін дамыту құндылықты – бағдарлы, мазмұнды – операциялдық және рефлексивтік компоненттер негізінде мүмкін болады, - деп санайды және А.И Мищенко, Л.С Подымова, В.А Сластениннің пікірлері мен келісіп отырып, бағалау іс - әрекетіне дайындық құндылықты – бағдарлы, когнитивті, мазмұндық – операциялдық және рефлексивтік компоненттердің бірлігі мен ерекшеленеді деп тұжырымдайды [275;14]. Пачинаның пікірінше педагогтің бағалау іс - әрекетін басқару біліктілікті арттыру курстары аясында мүмкін болады.

Н.Ю Волковинская болса, мұғалімнің бағалау іс - әрекетін біліктілікті арттыруда қалыптастыруды М.Т Громкова, С.И Змееваның зерттеулері негізінде қарастырып, мотивациялық, мақсаттық, мазмұндық, технологиялық, нәтижелік компоненттерді бөліп көрсетеді [74;67].

Л.А Баландина мектепке дейінгі ұйымдар басшыларының бағалау іс - әрекетін қалыптастыруда мотивациялық – мақсаттық, мазмұндық, технологиялық, зерттеушілік компоненттерді негізгі компоненттер ретінде қарастырады [78;17]. Баландина тарапынан құрастырылған модельдегі

зерттеушілік компонент педагогтің педагогтермен, білім алушылармен қарым – қатынас жасауда өзін – өзі басқару, бақылау бойынша білім және біліктерді игеру, педагогикалық қарым – қатынас жасау жағдаяттарында өз тәртібін басқару, түзету, өзін – өзі бағалау, жүйелі түрде өз әрекетін талдау, өзін – өзі дамыту мәселелерін өз ішіне алады.

Е.В Иващенконың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауға дайындау бойынша құрастырған моделінің негізін мақсаттық, мазмұндық, технологиялық, критериалды – нәтижелі блоктар құрайды [83;13]. Критериалды – нәтижелі компонент С.А. Осокина, В.Л. Синябрюхова, Е.Л. Перькова, А.П. Тарасова, Е.В. Шаталованың кәсіби – педагогикалық іс - әрекетке дайындықты анықтау бойынша құрастырылған критерийлер жүйесіне негізделген болып, бағалау іс - әрекетіне болған эмоционалды – құндылықты қарым – қатынас, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауға қажетті білімінің қалыптасуы, технологиялық біліктері, рефлексивтік әрекеті қатарлы критерийлерден құралған.

Зерттеу жұмысымыз моделінің мақсаты анықталғаннан кейін педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетінің теориялық - әдіснамалық негіздерін қарастырамыз. Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделін құруда 1.3- тармақшасында айқындалған жүйелілік – іс - әрекеттік, аксиологиялық, акмеологиялық, синергетикалық тұғырларды негізге аламыз.

Педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамытуға негізделген ғылыми – зерттеу жұмыстарын талдай отырып, өз зерттеу жұмысымыздың мақсат , міндеттеріне сәйкес, біз педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытуда келесі төрт компонентті негізге аламыз:

Мотивациялық – мақсаттық, мазмұндық, технологиялық, рефлексивтік.

Бұл компоненттер аясында педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетінің дамуы біліктілікті арттыру жағдайында заманауи білім берудегі инновацияларды қабылдап, қолдануға болған мотивациясының болуы, оқу үдерісінде бағалау іс - әрекетін жүзеге асыруда қажетті саналатын бағалау біліктерінің болуы, өзін – өзі дамытуға, өз білімін жетілдіруге, өзінің кәсіби білімінің деңгейін талдап, түзетуге мүмкіндік беретін рефлексивтік дағдыларының қалыптасуы қатарлы критерийлер негізінде өлшенеді.


Біз таңдап алған компоненттер негізінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамыту андрогогикалық принциптерге сүйене отырып, жүзеге асырылады. Педагогтердің бағалау іс - әрекетін қалыптастыру мәселесі бойынша талданған теориялық зерттеулердің нәтижелері заманауи білім беруде педагогтердің кәсіби біліктерін дамытуға болған көз қарас пен оның бағыттарының толықтай өзгергенін көрсетті. Себебі, білім беру жүйесінің модернизациялануы педагогтердің кәсіби шеберлігі мен құзыреттіліктерінің даму бағдарларын айқындады.

Біздің ойымызша, мұғалім мамандығы бастапқы кезеңде тек кәсіпке байланысты базалық білімді ғана игеруге мүмкіндік беретін мамандық. Ал сол мамандықтың қыр – сырын үйреніп, кәсіби құзыретті маман дәрижесіне жету үшін педагогикалық тәжірибенің үздіксіз заманауи тенденциялар негізінде жүзеге асуы қажет. Көп уақытта педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерінің жеткіліксіздігі ол кәсіби білімнің төмендігі емес, бәлкім, түрлі мектептік білім беру жағдаяттарын шешуде сол білімді тиімді қолдануды білместік болып табылады. Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамыту *мотивациялық – мақсаттық, мазмұндық, технологиялық, рефлексивтік* компоненттердің жүйеленіп, тиімді жүзеге асуы жағдайында мүмкін болады деп санаймыз.

Біз құрастырған модель мазмұндық, іс - әрекеттік, нәтижелік блоктан тұрады. Мазмұндық блок педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытудың әдіснамалық тұғырлары, педагогтің бағалау іс - әрекетінің мазмұны, құрылымы, қызметі, принциптерінен құралған. Іс - әрекеттік блок болса, нақты төрт компоненттен құралған болып, педагогтердің бағалау іс - әрекетінің даму деңгейін анықтаудың кезеңдері және бағалау критерийлерін, қолданылатын жұмыс формалары, ресурстар, әдістерді қамтиді. Нәтижелік блок педагогтердің бағалау іс – әрекетінің даму деңгейлері және педагогтің бағалау іс - әрекетін дамытудың шарттарынан тұрады.

Осыған орай, педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытудың құрылымдық компоненттері, аталған мәселені тиімді шешетін шарттар, педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамытудың формалары, әдістері жүйеленген және нақтыланған құрылымдық- мазмұндық модель әзірленді.

(26- сурет Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың моделі)



26- сурет Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың моделі

Енді біз құрастырып отырған құрылымдық – мазмұндық модельдегі педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетінің дамуының негізі болатын төрт компоненттің мазмұнына тоқталайық:

Мотивациялық – мақсаттық компонент – біліктілікті арттыру жағдайында педагогтердің бағалау іс - әрекетін игеруге болған психологиялық дайындығының астарларын жинақтайды. Бұл компонент педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекеті туралы білімдерінің кәсіби құзыреттілікті дамытуға болған әсерін ұғынуға, бағалау іс - әрекетін дамытуға болған позитивті көз қарасын қалыптастыруға, білім алуға, үйренуге болған қажеттіліктері мен мотивтерін өз ішіне алады.

Мотив – субъект қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты іс-әрекетке ояту, уәждеу; субъект белсенділігін арттыратын және оның бағыттылығын анықтайтын ішкі және сыртқы шарттардың жиынтығы; тұлғаның іс - әрекеттерді таңдауы және оның әрекеттерінің негізінде жататын себеп; іс-әрекет бағыттылығын таңдауды анықтаушы және оятушы зат. Педагогика және психология түсіндірме сөздігінде (Мотив; фран. **motif**, лат. **Moveo** - қозғаймын) – субъекттің өмір сүру жағдайы ықпалымен қалыптасатын және оның белсенділігінің бағыттылығын анықтайтын әрекетті туғызушы түрткі ретінде қарастырылады.

«Түрткі» термині субъектінің белсенділігін туғызатын түрлі құбылыстар мен күйлерді білдіру үшін қолданылады. Түрткі – адамды түрлі іс-әрекетке итермелейтін себеп. Кісінің өз қажеттіліктерін өтеуі оның түрткілеріне байланысты [276].

Педагог үшін білім беру саласында сол жүйеге енгізілген жаңалықтарды игеруге болған позитивті көз қарастың қалыптасуы маңызды. Позитивті көз қарас педагогтің сол жаңалықты үйренуге болған мотивациясының оянуына түрткі болады. Мотивация педагогтің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына әсер етеді. Мотиві жоғары педагогтер үнемі өз кәсібінде белсенді, бастамашыл, мақсатқа қарай бағыттылығы тұрақты болып келеді. Жаңалықтарды игеріп, оларды өз тәжірибелеріне енгізуден қорқпайтын педагогтер өздеріне қалыптан тыс жауапкершіліктерді ала біледі.

Педагогтердің бағалау біліктерінің қалыптасуы тұлғаның ішкі қажеттіліктерінің, санасының мотивтерінің, белгілі әрекеттерді жүзеге асырудағы құралдарының өзгеруі. Тұлғаның мотивациясының өзгеруіне, әсіресе, педагогтердің олардың санасында қалыптасқан стереотиптер кедергі болады. Бұл стереотиптерді педагогтердің жаңаны үйренуге болған мотивациясының дамуы жоя алады.

Мотивациялық - мақсаттық компонент деп мақсаттық пен мотивациялық компонентті біріктіруіміздің себебі, біздің ойымызша тұлғаның қалыптасуы оның мотивациясын оятуға түрткі болатын қабілеттерінің өз білімін жетілдіру арқылы мақсатты түрде дамуы мен байланысты деп санаймыз.

Мақсат – оқу үдерісін белгілі бір, нақты нәтижеге бағыттайды, іс - әрекеттердің жүйеленуін, интеграциялануын, кезеңділігін қамтамасыз етеді, нәтиженің бастапқы жоспарланған іс - әрекеттер мен сәйкестенуін қамтамасыз етеді.

Біздің зерттеу жұмысымыз аясында мотивациялық – мақсаттық компонент педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытуға мүмкіндік беретін оқыту бағдарламасын мақсатты түрде жүзеге асыруға ықпал етеді. Педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамытудың стратегиялық мақсаты біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін жақсарту .

Тактикалық немесе дидактикалық мақсаты:

- Педагогтердің бағалау іс - әрекетін біліктілікті арттыру курстарының модульдері аясында дамытудың тиімділігін бағалау;
- педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытудың тиімді әдіс – тәсілдерін айқындау;
- Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту бойынша біліктілікті арттыру курсының оқу бағдарламасын әзірлеу, педагогтерді оқытудың тиімді түрлері мен әдістерін таңдау.

Мотивациялық – мақсаттық компонент бүгінгі таңдағы педагогтердің оқыту үдерісіндегі қолданыста жүрген қалыптасқан бағалау іс - әрекетін олардың қажеттіліктеріне сәйкес өзгертуге ықпал етіп, педагогтің өзіндік «Менін» қалыптастыруға мүмкіндік береді. Өзіндік іс - әрекеттер жүйесін жаңартуға болған ұмтылысын арттыруға көмектеседі.

Біздің ойымызша, педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамыту мақсатқа бағыттылық , субъективтілік, ашық оқыту кеңістігі, денсаулықты сақтау, пәндік – кәсіби сәйкестілік, рефлексивтілік принциптері негізінде жүзеге асуы қажет.

Субъектілік принцип негізінде – педагогтерді оқыту үдерісінде педагогтердің жеке пікірлері мен қажеттіліктері, қалаулары ескеріледі.

Ашық оқыту кеңістігі принципін ұстану оқыту үдерісінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамыту мақсатында қолданылатын әдіс – тәсілдер, оқыту түрлерінің педагогтер тарапынан таңдап алынуына мүмкіндік береді.

Пәндік – кәсіби сәйкестік – оқыту бағдарламасын құру барысында педагогтердің кәсіби ерекшеліктері, базалық білімдерінің ерекшеліктері, заманауи педагогтің білім , біліктеріне қойылатын талаптар ескеріледі.

Денсаулықты сақтау принципі ересектерді оқытуда олардың когнитивті дағдылары, психологиялық ерекшеліктерді ескеруге түрткі болады.

Рефлексивтік принцип – педагогтердің өз іс - әрекеттері және олардың нәтижесін саналы қабылдап, кемшіліктердің орнын толтыруға ұмтылыс жасап, жетістіктерін талдап, баға беруін қамтамасыз етеді.

Мотивациялық – мақсаттық компонент:

- Бағалау іс – әрекетін шығармашылық пен жүзеге асыруға;
- Бағалау үдерісін ұйымдастыруға болған қызығушылығы;
- Жетістікке болған ұмтылысы;
- Өзін – өзі дамытуға болған ұмтылыстың болуы мен сипатталады және

мазмұндық компонент пен ұштасады.

Мазмұндық компонент – Біздің ойымызша, біліктілікті арттыру жағдайында педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамыту олардың теориялық білімдерін тереңдету, түрлі деңгейдегі ресурстар мен тест тапсырмаларын құрастырып, қолдану арқылы мүмкін болады. Педагогтер өз теориялық білімін өз алдына жетілдіру мен бір қатарда қолданысқа енген критериалды бағалау жүйесінің мәні, мазмұны, принциптері мен таныс болуы қажет. Бұл жағдай педагогтерге бағалау іс - әрекетін тиімді ұйымдастыруға негіз болады. Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау технологиясының теориялық негіздерін: оқу бағдарламаларындағы оқыту мақсаттары және олардың айырмашылықтары, сабақ мақсатына байланысты құрастырылатын бағалау критерийлерінің мәні, бағалау критерийлеріне сәйкес сараланған тапсырма деген не? дескриптор, кері байланыс, рефлексия және оның ерекшеліктерін білу. Сонымен бір қатарда, бағалаудың оқу – оқыту процесі субъекттерінің психологиялық жағдайына әсерін анықтау педагогтердің бағалау іс – әрекетінің негізі. Педагогтің бағалау іс - әрекетін дамыту үшін арнайы осы тақырыпқа байланысты біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылуы қажет деп санаймыз.

Біздің зерттеу жұмысымыз аясында біліктілікті арттыру жағдайында педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамыту мақсатында «Жаңартылған мазмұндағы білім беру жағдайында педагогтің бағалау іс - әрекетінің психологиялық – педагогикалық негіздері» тақырыбында кешенді білім беру бағдарламасы құрастырылып, біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылады. Әрине бір ғана біліктілікті арттыру курсы мен педагогтердің бағалау іс - әрекетін толық дамыту жеткіліксіз, алайда, бұл тақырып аясындағы курс пен біліктілікті арттыру курстарының модульдерінде берілген семинар – тренингтер мазмұнының кіріктірілуі, тақырып мазмұнын пәндік бағыттар бойынша бейімдеуге мүмкін болатындығы біз зерттеп отырған мәселенің дамуына ықпал етеді деп ойлаймыз. Себебі, біліктілікті арттыру курсы барысында педагогтер білім алушылардың оқу жетістігін бағалау бойынша ықшам сабақтарды ұйымдастырады, тесттер тапсырады, тәжірибелік алаңға қатысады, жобалар құрастырады, қорғайды. Сондай-ақ, педагогтерге психологиялық – педагогикалық, әдістемелік қолдау көрсетіледі. Бұл өз кезегінде педагогтің бағалау іс - әрекетінің дамуына негіз болады.

Біліктілікті арттыру жағдайында педагогтердің кәсіби біліктерін соның ішінде бағалау іс - әрекетін дамытуға мүмкіндік беретін әдіс - тәсілдер, инновациялық технологияларды біліктілікті арттыру курстарында үйрету мүмкін болады деп санаймыз.

Педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамыту моделінің мазмұндық компоненті біліктілікті арттыру курстары аясында мазмұндық модульдің мазмұнын дайындау; педагогтердің «Жаңартылған мазмұндағы білім беру аясында педагогтің бағалау іс - әрекеті: мазмұны, принциптері, тәжірибелер» атты ғылыми – әдістемелік семинарға қатысуы; курстан кейінгі әдістемелік

қолдау, оқытудың инновациялық әдіс – тәсілдерін қолдану қатарлы бағыттарды өз ішіне алады.

Ғылыми зерттеу жұмысымызда біз педагогтерді белгілі бір іс - әрекетке дайындау «тұлғаның қоғамның материалдық және рухани мәдениетін сақтауға және дамытуға дайындалуы білім, білік, дағдылардың, шығармашылық әрекеттер тәжірибесі және эмоционалды – ерікті қарым – қатынастың педагогикалық бейімделген жүйесін» өз ішіне алуы қажет деген пікірге сүйенеміз [277;321].

Мазмұндық компонент:

- критериялды бағалау жүйесінің мәнін, мазмұнын түсіну;
- Бағалаудың қызметі, құрылымы, принциптерін білу;
- Қалыптастырушы бағалау теориясы мен таныс болу;
- Жиынтық бағалауды жоспарлау, жобалау;
- Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмаларды құрастыру алгоритмін білу;
- Бағалаудың білім алушының дамуына, психологиясына әсерін білу қатарлы білімдерді құрайды.

Мазмұндық компоненттің тиімділігі педагогтердің тәжірибесіндегі бағалау іс- әрекетінің үздіксіздігін қамтамасыз ету; тәжірибелік бағыттағы ақпараттарды жинақтау; оқуды педагогтердің жеке мүмкіндіктері негізінде, олардың оқытатын пәндерінің ерекшеліктеріне сәйкес ұсыну қатарлы мәселелердің шешілуі аясында арта түседі.

Технологиялық компонент – педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамыту мақсатында жүзеге асырылатын іс – шаралардың кезеңдік жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамытуға бағытталған оқыту үдерісі анықтау – жобалау, дамыту және нәтижені бағалау кезеңдерін өз ішіне алады.

Анықтау және диагностикалық – жобалау кезеңінде педагогтердің жаңа форматтағы бағалаудың жүзеге асырылу жолдары туралы білім, түсініктері тест сұрақтары, сауалнамаларды қолдану, жағдаяттық бейне материалдар және сұхбаттасу арқылы анықталады. Педагогтердің бағалау іс - әрекетін жүзеге асырудағы қажеттіліктері анықталынады. Талданған мәліметтер негізінде оқыту мазмұны құрастырылады. Сонымен бір қатарда, осы мәселеге байланысты оқыту жағдаяты педагогтер тарапынан құрастырылады.

Дамытушы кезеңде педагогтер проблемалық сұрақтар бойынша пәндік ерекшеліктерге сәйкес тапсырмалар алады және тек ақпараттық тұрғыдан берілген мәліметтер мен шектелмей оқу үдерісінде белгілі проблемалық жағдаяттарды шешу арқылы сұрақтарға жауап іздейді. Бағалау іс - әрекетіне байланысты заманауи талаптарды ескере отырып, педагог пен білім алушы арасындағы бағалау іс - әрекетін дамытуға негіз болатын жаңа технологиялар, оқыту формалары, әдістер қолданылады. Сол жаңа интербелсенді әдістердің көмегімен педагогтердің бағалау іс - әрекеті туралы түсініктері теңестіріледі. Бұл орайда, педагогтерге бағалау іс - әрекетін дамытуға бағытталған тапсырмалар

беріледі. Тапсырмаларды орындау барысында педагогтер бағалау іс - әрекетінің құрамдас бөліктері, құрылымы, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау ерекшеліктері туралы мәліметтер алады. Топтық, серіктестікте жұмыс, жеке жұмыс түрлері жүргізіледі.

Дамытушы кезеңнің мақсаты педагогтерді қолданысқа енген критериалды бағалау жүйесіндегі қалыптастырушы және жиынтық бағалауды жүзеге асыруға болған мотивациясын ояту, бағалау біліктерін қалыптастыру және оны дамытуға жағдай жасау болып саналады.

Педагогтердің бағалау іс - әрекеті бағалау мәселесінің теориялық негіздерін сипаттайтын дәрістер, жетістікті бағалауға болған мотивациясын оятуға бағытталған тренингтер, тәжірибелік – семинарлар, коучинг және кейс технологияларын қолдану арқылы дамиді.

Педагогтердегі тәжірибе барысында қалыптасқан «бағалау қажет» түсінігін жойып, «кеңес беру, бағыт беру арқылы жетістікке ұмтылдыру» түсінігін мазмұндық тұрғыдан толықтырып бағалау іс – әрекетін дамыту педагогтердің біліктілігін арттырудың міндеті деп санаймыз.

Педагогтердің біліктілігін арттыру үдерісі тәжірибеге бағытталған болып, тәжірибеде кездесетін педагогтердің нақты қиындықтарын шешуге бағытталуы қажет.

Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін жүзеге асырудағы қиындықтар аймағы және соған байланысты мәселелер оқу үдерісі субъекттерінің ашық диалогы арқылы жүзеге асуы керек. Бұл мәселелердің жүзеге асуы тек педагогтердің өз білімі, біліктерін үздіксіз дамытуы барысында мүмкін болады.

Нәтижені бағалау кезеңінде педагогтердің бағалау іс - әрекетінің даму деңгейі анықталып, бағаланады. Бағалаудың нысаны ретінде педагогтер тарапынан құрастырылған шағын сабақ, сабақтар жобалары, тақырып бойынша аналитикалық шығармалары қарастырылады.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамыту компоненттерінің жүзеге асырылуы барысында педагогтердің бағалау іс - әрекетінің даму деңгейлерін төмендегідей топтастырамыз:

Жоғары	Орташа	Төмен
Когнитивтік қабілеттері		
Критерийлері: бағалау жүйесі бойынша алған білімі оның жүйелілігі.		
Заманауи білім беру қағидалары, ерекшеліктері, бағалау жүйесі және оның қызметі туралы білімі толық және жүйеленген.	Заманауи білім беру қағидалары, ерекшеліктерін біледі. Нормативтік құжаттарды біледі. Бағалаудың түрлерін ажырата алады.	Бағалау іс - әрекеті бойынша жалпы түсінігі қалыптасқан, жүйеленмеген. Нормативтік құжаттар мен таныс.

18- кестенің жалғасы

1	2	3
Бағалауды жүзеге асыруға негіз болатын нормативтік құжаттарды біледі, қолдана алады. Қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалаудың ерекшеліктері, оларды пайдалануда қолданылатын әдіс – тәсілдерді жетік игерген, біледі және қолдана алады. Өз білімін өз алдына ақпараттар іздеп тауып, талдау арқылы толықтыра алады. Рефлексивтік дағдылары қалыптасқан.	Бағалаудың түрлерін ажырата алады. Бағалауды жүзеге асыруға керекті әдіс – тәсілдерді біледі және қолдана алады. Жаңа ақпараттарды іздеп табуға ұмтылады.	Баға мен жетістік ұғымдарын шатастырады. Өз білімін қолдануда қиналады. Алған білімін тәжірибеде қолдануда сыртқы көмекті қажет етеді.
Іс - рекетті жүзеге асыру Критерийлері: оқыту процессіндегі іс - әрекеттерінің жүйелілігі, мақсаттылығы, кез – келген педагогикалық жағдаятта бағалау біліктерін қолдану қабілеті, шығармашылығы.		
Бағалау біліктері оқыту үдерісінің кез келген жағдайында көрініс табады. Қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыруда кері байланысты тиімді жүргізе алады. Бағалау әдістерін қолдану кезеңдерін жақсы біледі. Топтық, жұптық жұмыс түрлерін жүргізе алады. Шығармашылық қабілеті жоғары.	Бағалау біліктері қалыптасқан. Бағалау үдерісінде бағалау іс - әрекетін жүзеге асыруда кей бір жағдаяттарда қиындықтар бар. Қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыруда әдістерді қолдануда қиындықтары білінеді. Нұсқаулықта берілген әдістерді қолдана алады.	Бағалауға байланысты көп жағдайларда қиналады. Іс - әрекеттері мақсатты емес және оның есебіне мақсатқа жету төмен дәрижеде. Әрекеттері тек үлгі бойынша, шаблон арқылы жүзеге асады.
Кәсіби құндылықтары Критерийлері: кәсібіне байланысты теориялық және тәжірибелік білімі, қарым – қатынас жасау		
Өз пәні бойынша теориялық білімі терең.	Өз пәні бойынша теориялық білімі жоғары деңгейде.	Өз пәні бойынша білімі бар. Тәжірибелік білімі әлсіз.

18- кестенің жалғасы

Тәжірибелік білімі жоғары. Саралау арқылы, білім алушыларды бағалау дағдылары қалыптасқан. Білім алушылар мен тиімді оқыту ортасын ұйымдастыру дағдылары қалыптасқан. Өзін – өзі басқару және дамытуды, өз жұмысын ұйымдастыруды біледі. Ұйымдастырушылық және коммуникативтік қабілеттері жоғары деңгейде.	Тәжірибелік тұрғыдан кей бір оқыту жағдаяттарында өз білімін қолдануды біледі. Бағалау үдерісін жүзеге асыра алады. Ұйымдастырушылық және коммуникативтік қабілеттері орташа. ҚМЖ құрастырып, мақсатты жүзеге асыруда қиындықтар бар.	Бағалауды жүзеге асыруда дифференциациялауды кей бір жағдаяттарда қолдануда кийналады. Ұйымдастырушылық және коммуникативтік қабілеттері әлсіз.
--	---	---

18- кесте Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетінің даму деңгейлері.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің даму деңгейлерін анықтау олардың заманауи талаптар негізінде оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыруыны ықпал етеді.

Рефлексивтік компонент - Біздің зерттеу жұмысымызда рефлексивтік компонент педагогтердің өз бағалау іс - әрекеттеріне және олардың нәтижелеріне берген өзіндік бағасы ретінде сипатталады. Біліктілікті арттыру жағдайында педагогтер өз білімдерін өздігінен дамытуға дағдылануы қажет. Өз іс - әрекетіне рефлексивті тұрғыдан талдау жасап, жетістігін анықтап, кемшіліктерін айқындап оны түзетуге ұмтылу педагогтің кәсіби білігінің жоғары екендігін көрсетеді.

«Рефлексия» термині латын тіліндегі «reslexio» –көрініс беру, кері айналу деген сөзден шыққан. Философияда рефлексия –адамның өзіндік әрекеттерін және олардың заңдарын қайта түсінуге бағытталған, теориялық іс-әрекетінің формасы. Философиялық сөздікте рефлексияның үш түріне түсініктеме беріледі. Олар: қарапайым (әрекеттер рефлексиясы); ғылыми (жаңа білімді меңгеру әдістерінің рефлексиясы); философиялық (ойлау мен болмыстың шектелген қатынастарын және біртұтас адамзат мәдениетін қайта түсіндіру) [278;68]

Педагогтің оқыту процесіндегі өз іс - әрекетіне рефлексия жасауы білім алушылардың жетістікке жетуін қамтамасыз етуде қандай кедергілер кездеседі, қолданылған әдіс – тәсілдердің тиімділігі қандай? деген сұрақтардың пайда

болуына түрткі болады. Демек, педагог өз бағалау іс - әрекетінің нәтижелі болуы үшін рефлексия жасау арқылы:

- Өз іс - әрекетін диагностикалайды;
- Кейінгі қадамдарын жобалайды;
- Оқыту үдерісіне түзету енгізеді;
- Бағалаудың тиімділігін арттырады.

Педагогтердің өз іс - әрекетіне рефлексия жасауы заманауи білім берудің басты талабы. Рефлексивтік дағдылардың қалыптасуы тұлғаның әлеуметтік ортаға тез бейімделуі мен бір қатарда оқыту үдерісінде білім алушылар және әріптестер мен қарым – қатынас жасауда кәсіби этиканы сақтауға мүмкіндік береді. Өз кәсіби іс - әрекетіне рефлексия жасау педагогтің өз білімін жетілдіруге және өзін – өзі реттеуге, өзін тұлға, маман ретінде дамытуға мүмкіндік береді деп санаймыз.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің рефлексивтік компоненті:

- педагогтердің өз бағалау іс – әрекетіне талдау жасай алу;
- Бағалау іс – әрекетін жүзеге асырудағы кемшіліктер мен қиындықтарды анықтау дағдыларының болуы;
- Өз іс – әрекетіне түзетулер енгізу білігінің болуы;
- Сыни ойлау, аналитикалық дағдыларының болуы – қатарлы білік және дағдыларды дамытуды қамтиді.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытудың құрылымын анықтау оның өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындау міндетінің шешілуін талап етті. Зерттеу мақсаты мен міндеттеріне орай олар төмендегідей анықталды:

Компоненттер	Өлшемдері	Көрсеткіштері	Зерттеу әдістері
1	2	3	4
<i>Мотивациялық - мақсаттық</i>	1.Бағалау іс - әрекетіне болған мотивациялық - мақсаттық қарым – қатынастың болуы. 2.Бағалау іс - әрекетінің мақсатқа бағдарлануы. 3.Бағалау іс - әрекетін жүзеге асыруға болған ұмтылысы.	1. Оқыту үдерісін жүргізу және бағалау іс - әрекетін жүзеге асыруға болған қызығушылығы; 2.Жетістікке ұмтылып,кедергілерді жою мақсатында жаңа педагогикалық тәсілдерді табуға бейімділігі. 3.Өз білімін үздіксіз жетілдіру кезеңдерін анықтау.	Т.Элерстің «Тұлғаның жетістікке болған мотивациясын диагностикалау» әдістемесі.

23- кестенің жалғасы

1	2	3	4
<i>Мазмұндық</i>	1.Критериалды бағалау технологиясының теориялық негіздерін білуі. 2.Әдістемелік мәдениеті.	1.Критериалды бағалау жүйесінің мақсат, міндеттері, принциптерін білу. 2.Қалыптастырушы және жиынтық бағалау үдерісін жүзеге асыру тетіктерін білуі,өз іс - әрекетінің әдістемелік негізін анықтау білігі.	1.Педагогтердің бағалау іс - әрекетін жүзеге асыруда қиындықтар аймағын анықтауға бағдарланған сауалнама. 2. Педагогтердің бағалау іс – әрекетін жүзеге асыруға болған дайындық деңгейін анықтауға арналған сауалнама.
<i>Технологиялық</i>	1. Бағалаудың инновациялық әдіс – тәсілдерін қолдану. 2.Бағалауды ұйымдастыру білігі. 3.Коммуникативтік біліктерін бағалауда қолдана алуы.	1.Кері байланысты жүзеге асыра алуы, қалыптастырушы бағалау әдістерін қолдана алуы. 2.Бағалау іс -әрекетін кезеңдік жүзеге асыра алуы. 3.Бағалаушылық пікірді денсаулыққа залалсыз жеткізе білу.	В.В. Синявский, В.А. Федорошин (КОС) Коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділігі деңгейін анықтау әдістемесі.
<i>Рефлексивтік</i>	1.Оқыту үдерісін мақсатқа бағдарлауды білуі. 2.Білім алушыны жетістікке жеткізуді жоспарлауды білу. 3.Өз іс – әрекетіне рефлексия жасай алуы.	1.Бағалау іс – әрекетін жүзеге асыруды жоспарлай алуы. 2.Жетістікке жетуде сыни ойлау және аналитикалық дағдыларының болуы. 3.Өз бағалау іс - әрекетіне талдау жасай алуы	А.В.Карпов Тұлға рефлексиясының даму деңгейін диагностикалау әдістемесі

23-кесте Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытудың құрылымдық компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, зерттеу әдістері.

Біз ұсынып отырған педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетінің өлшемдері мен көрсеткіштері негізінде мұғалімдердің бағалау іс - әрекетінің даму деңгейін анықтауға болады деп санаймыз.

Ғылыми – зерттеу жұмысымыздың барысында педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытудың **әдістерін** анықтадық. Педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамытуға бағытталған әдістерге педагогтің заманауи білім беру талаптарына сай қалыптасуында негізгі саналатын инновациялық әдіс – тәсілдер, оқытудың интербелсенді әдістері, ақпараттық – коммуникациялық технологиялар, бағалауды жүзеге асыруға байланысты түрлі жағдаяттардан құралған арнайы тренингтерді жатқыздық. Бұл әдістерді өзіміз ұсынып отырған «Жаңартылған мазмұндағы білім беру жағдайында педагогтің бағалау іс - әрекетінің психологиялық – педагогикалық негіздері» атты біліктілікті арттыру курсын жүргізуде тәжірибеде қолдандық. Олар жайлы жұмысымыздың эксперименттік бөлігінде кеңінен тоқталамыз.

Педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамытуды жүзеге асыруда жұмыс **формаларынан** топтық, жұптық, ұжымдық, шағын топтардағы жұмыстар, жобалық зерттеулер қолданылды, сонымен қатар «Жаңартылған мазмұндағы білім беру аясында педагогтің бағалау іс - әрекеті: мазмұны, принциптері, тәжірибелер» атты ғылыми – әдістемелік семинар, педагогикалық десант ұйымдастырылды.

Біздің зерттеу жұмысымыз аясында ұйымдастырылған семинарлар, тренингтер педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытуға ықпал етті, олардың кәсіби біліктерін шыңдап, теориялық және тәжірибелік білімдерін дамытып, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, рефлексивтік дағдыларының қалыптасуына жағдай жасады деп санаймыз.

Зерттеу жұмысымыз барысында құрастырылған модельдің жүзеге асуы біз зерттеу жұмысымыздың 2.1 бөлімінде қарастырған психологиялық – педагогикалық шарттардың орындалуы мен қамтамасыз етіледі деп ойлаймыз:

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетін дамытудың бұл шарттарының жүзеге асырылуын зерттеу жұмысымыздың үшінші бөлімінде қарастырылатын қалыптастырушы эксперимент жобасы аясында қарастыратын боламыз.

Зерттеу жұмысымыз барысында жасалған құрылымдық-мазмұндық модельдің құндылығы – педагогтердің бағалау іс - әрекетін дамытуда біліктілікті арттыру ұйымдарының теориялық және практикалық міндеттерді шешудегі іс - әрекеттерін жаңартуда, ЖОО-да педагог мамандарды дайындауда басшылыққа алуға болатындығында деп санаймыз.

Жұмысымыздың келесі бөлімінде ұсынылып отырған модельдің тиімділігін дәлелдеуге бағытталған тәжірибелік-эксперименттің өтілу барысы мен нәтижесі сипатталады.

III. ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК – ЭКСПЕРИМЕНТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3.1 Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетінің даму деңгейінің диагностикасы

«Эксперимент» ұғымы грек тілінен аударғанда «experimentum» яғни «тәжірибе» деген мағынаны білдіреді. Жалпы ғылыми ұғымда эксперимент – қандайда бір құбылыстарды бақылау, зерттеу. Эксперимент жаңа нәтиже алуға немесе, ескі деректерді тексеруге мүмкіндік беретін тәжірибенің ерекше түрі. Эксперименттің мәні зерттеушінің алдын – ала жоспарланған параметрлер негізінде түрлі жағдайларды зерттеу үшін педагогикалық үдеріске белсенді араласуынан тұрады. Эксперимент зерттелетін үдерістер мен құбылыстарға әсер ететін факторларды өзгертуге және оларды бір неше рет шығаруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық эксперимент – нақты анықталған шарттар негізінде педагогикалық үдерістің ғылыми негізделген тәжірибеге айналуы.

Біздің зерттеу мәселемізге байланысты ұйымдастырылған эксперимент барысында біліктілікті арттыру жағдайында педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытудың шарттары анықталды және құрылымдық – мазмұндық моделді іске асыруға ықпал ететін жағдайлар арнайы жасалынды.

Педагогикалық эксперимент жұмысының **мақсаты** – педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделін іске асыру және әдістемесінің тиімділігін практикалық тексеруден өткізу арқылы дәлелдеу.

Педагогикалық экспериментке төмендегідей міндеттер қойылады:

1. Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделін іске асыру.
2. Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуға арнап жасалған әдістемені практикаға ендіру.
3. Тәжірибелік жұмыстың нәтижелерін математикалық – статистикалық әдістер арқылы өңдеу, сипаттау.

Тәжірибелік - педагогикалық эксперимент жұмысы 2018 - 2021жж аралығында «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты тыңдаушыларының (педагогтер), жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша сертификатталған тренерлердің қатысуымен ұйымдастырылды.

Тәжірибелік – эксперименттің диагностикалық кезеңіне – 100 педагог, жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша сертификатталған тренерлер – 20 тренер қатысты.

Анықтаушы кезеңге барлығы 95 респондент қатысты олардың 46 – эксперименттік топта, 49- бақылау тобында болды.

Біліктілікті арттыру жағдайында педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытуға арналған тәжірибелік – эксперимент жұмысы 3 кезеңде жүзеге асырылды:

1. Анықтау кезеңі (2018-2019жж)
2. Қалыптастыру кезеңі (2019-2020жж)
3. Бақылау кезеңі (2020-2021жж)

Әр кезеңнің жұмыс барысы үздіксіз бақыланды және бақылау нәтижелері бекітіліп, қажетті көрсеткіштер алынды. Алынған нәтижелерді салыстыру, талдау және қорытындылау педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамыту деңгейінің көрсеткіші жайлы қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Кезеңдер	Диагностикалық зерттеу	Анықтаушы эксперимент	Қалыптастырушы эксперимент
Зерттеу мақсаты	педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін жүзеге асыруға болған дайындық деңгейін қиындықтары мен қажеттіліктерін анықтау.	Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің даму деңгейін анықтау, қалыптастырушы эксперимент үшін зерттеу бағыттарын айқындау.	Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту бойынша құрастырылған құрылымдық – мазмұндық модельді іске қосу, тиімділігін дәлелдеу.
Респонденттер саны	120	95 Эксперименттік топта – 46 педагог, бақылау тобында – 49 педагог	95 Эксперименттік топта – 46 педагог, бақылау тобында – 49 педагог
Зерттеу әдістері	Сауалнама Сұхбат, бақылау, Талдау.	Сауалнамалар. Т.Элерстің тұлғаның жетістікке болған мотивациясын диагностикалау әдістемесі; Коммуникативтік және ұйымдастырушылыққа бейімділікті анықтау В.В Синявский , В.А Федорошин әдістемесі; Тұлға рефлексиясының даму деңгейін диагностикалау А.В Карпов әдістемесі.	Сауалнамалар. Т.Элерстің тұлғаның жетістікке болған мотивациясын диагностикалау әдістемесі; Коммуникативтік және ұйымдастырушылыққа бейімділікті анықтау В.В Синявский , В.А Федорошин әдістемесі; Тұлға рефлексиясының даму деңгейін диагностикалау А.В Карпов әдістемесі.

24-кесете Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту кезеңдері.


Тәжірибелік эксперимент кезеңдерінен бұрын педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін жүзеге асыру бойынша нақты қалыптасқан деңгейін, қажеттіліктері мен қиындықтарын анықтау мақсатында диагностикалық зерттеу ұйымдастырылды.

Диагностикалық кезең барысында респонденттердің білім берудегі өзгерістерге болған көз қарасы мен олардың сол жаңалықтарды қолдануға болған мүмкіндіктерін, қиындықтарын анықтау мақсатында сыналушылардан сауалнама алынып, сұхбат ұйымдастырылды. Сауалнама аясында сыналушыларға:

- Жаңартылған білім беру аясында оқыту процесінде көп нәрсе өзгерді, сол өзгерістерге болған көз қарасыңыз қандай?
- Сіз өз тәжірибеңізге жаңалықты бірден кіріктіресізбе, әлде ол үшін сізге уақыт қажет пе?
- Адамның жетістікке жетуіне не көмектеседі және не кедергі болады деп ойлайсыз?
- Сіз білім алушының оқудағы жетістіктерін бағалау процесін жүзеге асыруда неден қиналасыз?
- Бағалау үдерісін жобалау барысында педагогке өз іс – әрекетіне рефлексия жасау маңыздыма? – деген сұрақтарға жауап беру ұсынылды.


Диагностикалық кезеңдегі алынған сауалнама нәтижелері:

- Жаңартылған білім беру аясында оқыту процесінде көп нәрсе өзгерді, сол өзгерістерге болған көз қарасыңыз қандай? – деген сұраққа берілген жауаптар көрсеткіштері төмендегідей болды:




27 – сурет Диагностикалық кезеңдегі сауалнама нәтижесі

- Сіз өз тәжірибеңізге жаңалықты бірден кіріктіресізбе, әлде ол үшін сізге уақыт қажет пе?




28-сурет Диагностикалық кезеңдегі сауалнама нәтижесі

- Адамның жетістікке жетуіне не көмектеседі және не кедергі болады деп ойлайсыз?



29- сурет Диагностикалық кезеңдегі сауалнама нәтижесі



30- сурет Диагностикалық кезеңдегі сауалнама нәтижесі

Сауалнама барысында сыналушылардың 63,8% білім беру саласындағы өзгерістерге оң көз қарасын білдірсе, басым көпшілігі жетістікке жетуде білім мен тәжірибені таңдаса, нәтижеге жетудегі кедергі ретінде білім мен тәжірибенің әлсіздігін көрсеткен.

Сыналушылардың 42,4% жаңалықты өз тәжірибесіне бірден кіріктіретінін айтса, 29% жаңалықты өз тәжірибесіне кіріктіру үшін уақыт қажеттігін жеткізді, 21,7% басқалардың жаңаны қолдануын күтетінін білдірген, демек, бұл көп жағдайда педагогтердің шаблон бойынша жұмыс жасайтынын айқындауға мүмкіндік береді, 5,8% жауап беруге қиналамын деген жауапты берді, 1,1% «білмеймін» деп сенімсіздік танытты.


Респонденттердің 11,3% жетістікке жетуде педагогке мотивацияның болуы көмектеседі деп санаса, 16% мотивацияның жоқтығын жетістікке жетудегі кедергілердің бірі деп санайды.

Диагностика барысында алынған бұл ақпарат біріншіден педагогтердің жетістікке болған мотивациясының әлсіздігін көрсетсе, екіншіден педагогтердің жаңа нәрсеге сенімсіздік, үреймен қарайтындығы, сондықтанда, жаңашылдықты өз жұмысына кіріктіруге асықпайтыны анықталды.

Бұл жағдай бізге педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың негізгі компоненттерінің бірі ретінде мотивациялық - мақсаттық компонентті таңдап алуымыздың дұрыс екендігін айқындауға мүмкіндік берді. Сондықтанда біз, педагогтердің жетістікке болған мотивациясының нақты деңгейін анықтау мақсатында Т.Элерстің әдістемесін қолдануды мақұл көрдік.

Диагностикалық сауалнаманың:

- Сіз білім алушының оқудағы жетістіктерін бағалау процесін жүзеге асыруда неден қиналасыз?- деген сұрағына респонденттердің 43,2% бағалау процесін ұйымдастыруда қиналамын деген жауапты таңдаса, 30,3% сауалнамада берілген бағалау процесін ұйымдастыру, оқу мақсаты негізінде критерий құрастыру, дескриптор құрастыру, бағалау және кері байланысты жүргізу үшін әдістер таңдау осылардың барлығы мен үшін қиын деп есептейді, сыналушылардың 8,7% оқу мақсаты негізінде критерий құрастырудан қиналса, 3,8% дескриптор құрастырудан, 4,7% бағалау және кері байланыс үшін әдістер таңдаудан қиналамын деп жауап берген. Сыналушылардың тек 9,3 % ғана бағалау процесін ұйымдастыру олар үшін қиын еместігін жеткізген.




31- сурет Диагностикалық кезеңдегі сауалнама нәтижесі

Бұл жағдай біздің зерттеу экспериментіміз аясында бұл мәселені тағы бір рет қосымша сауалнамалар арқылы анықтап, эксперимент әдістерін дәл осы

бағыттардағы оқылықтарды толықтыру үшін таңдаудың маңыздылығын көрсетті.

Сауалнаманың - Бағалау үдерісін жобалау барысында педагогке өз іс – әрекетіне рефлексия жасау маңызды ма? - деген сұрағына жауаптар легі төмендегідей болды:

Сыналушылардың 59,7% рефлексия бағалауды жобалау барысында педагог үшін маңызды деп санаса, 11,3% маңызды емес деп қарайды, 19,6% маңызды шығар деп сенімсіздік танытса, 9,4% білмейтінін көрсетеді.



32- сурет Диагностикалық кезеңдегі сауалнама нәтижесі.

Сыналушылар жауаптарының бұл көрсеткіштері педагогтердің оқу- оқыту процесін жобалауда рефлексияның маңызды екендігін ескермейтіндігін көруге болады. Бұл жағдай эксперимент барысында дәл осы тұлғаның рефлексивтік дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін әдістерді таңдап, қалыптастырушы эксперимент барысында осы мәселені ескеру қажеттігін айқындайды.

Диагностикалық кезең барысында алынған сауалнама және педагогтер, тренерлер мен болған сұхбат барысында алынған ақпараттар бізге эксперименттік жұмысымыздың анықтаушы кезеңі үшін қолайлы әдістерді таңдауға мүмкіндік берді.


Сонымен бір қатарда біз педагогтердің бағалау іс – әрекетінің негізі болған критериалды бағалауды қолдануға байланысты қиындықтарын және қажеттіліктерін анықтау мақсатында сауалнама жүргіздік. Сауалнама барысында респонденттерге төмендегідей сұрақтар қойылды:

1. Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау бойынша теориялық және тәжірибелік біліктеріңізді 1- 10 баллдық шкала бойынша қай деңгейде деп белгілеген болар едіңіз?
2. Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау бойынша педагогтер үшін қандай іс – шаралар ұйымдастырылуы қажет деп ойлайсыз?
3. Жаңартылған білім беру бойынша ұйымдастырылған біліктілікті арттыру курстарында критериалды бағалауға арналған тақырыптарға берілген сағат саны жеткіліктіме?

4.Педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытуға бағытталған біліктілікті арттыру курстары мазмұнына қандай тақырыптарды қосу қажет деп ойлайсыз?

5.Сізге білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау бойынша біліктеріңізді дамытуға қай бағыттағы жұмыстар көмектеседі деп ойлайсыз?


Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау бойынша теориялық және тәжірибелік біліктеріңізді 1- 10 баллдық шкала бойынша қай деңгейде деп белгілеген болар едіңіз? – деген сұраққа респонденттердің 2% - 1-3 аралығында, 60% - 4-6 балл аралығында, 33% 7-9 аралығында деген деңгейлерді көрсетсе, 5% - өздерінің критериалды бағалау бойынша теориялық және практикалық біліктерін 10 баллдық деңгейде деп көрсеткен.



33- сурет Диагностикалық кезеңдегі сауалнама нәтижесі.

Бұл нәтижелер педагогтердің білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша біліктерінің орта деңгейде екендігін көрсетеді. Бұл сұраққа берілген жауаптардың шынайылығын сауалнамадағы екінші сұраққа берілген жауаптар толық көрсетеді.

Сыналушылар - білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау бойынша педагогтер үшін қандай іс – шаралар ұйымдастырылуы қажет деп ойлайсыз? - деген сұраққа төмендегідей жауап берген:




34- сурет Диагностикалық кезеңдегі сауалнама нәтижесі.

Сыналушылардың 72 % білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру керек деген жауапты таңдаса, 23% семинар, вебинарлар ұйымдастыру, 3% жеке әдістемелік көмек, 2% тәжірибелік сабақтар деген жауапты жазған. Демек, бұл жағдай педагогтер үшін білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды

бағалау бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру қажеттілігін және педагогтер үшін бағалау процессін жүзеге асыруда көп нәрсенің әлі анық емес екендігін дәлелдейді.

Жаңартылған білім беру бойынша ұйымдастырылған біліктілікті арттыру курстарында критериалды бағалауға арналған тақырыптарға берілген сағат саны жеткіліктіме? – деген сұраққа респонденттер жауаптары төмендегідей болды:

Сыналушылардың 57% Жаңартылған білім беру бойынша ұйымдастырылған біліктілікті арттыру курстарында критериалды бағалауға арналған тақырыптарға берілген сағат саны өте аз екендігін көрсетсе, 41% критериалды бағалауға арналған тақырыптар бойынша сағат санының жеткіліксіз екендігін көрсеткен, 2% жеткілікті деп санайды.




35- сурет Диагностикалық кезеңдегі сауалнама нәтижесі.

Респонденттердің бұл сұраққа берген жауаптары білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мәселесі бойынша педагогтерге көмектің қажеттілігін көрсетеді.

Педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытуға бағытталған біліктілікті арттыру курстары мазмұнына қандай тақырыптарды қосу қажет деп ойлайсыз? – деген сұраққа респонденттердің берген жауаптары төмендегідей болды:

Педагогтердің 41% - критерий және дескрипторлар құрастыру бойынша, 38% - қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар құрастыру бойынша, 12% - жиынтық бағалауға арналған тапсырмаларды құрастыру бойынша, «Күнделік.KZ» пен жұмыс жасау бойынша тақырыпты қосуды – 6% педагог ұсынса, 3% - ата – аналар мен жұмыс жүргізу бойынша тақырыптардың болуы қажеттілігін көрсеткен.



36- сурет Диагностикалық кезеңдегі сауалнама нәтижесі.

Бұл көрсеткіштер педагогтер үшін бағалау іс – әрекетіндегі нақты осы бағыттар бойынша оларда қиындықтардың бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл көрсеткіштер біздің қалыптастырушы экспериментіміз барысында жүргізілетін жұмыстарымызға негіз болады.

Сізге білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау бойынша біліктеріңізді дамытуға қай бағыттағы жұмыстар көмектеседі деп ойлайсыз? – деген сұраққа респонденттер төмендегідей жауап берген:

Респонденттердің – 49% - біліктілікті арттыру курстарын таңдаса, 22% – семинар тренингтер, 19% – шебер сыныптар, 6% тәжірибелік сабақтар, 4% – әдістемелік десант және тренерлердің өңірлерге әдістемелік көмек беру үшін шығуын таңдаған.



37- сурет Диагностикалық кезеңдегі сауалнама нәтижесі.


Диагностикалық кезеңде респонденттерден алынған сауалнамалар нәтижелері біздің зерттеу жұмысымыздың әдістемелерін таңдауға және қалыптастырушы эксперименттің бағдарламасын құрып, ұйымдастырылатын іс – шаралардың бағытын айқындауға мүмкіндік берді.

Сыналушылардан алынған сауалнама нәтижелерін нақтылап, олардың шынайылығын анықтау мақсатында жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша сертификатталған тренерлерден сауалнама алынды. Сауалнама барысында:

- Жаңартылған білім беру бойынша ұйымдастырылып отырған біліктілікті арттыру курстарында оқу жетістіктерін критериалды бағалауға арналған сабақтардың сағат саны жеткіліктеме?
- Педагогтер үшін бағалау іс – әрекетін дамытуға арналған қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру керек пе?
- Сіз өткізген курстарда педагогтер бағалау үдерісін ұйымдастыру бойынша толыққанды мағлұмат алып, бағалауды толық игеріп кетуіне сенімдісізбе?
- Педагогтер білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда неден қиналады?
- Педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамыту үшін қандай ұсыныс берген болар едіңіз? - деген сұрақтарға жауап беру ұсынылды.

Жаңартылған білім беру бойынша ұйымдастырылып отырған біліктілікті арттыру курстарында оқу жетістіктерін критериалды бағалауға арналған сабақтардың сағат саны жеткіліктеме? – деген сұраққа тренерлер 100% «Жоқ» деп жауап берген, - Педагогтер үшін бағалау іс – әрекетін дамытуға арналған қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру керек пе? - деген сұраққа 51% – «Біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру керек», 27%

ұйымдастыру керек, бірақ курстың мазмұнын педагогтердің қажеттіліктерін ескеріп құрастыру қажет, 13% – курстың мазмұны тек критериалды бағалауға арналуы қажет, 9% – сұраныс болса, ұйымдастыру қажет деп жауап берген.



38- сурет Диагностикалық кезеңдегі сауалнама нәтижесі.

- Сіз өткізген курстарда педагогтер бағалау үдерісін ұйымдастыру бойынша толыққанды мағлұмат алып, бағалауды толық игеріп кетуіне сенімдісізбе?
? – деген сұраққа тренерлер төмендегідей жауап берген:


Олардың 19 % - Сенімдімін ол үшін педагог өзі қосымша ізденуі қажет , 39% - сенімдімін егерде бағалау бойынша қосымша курстан өтсе , 24%-сенімдімін егер жаңартылған білім беру мазмұнын толық түсінсе , 18% сенімді емеспін - деп жауап берген.



39- сурет Диагностикалық кезеңдегі сауалнама нәтижесі.


Тренерлердің - Педагогтер білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда неден қиналады? – деген сұраққа берген жауабы педагогтерден алынған сауалнама нәтижелерін толық дәлелдеді.

Олардың 28% бұл сұраққа критерий құрастырудан, 21 %бағалау әдістерін қолданудан, 28% кері байланыс ұйымдастырудан, 23% бағалауға арналған тапсырмаларды құрастырудан деп жауап берген.



40- сурет Диагностикалық кезеңдегі сауалнама нәтижесі.

Ал енді, - Педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамыту үшін қандай ұсыныс берген болар едіңіз?- деген сұраққа тренерлердің 23% педагогтердің бағалау біліктерін дамытуға бағдарланған біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру, 31%- бағалау бойынша семинар, тренингтер , 29% мастер – класстар ұйымдастыру, 17% көшпелі – тәжірибелік сабақтар ұйымдастыру қажет деген ұсыныстарды берген.



41- сурет Диагностикалық кезеңдегі сауалнама нәтижесі.

Зерттеу жұмысымыздың диагностикалық кезеңінде педагогтер мен тренерлерден алынған сауалнамалар, сұхбаттар барысында біз эксперименттік жұмысымыз үшін қажетті ақпараттарды анықтадық және сол алынған ақпараттар негізінде зерттеуіміздің бағдарламасын құрастырдық.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту мақсатында жүргізілген педагогикалық эксперименттің *анықтау кезеңінде* келесі міндеттердің шешімі іздестірілді:

- Эксперименттік зерттеудің мақсатын, міндеттерін анықтау, эксперимент жұмысының нысанын таңдау және оны жүргізуді теориялық тұрғыдан негіздеу;
- Эксперименттің болжамын тұжырымдау, экспериментке қатысатын (эксперименттік топ, бақылау тобы) педагогтер санын анықтау, іске асырылатын жұмыс формаларын анықтау;
- Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің даму деңгейін диагностикалау әдістемелерін таңдау және олардың тиімділігін тексеру;
- Эксперимент нәтижесінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің дамуындағы өзгерістерді айқындау.

Ғылыми – зерттеу жұмысымыздың анықтаушы эксперимент кезеңінің бағдарламасы

Анықтаушы эксперимент мақсаты:	Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту мәселесі бойынша теориялық негіздеме жасау және қалыптастырушы эксперимент үшін зерттеу бағыттарын айқындау
--------------------------------	--

25- кестенің жалғасы

1	2
<i>Атқарылатын жұмыс бағыттары</i>	<i>Таңдалған әдістер</i>
Зерттеудің мақсат, міндеттерін ,нысанын таңдау.(Зерттеу аппаратын құрастыру)	Психологиялық – педагогикалық ғылыми зерттеулер мазмұнына талдау жасау. Заманауи білім беруде педагог қызметкерлердің қажеттіліктеріне талдау жүргізу.
Зерттеу тақырыбы бойынша теориялық негіздеме жасау	Білім беру саласында қабылданған құқықтық – нормативтік актілерге талдау жасау, топтастыру. Отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді талдау, жинақтау.
Зерттеуге қатысатын ұйымдарды анықтау.	Эксперименттік және бақылау топтарын жасақтау, респонденттер санын анықтау.
Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекеті бойынша қиындық аймақтарды анықтау нәтижелерге сәйкес әдістемелерді таңдау.	Педагогтермен және тренерлермен сұхбат ұйымдастыру. Сұхбат нәтижелеріне талдау жүргізу. Сауалнамалар құрастыру. Т.Элерстің тұлғаның жетістікке болған мотивациясын диагностикалау әдістемесі; Коммуникативтік және ұйымдастырушылыққа бейімділікті анықтау В.В Синявский , В.А Федорошин әдістемесі; Тұлға рефлексиясының даму деңгейін диагностикалау А.В Карпов әдістемесі.
Авторлық сауалнама құрастыру	Авторлық сауалнама үшін мәліметтер жинақтау
Әдістемелер, сауалнамалар бойынша ақпарат жинау.	Анықтаушы эксперимент нәтижелеріне сараптама жүргізу.

25-кесте Анықтаушы эксперимент кезеңінің бағдарламасы

Анықтаушы эксперименттің міндеттеріне сәйкес диагностикалау барысында зерттеу эксперименті үшін әдістемелер таңдап алынды.Зерттеу жұмысымыздың айқындаушы эксперименті барысында педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің даму деңгейін анықтау үшін төмендегідей әдістемелер кешені қолданылды:

- Педагогтердің бағалау іс – әрекетіндегі қиындық аймақтарын анықтауға

арналған сауалнама;

- Педагогтің бағалау іс – әрекетін жүзеге асыруға болған дайындық деңгейін анықтауға арналған сауалнама;

- Т.Элерстің тұлғаның жетістікке болған мотивациясын диагностикалау әдістемесі;

- Коммуникативтік және ұйымдастырушылыққа бейімділікті анықтау В.В Синявский , В.А Федорошин әдістемесі;

- Тұлға рефлексиясының даму деңгейін диагностикалау А.В Карпов әдістемесі.

Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекеті компоненттерін диагностикалауда жоғарыда көрсетілген әдістемелерден бөлек зерттеудің дәстүрлі әдістерінен бақылау, сұхбат пайдаланылды.

Біз өз зерттеу жұмысымыз аясында мұғалімдердің бағалау іс – әрекетіне болған дайындық деңгейін анықтап, педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың жолдарын айқындадық.

Зерттеу нәтижелері бақылау және эксперимент топтарындағы педагогтердің бағалау іс – әрекетінің көрсеткіштері мен ерекшеліктері бағалау жүйесі бойынша алған білімі оның жүйелілігі, оқыту процессіндегі іс - әрекеттерінің жүйелілігі, мақсаттылығы, кез – келген педагогикалық жағдаятта бағалау біліктерін қолдану қабілеті, шығармашылығы, кәсібіне байланысты теориялық және тәжірибелік білімі, қарым – қатынас жасау дағдылары бойынша анықталды. Бұл көрсеткіштер когнитивті қабілеттері, іс – әрекетті жүзеге асыру, кәсіби құндылықтары критерийлеріне топтастырылды.

2018-2019 оқу жылында өткізілген педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің даму деңгейлерін анықтау үшін өткізілген бақылау және эксперименттік топтарындағы алғашқы бақылау қорытындысы бойынша екі топтың шамалары бірдей деңгейді көрсетті.

Зерттеуіміздің анықтаушы кезеңінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің мотивациялық – мақсаттық компонентінің сипаттамасын зерттеуде Т.Элерстің әдістемесін қолдандық. Әдістеме нақты сыналушының іс – әрекет барысында жетістікке болған мақсат, мотивтерінің деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

26 - кесте. Анықтау кезеңінде педагогтердің бағалау іс - әрекетінің мотивациялық –мақсаттық компонентінің деңгейлері мен көрсеткіштері.

Эксперименттік топ – 46 педагог			Бақылау тобы – 49 педагог		
Деңгейлері	%	саны	Деңгейлері	%	саны
Жоғары	26,1	12	Жоғары	26,5	13
Орташа	52,2	24	Орташа	51,1	25
Төмен	21,7	10	Төмен	22,4	11

Педагогтердің жетістікке болған мотивациясын анықтау мақсатында қолданған бұл әдістеме 41 сұрақтан құралған болып, сыналушыларға бұл сұрақтарға «иә» немесе «жоқ» деп жауап беру ұсынылады.

Бұл әдістеменің нәтижесінде 26 сыналушы (эксперименттік топ), 22 сыналушы (бақылау тобы):

- «Егер қандайда бір проблемалық жағдай туындаса, мен басқалардың соңында шешім қабылдаймын»;
- «Мен көп нәрсені аяғына дейін жеткізбеймін», - деген пікірлерге «Иә» деп жауап берген.

«Егер мен жұмыс істеуге бел бұсам, мен ол жұмысты басқалардан жақсы және кәсібилік пен атқарамын», «Маған қайраттанып еңбек етуге қабілетті адамдар мен қарым – қатынас жасау оңайырақ» деген пікірлерге 12 сыналушы (эксперименттік топ), 15 сыналушы (бақылау тобы) «Иә» деп жауап берген, демек бұл жағдай сыналушылардың жетістікке жетуге болған ұмтылысының бар екендігін айқындайды. Бұл жағдай біздің өз зерттеу жұмысымыздың қалыптастырушы кезеңінде сыналушылардың мотивациясын дамыту мақсатында осы бағытта арнайы жұмыс түрлерін ұйымдастыру қажеттігін көрсетеді.

Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің **мазмұндық компонентінің** сипаттамасын зерттеу үшін педагогтердің бағалау іс – әрекетін жүзеге асыру үдерісіндегі қиындықтар аймақтарын анықтау мақсатында диссертант тарапынан құрастырылған авторлық сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде бақылау және эксперименттік топтардағы педагогтердің бағалау іс – әрекетінің мәнін, мазмұнын, бағалауды ұйымдастыру тетіктерін түсінуі және заманауи білім беру аясында бағалау іс – әрекетін ұйымдастыру барысындағы қиындықтары анықталды.

Сауалнама нәтижесінде педагогтердің бағалау іс – әрекетінің мазмұнын, бағалау үдерісін тиімді ұйымдастыру, қалыптастырушы және жиынтық бағалауды жүргізу бойынша эксперименттік және бақылау тобындағы сыналушылардың 27,3 %- төмен, 49,5 % - орташа, 23,2% - жоғары деңгейді көрсетті.

27 - Кесте. Анықтау кезеңінде педагогтердің бағалау іс - әрекетінің мазмұндық компонентінің деңгейлері мен көрсеткіштері.

Эксперименттік топ – 46 педагог			Бақылау тобы – 49 педагог		
Деңгейлері	%	саны	Деңгейлері	%	саны
Жоғары	22,0	10	Жоғары	24,4	12
Орташа	52,0	24	Орташа	47,0	23
Төмен	26,0	12	Төмен	28,6	14

Сауалнама нәтижелері педагогтердің бағалау іс – әрекетін жүргізуде бағалау мазмұны бойынша білімдерінің бар екендігін, алайда, оқу жетістіктерін бағалауда әдістемелік көмекке мұқтаж екендігін, бағалау біліктерінің жеткіліксіз екендігін көрсетті. Педагогтердің бағалау іс – әрекетін жүзеге асыру жұмыстары бойынша төмен көрсеткішті көрсетуі мұғалімдерге бағалау бойынша

нұсқаулықтардың берілгені мен тәжірибелік, әдістемелік тұрғыдан педагогтердің толық қамтамасыз етілмегендігін, нақтырақ айтсақ, біліктілікті арттыру курстарында бұл мәселенің толыққанды қарастырылмағандығын көрсетті.

Сонымен бір қатарда, педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін жүзеге асырудағы қиындықтарын анықтау бойынша жүргізілген сауалнаманың нәтижелерін нақтылау мақсатында, мұғалімдерден педагогтің бағалау іс – әрекетін жүзеге асыруға болған дайындығын анықтау сауалнамасы алынды, бұл сауалнама нәтижесінде педагогтердің:

- «Сізге оқу жетістіктерін бағалау бойынша әдістемелік көмек қажет пе?» - деген сұраққа педагогтердің 92% «керек» деп нақты жауап беруі, 8% «білмеймін» деп сенімсіздік танытуы олардың әдістемелік көмекке мұқтаж екендігін, кей бір мұғалімдер үшін қолданысқа енген бағалау жүйесінің әлі толық түсінікті емес екендігін көрсетті. «Педагогтің бағалау іс - әрекетін оның кәсіби іс - әрекетінің негізі ретінде қарастыруға бола ма?», - деген сұраққа 89% «болады», деп жауап беруі, «Бағалау іс – әрекетінің сіздің педагогикалық тәжірибеңізде маңызы қандай?» деген сұраққа 100% «маңызы зор» деп жауап беруі педагогтің бағалау іс – әрекеті мәселесінің мұғалімдер үшін маңызды екендігін, бірақта, бағалау әдістемесін олардың терең меңгермегендігін айқындады.

Сондықтанда, біз өз зерттеуіміз барысында педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуға ықпал ететін, олардың бұл мәселе бойынша білімдерін тереңдететін қалыптастырушы жұмыстар жүргізетін боламыз.

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін жүзеге асыруда педагогтердің ұйымдастырушылық, коммуникативтік біліктерінің маңызы зор. Бұл ретте алдымызға экспериментке қатысушылардың дәл осы біліктерінің сапасын анықтауды қойдық. Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың технологиялық компонентінің деңгейін анықтау үшін Коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділігі деңгейін анықтау әдістемесін (В.В Синявский, В.А Федорошин) қолдандық. Бұл әдістеменің көмегімен сыналусылардың өз коммуникативтік біліктерін бағалауда қолдана алуы, бағалау іс - әрекетін кезеңдік жүзеге асыра алу, бағалаушылық пікірді денсаулыққа залалсыз жеткізе білуі, сонымен бір қатарда бағалау үдерісін тиімді жүзеге асыруда ұйымдастырушылық біліктерін қолдана алу деңгейі анықталды. Педагогтердің коммуникативтік және ұйымдастырушылық біліктері технологиялық компоненттің негізі ретінде алынды.

28 - Кесте. Анықтау кезеңінде педагогтердің бағалау іс - әрекетінің технологиялық компонентінің деңгейлері мен көрсеткіштері.

Топтардың категориясы	Сыналушылар саны	Деңгейлері	Ұйымдастырушылық бейімділігі	Коммуникативтік бейімділігі
Эксперименттік топ	46	I - төмен	2	2
		II –ортадан төмен	4	4
		III - орта	18	13
		IV - Жоғары	16	18
		V – Өте жоғары	6	9
Бақылау тобы	49	I - төмен	4	4
		II –ортадан төмен	5	5
		III - орта	19	19
		IV - Жоғары	17	16
		V – Өте жоғары	4	5

29 - Кесте. Анықтау кезеңінде педагогтердің бағалау іс - әрекетінің технологиялық компонентінің деңгейлері мен көрсеткіштері.

Эксперименттік топ – 46 педагог					Бақылау тобы – 49 педагог				
Деңгейлері	%	саны	%	саны	Деңгейлері	%	саны	%	саны
	Ұйымдаст. бейімд		Коммуникат. бейімд			Ұйымдаст. бейімд		Коммуникат бейімд	
Жоғары	47,8	22	58,7	27	Жоғары	46,9	23	44,8	22
Орташа	39,1	18	28,2	13	Орташа	34,7	17	36,7	18
Төмен	13,1	6	13,1	6	Төмен	18,4	9	18,3	9

Анықтаушы эксперимент барысында педагогтердің коммуникативтік бейімділігі деңгейі эксперименттік және бақылау тобында ұйымдастырушылық бейімділікке қарағанда жоғары болды. Демек, технологиялық құраушының негізі болған ұйымдастырушылық біліктерінің төмен болуы сыналушылардың нақты білімді іс – әрекетті жүзеге асыруда, яғни практикада толыққанды қолдана алмайтындығын сипаттайды. Бұл көрсеткіш бізге зерттеу жұмысымыз барысында қалыптастырушы экспериментте нақты осы мәселені шешуді міндеттейді.

Бақылау және эксперименттік топтардағы педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің рефлексивті компонентінің сипаттамасын зерттеу үшін А.В Карповтың тұлға рефлексиясының даму деңгейін диагностикалау әдістемесін пайдаландық. Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің дамуы міндетті түрде рефлексиялық ойлаудың сипаттарымен ерекшеленеді. Ол үшін педагогтердің бойында өзін – өзі ұйымдастыру, өз іс-әрекетіне баға беру, талдау жасау қабілеттерінің дамуы қажет.

Педагогтердің рефлексиялық ойлауының даму деңгейін анықтау үшін оларға сұрақ – жауаптың бір неше пікірлері ұсынылады, ұсынылған жауаптың нұсқауларына сәйкес тиісті санды қою керек. Әдістеменің нәтижелерін жинақталған ұпайлардың соммасына қарай үш түрлі категорияларға жатқызамыз:

- 1- категория: 7 ге тең немесе одан жоғары болса, рефлексиясы өте жоғары дамыған.
- 2- категория: 4-7 аралығында болса рефлексиясы орташа деңгейде дамыған.
- 3- категория: 4 тен төмен болса, төменгі деңгейдегі рефлексия.

Жоғарыда көрсетілген категориялар бойынша педагогтердің 53% төменгі деңгейдегі көрсеткіштерді көрсетті ,ал 27,4% орташа деңгей, 19,6% жоғары деңгейді көрсетті. Демек, сыналушылардың басым көпшілігінің рефлексиялық көрсеткіштері жоғары деңгейде емес, яғни қалыптастырушы эксперименттік жұмысты жүргізу керек екендігі айқын.

30 - кесте.Бақылау және эксперименттік топтардағы рефлексивтік компоненттің анықтаушы кезеңдегі көрсеткіштері.

Эксперименттік топ – 46 педагог			Бақылау тобы – 49 педагог		
Деңгейлері	%	саны	Деңгейлері	%	саны
Жоғары	21,7	10	Жоғары	18,4	9
Орташа	26,1	12	Орташа	28,5	14
Төмен	52,2	24	Төмен	53,1	26

Сонымен,біздің зерттеу жұмысымыз аясында ұйымастырылған анықтаушы эксперименттің нәтижелерін талдау барысында біз анықталған көрсеткіштердің орта және орташадан төмен деңгейлерін байқадық , бұл қалыптастырушылық эксперименттің жүргізілуінің қажет екендігін айқындайды. Анықталған кемшіліктерді жою және оны түзету біздің зерттеуіміздің қалыптастыру эксперименті үшін бағыт – бағдар болады. Анықтау эксперименті барысында педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамыту барысына біліктілікті арттыру бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұнының үлесі зерделенді, талдау жасалды және олардың мүмкіндіктері қарастырылды.

Сауалнама нәтижелері тренерлермен жүргізілген әңгімелесулер және білім беру ұйымдары педагогтерін бақылау нәтижелерімен расталды.Анықтау эксперименті бойынша алынған нәтижелерді жақсартуға қол жеткізу үшін біздің ойымызша «Жаңартылған білім беру жағдайында педагогтің бағалау іс – әрекетінің психологиялық – педагогикалық негіздері» тақырыбындағы біліктілікті арттыру білім беру бағдарламасының әлуетін кеңінен пайдалану қажет.


Зерттеу жұмысымыздың келесі бөлімінде біз анықтау эксперименті нәтижесінде анықталған кемшіліктерге сәйкес жүргізілген қалыптастырушы эксперименттің бағдарламасын және эксперимент барысын қарастырамыз.

3.2. Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың бағдарламасы мен әдістемесі

Диссертациялық ғылыми - зерттеу жұмысымыздың анықтаушы эксперимент нәтижелеріне сәйкес зерттеуіміздің қалыптастырушы эксперименті ұйымдастырылды. Қалыптастырушы экспериментті жүзеге асыру үшін жоспарланған жұмыстарды тиімді ету мақсатында педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың бағдарламасы құрастырылды:

Қалыптастырушы эксперименттің мақсаты		Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту әдістемесін іске асыру.	
Тәжірибелік жұмыс үшін жоспарланған жұмыс түрлері			
1	«Жаңартылған білім беру жағдайында педагогтің бағалау іс – әрекетінің психологиялық – педагогикалық негіздері» тақырыбында қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасын әзірлеу.		
2	Білім беру бағдарламасының оқу – әдістемелік кешенін құрастыру		
3	Педагогтерді курс барысында және курстан кейінгі әдістемелік сүйемелдеудің жоспарын жасау		
4	Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелілігін айқындау мақсатында бақылау экспериментін жүргізу.		
I	«Жаңартылған білім беру жағдайында педагогтің бағалау іс – әрекетінің психологиялық – педагогикалық негіздері» қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы.(80 сағат) Тыңдаушылар санаты: барлық санаттағы гуманитарлық бағыттағы пәндер мұғалімдері.		
№	Модульдер атаулары		
I	Заманауи білім берудің психологиялық – педагогикалық және нормативтік аспектілері		
Сабақтың тақырыптары		Сабақ формалары	Қолданылатын әдіс-тәсілдер
1.1	ҚР білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары.	Интербелсенді лекция	«Миға шабуыл» «Бір тамшы ой»
1.2	Жаңартылған мазмұндағы бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында оқу жетістіктерін бағалауға қойылатын талаптар.	Лекция	«Сұрақ- жауап» «Елшілер» әдісі
1.3	Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың психологиялық – педагогикалық негіздері	Лекция Тренинг	«Үш ұйғарым» әдісі Blob Tree (Блоб ағашы) әдісі «Мен болашақта» жаттығуы

31- кестенің жалғасы

1	2	3	4
1.4	Оқу жетістіктерін бағалау үдерісінде білім алушыларға психологиялық қолдау көрсетудің маңызы	Лекция Тренинг	«Сұрақ жауап» әдісі Қолданылатын әдістер кешені: 1-тапсырма: «Сәлеметсізбе, бұл мен» 2.«Психологиялық қолдау» өз ойыңызды жазыңыз. 3-тапсырма: «Мотивация» сөзіне кластер құрастыру 4-тапсырма:«5+5-2+2-» бағалаушылық пікір ұсыну 5-тапсырма: «Мен ойлаймын...» 6-тапсырма: «Мен қалай қолдай аламын?» 7- тапсырма: «Идеялар қоржыны»
II	Білім сапасының мәнмәтінінде бағалау үдерісін ұйымдастыру		
2.1	Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың маңызы	Тренинг	«Сұрақ - жауап» әдісі «Мен.....істей аламын» жаттығуы «Сенің көршің қандай?...» жаттығуы
2.2	Жалпы орта білім беру жүйесінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың концептуалды негіздері.	Лекция	«Т кестесі» әдісі «Дөңгелек үстел» әдісі
2.3	Критериалды бағалау: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау.	Лекция	«Миға шабуыл» әдісі «Көпір» графикалық органайзер әдісі 

31 кестенің жалғасы

1	2	3	4						
		Семинар	«Джигсо» әдісі «Гипотеза» аналитикалық әдіс ««Мен-біз-іс» әдісі <table><tr><td>Мен</td><td>– Қалай жұмыс істедің? Белсенді болдың ба? Тапсырманы орындау бойынша жұмысқа қандай үлес қостың?</td></tr><tr><td>Біз</td><td>–Бірлесіп қаншалықты тиімді жұмыс жасай алдыңыздар, бірлескен талқылауда неге қол жеткіздіңіздер?</td></tr><tr><td>Іс</td><td>– Қаншалықты алға жылжыды, жақсарды ма?</td></tr></table>	Мен	– Қалай жұмыс істедің? Белсенді болдың ба? Тапсырманы орындау бойынша жұмысқа қандай үлес қостың?	Біз	–Бірлесіп қаншалықты тиімді жұмыс жасай алдыңыздар, бірлескен талқылауда неге қол жеткіздіңіздер?	Іс	– Қаншалықты алға жылжыды, жақсарды ма?
Мен	– Қалай жұмыс істедің? Белсенді болдың ба? Тапсырманы орындау бойынша жұмысқа қандай үлес қостың?								
Біз	–Бірлесіп қаншалықты тиімді жұмыс жасай алдыңыздар, бірлескен талқылауда неге қол жеткіздіңіздер?								
Іс	– Қаншалықты алға жылжыды, жақсарды ма?								
2.4	Жаңартылған мазмұндағы білім беруде педагогтің бағалау іс - әрекетінің мәні, мазмұны, қызметі, ұстанымдары.	Лекция Семинар	«Кластер» әдісі «БББ кестесі» әдісі «Инсерт» әдісі «Рефлексиялық пирамида» әдісі						
2.5	Метапәндік нәтижелерді бағалау жолдары	Семинар	«Жауапқа сұрақ» әдісі, «Сыр сұхбат» әдісі (талқылау), «SWOT» талдау әдісі						
2.6	Оқу жетістіктерін бағалауда педагогтің рефлексивтік іс - әрекеті және оның ерекшеліктері.	Лекция Тренинг	«Көршіңе әңгімелеп бер» «Галерея» әдісі «Кейс» әдісі (жағдаяттық тапсырмалар) «Бағалау қиын» жаттығуы						

31 – кестенің жалғасы

1	2	3	4												
2.7	Құзыреттілікке бағдарланған тапсырмалар және оларды бағалау.	Лекция семинар	«Джигсо» әдісі «Үш сөйлем» әдісі «Ақылдың алты қалпағы» әдісі												
2.8	Сабақты жобалау және бағалауды жобалау(тәжірибелік алаң)	Тренинг семинар	«Пингвиндер» жаттығуы «Маған сендегі...ұнайды» жаттығуы Жағдаяттық сұрақтар Топтық жұмыс:бағалауды және сабақты жобалау моделі. «Бір ауыз сөз» әдісі <table><tr><th>№</th><th>Критерийлер</th><th>Ойтушырым</th></tr><tr><td>1</td><td>Білдім</td><td></td></tr><tr><td>2</td><td>Үйрендім</td><td></td></tr><tr><td>3</td><td>Есте сақтадым</td><td></td></tr></table>	№	Критерийлер	Ойтушырым	1	Білдім		2	Үйрендім		3	Есте сақтадым	
№	Критерийлер	Ойтушырым													
1	Білдім														
2	Үйрендім														
3	Есте сақтадым														
2.9	Жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар және олардың ерекшеліктері.	Лекция (кеңес) Тәжірибелік сабақ	«Сұрақ – жауап» әдісі «Фишбоун» әдісі «4К» әдісі Сыни ойлау Креативтілік Коммуникация Командалық жұмыс												
2.10	Бағалаушылық пікірдің білім алушы мотивациясына әсері	Лекция Семинар	«Қос жазба күнделігі» әдісі <table><tr><td colspan="2">Бағалаушылық пікірдің білім алушы мотивациясына әсері қандай?</td><td rowspan="5">«Идеялар алаңы» әдісі «Нақты шешім» әдісі</td></tr><tr><td>Нақты аргумент</td><td>Пікір</td></tr><tr><td>.....</td><td>.....</td></tr><tr><td>.....</td><td>.....</td></tr><tr><td>.....</td><td>.....</td></tr></table> Жағдаяттық тапсырмалар	Бағалаушылық пікірдің білім алушы мотивациясына әсері қандай?		«Идеялар алаңы» әдісі «Нақты шешім» әдісі	Нақты аргумент	Пікір							
Бағалаушылық пікірдің білім алушы мотивациясына әсері қандай?		«Идеялар алаңы» әдісі «Нақты шешім» әдісі													
Нақты аргумент	Пікір														
.....															
.....															
.....															
2.11	Бағалау іс - әрекеті: таным, үдеріс, дамыту, тәрбиелеу.	Лекция	«Төрт сөйлем» әдісі 1-сөйлем «Менің ойымша, ... » 2-сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... » 3-сөйлем «Оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын ... » 4-сөйлем «Осыған байланысты мынадай қорытындыға келдім...» Дамыту, таным, үдеріс, тәрбие көрсетілім дайындау.												

31- кестенің жалғасы

1	2	3	4
2.12	Бағалау үрдісінде педагогтің ұйымдастырушылық және коммуникативтік іс - әрекеті.	Лекция Тренинг	«Төрт сөйлем» әдісі Пікір Дәлел Мысал Қорытынды. Жаттығу. «ИДЕАЛ» стратегиясымен жұмыс. 1. Сіз қандай негізгі мәселені шешуіңіз қажет? 2. Сізде қандай маңызды ақпарат бар? 3. Мәселені шешуге көмектесетін тағы не білесіз? Тағы қандай ақпарат қажет? 4. Мәселені шешудің үш негізгі әдісі қандай? 5. Сіз таңдаған әдістердің қайсысы ең жақсы? Неліктен? «Болжам» стратегиясы «Мен лидер» әдісі «Менің ойымша..менің дәлелім» әдісі
2.13	Қашықтықтан оқыту жағдайында педагогтің бағалау іс – әрекетінің ерекшеліктері.	Лекция	«Ойлан,жұптас,бөліс» әдісі «Шағын эссе» әдісі
2.14	Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдану арқылы білім алушылардың сыни талдау дағдыларын қалыптастыру.	Семинар	«Блум түймедағы» әдісі «Куббизм» әдісі
2.15	Гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқытуда критериалды бағалаудың тиімді амалдары.	Лекция	«ПОПС» формула әдісі «Галерея» әдісі
2.16	Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау (Қорытынды)	Курс барысындағы әдістемелік қолдау: Өзіндік жұмыс дайындау. Жоба жұмысын дайындау және қорғау	
2.17	Рефлексия және біліктілікті арттыру курсының қорытындылау	Дөңгелек үстел	«Ашық микрофон» әдісі

31- кестенің жалғасы

1	2	3	4
III IT құзыреттілікті дамыту			
3.1	Цифрлық ресурстар және виртуалды лабораториялар мен құрылғыларды қолдану әдістерін үйрену (BilimLand (БілімЛэнд) және т.б.)	Тәжірибелік сабақ	
3.2	Білім беру ұйымдарында сандық білім беруді ұйымдастыру: электронды үкімет порталымен жұмыс (EGov) «Күнделік» автоматтандырылған ақпараттық жүйемен жұмыс	Тәжірибелік сабақ	
IV Вариативтік модуль			
4.1	Б.Блумның танымдық деңгейлері негізінде тапсырмалар құрастыру және оларды бағалау	Таңдау дәрісі	«Блум түймедағы» әдісі
4.2	Критериалды бағалау:Дескриптор.	Таңдау дәрісі	«ВЕНН диаграммасы» әдісі «Борт журналы» әдісі
4.3	Бағалау – тұлғаның жеке қасиеттерін қалыптастыру құралы ретінде	Таңдау дәрісі	«Синквейн» әдісі «Мереке» графикалық органайзер әдісі  Өзін –өзі бағалау
III. Педагогтің бағалау іс – әрекетін әдістемелік сүйемелдеу			
Педагогтің бағалау іс – әрекетін дамытуды кәсіби әдістемелік сүйемелдеу картасы бойынша жұмысты жоспарлау (Карта диссертациялық жұмыстың 2.1 бөлімінде берілді)			
№	Іс –шара немесе атқарылатын жұмыстар атауы	Өткізу формасы	Оқытушы-тренер сүйемелдеуі
1	Жаңартылған мазмұндағы білім беру аясында педагогтің бағалау іс - әрекеті: мазмұны, принциптері, тәжірибелер.	Әдістемелік - семинар	Тақырып аясында БАҚна мақала дайындауға көмектесу
2	Құзыреттілікке бағдарланған тапсырмалар және оларды бағалау жолдары.	Әдістемелік семинар	Бағалауға арналған тапсырмаларды құрастыру бойынша кеңес беру

31- кестенің жалғасы

3	Педагогтің бағалау іс – әрекеті: үдеріс, бағалау, нәтиже.	вебинар	Озық тәжірибені тарату Кадырова М.А (орыс тілі пәнінде бағалау үдерісін ұйымдастыру жолдары)
4	Жаңартылған мазмұндағы білім беру жағдайында педагогтің бағалау іс – әрекетінің ерекшеліктері.	вебинар	Кеңес беру
5	Бағалау үдерісінде білім алушыларды психологиялық сүйемелдеу	семинар	Психолог пен сұхбат айдарын ұйымдастыру
IV. Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелілігін айқындау мақсатында бақылау экспериментін жүргізу			
№	Атқарылаын жұмыстың тізбегі	Ұйымдастыру формасы	Нәтиже
1	Бақылау эксперименті үшін алдын - ала іріктелген әдістемелерді қайта қолдануды жоспарлау.	Әдістемелер негізінде қайта сауалнама жүргізу.	Қорытынды шығару
2	Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту бойынша эксперименттің бақылау нәтижелерін топтастыру, талдау.	Зерттеу нәтижелеріне математикалық өңдеу жасау.	Анықтаушы кезең нәтижелері мен салыстырмалы дәлелдеме жинақтау

31-кесте Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың бағдарламасы.

Зерттеу жұмысымыздың қалыптастырушы экспериментін ұйымдастыру үшін құрастырылған бұл бағдарлама біздің болашақтағы жұмыстарымыздың нәтижелі болуын қамтамасыз етеді деп санаймыз.

Диссертациялық жұмысымыздың 2.1 «Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың психологиялық – педагогикалық шарттары» атты бөлімінде анықталған психологиялық - педагогикалық шарттарды негізге ала отырып, құрастырылған бұл бағдарлама қалыптастырушы экспериментіміздің тиімділігін арттыруға ықпал етті.

Қалыптастырушы эксперименттің мақсаты: Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту әдістемесін іске асыру.

Эксперименттің қалыптастыру кезеңінде тәжірибелік – эксперименттік жұмыс ұйымдастырылып оған мынадай міндеттер қойылды:

- Тәжірибелік – эксперименттік жұмыстың мазмұнын іріктеу;

- Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделін іске асыру;
- Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытуда инновациялық технологиялар әдістерінің барлық мүмкіндіктерін пайдалану;
- Педагогтерді кәсіби әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыру;
- Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуға ықпал ететін тренингтер, семинарлар ұйымдастыру;
- Қалыптастырушы – эксперимент нәтижелерін шығарып, тәжірибелік ұсыныстар дайындау.

Бірінші міндет бойынша қалыптастырушы экспериментіміздің барысында «Жаңартылған білім беру жағдайында педагогтің бағалау іс – әрекетінің психологиялық – педагогикалық негіздері» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы жасалынып, тәжірибеден өтті.

Біліктілікті арттыру курсының *мақсаты*: педагогтерге бағалау іс – әрекетінің ерекшеліктері, принциптері, бағалаудың психологиялық – педагогикалық негіздерін түсіндіру, кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, теориялық және тәжірибелік білімдерін толықтыру.

«Жаңартылған білім беру жағдайында педагогтің бағалау іс – әрекетінің психологиялық – педагогикалық негіздері» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының барысында педагогтер заманауи мектептік білім беру жүйесіндегі критериалды бағалау тетіктерінің мазмұнын игеріп, бағалаудың психологиялық – педагогикалық негіздерімен танысып, озық тәжірибелерді талдау барысында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау амалдары, бағалаудың түрлері, теориялық негіздерін, бағалау үдерісін ұйымдастыру жолдарын білетін болады.

Курс бағдарламасын меңгеру барысында педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуға ықпал ететін заманауи инновациялық технологиялардың тиімді әдістерінің барлық түрлері қолданылды.

Курс бағдарламасының бірінші *Заманауи білім берудің психологиялық – педагогикалық және нормативтік аспектілері* модулінде педагогтер білім беру саласында қолданысқа енген заңдар, нормативтік – құқықтық актілер, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының мазмұны мен жалпыға міндетті жаңартылған мазмұндағы білім беру стандартындағы ерекшеліктер мен білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға қойылатын талаптар мен танысты.

Дәріс барысында педагогтер ҚР білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалардың мазмұнын талқылады, жалпыға міндетті білім беру стандартындағы ерекшеліктерді салыстырмалы түрде талдады, критериалды бағалауды енгізуге негіз болған нормативтік құжаттар мен танысты. Заманауи білім берудегі ерекшеліктер, жаңартылған білім беру проблемалары, перспективалары шағын топтарда талқыланып, пікірталас

ұйымдастырылды. Нормативтік – құқықтық модуль бойынша ұйымдастырылған дәрістер интерактивті оқытуға негізделді. Педагогтердің нормативтік – құқықтық актілер, жаңартылған мазмұндағы оқыту стандарттарының мазмұны бойынша нақты түсініктерін анықтау мақсатында «*Мига шабуыл*» әдісі қолданылды бұл әдіс тыңдаушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытып, шығармашылық жұмыс жасауға болған ынтасын оятуға мүмкіндік берді. Тыңдаушылар білім беру бағдарламалары мен мемлекеттік стандарттар мазмұнындағы нақты жалпы орта білім беруді дамытуға және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға негіз болған мәселелерді, ақпараттарды іріктеп, өз позициялары мен бөлісті. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа моделін енгізуде нормативтік құжаттардың маңызы қандай? – деген мәселе бойынша тыңдаушылар өз идеяларын ортаға салды, таңдалған идеяларға талдау жасалынып, олар түзетілді, нақтыланды. Нәтижеде, білім беру саласын модернизациялау аясында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда нормативтік құжаттардың маңыздылығы айқындалды. Бұл модуль аясындағы тақырыптар педагогтердің бағалау іс – әрекетін жүзеге асыруда өз іс – әрекетін құқықтық қамтамасыз ету бойынша құқықтық құзыреттіліктерінің қалыптасуына ықпалын тигізді.

Білім беру бағдарламасының психологиялық – педагогикалық аспекті аясында бағалаудың психологиялық – педагогикалық негіздері түсіндіріліп, оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың білім алушылардың психологиялық ахуалына әсерін анықтау мақсатында тренинг ұйымдастырылды, педагогтер тәжірибеде бағалаушылық пікірдің яғни бағаның тұлғаға әсерін айқындауға мүмкіндік беретін жағдаяттық тапсырмаларды орындады. Педагогтердің жаңаны үйренуге болған мотивациясын қалыптастыру мақсатында тренинг ұйымдастырылды.

Бұл тренингте Британ психологы Pip Wilson мен суретші Ian Long тарапынан құрастырылған Blob Tree (Блоб ағашы) әдісі қолданылды. Тыңдаушылар ағаштағы адамдарды таңдау арқылы өздерінің эмоционалды көңіл – күйлерінің деңгейін, сондай – ақ, бағалауды жүзеге асыруға байланысты өз мүмкіндіктерін анықтап, талдады.

«Мен болашақта» жаттығуы жүргізілді тыңдаушылар қағазға өздерінің болашақтағы бейнесін салып суреттеді, қалған тыңдаушылар анықтаушы сұрақтарды қою арқылы әріптестеріне мотивация беріп отырды. Бұл жаттығулардың мақсаты педагогтерге тұлғаның жаңа дүниені қабылдауы үшін оның эмоционалды ахуалының маңызы, мотивацияның жаңаны үйренуге болған ықпалын көрсету болды.

Білім беру бағдарламасының екінші ***Білім сапасының мәнмәтінінде бағалау үдерісін ұйымдастыру*** атты модулі педагогтердің жалпы тәжірибесіне қатысты тақырыптарды қамтыған болып, педагогтер берілген 17 тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мәселесі аясында толық мәлімет пен қамтылды.

Педагогтерге білім сапасының мәнмәтінінде бағалау үдерісін ұйымдастыру модулі барысында критериалды бағалау жүйесінің жүзеге асу тетіктері, қалыптастырушы және жиынтық бағалау, оқу жетістіктерін бағалаудың

принциптері, теориялық негіздері, қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмаларды құрастыру жолдары, бағалаушылық пікірдің білім алушы мен білімді ұсынушыға әсері, бағалау іс – әрекетін жүзеге асыруда педагогтің рефлексивтік әрекетінің ерекшеліктері, бағалау үдерісінде педагогтің ұйымдастырушылық және коммуникативтік іс – әрекетінің маңызы қатарлы мәселелер бойынша ақпараттар ұсынылды. Сондай – ақ, педагогтерге гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқытуда критериялды бағалаудың тиімді амалдары, заманауи инновациялық технологиялардың бірі ретінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясын пайдалану арқылы білім алушылардың сыни талдау дағдыларын дамыту тақырыптары ұсынылады.

Білім сапасының мәнмәтінінде бағалау үдерісін ұйымдастыру модулі 24 интерактивті лекция, 16 семинар, 6 тренинг, 4 тәжірибелік сабақ, 2 дөңгелек үстел, 2 өзіндік жұмыс, 2 жоба жұмыстарын қорғау сабақтарын өз ішіне алады. Бұл модульдегі 4 сабақ педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтауға арналды.

Білім сапасының мәнмәтінінде бағалау үдерісін ұйымдастыру модулі бойынша берілген ақпараттар модульдің соңында жүйеленіп, педагогтер тарапынан талданды. Педагогтің бағалау іс – әрекетінің маңызын түсіндіру барысында педагогтің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетіне SWOT – талдау жасалынды.

S- (strong)- күшті жақтары	O-opportunity-мүмкіндіктері
W- (weak)-әлсіз жақтары	T-threat - қауіптері

32- кесте SWOT – талдау әдісі.

Білім беру бағдарламасының IT құзыреттілікті дамыту модулі білім беруде цифрлық ресурстарды қолданудың тиімді жолдары қатарлы мәселелерді ұсыну мен бір қатарда бағалау іс – әрекетін жүзеге асыруда педагогтің кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі болған IT технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, «Күнделік kz» пен жұмыс жасау жолдарын үйретеді.

Білім беру бағдарламасының төртінші яғни вариативті бөлімі вариативтік модульді өз ішіне алады және бұл модуль бойынша педагогтерге инварианттық бөлімге қосымша тағы 3 тақырып ұсынылады. Берілген тақырыптар аясында педагогтер өздеріне қажетті мәселелерді айқындауды ұсынады және оларға қосымша мәліметтер беріледі.

Біздің зерттеу жұмысымыздың қалыптастырушы кезеңін жүзеге асыру мақсатында құрастырылған қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы аясында тыңдаушылар әр бір сабақта «тәжірибелік алаң»ға шығып, өз әріптестеріне өз тәжірибесі бойынша сабақ ұсынады. Демек, біліктілікті арттыру курсына қатысқан педагогтер интерактивті сабақтарға қатысып, өз тәжірибелерін шындау мен бір қатарда әріптестеріне өзінің оқытып отырған пәні бойынша сабақ өтеді. Біз ұсынған білім беру бағдарламасы аясында білім сапасының мәнмәтінінде бағалау үдерісін ұйымдастыру модулінің әр бір сабағында «тәжірибелік алаң» ұйымдастыруымыздың мақсаты

тыңдаушылардың бағалау іс – әрекетін дамыту үшін сол бағалау іс – әрекетінің тиімді ұйымдастырылуына мүмкіндік беретін педагогтердің ұйымдастырушылық және коммуникативтік дағдыларын дамыту, рефлексивтік іс – әрекетінің қалыптасу деңгейін анықтау, бағалаудың инновациялық әдістерін пайдалануға болған икемділігін, креативтілігін анықтау және қиындықтар аймағын айқындап кемшіліктерді түзету. Бұл орайда, біз ғалымдардың зерттеулері негізінде анықталған оқыту пирамидасының мүмкіндіктерін ескердік, яғни оқыту пирамидасында ақпаратты есте сақтауға оқытудың қай түрлері ықпал етеді:



42- сурет Оқыту пирамидасы

Демек, оқыту пирамидасын талдайтын болсақ, білім алушы өзі басқаны оқыту кезінде ақпараттың көп бөлігін есте сақтайды. Сондықтан, біз тыңдаушыларға әріптестерді нақты мәселе бойынша оқытуды ұсынамыз.

Заманауи білім берудің қазіргі талаптары бойынша әр бір өткізілген сабақ ғылыми ақпараттарға негізделіп, өмірмен және білім алушының өмірлік тәжірибесі мен байланысты жүзеге асқаны жөн деп санаймыз. Сондықтан, курс барысында тыңдаушыларға дайын материал берілмейді яғни тыңдаушылардың ақпаратты өздігінен зерттеу жүргізу арқылы игеруіне мүмкіндік береміз. Курс барысында тыңдаушылар жеке, жұптық, топтық жұмыстар арқылы жаңартылған білім берудегі педагогтің бағалау іс – әрекетінің маңызды тұстарына талдау жүргізеді, мәселенің шешімін табуда сыни ойлау әдістерін пайдаланады. Әр бір сабақта біз қолданған интербелсенді әдістер мен технологиялар педагогтердің бағалау құзыреттілігін қалыптастырып, шығармашылығы, креативтілігін, коммуникативтік дағдыларын дамыта түсті.

Біз зерттеу жұмысымыздың қалыптастырушы кезеңінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту мақсатында төмендегі оқыту технологиялары мен әдістерді қолдандық:

1. «Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы» – бұл технология туралы диссертациямыздың 2.1 бөлімінде айтып өттік. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы бойынша сабақ үш кезеңнен тұрады:

1-кезең - Ой қозғау немесе ой шақыру; (*evocation*)

2-кезең – Мағынаны тану; (*realization*)

3- кезең – Рефлексия немесе ой толғау. (*reflection*)

Бұл технологияның тиімділігі педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамыту барысында тыңдаушылардың сыни ойлауына ықпал етіп, ақпаратты толық түсініп, қабылдауға, игеруге мүмкіндік береді.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясына негізделген сабақтар үрдісінде біз төмендегідей әдістерді қолдандық:

Ой қозғау кезеңінде қолданған әдістер: кластер, Борт журналы, Т – кестесі. «Кластер» жүзім шоқтары әдісі. Бұл әдіс «бағалау» ұғымының мәнін ашуда қолданылды. Бағалау ұғымына байланысты педагогтер өз ойларын жеткізді. Идеялар және ақпараттар арасындағы байланыстарды айқындауға мүмкіндік берді.

Тапсырма: «Бағалау» түсінігі.

«Борт журналы» әдісі. Бұл әдіс екі бағаннан тұрады. Бірінші баған сабақтың бастапқы кезеңінде берілген тақырып бойынша мен не білемін? сұрағына жауап ретінде өз білгендерін жазуға арналған. Екінші баған тақырып бойынша толық ақпарат алғаннан кейін яғни сабақтың рефлексия кезінде мен не білдім? - Сұрағына жауап ретінде толтырылады.

Тақырып бойынша нені білемін?	Ақпарат пен танысқаннан кейін нені білдім?

33- кесте «Борт журналы» әдісі

Педагогтер бұл әдістің көмегімен бағалауға байланысты бірілген тақырыптар бойынша өз ойларын жинақтады.

Мысалы тапсырма: Педагогтің рефлексивтік іс – әрекеті туралы нені біледі және сабақ барысында нені білді?

«Т- кестесі» әдісі. Бір – біріне қарама- қарсы немесе салыстыруға ақпарат пен пікірлерді келтіруге арналған.

Мысалға тапсырма: Қалыптастырушы бағалаудың тиімді және тиімсіз жақтарын келтіріңіз.

+	-

34-кесте «Т- кестесі» әдісі

«Мағынаны тану» кезеңінде қолданылған әдістер:

Түрмін алу немесе Инсерт әдісі. (INSERT – Interactive Noting System for Effective Reading and Thinking) (*Воган, Эстес*)

I – interactive – «интербелсенді»

N – noting – «белгілеу»

S – system – «жүйе»

E – effective – «тиімді»

R - reading – «оқу»

T – thinking – «ойлану»,

V – Мен білемін	+ - жаңа	- Мен басқаша ойлаған едім	? – түсінбедім сұрақтарым бар

35- кесте Түртіп алу немесе Инсерт әдісі

Бұл әдіс тақырыпқа байланысты мәтіндерді талдау барысында қолданылды. Мысалы педагогтер критериалды бағалаудың теориялық негіздері тақырыбындағы мәтінді оқып, өз алдына жұмыс жасау барысында осы әдісті қолдандық.

«Фишбоун» немесе «Балық қаңқасы» әдісі. Fishbone Diagram

Бұл әдіс жапон профессоры Каору Исикаваның себеп – салдарлы байланыстардың құрылымдық талдауы әдісі негізіндегі схемалық диаграмма түрінде қолданылады. Біз бұл әдісті сабақ барысында бағалау процесінің ерекшеліктерін айқындау мақсатында қолдандық.

Балықтың басы – проблема.

Жоғарғы сүйектер - негізгі түсініктер.

Төменгі сүйектер – түсініктердің мәні, фактілер.

Құйрығы – қорытынды.

Педагогтер аталған әдістің көмегімен оқыту процесінде бағалаудың алатын орны, бағалау түрлері, олардың мәні, ерекшеліктері, қалыптастырушы және жиынтық бағалауды қолдануда педагогтің атқаратын іс – әрекеті қатарлы мәселелерді талқылап, қорытынды жасады.

«Блум кубигі» әдісі психолог Бенджамин Блумның сұрақтары негізінде құрастырылған. Бұл әдіс нақты бір мәселені талқылауда тиімді саналады. Біз бұл әдісті бағалаудың білім алушылардың психологиялық ахуалына әсерін анықтау мақсатында қолдандық.

Мысалы: Педагогтің бағалау іс – әрекеті білім алушының психологиялық ахуалына әсер ете ма? - деген сұрақты зерттеу барысында қолданылды.

Педагогтер төмендегі іс – әрекеттерді атқарды:

- Атап беріңіз;
- Не үшін;
- Түсіндіріңіз;
- Ұсыныңыз;
- Ойлап табыңыз;
- Әріптестер мен бөлісіңіз.

Бұл әдіс топтық жұмыс барысында қолданылды. Педагогтер топтық жұмыста педагогтің бағалау іс – әрекетінің оқушыға әсерін талқылады, ұсыныстар ұсынды.

«Джигсо» әдісі. (Jigsaw)

Бұл әдіс «Бағалау үдерісінде педагогтің ұйымдастырушылық және коммуникативтік іс – әрекеті» тақырыбын түсіндіру барысында қолданылды. Педагогтерге 3 түрлі мәтін таратылды. Әр бір қатысушы өз мәтінінде көрсетілген сан бойынша өзінің жанұясын тауып бірікті. Педагогтерге өз жанұя топтарында

берілген мәтінді талқылап, мәнін түсінуге уақыт берілді. Жанұя топта өз мәтінін толық игерген тыңдаушылар қайта аралас сандар бойынша мәтіннің толық нұсқасы алынатындай топтарға бірікті. Топ барысында әр кім өз білгенін ортаға салып, тұжырымдарын қағаз бетіне түсіріп, қорғады. Бұл әдіс бір тақырыпты толық оқып, талқылап шығуға мүмкіндік берді.

Сондай - ақ, сыни тұрғыдан ойлау технологиясының ой толғаныс немесе рефлексия кезеңінде төмендегідей әдістерді қолдандық:

«Синквейн» әдісі. Француз тілінен *cinquains*, ағылшын тілінен *cinquain* - бес жолды өлең. XX ғасырдың басында АҚШта жапон поэзиясының әсері негізінде пайда болған. Синквейн түрін Америкалық Аделаида Крепси құрастырып шыққан.

«Синквейн» әдісінің құрылымы:

1- құр. Тақырып немесе түсінік Зат есім мен сипатталады.

2- құр. Нәрсенің ерекшеліктері 2 сын есім мен.

3-құр. Нәрсенің әрекеті немесе қызметін 3 етістік пен сипаттау.

4- құр. Нәрсенің мәнін 4 сөз бен түсіндіріңіз.

5- құр. Бірінші құрдағы түсініктің синонімі.

Бұл әдіс педагогтер тарапынан өте қызығушылық пен қолданылды. Синквейн әдісі педагогтерге өтіліп отырған тақырып бойынша алған білімін нақтылап, жинақтауға мүмкіндік берді.

«Алты қалпақ» әдісі. (Ағылш *Six Thinking Hats*). Эдвард Де Боно.

Алты қалпақ әдісі сабақтарда педагогтер таныс болған ақпаратқа өз бағасын беруі үшін, сыни ойларын жеткізу үшін қолданылды. Біз педагогтер мен ұйымдастырған сабақтарда алты қалпақ әдісін ұлттық ерекшеліктеріміз негізінде 6 шаңырақ түрінде алдық. Берілген шаңырақтар ақ, қара, жасыл, сары, көк, қызыл түсте болып:

жасыл – креативтілік жаңа пікірді ойлап табу;

қара – сыни талқылау, көтерілген мәселенің проблемалық тұстары;

сары – оптимисттік нәтиженің жақсы болуы үшін аргументтер ойлап табу;

қызыл – эмоция және сезім эмоционалды күйін білдіру;

ақ – ақпарат және фактілер бізде қандай ақпарат бар? Оны қалай жеткіземіз? Көк – басқару басқа шаңырақтардың іс – әрекетін, пікірлерін реттеп, басқарады.

Бұл әдісті біз педагогтерге заманауи білім беруде педагогтің бағалау іс – әрекетінің мәнін, мазмұнын, қызметтерін жинақтап, талдауда қолдандық. Аталған әдіс педагогтерге бағалауды жүргізуде жүзеге асырылатын тиімді іс – әрекеттер туралы түсіндіруге мүмкіндік берді.

Педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамыту барысында қолданылған жоғарыдағы әдістер тыңдаушыларға берілген тақырыптарды жан – жақты түсіндіруге және түсінуіне ықпалын тигізді.

Зерттеу жұмысымыздың эксперименттік бөліміндегі тәжірибелік сабақтарда педагогтер алған теориялық мәліметтерін тәжірибеде қолданып, өз тәжірибелерін басқа әріптестерінің тәжірибесімен салыстыруға және өз тәжірибесін толықтыруға мүмкіндік алды. Педагогтерге тәжірибелік сабақтарда алдын – ала өзіндік жұмысқа тапсырмалар берілді. Бұл сабақтарда тыңдаушылар тақырыптар

аясында көрсетілімдер дайындау,шағын зерттеулер жүргізу, жобалар құрастыру арқылы өз тәжірибелеріне талдау жасап, өз тәжірибелерін дамытты,кәсіби құзыреттіліктерін арттырды.

Білім беру бағдарламасы аясында ұйымдастырылған семинар сабақтарында тыңдаушылар жеке, жұптық, топтық жұмыс түрлеріне негізделген тапсырмаларды орындады.Берілген тапсырмалар педагогтердің өзін – өзі дамытуына бағытталды.Бұл сабақтарда берілген тапсырмалар педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытуға ықпал етті.

Біліктілікті арттыру курсы барысында бағалау іс – әрекетін жүзеге асыруда маңызды компонент саналатын педагогтердің ұйымдастырушылық және коммуникативтік дағдыларын дамыту мақсатында кейс технологиясы қолданылды.Педагогтер кейстің шешімін табу процесінде бағалау іс – әрекетіндегі проблемалық мәселелерді шешу жолдарын ұсынды, сонымен бір қатарда, бағалауды жүзеге асырудағы кемшіліктертерді анықтап,оны шешу амалдарын табуда шығырмышылық жұмыс жасады.Педагогтер бағалау іс – әрекетін жүзеге асыруда кездесетін жағдаяттарға негізделген тапсырмаларды бірлесіп шешуде серіктестікте жұмыс атқарды.

Кейс тапсырмалары педагогтердің:

- ұйымдастырушылық және коммуникативтік дағдыларын дамытуға;
- ақпаратты құрастыру, мәселені шешу дағдыларын қалыптастыруға;
- проблеманы шешуде тиімді коммуникацияны құрастыруға;
- рефлексиясын дамытуға мүмкіндік берді.

Кейс технологиясына негізделген сабақтың жоспары:

- 1.Сабақты ұйымдастыру кезеңі.
- 2.Жағымды психологиялық орта қалыптастыру.(мотивациялау)
- 3.Сабақ мақсатын айқындау.
- 4.Білімді диагностикалау.
- 5.Кейс пен жұмыс жасауға нұсқау беру.
- 6.Кейс пен жұмыс- топта талқылау;шағын топтарда талдау;көрсетілім дайындау.
- 7.Қорытынды шығару.
- 8.Рефлексия

Жоғарыда берілген жоспар негізінде кейс технологиясын қолдана отырып сабақ өтілді. Біліктілікті арттыру курсының «Оқу жетістіктерін бағалауда педагогтің рефлексивтік іс -әрекеті және оның ерекшеліктері» тақырыбына 2 сағат лекция, 4 сағат тренинг берілген болып,тренинг сабағында кейс технологиясы қолданылды. Кейс үшін тапсырмалар құрастырылды.

Біліктілікті арттыру курсы барысында кейс технологиясында қолданылған жағдаяттық тапсырмалар:

1. «Бағалау қиын...»

Мектеп директоры ойлады: Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында курстан өтпеген жас маман жұмысқа орналасты.Енді ол сабақ үрдісін ұйымдастыру, критериалды бағалауды жүзеге асыру барысында қиындықтарға тап болады. Жас маман қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру тетіктерінен хабары жоқ.Бірақта,сол бағдарлама бойынша курстан өткен мұғалімдердеде

қиындықтар аз емес...Мұғалімнің бағалау іс – әрекеті білім алушылардың үлгеріміне әсер етеді....

Тапсырма:

- 1.Мұғалімнің бағалауды жүзеге асыру процесінде тап болатын қиындықтарының тізімін жасаңыздар.
- 2.Педагогке бағалауды жүзеге асыру үшін қажет білік, дағдылардың тізімін құрастырыңыздар.
- 3.Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында оқу жетістіктерін бағалаудың білім алушы және педагог үшін маңызын түсіндіріңіздер.
- 4.Жас маманға қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру бойынша нұсқаулық дайындаңыздыр.
- 5.Мектеп директорына мұғалімнің бағалау іс – әрекетіне байланысты туындаған осы мәселенің шешімін табу жолдарын ұсыныңыздар.

Осындай педагогтердің бағалау іс – әрекетіне байланысты жағдаяттық тапсырмаларды шешу барысында педагогтер өздерінің бағалауды жүзеге асыру барысындағы қиындықтарын анықтады, сол қиындықтардың шешімін табу жолдарын құрастырды.Бұл сабақтар тыңдаушылардың мәселенің шешімін табу, жаңа білімді құрастыруға бағдарланған болып, бағалау іс – әрекетін дамытуға ықпал етті.

Педагогтердің бағалау іс – әрекетін психологиялық – педагогикалық, әдістемелік сүйемелдеу мақсатында ұйымдастырылған тренингтер мен әдістемелік семинарлар педагогтердің жаңаны үйренуге болған мотивациясын дамытуға, рефлексивтік дағдыларын дамытуға, шығармашылық әлеуетін арттыруға, креативтілігін дамытуға, өзін – өзі ұйымдастыру, өзін – өзі дамытуға мүмкіндік берді.

«Оқу жетістіктерін бағалау үдерісінде білім алушыларға психологиялық қолдау көрсетудың маңызы» тақырыбы аясында тыңдаушылар мен ұйымдастырылған 2 сағаттық шағын тренинг барысында педагогтер өз тәжірибелері мен бөлісті.

Тренинг ағылшын тілінен аударғанда «train» - жаттықтыру, жаттығу деген мағынаны білдіреді.Тренинг – тұлғааралық қарым-қатынасқа, коммуникативтік және кәсіби іскерлікке бағытталған психотерапиялық, психокоррекциялық және оқыту әдістерінің жиынтығы. Тренинг терминін ғылыми қолданысқа М.Форверг енгізген. Тренингтер тұлғалық қарым-қатынас орнатуға, басқалармен қарым-қатынасқа түсуде қиналатындар үшін, белгілі бір мәселенің шешімін серіктестікте жұмыс жасау арқылы шешу үшін жүргізіледі, яғни тұлғаның жалпы коммуникативтік, ұйымдастырушылық дағдыларын қалыптастыруға және жетілдіруге мүмкіндік береді деп санаймыз.

«Бағалау процесінде білім алушыны психологиялық қолдау жолдары» тренингі.

Тренингтің мақсаты педагогтердің бағалау іс – әрекетін жүзеге асыруы барысында білім алушыларды психологиялық қолдау біліктерін қалыптастыру.

Міндеттері:

- Бағалау үдерісінде білім алушыларды психологиялық қолдау тәсілдерін үйрету;

- Білім алушыларды мотивациялауға арналған жаттығуларды игеру.

Қолданылатын әдістер кешені:

- 1- тапсырма: «Сәлеметсізбе, бұл мен»
- 2- тапсырма: «Психологиялық қолдау» өз ойыңызды жазыңыз.
- 3- тапсырма: «Мотивация» сөзіне кластер құрастыру
- 4- тапсырма: «5+5-2+2-» бағалаушылық пікір ұсыну
- 5- тапсырма: «Мен ойлаймын...»
- 6- тапсырма: «Мен қалай қолдай аламын?»
- 7- тапсырма: «Идеялар ортасы»

Тренингтің барысы:

№1 тапсырма: «Сәлеметсізбе, бұл мен...»

Бұл жаттығу барысында педагогтер өздерін аудиторияға сәлеметсізбе бұл мен.... – деп басталатын пікір арқылы өзін таныстырады.Таныстыру барысында өзін 3 түрлі сын есім мен сипаттап беруі қажет.

Мақсаты: тыңдаушылардың өзін – өзі бағалау деңгейін анықтау.

№2 тапсырма: «Психологиялық қолдау» сөзіне өз ойыңызды жазыңыз.

Бұл жаттығуда тыңдаушыларға психологиялық қолдау деген сөзге байланысты өз ойларын жазғызу арқылы,білім алушыны психологиялық қолдауды түсіну деңгейін анықтау.

-Бағалау барысында білім алушыға қалай қолдау көрсетесіз?

-психологиялық қолдауға не жатады? – деген сұрақтар арқылы педагогтердің тұжырымдары қорытындыланады.

№3 тапсырма: «Мотивация» сөзіне кластер құрастыру.

Тыңдаушыларға «оқуға болған мотивацияны дамыту» бейне баяны көрсетіледі.Бейне баянды көргеннен кейін «кластер» әдісін қолдану арқылы тапсырма беріледі.Кластерді құрастыру барысында тыңдаушылар білім алушылардың мотивациясын дамытуға ықпал ететін жағдайларды топтастырады.Бұл тапсырманың мақсаты педагогтерге білім алушыларды психологиялық қолдаудың маңызды бағыты ол – мотивациялау екенін түсіндіру.

№4 тапсырма:«5+5-2+2-» бағалаушылық пікір ұсыну.

Бұл тапсырманың мақсаты бағалаушылық пікірдің және бағаның білім алушыға әсерін анықтау.

Тыңдаушыларға білім алушыға «үздік» бағаны алғандығын 5 түрлі жол мен жеткізу, «2» деген бағаны 2 түрлі дауыста жеткізу ұсынылады.Тыңдаушылар тарапынан келтірілген мысалдар Қалай ойлайсыздар педагогтің бағалау стилі білім алушының психологиялық ахуалына әсер ете ма ? - деген сұрақ арқылы талқыланады.

№5 тапсырма: «Мен ойлаймын...»

Бұл тапсырманы орындау барысында педагогтер мен ойлаймын сөз тіркесін пайдалана отырып, білім алушының оқуға болған ынтасын дамытуға педагогтің бағалау іс – әрекетінің әсерін анықтайды.

№6 тапсырма: «Мен қалай қолдай аламын?»

Бұл тапсырманы орындауда педагогтер бағалау үдерісінде білім алушыларға қалай қолдау көрсетуге болады? – деген сұрақ негізінде білім алушыларды

психологиялық қолдау картасын құрастырады. Психологиялық қолдау картасының нәтижесін айқындайды.

№7 тапсырма: «Идеялар ортасы»

Тренингтің қорытынды бөлімінде педагогтерге «Идеялар қоржынын» толтыру ұсынылады. Педагогтер шағын топтарға бөлініп тренинг барысында білім алушыны психологиялық қолдау бойынша жасаған қорытындыларын жинақтап, жазып тақтаға ілу немесе көрсетілім дайындау ұсынылды.

Сонымен бір қатарда, педагогтердің бағалау іс – әрекеті бойынша білімдерін шыңдау, құзыреттілігін дамыту мақсатында **«Бағалау іс – әрекетін ұйымдастыруға дайындық»** тақырыбында тренинг ұйымдастырылды.

Тренингтің мақсаты:

- Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту;
- Бағалау үдерісін ұйымдастыруда қалыптасқан стереотиптерді жою;
- Бағалау іс – әрекетін жүзеге асыру процесінде кездесетін кедергілерді анықтап, шешімін табу.

Бұл тренинг педагогтердің акмеқұзыреттіліктерін дамытуға негізделді. Тренинг барысында педагогтердің ұйымдастырушылық дағдыларын дамыту мақсатында жағдаяттық тапсырмаларды шешу үшін топтық жұмыстар жүргізілді, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту үшін сұрақ- жауап әдістері қолданылды, топтық жұмысқа тапсырмалар берілді, өз ойын айту, талдау, талқылауға негізделген тапсырмалар, танымдық біліктерін дамыту мақсатында тақырып аясында тапсырмалар берілді. Тренер мен тыңдаушы арасында субъект – субъекттік қарым – қатынас орнатылды. Тренинг барысында педагогтердің шығармашылығы, креативтілігі, ұтқырлығын, мотивациясын дамытуға негізделген психологиялық жаттығулар қолданылды. Тренингтерді педагогтердің тәжірибесіне сәйкес ұйымдастыру өз іс – әрекетіне баға беру, өзін – өзі дамыту, өзін – өзі ұйымдастыру біліктерін дамытуға бағытталды. Бұл тренингтер нәтижесінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін жүзеге асыруға болған мотивтері арта түсті.

Тәжірибелік эксперименттік жұмысымыздың келесі бағыты курс кезінде және курстан кейінгі сүйемелдеуге негізделген іс – шараларды ұйымдастыру болды. Бұл бағыт бойынша педагогтермен әдістемелік семинарлар, вебинарлар ұйымдастырылды.

Іс – шара тақырыбы	Өткізу формасы
Заманауи білім беру аясында педагогтің бағалау іс - әрекеті: мазмұны, принциптері, тәжірибелер.	Әдістемелік - семинар
Құзыреттілікке бағдарланған тапсырмалар және оларды бағалау жолдары.	Әдістемелік семинар
Педагогтің бағалау іс – әрекеті: үдеріс, бағалау, нәтиже.	вебинар
Заманауи білім беру жағдайында педагогтің бағалау іс – әрекетінің ерекшеліктері.	вебинар
Бағалау үдерісінде білім алушыларды психологиялық сүйемелдеу	семинар

36- кесте. Курс кезінде және курстан кейінгі сүйемелдеу.

Қалыптастырушы эксперимент барысында жүргізілген біліктілікті арттыру курсы, ұйымдастырылған семинар, тренингтер, тәжірибелік сабақтар, әдістемелік семинарлар, вебинарлар біздің зерттеу жұмысымыздың нәтижелілігін қамтамасыз етті.

Диссертациялық жұмысымыздың келесі тарауында қалыптастырушы эксперименттің тиімділігін анықтау мақсатында ұйымдастырылған қалыптастырушы эксперименттің бақылау кезеңінің нәтижелері сипатталады.

3.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік – эксперименттік жұмыс нәтижелері

Ғылыми - зерттеу жұмысымыздың анықтаушы эксперименті нәтижесінде анықталған кемшіліктерге сәйкес қалыптастырушы эксперимент жүргізілді. Қалыптастырушы эксперимент барысында педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуға біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларында сағат санының жеткілікті еместігі, бағалау іс – әрекетін дамытудың ұйымдастырушылық – әдістемелік мәселелерінің негізделмеуі мен педагогтердің бағалау іс – әрекетінің дамуына ықпал ететін шарттардың толыққанды орындалмайтындығына назар аударылды.

Қалыптастырушы эксперимент аясында «Жаңартылған білім беру жағдайында педагогтің бағалау іс – әрекетінің психологиялық – педагогикалық негіздері» тақырыбында қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы әзірленіп, біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылды.

Педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытуға ықпал ету және психологиялық – педагогикалық, әдістемелік сүйемелдеу мақсатында семинар , тренингтер, тәжірибелік сабақтар жүргізілді.

Қалыптастырушы эксперименттің бағдарламасы және эксперименттің барысы жұмысымыздың 3.2 тарауында тізбектелді.

Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелілігін айқындау мақсатында ұйымдастырылатын бақылау эксперименті аясындағы атқарылатын жұмыстар тізбегі эксперимент бағдарламасында берілді.

Зерттеу жұмысымыздың қалыптастырушы кезеңінен кейін, эксперименттің **бақылау кезеңі ұйымдастырылды** және өткізілді.

Бақылау кезеңінің мақсаты - ұйымдастырылған тәжірибелік жұмыстың нәтижесін талдау, зерттеу міндетінің тиімді шешімдерін тексеру, педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің даму деңгейінің сандық және сапалық көрсеткіштерін салыстырмалы түрде анықтау.

Тәжірибелік – эксперимент кезінде біз ғылыми – педагогикалық зерттеулердің түрлі әдістемелерін қолдандық.

Зерттеу жұмысымыздың бақылау кезеңінде педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің даму деңгейінің сапалық және сандық көрсеткіштерін анықтау мақсатында біз сенімді әдістемелерді қолдандық, атап айтқанда:

- Т.Элерстің тұлғаның жетістікке болған мотивациясын диагностикалау

әдістемесі;

- В.В Синявский, В.А Федорошиннің коммуникативтік және ұйымдастырушылыққа бейімділікті анықтау әдістемесі ;
- А.В Карповтың тұлға рефлексиясының даму деңгейін диагностикалау әдістемесі.

Тәжірибенің бақылау кезеңінде қайта жүргізілген сауалнамалар мен жоғарыда аталған диагностикалық әдістемелерді қолдану нәтижесінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің даму деңгейі анықталды.

Біз қолданған әдістемелер педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің даму деңгейінің қай деңгейде екенін, қандай қиындықтар мен кемшіліктердің бар екенін анықтауға мүмкіндік берді.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту тәжірибелік – экспериментіне 95 педагог қатысты.

Оның ішінде эксперимент тобына - 46, бақылау тобына – 49 педагог алынды.


Жұмысымыздың 2.4 тармақшасында қалыптастырушы эксперимент жүргізу үшін педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың көрсеткіштері мен өлшемдері анықталған болатын.

Эксперименттік жұмыстың үшінші кезеңінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту бағдарламасы мен әдістемесі тәжірибеге енгізілді.

Төменде эксперименттік жұмысымыздың анықтау кезеңі мен бақылау кезеңінің көрсеткіштері салыстырмалы түрде берілді.

37- кесте.Соңғы бақылау кезеңінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетінің мотивациялық – мақсаттық компонентінің даму деңгейлері мен көрсеткіштері.

Қалыптасу деңгейлері	Анықтау эксперименті				Бақылау эксперименті			
	Эксп.топ (46)		Бақылау тобы (49)		Эксп.топ (46)		Бақылау тобы (49)	
	%	педагог	%	педагог	%	педагог	%	педагог
Жоғары	26,1	12	26,5	13	45,6	21	22,4	11
Орташа	52,2	24	51,1	25	41,3	19	55,1	27
Төмен	21,7	10	22,4	11	13,1	6	22,4	11




43- сурет. Соңғы бақылау кезеңінде педагогтердің бағалау іс - әрекетінің мотивациялық – мақсаттық компонентінің даму деңгейлері мен көрсеткіштері.

Кестеде көрініп тұрғандай анықтау және бақылау кезеңіндегі педагогтердің мотивациялық – мақсаттық компонентінің даму деңгейлерінде айтарлықтай айырмашылық байқалады. Егерде тәжірибеге дейін эксперименттік топтың жоғары деңгейдегі көрсеткіші 26,1% құраған болса, тәжірибеден кейін 45,6 % дейін көтерілген. Демек бұл, педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін жүзеге асыруға болған құлшынысы және бағалау үдерісінде өздерінің бағалау іс – әрекетін дамытуға болған ұмтылысының арта түскендігін көрсетеді.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың мазмұндық компонентінің даму көрсеткіші төмендегідей нәтижелерді берді:

38-кесте. Соңғы бақылау кезеңінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетінің мазмұндық компонентінің деңгейлері мен көрсеткіштері.

Қалыптасу деңгейлері	Анықтау эксперименті				Бақылау эксперименті			
	Эксп. топ (46)		Бақылау тобы (49)		Эксп. топ (46)		Бақылау тобы (49)	
	%	педагог	%	педагог	%	педагог	%	педагог
Жоғары	22,0	10	24,4	12	65,2	30	24,5	12
Орташа	52,0	24	47,0	23	28,2	13	49	24
Төмен	26,0	12	28,6	14	6,5	3	26,5	13



44- сурет Соңғы бақылау кезеңінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетінің мазмұндық компонентінің даму деңгейлері мен көрсеткіштері.

Мазмұндық компонент деңгейін анықтау үшін педагогтер заманауи білім беру жағдайында бағалау іс – әрекетінің мазмұнын білуі, мәнін түсінуі, бағалау түрлерін қолдана алуы, өз тәжірибелік жұмыстарына талдау жүргізе алуы, бағалаудағы қиындықтарына рефлексия жасай алуын өз ішіне алған теориялық білімдерін көрсетуі қажет болатын.


Анықтау кезеңінің нәтижесінде эксперименттік топ үлгерімі 22,0%, бақылау тобының 24,5% көрсеткен еді.

Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелі болуы себепті зерттеп отырған бағалау іс – әрекетінің мазмұндық құраушысының жоғары деңгейін меңгеру көрсеткіші эксперименттік топта 65,2% құраса, бақылау тобында 24,5% көрсеткішін көрсетті. Бұл мәліметтерді жоғарыдағы 38 кесте мен ,43 суреттен көруге болады.


39-кесте. Соңғы бақылау кезеңінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетінің технологиялық компонентінің даму деңгейлері мен көрсеткіштері.

Анықтау эксперименті									
Эксперименттік топ – 46 педагог					Бақылау тобы – 49 педагог				
Деңгейлері	%	саны	%	саны	Деңгейлері	%	саны	%	саны
	Ұйымдаст. бейімд		Коммуникат. бейімд			Ұйымдаст. бейімд		Коммуникат. бейімд	
Жоғары	47,8	22	58,7	27	Жоғары	46,9	23	44,8	22
Орташа	39,1	18	28,2	13	Орташа	34,7	17	36,7	18
Төмен	13,1	6	13,1	6	Төмен	18,4	9	18,3	9

Бақылау эксперименті									
Эксперименттік топ – 46 педагог					Бақылау тобы – 49 педагог				
Деңгейлері	%	саны	%	саны	Деңгейлері	%	саны	%	саны
	Ұйымдаст. бейімд		Коммуникат. бейімд			Ұйымдаст. бейімд		Коммуникат бейімд	
Жоғары	67,4	31	65,2	30	Жоғары	40,8	20	49	24
Орташа	26,1	12	26,1	12	Орташа	42,9	21	32,6	16
Төмен	6,5	3	8,7	4	Төмен	16,3	8	18,4	9



45 - сурет Соңғы бақылау кезеңінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетінің технологиялық компонентінің даму деңгейлері мен көрсеткіштері.




46 - сурет. Соңғы бақылау кезеңінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетінің технологиялық компонентінің даму деңгейлері мен көрсеткіштері.

Бақылау кезеңінде педагогтердің бағалау іс – әрекетінің технологиялық компонентінің даму көрсеткіштерін анықтау барысында ұйымдастырышылық бейімділік пен коммуникативтілік бейімділіктері бөлек – бөлек сыналды. Технологиялық компоненттің көрсеткіштері бойынша эксперименттік топ анықтау эксперименті кезеңінде дамудың жоғары көрсеткіші бойынша 47,8%(ҰК) ,58,7% (КК) көрсеткен болса, эксперименттік кезеңде 67,4%(ҰК), 65,2% (КК) көрсеткіші алынды.Бұл жағдай, қалыптастырушы кезеңде қолданылған әдістердің тиімді болғандығын көрсетеді.

40 - кесте. Соңғы бақылау кезеңінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетінің рефлексивтік компонентінің даму деңгейлері мен көрсеткіштері.

Қалыптасу деңгейлері	Анықтау эксперименті				Бақылау эксперименті			
	Эксп.топ (46)		Бақылау тобы (49)		Эксп.топ (46)		Бақылау тобы (49)	
	%	педагог	%	педагог	%	педагог	%	педагог
Жоғары	21,7	10	18,4	9	54,3	25	18,3	9
Орташа	26,1	12	28,5	14	41,3	19	32,7	16
Төмен	52,2	24	53,1	26	4,4	2	49	24



47 - сурет Соңғы бақылау кезеңінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекетінің рефлексивтік компонентінің даму деңгейлері мен көрсеткіштері.

Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің рефлексивтік компонентінің жоғары сапалық көрсеткіші эксперименттік топта анықтау эксперименті кезеңінде 21,7% құраған болса, бақылау кезеңінде 54,3% өскен,енді бақылау тобында болса анықтау эксперименті кезеңінде 18,4% көрсетсе,бақылау кезеңінде 18,3% төмендеген.

Бұл көрсеткіштерден педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің рефлексивтік компонентінің даму деңгейіне қалыптастырушы

эксперимент кезеңінде жүргізілген жұмыстар оң әсерін тигізгендігін байқауға болады.

Зерттеу жұмысымыздың қалыптастырушы кезеңінен кейін бақылау жұмысын жүргізу барысында бақылау тобы мен эксперименттік топ арасында айырмашылық анықталды.

Қалыптастырушы экспериментке дейін болған көрсеткіштер мен эксперименттен кейінгі көрсеткішке дейін педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетінің даму динамикасын анықтау үшін Г.А. Наседкинаның динамикалық қатарларының көрсеткішін қолдануды дұрыс деп шештік.

$$Op. = (1a + 2b + 3c) : 100$$

Бұл жерде Op. педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің даму деңгейінің өсуінің сандық бағасын сипаттайтын орташа көрсеткіш; а, в, с – жоғары, орташа, төмен деңгейлердегі пайыздық көрсеткіште берілген респонденттер саны, «1», «2», «3» - деңгейлердің салмақтық коэффициенттері.

Сонымен, біз зерттеу жұмысымыз барысында эксперименттің басында және эксперименттің соңында педагогтердің бағалау іс – әрекетінің даму деңгейі өсуінің сандық бағалауын сипаттайтын орташа көрсеткішті анықтадық. Тәжірибенің басында $Op. = (1 \cdot 10 + 2 \cdot 12 + 3 \cdot 24) : 100 = 1,06$

Тәжірибенің соңында $Op. = (1 \cdot 25 + 2 \cdot 19 + 3 \cdot 2) : 100 = 0,69$

$$K = Op. (o.ж.б) : Op. (o.ж.с)$$

Op.(o.ж.б) тәжірибеге дейінгі педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің даму деңгейінің орташа көрсеткішінің мәні – 1,06, Op. (o.ж.с) тәжірибеден кейін педагогтердің бағалау іс – әрекетінің даму деңгейінің орташа көрсеткішінің мәні – 0,69. Онда тиімділік $K = 1,06 : 0,69 = 1,5$. Бұл айнымалылардың арасындағы байланыстың жақсы көрсеткішін көрсетеді.

Тәжірибелік – эксперименттік жұмыстар нәтижелері педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетінің сапалық, сандық көрсеткіштерінің дамығандығын көрсетті. Сондай-ақ, зерттеу бойынша тәжірибелік – эксперименттік жұмыстың нәтижесін зерттеудің мақсатымен салыстыру қорғауға ұсынылған қағидалар мен болжамның дұрыстығын дәлелдеді.

Зерттеу жұмысымыздың тәжірибелік кезеңінде алынған нәтижелер бізге төмендегідей тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:

- Біздің зерттеу жұмысымыз барысында ұсынылған жүйелі жұмыстар педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытуды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік берді;

- Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың шарттары негізінде арнайы құрастырылып, ұсынылған әдістемені қолдана отырып, педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуға болады;

- Педагогтерге ұсынылған әдістемені іс – тәжірибеге енгізу зерттеліп

отырған оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, тәжірибелік – педагогикалық жұмыстың нәтижелері біздің ұстанған бағытымыздың дұрыстығы мен нәтижелеріміздің дәйектілігін дәлелдейді. Демек, біздің зерттеу жұмысымыздың болжамы расталды деп айтуға негіз бар.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту мақсатында жүзеге асырылған жүйелі әдістемелік жұмыстар педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытуда тиімді екендігі дәлелденді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл ғылыми зерттеу жұмысымыз білім беру саласында педагогтерді даярлау және қайта даярлау, кәсіби біліктілігін арттыруда өзекті саналатын педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту мәселесіне арналған.

Қазақстан Республикасында білім беруді модернизациялау барысында қолданысқа енген критериалды бағалау жүйесінің мектептік білім беруде қолданылуы педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың қажеттілігін айқындады.

Орта білім беру жүйесінде білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесінің қолданысқа енуі мен критериалды бағалау технологиясын жетік меңгерген, критериалды бағалауды оқыту үдерісінде тиімді жүзеге асыра алатын мұғалімдерге деген қажеттілік арта түсті, себебі, педагогтердің бағалау іс – әрекетін кәсіби деңгейде ұйымдастыра алуы білім сапасының артуы мен білім алушылардың бойында білік, дағдыларды, құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Осыған байланысты, педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың қажеттілігі туындады.

Зерттеу жұмысымыз педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту аясындағы қарама – қайшылықтардың шешімін табу, педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытуды теориялық-әдіснамалық негіздеу және құрылымдық – мазмұндық моделін, әдістемесін жасау, мәселенің шешімін табуға негізделген.

Зерттеу жұмысымыз барысында біз құрастырған құрылымдық – мазмұндық модельдің апробациясы «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Алматы облыстық педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында жүзеге асырылды.

Ғылыми жұмысымыз аясында жүргізген эксперимент нәтижелерін талдау барысында алынған педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің бастапқы деңгейінің көрсеткіштері бізге «Жаңартылған мазмұндағы білім беру жағдайында педагогтердің бағалау іс – әрекетінің психологиялық – педагогикалық негіздері» атты біліктілікті арттыру курсының оқу бағдарламасын құрастыруға негіз болды.

Зерттеу жұмысымыз аясында жүргізілген қалыптастырушы эксперимент нәтижелері педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің тиімді дамуы оқыту үдерісіне педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделін енгізу, мақсатты ұйымдастырылған біліктілікті арттыру үдерісінде психологиялық – педагогикалық шарттардың тиімді жүзеге асырылуы мен байланысты екендігін дәлелдеді. Осы орайда, зерттеу мәселесін теориялық және тәжірибелік тұрғыда негіздеу барысында зерттеу болжамы дәлелденіп, мақсаты, міндеттері жүзеге асты.

«Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту» атты диссертациялық зерттеу

жұмысымызды орындау барысында педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуға байланысты теориялық - әдіснамалық негіздерді талдай келе біз төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік алдық:

1. Зерттеу аясында педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамыту бойынша отандық және шетелдік психологиялық – педагогикалық, ғылыми – әдістемелік әдебиеттерді талдау барысында әлі күнге дейін «педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс - әрекеті» ұғымының бір мағыналы анықтамасының жоқ екендігі анықталды. Ғылыми – әдебиеттерді талдау нәтижесінде біз «Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекеті – бұл оқушылардың сапалы білім алуын қамтамасыз ететін, жетістікке жету қабілетін және танымдық белсенділігін қалыптастыратын мақсатты, жүйелі, үздіксіз үдеріс», -деген қорытынды жасадық.

2. Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту ресми бекітілген біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және курстан кейінгі қолдау Ережелері негізінде мақсатты ұйымдастырылған біліктілікті арттыру үдерісі жағдайында тиімді болатындығы дәлелденді.

3. Зерттеу жұмысымыздың тиімділігін арттыру мазмұндық, іс – әрекеттік, нәтижелік блоктардан тұратын құрылымдық – мазмұндық модельді әзірлеп, іске қосу барысында мүмкін болатындығы дәлелденді. Біз құрастырған модельдің ерекшелігі оның қолжетімділігі, икемділігі және қоғам талаптарына үйлестіру мүмкіндігінің болуы.

4. Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетінің ғылыми негізделіп, әзірленген әдістемесінің біліктілікті арттыру жағдайында тиімді екендігі тәжірибе жүзінде дәлелденді. Әзірленген «Жаңартылған білім беру жағдайында педагогтердің бағалау іс – әрекетінің психологиялық – педагогикалық негіздері» атты педагогтердің біліктілігін арттыруға арналған білім беру бағдарламасы педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін жетік меңгеруіне ықпал етті.

Эксперименттік – тәжірибелік жұмыстың алынған нәтижелерінде жасалған талдау, ұсынылған зерттеу болжамы өзінің растауын тауып, зерттеудің міндеттері шешілгенін, зерттеудің мақсатқа қол жеткізгенін көрсетті. Әзірленген диагностикалық құралдар эксперименттік топтағы педагогтердің кәсіби іс – әрекетіндегі сапалы оң өзгерістерді көрсетті.

Зерттеу қорытындылары негізінде төмендегідей ұсыныстар әзірленді:

1. Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуды білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі ретінде қарау және оны тиімді жүзеге асыру мақсатында жүйелі түрде арнайы ғылыми – әдістемелік және тәжірибелік жұмыстарды жүргізу.

2. Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуға негізделген біліктілікті арттыру курсы ұйымдастыру.

3.Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуға арналған тренингтер, семинарлар, вебинарлар, шебер сыныптар, тәжірибелік және рефлексивтік алаңдар ұйымдастыру.

4.Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту мақсатында педагогикалық, психологиялық, әдістемелік сүйемелдеуді үздіксіз жүзеге асыру.

Зерттеудің болашағы: Біз ұсынған зерттеу педагогтердің біліктілігін арттыру мазмұны мен үдерісін, әдістемелерін жаңарту үшін тиімді. Дегенмен, педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту көпқырлы және күрделі мәселе.

Ұсынылған зерттеу жұмысының нәтижелері қарастырылып отырған мәселені барлық қырынан ашуға талпынады, алдағы зерттеулердің болашағы педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытудың психологиялық астарларын, кәсіби педагогикалық іс – әрекет негіздері мәселелерін одан әрі тереңірек қарауды талап етеді.

Қорыта айтқанда, зерттеу мәселесі ғылыми зерттеу тұрғысында өзінің жалғасын табуы тиіс деп санаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тоқаев Қ.Ж Тәуелсіздік бәрінен қымбат. 5 қаңтар 2021ж. https://www.inform.kz/kz/tauelsizdik-barinen-kymbat-kasym-zhomart-tokaev_a3737118
2. Тоқаев Қ.Ж. Сындарлы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. Жолдау. 2 қыркүйек 2019ж.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 100 нақты қадам бағдарламасы Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам. 20 мамыр 2015 жыл. Астана.
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы мен бекітілген.
5. Тоқаев Қ.Ж Жаңа жағдайдағы Қазақстан – іс – қимыл кезеңі. Жолдау. 1 қыркүйек 2020ж. Астана.
6. Тоқаев Қ.Ж Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі. Жолдау. 2021 жыл 1 қыркүйек. Астана.
7. «Білімді ұлт - сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.
8. Psychological and Pedagogical Components of the Readiness of Children with Hearing Impairments to Learn in the Context of Updated Content of Education. Sivinskiy Alexey M., Sadykova Aigul K., Kulambayeva Kambat K., Zhamankarin Maxut M., Kukubayeva Assiya N., Kosherbayeva Aigerim N. Интеграция образования. Журнал. 2021. Т.25. №3. С.401-420.
9. Ахметова К.К Педагогические условия повышения квалификации учителей при переходе к 12 летнему образованию. 2010г.
10. Караев Ж.А. Вопросы внедрения критериальной системы оценивания в практику школ Республики Казахстан // Международный журнал экспериментального образования. – 2014. – № 5 – С. 58-62.
11. Кобдикова Ж У. Теория и практика модернизации педагогической системы школьного образования на основе технологического подхода. Автореферат дис. . канд. пед. наук. Респ. ин-т повыш. квалификации. - Туркестан, 2008. - 48 с.
12. Джадрина М.Ж Результаты образования: традиции и новые тенденции // Творческая педагогика. — 2003. — № 4. — С. 3–10.
13. Примбетова Г С Задания как измерители учебных достижений учащихся в условиях компетентностного образования в школе: автореф. дис. ... д-ра. пед. наук: - Алматы ,2010. - 26 с.
14. Еділбаева М.Ү Қазіргі кезеңде оқушылардың өзін – өзі бағалауын қалыптастырудың педагогикалық шарттары. Пед.ғыл.к.дисс. Алматы, 2010. – 130б
15. Маханова П. Ш Оқушылардың оқығандығының педагогикалық диагностикасы (тарих пәндерінің негізінде): автореф.п.ғ.к. - Алматы , 2010. – 29б.

- 16.Абуова А.Е Мониторинг образовательных достижений обучающихся в системе личностно – ориентированного обучения.Алматы, 2007. – 28с
- 17.Искакова Г .О Педагогические условия управления качеством обучения на основе технологического подхода. Автореф. дисс. канд. пед.наук. Алматы, 2006. - 28 с
- 18.Радченко Н. Н Формирование оценочных умений у первоклассников в условиях современной школы РК. Автореферат дис. . канд. пед. Наук. Карагандинский гос. ун-т им. Е. А. Букетова. - Караганда, 2008. - 28 с.
- 19.Можаева О.И., Шилибекова А.С., Зиеденова Д.Б. Методология системы критериального оценивания учебных достижений учащихся: учебно–метод. пособие. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2017. – 38 с.
- 20.Руководство по критериальному оцениванию для учителей начальной школы: учебно–метод. пособие // под ред. О.И. Можаевой, А.С. Шилибековой,Д.Б. Зиеденовой. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016.– 48 с.
- 21.Руководство по критериальному оцениванию для учителей основной и общей средней школ: учебно-метод. пособие // под ред. О.И.Можаевой,А.С.Шилибековой, Д.Б.Зиеденовой. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016. - 56 с
- 22.Кенжетаева Р.О Профессиональная подготовка будущих педагогов к критериальному оцениванию учебных достижений учащихся начальных классов.Диссертация PhD. Алматы, 2021. – 164с.
- 23.Землянская Е.Н. Безотметочное оценивание образовательных достижений в начальной школе (статья в рецензируемом журнале ВАК) // Наука и школа. – 2019. – №3. – С. 78-83.
- 24.Амонашвили Ш.А. Основы гуманной педагогики // В 20 кн. Об оценках. – 2–е изд. – М.: Свет, 2015. – Книга 4. – 368 с
- 25.Талызина Н.Ф. Педагогическая психология: учеб. пособие для студентов сред. пед. учеб. заведений. – М.: Академия, 1998. – 288 с.
- 26.Пинская М.А, Улановская И. М Новые формы оценивания. Начальная школа. Просвещение. – 2016. - 80с.
- 27.Фишман И.С, Голуб Г.Б. Формирующая оценка образовательных результатов учащихся. Методическое пособие. - Самара: Учебная литература, 2007. — 244 с.
- 28.Блонский П.П Психология и педагогика. Избранные труды. - М.: «Юрайт», 2016.
- 29.Брунер, Дж. О перцептивной готовности / Дж. Брунер // Психология ощущений и восприятия. – М.: ЧеРо, 1999. – С. 134–152.
- 30.Кросноборова А.А Критериальное оценивание как технология формирования учебно-познавательной компетентности учащихся. Дисс.к.п.н. - Нижний Новгород, 2010. -217с.
- 31.Селищева Е.А Влияние критериальной системы оценивания учебных достижений учащихся 7-8 классов на их личностные характеристики. Дисс. к. псих.н. - Москва, 2014. – 2016с.

- 32.Эрфанфар Х.М Дидактические основы перехода на критериальное оценивания знаний, умений и способностей учащихся в школах Ирана (на материалах 4-х классов) Автореферат дис. ... канд. пед.. наук. - Душанбе, 2014.- 48с.
- 33.Вилкова Л.В Дидактическое обеспечение формирующего оценивания качества учебных достижений школьников в иноязычном образовании. Дисс.к.п.н. - Нижний Новгород,2014. - 198с.
- 34.Воронов В.В Педагогические возможности рейтинговой накопительной системы оценивания учебных достижений школьников. Дисс. к. п.н. - Санкт- Петербург 2010. – 164.
- 35.Курдюкова Н.А Оценивание успешности учебной деятельности как психолого-педагогическая проблема. Дисс.к.п.н.1997. – 201с.
- 36.Захарова А.В Генезис самооценки. Автореферат дис. ... доктора психологических наук. - Москва, 1989.- 44 с.
- 37.Турусова О.В Динамика становления субъекта самооценивания: автореферат дис. кандидата психологических наук. Ленинград, 1991. – 19с.
- 38.Смирнова Л.Е Оценивание как механизм развития познавательной активности школьников в процессе обучения. Дис.к.п.н. - Ульяновск, 2006.- 255с.
- 39.Black P. et al. Assessment For Learning. Putting it into practice. - Berkshire: Open University Press, 2004. - 135 p.
- 40.Shepard L. The role of assessment in a learning culture // Educational researcher. - 2000. - Vol. 29, №7. - P. 4–14
- 41.65 Black P., William D. Seven Strategies of Assessment for Learning. –Oxford, 2008. - 32 p.
- 42.Black P., Wiliam D. Pedagogical research: formative assessment // Britain research journal. – 2009. - Vol. 29. – P. 5-31.
- 43.Bloom B. Learning for Mastery. University of California. - Los Angeles, 1968. – P. 1-10.
- 44.Bruner J. Play: Its Role in Development and Evolution Hardcover. - New York: Basic Books, 1976. - 716 p.
- 45.Wood D., Bruner J., Ross G. The role of tutoring in problem solving // Journal of Child Psychiatry and Psychology. – 1976. - Vol.17, №2. – P. 89–100.
- 46.Stone C, Clark M. School Counselors and Principals: Partners in Support of Academic Achievement // Sage Journal. – 2001. - Vol. 85. - P. 46–53.
- 47.Волковинская Н.Ю Формирование умений оценочной деятельности учителя в системе повышения квалификации. Диссер ...канд пед... наук. - Оренбург, 2008. -213с.
- 48.Матвиевская Е.Г Формирование культуры оценочной деятельности педагога в системе повышения квалификации: теория, методология, практика. Дисс. д. п. н. - Оренбург, 2009.-429с.
- 49.Доманов А.Г Индивидуальные особенности оценочной деятельности педагога: Дис... канд.пед.наук. СПб, 1991.- 149с.

- 50.Пачина А.Г Управление развитием оценочной деятельности учителя начальных классов в системе повышения квалификации: дис. ... канд. пед. наук. - Омск, 2012.- 214 с
- 51.Балландина Л .Л Развитие оценочной деятельности руководителя дошкольного образовательного учреждения в процессе повышения квалификации. дис. ... кандидата педагогических наук. Ростов-на-Дону, 2007. – 226с.
- 52.Кожевникова Э.Э Развитие оценочной компетентности учителя при повышении квалификации как фактор сохранения здоровья школьников. дис. ... кандидата педагогических наук. - Кемерово, 2012. -239с.
- 53.Томилова М.И Развитие оценочной компетентности преподавателя в вузе. дис. ... кандидата педагогических наук. - Великий Новгород, 2013. – 208с.
- 54.Керер О.П Совершенствование оценочной деятельности преподавателей среднего профессионального образования на основе индикаторов качества. дис. ... кандидата педагогических наук. - Оренбург, 2009. – 223с.
- 55.Дегальцева В.А Подготовка преподавателей к контрольно-оценочной деятельности в условиях реализации компетентностного подхода в образовательном процессе вуза. дис.кандидата педагогических наук. Армавир,2018. – 180с.
- 56.Иващенко Е.В Профессиональная подготовка будущего учителя начальных классов к оценке учебных достижений школьников. дис. ... канд. пед.. наук. - Белгород, 2009.- 236 с.
- 57.Горбунова О.Ф Профессиональная подготовка педагога к оценочной деятельности в процессе воспитания школьника : Дис. ... канд. пед. наук . - Москва, 1999. - 211 с.
- 58.Куликовский А.В Влияние оценочной деятельности учителя на успешность обучения учащихся (На примере уроков физической культуры в 7-8 классах) : Дис. ... канд. пед. Наук. - Петрозаводск, 2002. -156 с.
- 59.Сафонова Т.Л Влияние стиля индивидуальности учителя на особенности его оценочной деятельности. Дис. ... канд. пед. наук. - Сочи ,2000. – 164с.
- 60.Селезнев Н.В Развитие оценочной деятельности учителя и учащихся в учебно-воспитательном процессе. Дис. ... канд. пед. - Борисоглебск,1997. – 280с.
- 61.Мамерханова Ж.М Формирование готовности учителя к реализации профильного обучения в условиях 12-летнего общего среднего образования : дис. . канд. пед. наук: 13.00.08 ; Евразийский гуманитар. ин-т. - Астана, 2010. - 182 с.
- 62.Айкынбаева Г.К 12 жылдық мектепке өту мәселесінің педагогикалық – психологиялық ерекшеліктері.п...ғ...к диссер. -Астана 2008. - 191б.
- 63.Альмухамбетов Б.А Тенденции развития системы повышения квалификации в Казахстане. -Алматы, 2000. -265с.
- 64.Жайтапова А. А Научно-теоретические основы профессионального роста учителей в условиях системы повышения квалификации: автореферат дис.

- д-ра пед. наук: 13.00.08 Каз. нац. пед. ун-т им. Абая. - Алматы, 2005. - 45 с.
65. Кошербаева, А. Н. Управление инновациями в профессиональной педагогической деятельности. А. Н. Кошербаева // Современное психолого-педагогическое образование: методология, теория, практика : международная коллективная монография. –Алматы : Ұлағат, 2018. – С. 32–33.
66. Бургумбаева Ж.А Қосымша білім беру жүйесінде ересектер арасындағы педагогикалық қарым – қатынасты жетілдіру. п.ғыл.к.дис. – Астана, 2009. - 139б.
67. Дабылтаева Р.Е Біліктілікті арттыру жүйесіне тұлғаға бағдарланған технологияларды ендіру: Пед.ғыл.канд...дис автореферат: 13.00.01. - Алматы, 2009.- 22б
68. Далабаев Ж.К Повышение квалификации рабочих кадров на основе модульных образовательных технологий (на примере корпоративного обучения). Автореф. дис. канд. пед. наук: 13.00.08. - Астана , 2008. - 26 с.
69. Бұзаубақова К.Ж Мұғалімнің инновациялық іс – әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориялық – әдіснамалық негіздері. Пед.ғыл.док.дисс...Астана, 2009. -405б.
70. Мұқаметқали М.М Мектеп мұғалімдерінің кәсіби педагогикалық инновациялық іс – әрекетке даярлығын жетілдіру.Пед.ғыл.кан. дисс...Астана, 2007. – 180б.
71. Сарбасова Қ.А Инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын жетілдіру. Пен.ғыл.кан.дисс...Қарағанды, 2005.- 147б.
72. Асанова Р.А Педагогические условия деятельности учителя по реализации инновационных образовательных технологий в школе.Дисс.кан.пед. наук. - Шымкент, 2010. – 190б
73. Екибаева А.М Совершенствование системы повышения квалификации преподавателей высшей школы в условиях реформирования образования. Дисс.кан.пед.наук.Караганда, 2010. – 152с.
74. Таубаева Ш.Т Научные основы формирования исследовательской культуры учителя общеобразовательной школы. Дисс.док. пед.наук. Алматы, 2005. – 135с.
75. Кибатаева Н.К Формирование профессиональной культуры педагога в системе повышения квалификации работников образования: Автореферат..дисс.кан.пед.наук: 13.00.08 // Теория и методика профессионального образования. - Алматы, 2006. – 160с.
76. Тұрғынбаева Б.А Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту. Докторлық диссертация. – Алматы, 2006.
77. Пирожкова О .Б Развитие творческого потенциала учителей в условиях инновационных школ.Диссер..кан .пед.наук. Астана, 2009. – 177с.

78. Хан Н.Н., Жампеисова К.К., Колумбаева Ш.Ж. Профессиональный стандарт как условие эффективной деятельности современного учителя // Педагогический диалог. – 2012. – №1. – С. 176-181.
79. Байхонова С.З. Организационно – педагогические условия развития профессиональной компетенции педагогов в процессе повышения квалификации. Диссер.кан.пед.наук. Астана, 2007г. – 187с.
80. Ғалымжанова М.А Мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары. Пед.ғыл.канд.дисс..Атырау, 2008. – 157б.
81. Кенесбаев С.М. Педагогические основы подготовки будущих учителей навыкам использования новых информационных технологий в системе высшего педагогического образования. Диссер.д.п.н. Алматы, 2006. -315с
82. Ахметбекова С.К. Реализация комплексно – интегративного подхода в процессе повышения квалификации управленческих кадров системы образования. Дисс.кан.пед.наук. Караганда, 2009. – 156с.
83. Жуманова Г.С. Мониторинг как средство профессионального роста учителя в процессе повышения квалификации. Дисс.кан.пед.наук. Алматы, 2008. – 159с.
84. Муканова С.Д. Управление инновационными процессами в условиях стандартизации среднего общего образования. Диссер..док.пед.наук. Караганда 2008. – 331с.
85. Баймолдаев Т.М. Научно – педагогические основы управления общеобразовательной школой. Дисс..д.п.н. Алматы, 2009. – 294с.
86. Ахметова Г.К. Новый формат системы повышения квалификации педагогов РК: сущность и перспективы // Педагогическая наука и практика. 2015. №3 (9) с 7-11. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/novyy-format-sistemy-povysheniya-kvalifikatsii-pedagogov-rk-suschnost-i-perspektivy> (дата обращения: 18.01.2022).
87. Альмухамбетов Б.А. История становления и тенденции развития системы повышения квалификации пед. кадров в Каз.: автореф. . д-ра пед. наук. -- Алматы, 2002. 51 с.
88. Заир-Бек, Е.С. Зарубежный опыт поддержки развития профессионализма учителя [Электронный ресурс] / Е.С. Заир-Бек, Е.В. Пискунова // Письма в Эмиссия. Оффлайн (TheEmissia. OfflineLetters): электронный научный журнал. - 2015. - № 10 (Октябрь).
89. Быкова В.Г. Повышение квалификации педагогического коллектива школы как фактор его развития// Развитие дополнительного педагогического образования: проблемы, перспективы. М. -1998. -С.219-222.
90. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания // Б.Г. Ананьев. СПб.: Питер, 2001.-288 с.
91. Вершловский С.Г Система образования взрослых как объект прогнозирования//ЧиО.2010.№1.URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/sistema-obrazovaniya-vzroslyh-kak-obekt-prognozirovaniya-1> (дата обращения: 18.01.2022).

- 92.Змеёв С.И. Образование взрослых и андрагогика в реализации концепции непрерывного образования в России // Отечественная и зарубежная педагогика. 2015. №3 (24). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/obrazovanie-vzroslyh-i-andragogika-v-realizatsii-kontseptsii-nepreryvnogo-obrazovaniya-v-rossii> (дата обращения: 18.01.2022).
- 93.К.Фопель Психологические принципы обучения взрослых. - Москва. «Генезис», 2010. – 360с.
- 94.Хмель Н.Д. Особенности управления педагогическим процессом в общеобразовательной школе. – Алма-Ата: Мектеп, 1986. – 68 с.
- 95.W.Harlen Teachers' summative practices and assessment for learning – tensions and synergies. The Curriculum Journal . Volume 16, Issue2, 2005.P 207-223. <https://doi.org/10.1080/09585170500136093>
- 96.Смирнов С.Д Психология и педагогика высшего образования: от деятельности к личности:Учебное пособие для студентов высших педагогических учебных заведений.// С Д. Смиронов – М.Издательский центр «Академия»,2003.-304с
- 97.Философский словарь // Под редакцией И.Т Фролова.- М: Политиздат,1987г.
- 98.Болтачева Ж.В Формирование готовности студентов к оценочной деятельности в процессе изучения дисциплин гуманитарного цикла.Диссертация на соискания к.п.н. – Саратов, 2007.-145с
- 99.Ю.Г. Одегов, Г.Г. Руденко, С.Н. Апенько, А.И. Мерко. Мотивация персонала: Учебное пособие. Практические задания (практикум): Издательство «Альфа-Пресс». — М:2010 — 640 с.
- 100.Али Р.О, Куламбаева К.К, Кошербаева А.Н Модернизация в контексте обновления содержания образования. Вестник Омского регионального института. – 2019. - 35-38с
- 101.Костыко Г.С Инновационные подходы к повышению квалификации педагогического персонала Вестник ЮУрГУ, № 13, 2008. С- 135-142
- 102.Пачина А.Г Управление развитием оценочной деятельности учителя начальных классов в системе повышения квалификации.Дииссертация .к.п.н. - Омск 2012.-214с
103. «Педагог» кәсіби стандарты. 8.06.2017 «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының № 133 бұйрығы.
104. Буртовой И.Д, Зязин Б.П О критериях оценки результатов труда учителей и учащихся. –Алма – ата: Мектеп.1988.-77с
105. В. П. Топоровский Проблемы совершенствования аналитико-оценочной деятельности педагогических работников.Человек и образование. Академический вестник Института образования взрослых Российской академии образования. - 2011.№1.-52-56с.
106. Цырикова Н.П Формирование профессионально – педагогической компетентности преподавателя вуза непедагогического профиля в процессе педагогической деятельности .Автореферат. - Магнитогорск, 2007г. –С.25.

107. Кумушкулов А.М Формирование готовности к профессионально - педагогической деятельности будущих педагогов-психологов. Автореферат. Магнитогорск. - 2006г. – С.28
108. Масимова Х.Т, А.Н Көшербаева. Критериалды бағалаудың ғылыми – теориялық негіздері. Развивающая образовательная среда в школе, колледже и вузе – современные тренды и исследования: Материалы Международной научно-практической конференции // под ред. С.Т.Исалиевой, Т.А.Поповой, О.А.Коваль. 2019 г. Алматы-Москва.- 72-78с.
109. Оценивание учебных достижений учащихся. Методическое руководство // Сост. Р. Х. Шакиров, А.А. Буркитова, О.И. Дудкина. – Б.: «Билим», 2012. – 80 с.
110. Немов.Р.С Общая психология.В 3т.Том III.Книга 12 Теории личности:учебник и практикум для СПО/Р.С Немов.- 6 изд.,пер и доп.- М: Издательство Юрайт. 2019.–349стр.- (Серия профессиональное образование).
111. Радциг С.И. История древнегреческой литературы. Учебник. — 5-е изд. — М.: Высш. школа, 1982, 487 с.
112. Рахимжанова А.К. Абай қара сөздерінің психологиялық негіздері. Вестник ПГУ No 4, 2010ж.
113. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК.Астана 2015.-116б.
114. Ананьев, Б. Г. Избранные психологические труды: В 2-х т. Т. II / Под ред. А. А. Бодалева и др. – М.: Педагогика, 1980. – 288 с.
115. Ожегов, С.И. Толковый словарь русского языка/ С.И. Ожегов // под ред. Н.Ю. Шведовой. - М.: Русский язык. 1984.
116. Подласый И.П. Педагогика / И.П. Подласый.— М.:Просвещение,1996.-242 с.
117. Безрукова, В.С. Все о современном уроке в школе проблемы и решения / В.С. Безрукова // Директор школы. 2004. - №3. - С. 128-145.
118. Лопаткина Е.В Современные средства оценивания результатов обучения.Учебное пособие.Владимир. Изд-во ВлГУ, 2012. – 110 с.
119. Амонашвили, Ш. А. Обучение. Оценка. Отметка / Ш. А. Амонашвили. – М. : Знание, 1980. – 324 с.
120. Умняшова И.Б. Психологические особенности отношения учащихся к школьной отметке : диссертация ... канд.. психол.. наук : - Москва, - 2006.- 143с
121. Бережная И.А. Особенности оценивания знаний в педагогическом колледже : Дис.канд. пед. наук. – Краснодар, - 1998. - 118с
122. Урмашев Б.А. Критериалды бағалау технологиясы. Оқу құралы / Б.А. Урмашев- Алматы: «ССК» баспасы, - 2016,- 140 б
123. Таксономия Б. Блума когнитивных целей образования. Международный бакалавриат и российская школа .Нормативно –

методическая документация образовательных учреждений. -М. Высшая школа,1997.-121с.

124. Беспалько В. П. Слагаемые педагогической технологии.—М.: Педагогика, 1989.—192 с

125. Выготский Л.С. Педагогическая психология / Л.С. Выготский. — Москва: Педагогика, 1991. — 215 с.

126. Дубцова М М. Организационно-педагогические основы оценивания учебных достижений студентов как фактор повышения качества обучения в вузе : диссертация ... канд.. пед... наук.- Чита, -2007.-233с

127. Ралькова, Е. А. Формирование у учащихся готовности к самооценке учебных достижений в условиях стандартизации российского образования : диссертация ... канд... пед... наук. - Калуга 2011.- 184с

128. Система критериального оценивания учебных достижений учащихся.Методическое пособие. Министерство образования и науки Республики Казахстан РГКП «Национальная академия образования им. И. Алтынсарина».Астана 2013.81б

129. Руководство по критериальному оцениванию для региональных и школьных координаторов. - Астана, 2016.Учебно-методическое пособие.- 45с

130. Бастауыш мектепке оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері .Әдістемелік құрал.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. – Астана.- 2015.- 116б

131. Руководство по критериальному оцениванию для региональных и школьных координаторов. Астана, 2016. Учебно-методическое пособие. - 45с.

132. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық. Оқу-әдістемелік құрал. - Астана, 2016.48б

133. Бағалау-жазалау болмаса игі.Ж. Қараев // Зерде. - 2004. - №2. - Б.6-7.

134. Модульдік оқыту технологиясының оқушыларды және олардың білім деңгейін дамытудағы ықпалы /Жанпейісова.М//Оқыту тәрбиелеу технологиясы - 2010. - 7.-б.11-17- с.

135. Обучение как поиск и поиск для обучения. Формы и методы развития критического мышления обучающихся. С.Мирсеитова. – Караганда, - 2011.

136. Жадрина М.Ж Логико-дидактический подход к определению ожидаемых результатов обучения в школе / М. Ж. Жадрина // Творческая педагогика. - 2005. - №2. - С. 3-13

137. Қараев Ж.А,Қобдикова Ж.У.//Актуальные проблемы модернизации педагогической системы на основе технологического подхода. Алматы. Жазушы. 2005- 134 с.

138. Жайтапова А.А Методологический аспект модернизации образования в Республике Казахстан .Открытая школа. - 2017. - N10. - С. 9-12

139. Наметкулова Ф.Д, Усенова М.М. Деңгейлік курстар барысында бақылауды ұйымдастыру ерекшеліктері. Сборник материалов II-ой международной научно-практической конференции. Национальная академия

- образования им. И. Алтынсарина, Уральский государственный педагогический университет. - 2015. – 922 -923с.
140. Туймебаев Ж.К , Балықбаев Т.О, Омирбаев С.М, Сагиндилов И.У, Нефедова Л.В.Национальная система оценки качества образования:принципы и перспективы развития.Научно – практическое издание.- Астана:ИД «Сарыарка» 2007.-272с;
141. Джадрина М.Ж, Байжасарова Г.З,Лактионова С.Н Теоретико – методологические аспекты развития школьного и дошкольного образования в условиях ориентации на результат://под общей редакцией Джадриной М.Ж.Байжасаровой Г.З. Алматы: «ЗиятПресс» 2006.-256с;63б
142. Джадрина М.Ж,Примбетова Г.С.Задания как измерители учебных достижений учащихся// Білім – Образование.-2008.№3(39).73-76с;
143. Караев Ж.А «Вопросы внедрения критериального оценивания в практику школ республики Казахстан», Международный журнал экспериментального образования №5, - 2014г. Стр 59.
144. Педагогические науки. Совершенствование учебного процесса при критериальном оценивании, ее главные преимущества и особенности Абекова Ж.А., Оралбаев А.Б., Ермаханов М.Н., Джакипова А.С.-295б
145. Землянская Е.Н. Новые формы оценивания образовательных результатов студентов [Электронный ресурс] // Психологическая наука и образование psyedu.ru. 2015. Том 7. № 4. С. 103–114. doi: 10.17759/psyedu.2015070410
146. Красноборова А А Критериальное оценивание как технология формирования учебно-познавательной компетентности учащихся. автореферат диссер. на соискание ученой степени канд. пед. наук. - Нижний Новгород – 2010. - 23с
147. Эрфанфар Х.М Дидактические основы перехода на критериальное оценивание знаний, умений и способностей учащихся. В школах ирана(на материалах 4-х классов). Автореферат на соискание учёной степени. Канд. пед.. наук. – Душанбе, – 2014.- 48с.
148. Селищева Е А. Влияние критериальной системы оценивания учебных достижений учащихся 7-8 классов на их личностные характеристики: диссертация ... канд. психол. наук. – Москва, - 2014. - 216с
149. Амонашвили Ш. А. Воспитательная и образовательная функции оценки учения школьников: экспериментально-педагогическое исследование. М.: Педагогика, 1984. С. 544.
150. Полонский В. М. Оценка знаний школьников. М.: Знание, 1981. С. 3-9.
151. Селезнев В. Н. Развитие оценочной деятельности учителя и учащихся в учебно-воспитательном процессе. Автореферат дис. д-ра пед. наук. - Борисоглебск, 1997. С. 2-11.
152. Ксензова Г. Ю. Оценочная деятельность учителя. М.: Педагогическое общество России, - 1999. С. 5-6, 35, 46.

153. Матвиевская Е.Г. Формирование культуры оценочной деятельности педагога в системе повышения квалификации: теория, методология, практика : диссертация ... доктора педагогических наук. – 2009. - Оренбург, - 428с
154. Пачина А. Г Управление развитием оценочной деятельности Учителя начальных классов В системе повышения квалификации .Автореферат. - Омск, - 2012.- 25с
155. Волковинская Н.Ю Формирование умений оценочной деятельности учителя в системе повышения квалификации Автореферат диссертации на соискание ученой степени Кандидата педагогических наук.- Оренбург, -2008. -25с.
156. Баландина Л.А Развитие оценочной деятельности руководителя дошкольного образовательного учреждения в процессе повышения квалификации Автореферат диссертации на соискание ученой степени канд. пед. наук. Ростов-на-дону,- 2007, -25с
157. Матвиевская Е.Г формирование культуры оценочной деятельности педагога в системе повышения квалификации (теория, методология, практика). Автореферат. – Оренбург, - 2009. - 49б
158. Кожевникова Э.Э Развитие оценочной компетентности учителя при повышении квалификации как фактор сохранения здоровья школьников автореферат диссертации на соискание учёной степени канд. пед. наук. - Новокузнецк, - 2012 . - 25с
159. Керер О. П Совершенствование оценочной деятельности преподавателей среднего профессионального образования на основе индикаторов качества Автореферат диссертации на соискание ученой степени канд. пед. наук. - Оренбург, -2009. - 24с.
160. Бычик С А.Контрольно-оценочная деятельность педагога колледжа как средство повышения профессиональной компетентности.Автореферат на соиск уч степени канд.. пед..наук. – Челябинск, - 2013, - 25с.
161. Дегальцева В.А «Подготовка преподавателей к контрольно-оценочной деятельности в условиях реализации компетентностного подхода в образовательном процессе вуза» Диссер.на соиск уч.степени к.п.н. Армавир,- 2017. -180с
162. Горбунова О.Ф Профессиональная подготовка педагога к оценочной деятельности в процессе воспитания школьника.Диссертация канд.. пед наук. – Москва, -1999. - 211с.
163. Куликовский А.В Влияние оценочной деятельности учителя на успешность обучения учащихся: На примере уроков физической культуры в 7-8 классах диссертация на соис канд.. пед.. наук. – Петрозаводск, - 2002 .- 156с.
164. Сафонова.Т.Л Влияние стиля индивидуальности учителя на особенности его оценочной деятельности диссертация на соискание научной степени канд. псих.. наук.- Сочи, 2000. - 164стр

165. Селезнев, Н.В Развитие оценочной деятельности учителя и учащихся в учебно-воспитательном процессе диссертация доктор пед. наук – Борисоглебск, 1997. - 280с.
166. Томилова М.И Развитие оценочной компетентности преподавателя в вузе. Автореферат диссертации на соискание ученой степени канд.. пед.. наук. - Великий Новгород, - 2013.
167. Смирнова Л.Е Оценивание как условие развития познавательной активности школьников . Автореферат диссертации на соискание ученой степени канд.. пед.. наук .Ульяновск, – 2005.- 26с
168. Масимова Х.Т Жаңартылған білім беру жағдайында педагогтардың бағалау іс – әрекетінің мәні, мазмұны, құрылымдық ерекшеліктері.// Педагогика және психология. Ғылыми – әдістемелік журнал. Абай атындағы ҚазҰПУ. -2019, №4, -29-42б
169. Таубаева Ш.Т Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуын зерттеудің әдіснамалық тұғырлары / Ш. Т. Таубаева, К. С. Құдайбергенова // Білім берудегі менеджмент. Менеджмент в образовании.- 2015. - № 1. - 6-11 б.
170. Акжолова А.Т, Масимова Х.Т. Білім берудегі инновациялар негізінде педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту. – Ақтөбе. -2019. – 431-433б
171. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы «13» мамырдағы № 292 қаулысына 7-қосымша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген жаңартылған мазмұндағы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Астана 13 мамыр №292.
172. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы «25 » сәуірдегі № 327 қаулысына қосымша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Жаңартылған мазмұндағы бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Астана. 25 сәуір 2015ж. №327
173. Оценивание учебных достижений учащихся. Методическое руководство / Сост. Р. Х. Шакиров, А.А. Буркитова, О.И. Дудкина. – Б.: «Билим», 2012. – 80 с.
174. Кросноборова А.А критериальное оценивание в школе: учебное пособие \ А. Кросноборова перм.гос.пед.университет. – Пермь, 2010. - 84с.
175. Зимняя И.А Педагогическая психология .Интернет ресурс. -222с
176. Масимова Х.Т Критериалды бағалаудың маңызы. Мұғалім бейнесі – ұлт мәртебесі. Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция ғылыми мақалалар жинағы. I бөлім. – Шымкент. – 2019. -154- 158б.
177. Мұғалімге арналған нұсқаулық 3 деңгей. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ 2012;-106б.
178. Руководство для учителя. «Эффективное обучение». ЦПМ АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы». – Астана, 2016.

179. Руководство для руководителя. © Центр педагогического мастерства .АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016.- 37с.
180. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериялды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдіст. құрал /«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ /О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б. Зиеденованың редакциясымен. - Астана, 2016. - 48 б.
181. Болтачёва Ж. В Формирование готовности студентов к оценочной деятельности в процессе изучения дисциплин гуманитарного цикла. Автореферат диссертации на соискание ученой степени канд.. пед.. наук .Саратов 2007- 23с
182. Масимова Х.Т Заманауи білім беруде педагогтың бағалау іс – әрекетінің психологиялық аспектілері.Адамзаттың ғаламдық мәселелерін шешуде ұлттық психологияның рөлі.Халықаралық ғылыми – практикалық конференция.- Алматы. – 2021. -227-230б.
183. Шнейдер М.Я Оценка качества образования в школах международного бакалавриата. 2-28с.
184. Землянская Е.Н Формирующее оценивание (оценка для обучения) образовательных достижений обучающихся. Электронный научный журнал (Online).ISSN 2303-9922.<http://www.vestospu.ru> вестник оренбургского государственного педагогического университета , - 2018. № 2 (26)308)
185. Вилкова Л.В. Качество учебных достижений учащихся: программа реализации формирующего оценивания // Интернет-журнал «Мир науки» 2016, Том 4, номер 2 <http://mir-nauki.com/PDF/39PDMN216.pdf> (доступ свободный)
186. Одинцова С.А., Шовкович О.Л. Система оценивания учебных достижений учащихся в республике Казахстан // Международный студенческий научный вестник. – 2018. – № 5.;URL: <http://www.eduherald.ru/ru/article/view?id=18668> (дата обращения: 05.06.2020).
187. Пинская М.А. (2010) Формирующее оценивание: оценивание в классе:– М.: Логос,– 264 с.
188. Масимова Х.Т, Баймолдаев Т.М Қалыптастырушы бағалауды қолдануда педагогтың бағалау әрекеті.Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал.№7\2 2020.-169-177б.
189. Heritage M. Learning progressions: Supporting instruction and formative assessment [Электронный ресурс]. Washington, DC: Council of Chief State School Officers, 2008. 31 р. URL: http://www.cpre.org/ccii/images/stories/ccii_pdfs/learning%20progressions_heritage.pdf (дата обращения: 03.09.2019).
190. Мұғалімге арналған нұсқаулық.Үшінші деңгей.Назарбаев Зияткерлік мектебі.ДББҰ.2012ж-30бс
191. Михайлова Е.К Технология формирующего оценивания как средство обеспечения качества индивидуальных учебных достижений

- школьников. Автореферат диссертации на соискание ученой степени канд.. пед.. наук. – Братск, 2013. -23с
192. Руководство по критериальному оцениванию для учителей основной и общей средней школ: Учебно – метод пособие. Под ред О.И Можаяевой, А.С Шилибековой, Д.Б Зиеденовой. Астана АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», -2016. -56с.
 193. Блэк П., Уильям Д. (1998) Внутри черного ящика: повышение стандартов через оценки в классе / Inside the black box: raising standards through classroom assessment. King`s College London, School of Education.
 194. Руководство по критериальному оцениванию для региональных и школьных координаторов: Учебно-метод. пособие / АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» / Под ред. О.И.Можаяевой, А.С.Шилибековой, Д.Б.Зиеденовой. - Астана, 2016. - 46 с.
 195. Пинская М.А Формирующее оценивание: оценивание в классе: учеб. пособие / М.А. Пинская. – М.: Логос, 2010. – 264 с.
 196. Давыдов В. В. Теория развивающего обучения. М. : Интор, 1996. 544 с.
 197. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдіст. құрал /«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ / О.И.Можаяева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциясымен. - Астана, 2016. - 48 б.
 198. Масимова Х.Т. Некоторые аспекты оценочной деятельности педагога в интегративном образовательном пространстве.Ғылым мен білімнің интеграциясы : мәселелері мен болашағы.Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция жинағы. – Атырау. – 2020.- 22-25 б
 199. Матвиевская Е.Г Формирование культуры оценочной деятельности педагога в системе повышения квалификации (теория, методология, практика) диссертация доктора.пед.наук. – Оренбург, - 2009.- 429с.
 200. Шамова Т.И современные средства оценивания результатов обучения в школе: учебное пособие\Т.И Шамова, С.Н Белова,И.В Ильина-М: Педагогическое общество, России, 2008- 192с
 201. Волковинская Н.Ю Формирование умений оценочной деятельности учителя в системе повышения квалификации диссертация на соис.ученой степени кан.пед.наук. – Оренбург, 2008.-213с.
 202. Л.В Мильченко Культура педагогического оценивания\Л.В Мильченко\ Взаимодействие личности, общества и образования в современных социокультурных условиях:межвузовский сборник научных трудов-СПБ;ЛОИРО, 2005; 439-442с
 203. Дегальцева В.А Подготовка преподавателей к контрольно – оценочной деятельности в условиях реализации компетентностного подхода в образовательном процессе вуза дис.кан. пед наук.Армавир-2017.-157с
 204. Бычик С. А Контрольно-оценочная деятельность педагога колледжа как средство повышения профессиональной

- компетентности. Диссертация на соискание учёной степени канд.. пед. наук.-Челябинск, - 2013.
205. Кузьмин И.П Теоретические основы развития профессионализма инженерно – педагогических работников в условиях дополнительного профессионального образования: дис..., д-ра пед. наук \ И.П кузьмин; СПбГУКФК.-СПб, 1997.-445с
 206. Томилова М.И Развитие оценочной компетентности преподавателя в ВУЗе. Диссерт . к.п.н. - Великий Новгород, - 2013. - 208с.
 207. Ксензова Г.Ю Оценочная деятельность учителя\Г.Ю Ксензова-М: Педагогическое общество России, 1999.-121с
 208. Масимова Х.Т. Жаңартылған мазмұндағы білім берудегі педагогтың бағалау әрекеті. Абай атындағы ҚазҰПУ. Хабаршы. Педагогика ғылымдары сериясы. №4 (64). Алматы.- 2019.- 33-39б.
 209. Иващенко Е. В профессиональная подготовка будущего учителя начальных классов к оценке учебных достижений школьников. Диссертация на соискание ученой степени канд.. пед..наук. - Белгород – 2009.- 236с
 210. Керер, О.П. Пути повышения эффективности оценивания подготовки будущих специалистов в учреждениях среднего профессионального образования : материалы IV Международной науч.-прак. конф. «Профессиональное образование: проблемы, поиски, решения» / О.П. Керер. - Челябинск- Оренбург : ЧелИРПО, 2007. - С. 183-186.
 211. Философиялық сөздік. Қазақ энциклопедиясы. - Бас редакциясы, 1993. – 356 б
 212. Загвязинский В.И. Исследовательская деятельность педагога.М., - 2006.- С 3.
 213. Хмель Н.Д. Педагогический процесс как объект профессиональной подготовки учителя (Текст) / Н.Д.Хмель. – Алма-Ата: Мектеп, 1978. – 126 с.
 214. Теоретические основы содержания общего среднего образования/под ред. В.В.Краевского, И.Я.Лернера. - 1983. С.58.
 215. Юдин Э.Г. Системный подход и принцип деятельности. Методологические проблемы современной науки. М., 1978. С.69
 216. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы: оқулық /Ш.Т. Таубаева. –Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 340б.
 217. Ертарғынқызы Д. Жоғары мектепте болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби идеалын қалыптастыру жүйесі. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2017 . С – 142
 218. Сластенин В.А. Профессиональная готовность учителя к воспитательной работе: содержание, структура, функционирование // Профессиональная подготовка учителя в системе высшего образования. М.: МГПИ им. В.И. Ленина, 1982. С. 220 .

219. Исаев И.Ф. Профессионально-педагогическая культура преподавателя. М.: Академия, 2004. С.77-78.
220. Максимова В.Н., Полетаева Н.М. Акмеология последиplomного образования педагога. СПб., 2004. С.225
221. Андреев В. И. Педагогика творческого саморазвития / В. И. Андреев. – Казань: Изд-во Казанского ун-та, 1996. – 568 с.
222. Рындак В. Г, Аллагулов А. М, Челпаченко Т. В Педагогическое познание сквозь призму синергетического подхода // Вестник ОГУ. 2020. №5 (228). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/pedagogicheskoe-poznanie-skvoz-prizmu-sinergeticheskogo-podhoda> (дата обращения: 19.01.2022).
223. Третьяков П.И. Управление школой по результатам: Практика педагогического менеджмента. – М.: Новая школа, 1997. – 288 с
224. Баев А.А. Когда геном будет расшифрован? // Человек. — 1991. — №3. — С.51—56.
225. Давыденко Т.М. Рефлексивное управление школой, теория и практика. М., 1996.
226. Сенновский, И.Б. Система управленческой деятельности учителя в модульной педагогической технологии. И.Б. Сенновский //Школьные технологии. – 1997г. – №2. – с.13.
227. Шаронин Ю.В. Синергетика в управлении учреждениями образования./ «Высшее образование в России» №4, 1999 – С.14-19.
228. Богуславский М. В. Страсти по синергетике // Мир образования. – 1997. – № 5. – С. 18–21
229. Зорина Л.Я; Отражение идей самоорганизации в содержании образования Педагогика. 1996. №4. 105-109.
230. Новикова Л.И., Соколовский М.В. «Воспитательное пространство» как открытая система. (Педагогика и синергетика) Общественные науки и современность.- 1998. -№1.-0.132-143.
231. Шевелева С. К становлению синергетической модели образования Общественные науки и современность. 1997. №1. 125-133с.
232. Абдулова Л. Ш. Формирование исследовательской компетентности студентов колледжа на основе синергетического подхода : автореф. дис.канд. пед. наук / Л. Ш. Абдулова. - Астрахань, 2009. - 23с.
233. Буданов В. Г Методология синергетики в постнеклассической науке и в образовании. Изд. 3-е дополн. --- М.: Издательство ЛКИ, 2009 --- 240 с. (Синергетика в гуманитарных науках)
234. Бочкарев А.И Проектирование синергетической среды в образовании. Диссертация д.п.н. Москва, 2000. – 54с
235. Федорова М.А. Педагогическая синергетика как основа моделирования и реализации деятельности преподавателя высшей школы. Диссертация на соискание ученой степени канд.. пед.. наук Ставрополь: СГУ, 2004. – 169 с.
236. Шамуратова, Г. Ю. Синергетический подход как форма многовариантности в образовательном процессе / Г. Ю. Шамуратова. —

- Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2017. — № 22 (156). — С. 203-205. — URL: <https://moluch.ru/archive/156/44215/> (дата обращения: 17.07.2020).
237. «Педагог мәртебесі» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ
 238. Ожегов, С.И. Словарь русского языка: ок. 53000 слов / С.И. Ожегов; подобщ. Ред проф. Л.И. Скворцова. — 24-е изд., испр.— М.: ООО «Издательство Оникс»: ООО «Издательство Мири образование», 2007. — 640 с.
 239. Борытко Н.М.В пространстве воспитательной деятельности: Монография / Науч. ред. Н. К. Сергеев. — Волгоград: Перемена, 2001. — 181 с
 240. Немов, Р.С. Психология: словарь-справочник : в 2 ч. - М.: Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2003. - Ч. 2. - 352 с.
 241. Полонский, В.М. Словарь по образованию и педагогике / В.М. Полонский. — М.: Высш. шк. 2004. — 512 с.
 242. Андреев В.И. Конкурентология: учеб. курс для творческого саморазвития конкурентоспособности. - Казань: Центр инновац.технологий, 2004 -468 с.
 243. Шульгина Л.Н «Инновационные технологии как фактор формирования профессионализма будущего специалиста». Автореферат на соиск.уч.степени кан.пед.наук. Курск 2004г.- 28с
 244. Исаева Н.В., Чирич И.В. Деловая игра как средство активизации познавательной активности и способ формирования профессиональных компетенций студентов //Вестник Ассоциации вузов туризма и сервиса. Т. 11. 2017. № 3. С. 56–63
 245. Тұрғынбаева Б.А ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру – ғылыми – әдістемелік мәдениетті дамыту құралы ретінде.Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы. «Педагогика ғылымдары» сериясы.№4 (64) , 2019.- 21-25.
 246. Романов Е.В., Дроздова Т.В. — Дистанционное обучение: необходимые и достаточные условия эффективной реализации // Современное образование. – 2017. – № 1. – С. 172 - 195. DOI: 10.7256 / 2409-8736.2017.1.22044 URL: https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=22044
 247. Попова Н. Е., Чикова О. А., Технологии дистанционного обучения как инновация в процессе реализации образовательных стандартов нового поколения.Вестник Новосибирского государственного педагогического университета, - 2014, Т. 4, № 2, С. 17–26
 248. Байхонова С.З О некоторых подходах к повышению квалификации педагогических работников.Білім — образование.Ғылыми — педагогикалық журнал. №4 (18)2004. Алматы, 2004. - 18-20б

249. Ахметова Г.К, Тулеуханова С.Т, Аккушкарлова К.А Поиск оптимальных моделей деятельности институтов повышения квалификации в условиях нового образовательного пространства. \Совершенствование образовательного процесса: ведущая роль преподавателя вуза. Алматы. «Қазақ университеті» 2007г.-35-39с.
250. Кандаурова А.В Повышение квалификации педагогов в условиях изменений социального взаимодействия. Автореферат дис.на соиск.д.п.н. Москва.- 2020. – 40с.
251. Альмухамбетов Б. Современная система повышения квалификации работников образования казахстана: новые функции и подходы. Қазақстан жоғары мектебі. Халықаралық ғылыми – педагогикалық басылым. №1 2001.- 211б. – 39-42б
252. Баймолдаев Т.М Инновационные подходы в системе повышения квалификации педагогических кадров. Открытая школа. Информационно – методический журнал. № 6(67) август 2007. – 5-6б.
253. Әлмұхамбетов Б.А, Жайтапова А.А Білім сапасын жаңарту жағдайындағы біліктілікті арттыру жүйесі. Білім беру басшыларының анықтамалығы. №10 (10) 2007.-8-10б.
254. Масимова Х.Т Біліктілікті арттыру жүйесінде педагогикалық инновацияларды қолдану ерекшеліктері. // Білім және ғылымдағы инновациялар. II халықаралық ғылыми – әдістемелік конференция. Алматы, - 2018. 100-104б.
255. Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай - ақ педагогтың қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы.
256. Возгова З.В. Андрагогические особенности профессиональной подготовки в процессе непрерывного повышения квалификации научно-педагогических работников // Фундаментальные исследования. – 2013. – № 6-3. – С. 730-734; URL: <http://www.fundamental-research.ru/ru/article/view?id=31583> (дата обращения: 24.04.2020).
257. Романова Е.А. Позиция тьютора в системе современного высшего образования. Международный научно-исследовательский журнал •No 04 (58). Екатеринбург.- 2017. С – 53-56.
258. Кенесбаев С.М, Туралбаева А.Т Фасилитациялау біліктілікті арттыру жүйесінің негізгі ұстанымдарының бірі. «Білім және ғылымдағы инновациялар» тақырыбындағы халықаралық ғылыми – әдістемелік конференция материалдары. - Алматы. - 2018. – 4-8б.
259. Масимова Х.Т Психолого-педагогические проблемы образования в условиях инновационного развития: Материалы IX Международной научно-практической конференции (05 мая 2020 г.) – Алматы: Университет «Туран», 2020. –568 с.

260. Змеёв С.И. Образование взрослых и андрагогика в реализации концепции непрерывного образования в России. Проблемы образования и воспитания в современной педагогической науке. М: 2007. – С -94-101.
261. Фопель К. Психологические принципы обучения взрослых. М.: Генезис, 2010.
262. Абдраманова, Г. Б. Үздіксіз білім беру жүйесінде ересектерді оқыту ерекшеліктері / Г. Б. Абдраманова, Г. К. Оспанова. // Молодой ученый. — 2016. — № 5.2 (109.2). — С. 39-41. — URL: [https://moluch.Ru /archive/109 /26703/](https://moluch.Ru/archive/109/26703/) (дата обращения: 26.04.2020).
263. Вершловский С.Г. К вопросу об андрагогической компетентности специалистов, обучающих взрослых // Образование через всю жизнь: непрерывное образование в интересах устойчивого развития. - 2013. No 1. Том 11. С.277-281.
264. Певзнера, М. Н. Научно-методическое сопровождение персонала школы : педагогическое консультирование и супервизия: монография/М. Н.П евзнера, О. М . Зайченко. — Великий Новгород:НовГУ им. Ярослава Мудрого ; Институт образовательного маркетинга и кадровых ресурсов, 2002.
265. Богданова. О.Н, Ильина Н.Ф Методическое сопровождение профессиональной деятельности учителя в посткурсовой период. Абрис проблемы № 1 (116) февраль, 2018. – 15- 20с.
266. Ускова.С. А. Сопровождение как базовая категория современной педагогики: теоретическое обоснование. Человек и образование № 2 (35) 2013. – С 84-88.
267. Новоселова Л.А Психолого-педагогическое сопровождение становления будущего педагога профессионального обучения. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – Екатеринбург, - 2007. С-24
268. Демьянчук Р. В. Психологическое сопровождение профессионально-личностного развития педагогов: антропологический подход // Российский психологический журнал. – 2016. – Т. 13. – № 4. – С. 157–168.
269. Батаршев А. В. Система психолого-педагогического сопровождения профессионально-личностного развития педагога // Человек и образование. – 2015. – № 1 (42). – С. 16–21.
270. Tashbolatovna, M. K., Duisenbaevna, U. Z., Kaldyhanovna, K. R., Koyshibaevna, A. G., Ulmeken, Z. & Gulzat, S. (2022). Development of the evaluative activities of teachers in the conditions of updated education. Cypriot Journal of Educational Science. 17(4), 1304-1319. <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i4.7156>
271. Масимова Х.Т, Көшербаева А.Н Критериалды бағалау жағдайында педагогтың бағалау іс – әрекетінің ерекшеліктері. Дайыр баспасы. Алматы, 2022. – 52б.

272. Жиенбаева Н.Б, Утешева З.Б Психологические условия социализации личности школьника в условиях перехода на 12-летнее обучение // Проблемы педагогики. 2016. №4 (15). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskie-usloviya-sotsializatsii-lichnosti-shkolnika-v-usloviyah-perehoda-na-12-letnee-obuchenie> (дата обращения: 28.07.2022).
273. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 3 қарашадағы № 547 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 5 қарашада № 25038 болып тіркелді.
274. Хмель Н.Д. Методология профессиональной подготовки учителя. //Материалы международной конференции «Научное обеспечение функционирования 12 –летнего среднего образования». -Алматы, 2007. - С. 55-60
275. Пачина А.Г Управление развитием оценочной деятельности Учителя начальных классов В системе повышения квалификации. Автореферат Омск, - 2012. 25с
276. Қазақ тілі мен терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. - Алматы: Мектеп, 2002. – 252 б.
277. Шиянов Е.Н Педагогика: общая теория образования: учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений.- Ставрополь: СКСИ, 2007.
278. Философиялық сөздік «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. - 1993.356 б

ҚОСЫМША А

Сауалнама

Құрметті респондент, сіздің бұл сауалнамаға берген жауаптарыңыз болашақта педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытуға бағдарланған біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасын құрастыруға негіз болады.

1.Сіз қай пәннен сабақ бересіз?

2.Сіз білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау бойынша теориялық және тәжірибелік біліктеріңізді 1- 10 баллдық шкала бойынша қай деңгейде деп белгілеген болар едіңіз?

1-3 аралығында

4-6 аралығында

7-9 аралығында

10 балл

3. Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау бойынша педагогтер үшін қандай іс – шаралар ұйымдастырылуы қажет деп ойлайсыз?

4.Жаңартылған білім беру бойынша ұйымдастырылған біліктілікті арттыру курстарында критериалды бағалауға арналған тақырыптарға берілген сағат саны жеткіліктіме?

1) Жеткілікті

2) Өте аз

3) Жеткіліксіз

4.Педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытуға бағытталған біліктілікті арттыру курстары мазмұнына қандай тақырыптарды қосу қажет деп ойлайсыз?

5.Сізге білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау бойынша біліктеріңізді дамытуға қай бағыттағы жұмыстар көмектеседі деп ойлайсыз?

1) Біліктілікті арттыру курстары

2) Семинарлар, тренингтер

3) Тәжірибелік сабақтар

4) Шебер сыныптар

5) Басқа

Жауабыңызға рахмет!

ҚОСЫМША Б

Тренерлерге арналған сауалнама

Құрметті респондент сіздің берген жауабыңыз педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамыту бойынша жүргізілетін жұмыстардың мазмұнын құрастыруға негіз болады.

1) Жаңартылған білім беру бойынша ұйымдастырылып отырған біліктілікті арттыру курстарында оқу жетістіктерін критериалды бағалауға арналған сабақтардың сағат саны жеткіліктеме?

2) Педагогтер үшін бағалау іс – әрекетін дамытуға арналған қысқа мерзімді арнайы біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру керек пе?

3) Сіз өткізген курстарда педагогтер бағалау үдерісін ұйымдастыру бойынша толыққанды мағлұмат алып, бағалауды толық игеріп кетуіне сенімдісізбе?

4) Педагогтер білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда неден қиналады?

5) Педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамыту үшін қандай ұсыныс берген болар едіңіз?

Жауабыңыз үшін рахмет!

ҚОСЫМША В

«БЕКТЕМІН»
«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы
Алматы облысы бойынша педагог
кызметкерлердің біліктілігін арттыру
институты директоры
С.М.Кенесбаев
«24» 02 2020 ж



Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу АКТІ

Бұл ендіру актісі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Педагогика және психология» кафедрасының PhD докторанты Масимова Хуршидам Ташболатовнаның «Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту» тақырыбындағы зерттеуін жүргізу барысында «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында 2019 – 2020 оқу жылында «Инновациялық білім беру және ақпараттық технологиялар» кафедрасында тәжірибелік – эксперименттік жұмыс жүргізгендігін, «Жаңартылған мазмұндағы білім беру жағдайында педагогтердің бағалау іс - әрекетінің психологиялық - педагогикалық негіздері» атты гуманитарлық бағыттағы пәндер мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасын құрастырып, тәжірибеге енгізгендігін растайды.

Директордың оқу- әдістемелік жұмыстар
жөніндегі орынбасары



Қ.Ә. Ибрагим

